Mitrofanova I.V., Ivanov N.P., Mitrofanova I.A. Region: politika, ekonomika, upravlenie [Region: economics, politics, management]. // Textbook. - Moscow: Directmedia, 2014. – 103 p. [in Russian]

Paasi A. Region and place: Regional identity in question // Progress in human geography. - Vol. 27, N 4. 2003. – 102 p. [in English]

Panchenko V. Etnopoliticheskie processy v rayone styka granic Rossii, Kazakhstana, Mongolii I Kitaya [Ethnopolitical processes in the area of the junction of the borders of Russia, Kazakhstan, Mongolia and China]. – [Electronic resource] - URL: <https://www.dissercat.com/content/etnopoliticheskie-protsessy-v-raione-styka-granits-rossii-kazakhstana-mongolii-i-kitaya-v-ko> (date of the application: 01.11.2021г.). [in Russian]

Puhovskaya E. Politicheskaya geografiya Ratzelya (vneshnepoliticheskiy I kolonialnyi aspect) [Political geography of Ratzel (foreign policy and colonial aspect)]. – [Electronic resource] - URL: [http://library.isu.ru/ru/resources/e-library/conf\\_works\\_ISU/tch2009.2.html](http://library.isu.ru/ru/resources/e-library/conf_works_ISU/tch2009.2.html) (date of the application: 01.11.2021г.) [in Russian]

Rodoman B.B. Osnovnye tipy geograficheskikh granic [Basic types of geographic boundaries]. // Geographic boundaries. – Moscow: MGU, 1982. – 15 p. [in Russian]

Sevostyanov S., Layne G., Kireev A. Istoricheskii obzor izucheniya granic [Historical overview of the study of boundaries]. // Introduction to boundary research. – Vladivostok: Dalnauka, 2016. – 37 p. [in Russian]

Turner F. Frontir v amerikanskoy istorii [Frontier in American history]. / Translate from A. Petrenko. – Moscow: VesMir, 2009. – 19 p. [in Russian]

Haushofer K. O geopolitike: raboty raznyh let [On geopolitics: works of different years]. Moscow.: Mysl., 2001. – 217 p. [in Russian]

Cvetkova O. Konceptii granic v geograficheskikh I politicheskikh issledovaniyakh [Concepts of boundaries in geographic and political studies]. // – [Electronic resource] - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kontseptsii-granits-v-geograficheskikh-i-politicheskikh-issledovaniyakh> (date of the application: 01.11.2021г.) [in Russian]

**ГТАМР 03.01.07**

## **ШЕКАРАНЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ**

**М.Б. Кожирова<sup>1</sup>, Е.Л. Нечаева<sup>2\*</sup>, М.В. Лапенко<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>«Астана» халықаралық ғылыми кешенінің Қытай және азиялық зерттеулер орталығы, Қазақстан, Нұр-сұлтан

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-сұлтан

<sup>3</sup>Саратов мемлекеттік университеті. Ресей Федерациясы, Саратов

\* Автор-корреспондент

E-mail: sbako@yandex.kz (Кожирова). elenech@inbox.ru. (Нечаева)

**Аңдатпа.** Соңғы уақытта шекара құбылысы белсенді ғылыми зерттеу нысанына айналды. Шекараларды зерттеудегі қолданыстағы тәсілдер әдетте қалыптасып келе жатқан жүйелік парадигма ретінде қарастырылады, өйткені бұл ғылыми ой бағыты шекаралық кеңістікте қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді мемлекеттік саясатын әзірлеуге теориялық негіз болып табылады, бұл тұтастай алғанда ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі. Мақала шекараларды зерттеу тәсілдерінің эволюциясына арналған. Авторлар шекараларды зерттеудің қолданыстағы теориялық тәсілдерін қарастырып, трансшекаралық өзара әрекеттесудің әртүрлі үлгілерін талдады. Қарастырылған тәсілдер жалпыланған және типтелген. Әртүрлі ғылыми концепциялардағы мемлекеттік шекаралар мен шекаралық аймақтардың трансформациялану тәжірибесі зерттелді. Саясаттанудың қазіргі даму кезеңінде шекаралар маңызының өзгеруіне баға берілді. Мемлекеттік құрылыстағы серпінді және әлеуметтік құрылым ретінде шекаралардың рөлі

анықталды. Негізгі теориялық тәсілдерді түсіну шекаралас аймақтардағы өзара әрекеттестіктің әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени тетіктерінің қызметін анықтайтын спецификалық және бейспецификалық факторлар кешенімен байланысты маңызды мемлекеттік мәселелерді шешу үшін қажет. Шекараны зерттеу Қазақстан Республикасының өңірлік дамуының шынайылығына, сондай-ақ ахуалдың халықаралық контекстіне негізделген ұлттық және халықаралық ауқымда маңызды.

**Түйін сөздер:** шекара, шекаратану, мемлекет, мемлекеттік шекара, лимология, шекара ұғымы, Қазақстан шекарасы, Қазақстан.

IRSTI 03.01.07

## THE HISTORY OF THE FORMATION OF THE MAIN APPROACHES TO BORDER RESEARCH

Kozhirova Svetlana Basyevna<sup>1</sup>, Nechayeva Yelena Leonidovna<sup>2\*</sup>,  
Lapenko Marina<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Center for Chinese and Asian Studies of the Astana International Scientific Complex, Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan

<sup>2</sup>L.N. Gumilev Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan

<sup>3</sup>Department of International Relations and Foreign Policy of Russia, Saratov State University, Saratov, Russia

\*Correspondent author

E-mail: sbako@yandex.kz (Kozhirova), elenech@inbox.ru (Nechayeva)

**Abstract.** The phenomenon of borders has recently become the subject of active scientific research. It is customary to consider the existing approaches in the study of borders as an emerging systemic paradigm due to the fact that this direction of scientific thought is the theoretical basis for the development of an effective state policy for ensuring security in the border space, which is an integral part of national security as a whole. The study is devoted to the evolution of approaches to the study of boundaries. The authors considered the existing theoretical approaches to the study of borders and analyzed various models of transboundary interactions. The considered approaches are generalized and typologized. The experience of transformation of state borders and border areas in various scientific concepts is investigated. The assessment of change in the significance of borders at the present stage of political science development is given. The role of borders as a dynamic and social construct in state building is revealed. Comprehension of the main theoretical approaches is necessary for solving important state problems associated with a complex of specific and non-specific factors that determine the functioning of social, economic, political, cultural mechanisms of interactions in border regions. Based on the realities of the regional development of the Republic of Kazakhstan, as well as the international context of the situation, the study of borders is significant both on a national and international scale.

**Key words:** borders, border studies, state, state border, limology, border concept, Kazakhstan border, Kazakhstan.

### Сведение об авторах:

<sup>1</sup>Доктор политических наук, профессор

<sup>2\*</sup>Кандидат политических наук, профессор

<sup>3</sup>Кандидат исторических наук



**ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗІ:  
АРМИЯ ГЕНЕРАЛЫ С. НҰРМАҒАМБЕТОВ****Ә.Т. Сүлейменова<sup>1\*</sup>** <sup>1</sup>С. Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институты, Қазақстан, Алматы

\* Автор-корреспондент

E-mail: [suleimenova1972@mail.ru](mailto:suleimenova1972@mail.ru) (Сүлейменова)

**Аңдатпа.** Мақалаға Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне сақтауға алынған Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты деректер енгізілді. Оның өз қолымен Архивке өткізген жеке қорының құрамындағы құжаттар да мақала арқауына айналды. С.Қ. Нұрмағамбетовтың жеке қорының құжаттары ҚР Ұлттық архив қорының ажырамас бір бөлігі ретінде Қазақстан тарихының елеулі бір бетіне айналуға қабілетті. Қазақстан КП Орталық Комитетінің, ҚР Президентінің қорларында сақталған дереккөздерде Халық Қаһарманының өмірбаяндық, қызметтік сипаттары айқындалады.

Дәуірдің сипаттамасын беруде жеке тұлғаның жүріп өткен жолы мен өмірі ерекше орын алады. Жеке тұлға өзі өмір сүрген кезеңмен тығыз байланыста болғандықтан, оны дәуірінен тыс бөліп алып қарастыру мүмкін емес. Сондықтан да дәуір тынысын айғақтайтын тарихи құжаттардың қайнар көзі архивтегі сан қырлы деректер ғылыми айналымға, көпшілік назарына жиі салынып отыруы тиіс. Сағадат Қожахметұлының балалық шағы, Кеңестік әскердің құрамында Ұлы Отан соғысына қатысуы, Орта Азия Әскери округінің қолбасшылығында қызмет атқаруы, Тәуелсіз Қазақстанның дербес әскерін құру жолындағы ерен еңбегі туралы архив деректері мен мемуарлық әдебиеттер негізінде баяндалды. Мақалаға енгізілген құжаттардың басым бөлігі ғылыми айналымға тұңғыш рет енгізіліп отыр.

**Түйін сөздер:** жеке архив қоры, ҚР Президентінің Архиві, жеке тектік құжаттар, Тұңғыш Қорғаныс министрі, Сағадат Нұрмағамбетов, Халық Қаһарманы, өмірбаян.

**Кіріспе.** Түрлі мемлекеттік құрылымдар формациясынан өте отырып тәуелсіз елдің негізгі сипаттарына оның аумағы, егемендігі, шекарасы және қарулы күштері жатады. Мемлекеттің тәуелсіздігі мен оның негізгі ресми атрибуттарын шеттен келетін қауіптен қорғау ел армиясының негізгі міндеті болып табылады. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін жариялап, әлем елдерінің қатарына дербес, егеменді ел ретінде жарияланғанына биылғы жылы 30 жыл толып отыр. Бұл қаншама ғасырлық тарихы бар ежелгі қазақ елі үшін аз ғана уақыт мерзімі болғанымен, ордалы отыз жылдың ішінде атқарылған істер шежіреге айналып отыр. Республикамызда дербес Армия құру, Қарулы күштерді қалыптастыру мәселелерінің тарихи дереккөздері архивтерде сақталып отыр. Еліміздің Қарулы Күштерінің құрылуында жеке тұлғалардың атқарған істерін архив деректері арқылы жариялау, азаматтық қоғамды таныстыру бүгінгі күннің талабына айналуға тиіс.

**Материалдар мен әдістер.** Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын Қазақстан Республикасы Президенті Архивіндегі 266-НІ жеке тектік қоры мен №7-Н «Қазақ КСР-і Президенті», №5-Н «Қазақстан Республикасының Президенті» қоры құрайды.

Өзінің қызмет бейініне сай Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві саяси, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің құжаттарын жинаумен, сақтаумен тұрақты түрде айналысып келеді. Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің Партия тарихы институтының негізінде құрылған Архив қазіргі таңда кеңестік дәуірдегі, тәуелсіздік тұсындағы белгілі саяси қайраткерлердің біршамасымен тығыз-қарым қатынас орнатты. Маман офицерлерден, өмірін әскери қызметке арнаған Сағадат Нұрмағамбетов пен Абай Тасболатовтың жеке қорлары Қазақстанның кеңестік кезеңі мен тәуелсіздік алған тұстан бастапқы әскери тарихын зерттеудің

негізгі қайнар көзіне айналып отыр. Тарихи дереккөздердің құрамындағы Отан тарихының келелі мәселелеріне қатысты мәліметтерді объективтілік пен субъективтіліктің байланысы, тарихи айғақтың ақиқаттығын анықтау, деректердің түрлері мен мазмұны, бұған дейін көпшілік талқысына ұсынылған ақпараттармен салыстырыла отырып, олармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері пайдаланылды.

**Талқылау.** Отан тарихының жеке тұлғаларды зерттеу саласында Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі туралы арнайы жинақ, зерттеу еңбектері жарияланбаған. Оның өзінің мемуарлық еңбектері бірнеше рет баспа жүзін көрген. Оның көзі тірісінде сұхбаттары, мақалалары мерзімді басылым беттерінде жиі жарияланып тұрған. Кеңестік кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарында патриоттық тәрбие, Кеңес Армиясының жетістіктері, орын алған кемшіліктер туралы мақалалар жарияланды. Қазақстан Тәуелсіздігін жариялаған соң еліміздің Қарулы Күштерінің құрылу тарихына, келелі мәселелері мен күрмеулі сұрақтарын шешу жолдарының барысы туралы мақалалары мен сұхбаттары оның жұмысының нәтижесін көрсетеді.

Естеліктер қатарында А.Тасболатовтың «Сыпайы генерал, шын сардар», (Тасболатов, 2018: 6-9) С.Қ. Нұрмағамбетовтің шекара әскерлерінің бағыныстылығын айқындаудағы еңбегі туралы Б. Баекеновтың естелігі (Тұманбайұлы, 2006: 150–152) және т.б. замандастары мен шәкірттерінің еңбектерін атап өту қажет.

Сұхбаттарының қатарындағы «Қолбасшы Нұрмағамбетов немесе Сағадат ағамен сыр-сұхбат» тақырыбымен «Ақиқат» журналына жарияланған, С.Қ. Нұрмағамбетовтың «Алматы ақшамы» газетіне 6 мамыр 2006 ж. «Бір тәулік сөйлесіп, қазақ жігіттерін оқытуға Мәскеуді зорға көндірдім» тақырыбындағы сұхбаттары және т.б. оның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің қырларын көрсететін құнды деректер мол мағлұматтар бере алады.

**Зерттеу нәтижелері.** Егеменді Қазақстанның тұңғыш қорғаныс министрі, маман офицер, армия генералы Сағадат Қожахметұлы 1924 жылы 25 мамырда Ақмола облысы Алексеев ауданы Трудовое селосында дүниеге келген. 1 Түркістан пулеметшілер әскери училищесін 1943 жылы, М.В. Фрунзе атындағы Әскери академияны 1949 жылы, КСРО Қарулы күштері Бас штабының Әскери академиясының Жоғары академиялық курстарын (1971, 1981) бітірген.

Еңбек жолын колхоздың егіс бригадасының есепшісі болып бастады (1941–1942), 1942–1943 жылдары әскери училище курсанты, Ұлы Отан соғысының қатысушысы, жеке атқыштар бригадасының пулеметшілер взводының командирі, атқыштар полкінің батальон командирі (1943–1945), Степной (Түркістан) әскери округінің жоғары оқу орындары бөлімінің инспекторы (1945–1946), Әскери академия тыңдаушысы (1946–1949), Түркістан әскери округінің жедел бөлімінің аға офицері (1950–1954), 201 мотоатқыштар дивизиясының мотоатқыштар полкінің командирі, штаб бастығы (1954–1961), Қазақ КСР Мемлекеттік қорғаныс штабының бастығы (1961–1969), Орта Азия Әскери округі әскерлері қолбасшысының орынбасары (1969–1981, 1984–1989), Венгриядағы Оңтүстік әскерлері тобы қолбасшысының бірінші орынбасары (1981–1984), Қазақ республикалық соғыс, еңбек және Қарулы күштер ардагерлері кеңесінің төрағасы (1990–1991), ҚР Жоғарғы Кеңесінің Ардагерлер, мүгедектер және әскери қызметшілер істері бойынша комитетінің төрағасы (1990–1992), ҚР Мемлекеттік қорғаныс істері комитетінің төрағасы (1992–1995), ҚР Қорғаныс министрі (1992–1995), ҚР Президентінің кеңесшісі (1995), 1995 жылы зейнет демалысына шығып, ҚР Президентінің штаттан тыс кеңесшісі қызметін атқарды (1995–2000). ҚР Жоғарғы Кеңесінің 8–11 және 12 шақырылымдарының депутаты. Кеңес Одағының Батыры (1945), Халық Қаһарманы (1994), Отан, Ленин, Октябрь Революциясы, Қызыл Ту, 1 және 2 дәрежелі Отан соғысы, екі мәрте Қызыл Жұлдыз, екі мәрте Еңбек Қызыл Ту, Құрмет белгісі, Болгария, Польша, Украинаның Достық (РФ, 1997) ордендерімен, медальдармен марапатталған. Ақмола облысы Ақкөл ауданының, Алматы және Донецк қалаларының Құрметті азаматы (Кто есть кто в Казахстане. Биографический справочник, 2010: 798).

Сағадат Қожахметұлының құжаттары оның өз өтініші бойынша 2013 жылғы 11 қаңтарда келісімшарт арқылы Қазақстан Республикасы Президенті Архивіне қабылданып алынды. Тұрақты мемлекеттік сақтауға ол өзінің «кітабымның қолжазбасы және жеке архивтің басқа да құжаттарын қабылдап алу» деп өтінеді. Сонымен қатар өтінішінде «От огненных лет до суверенной армии»

және «Книга-альбом» кітаптарын, ал 2013 жылғы 14 қаңтарда құрастырылған құжаттарының тапсыру тізімдемесінде кітаптың қолжазбасы, мемуарлық шығармалардың жинағы мен «Ұлт мақтанышы Сағадат Нұрмағамбетов» атты фотоальбом көрсетілді. Армия генералы 2013 жылғы 24 қаңтарда Архивке тағы да 1945–2012 жылдар аралығындағы құжаттарын қосымша өткізеді. С.Қ. Нұрмағамбетовтың өмірбаянына, қызметіне қатысты құжаттары, оған жолданған құттықтаулар мен мақтау грамоталары, алғыс хаттары, С.Қ. Нұрмағамбетовтың мақалалары, газет қиындылары, кітаптары, фотосуреттері сияқты 630 құжат тізімге алынды (АП РК. Наблюдательное дело № 04–10)

Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік сақтауына алынған С.Қ. Нұрмағамбетовтың жеке қорындағы құжаттардан басқа Қазақстан КП ОК, ҚР Президентінің архивтік қорларында Халық Қаһарманының кеңестік кезеңде жазылған өмірбаяны, түрлі ресми жиындарда сөйлеген сөздері, мемлекеттік билік басшыларының атына жазған хаттары көптеп кездеседі.

Армия генералының өз қолымен жазған өмірбаяны Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің қорында сақталған. 1961 жылы 18 тамызда полковник шенінде жазған өмірбаянында С.Қ. Нұрмағамбетов өзінің отбасы мүшелері жайлы төмендегідей ақпарат береді: «Отец – Нурмагамбетов Кожамет – крестьянин-бедняк, родился в ауле № 5, умер в 1924 г. Мать – Нурмагамбетова Алса родилась в ауле «Козган», умерла в 1932 г. Период времени после смерти матери с 1932 г. по 1940 г. жил совместно с братом Сагитом, который был родным по матери ... . Женат, имею двух детей (сын и дочь). Жена Нурмагамбетова Лира Сабировна в 1951 г. закончила Средне-Азиатский Гос. университет, работала в Научно-исследовательских институтах в [г.] Ташкенте и [г.] Алма-Ате, 1959–1961 гг. в Чарджоу детской экскурсионно-туристической станции при ОблОНО» (ҚР ПА: 2061, 5–7).

Орта Азия Әскери округі әскерлері қолбасшысының орынбасары, Қазақ республикалық соғыс, еңбек және Қарулы күштер ардагерлері кеңесінің, ҚР Жоғарғы Кеңесінің Ардагерлер, мүгедектер және әскери қызметшілер істері бойынша комитетінің төрағасы лауазымдарын атқаруда кеңестік биліктің қорғаныс саласына қатысты саясатын жүзеге асырды. 1990 жылы 25 қазанда жарияланған мемлекеттік егемендік туралы Декларация Қазақстанның дербес саясат жүргізуге мүмкіндік берді. Түрлі саяси, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар қайта ұйымдастырылып, жаңадан құрыла бастады.

Тәуелсіздік жарияланған тұста, кеңестік биліктің одақтас республикасы ретінде өмір сүрген елдің алдында таңдау тұрды. Өз аумағын, мемлекеттілігін, қорғанысын, экономикасын өз бетінші жүргізу міндеті алға қойылды. Маман офицерлердің қатары өте аз болатын. Кіші офицерлік құрамнан армия генералы шеніне дейін көтерілген Сағадат Қожахметұлы аталған кезеңде егеменді елдің қорғанысы мәселесін шебер маман ретінде жүзеге асыра білді. Бұл жөнінде өзінің бұқаралық ақпарат құралдарына, ғылыми басылымдарда, өзінің естелік кітаптарында жан-жақты баяндайды. Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты және Ардагерлер мен әскери қызметшілер істері жөніндегі комитеттің төрағасы міндетін атқарып жүрген кезінде, тамыз бүлігі орын алды. Орталықтан басқарылатын Қарулы күштер қатарында болғандықтан бар салмақ әскери мамандарға түсті. Ол республика басшылығы тарапынан 40 армия басшылығы арқылы әскер қатарындағы жағдайды талдауға тапсырма алды. Қолда бар мүмкіндігін пайдаланып, армия қатарында еш өзгеріс жоқтығын, барлығы да жоспарланған оқу-әскери міндеттерді орындау бойынша қалыпты жағдай орнатылғандығын, рұқсат етілмеген митингілердің болғандығы жайлы есептер тіркелмегендігін анықтады. Бірақ армия басшылығына барлық бөлімдер мен құрылымдарды толықтай әскери дайындықта ұстап тұруға нұсқау алды. С.Нұрмағамбетовтың еске алуынша, сол кездегі кеңестік әскери билік Қазақстанды және т.б. одақтас республикаларды Мәскеуге бағындыра отырып, әскери округтер құруды ұсынды. Ол округтер өз құрамына бірнеше республикаларды қамтуы тиіс болды. КСРО Қорғаныс министрлігі және егеменді республикалардың арасында келісімшарттар немесе келісімдер жасалады деп жоспарланды. Жоспар талқылауға салынған кезде сөз алған С. Нұрмағамбетов Қазақстан басшылығының позициясын баяндап, КСРО Қорғаныс министрінің баяндамасының тезистерімен келіспейтіндігін айтты. Кеңестер Одағы толығымен күйреген соң, одақтас республика басшылары армия құруды өз беттерінше жүргізетінін, ұлттық аумақтан өзге

жерлерге өз жастарын жібермеу туралы шешімдер қабылдайтындығын айтты. Демократиялық жаңарулар ең алдымен қоғамда жүзеге асырылып, содан кейін ғана Қарулы күштер қатарында болуы тиіс. Армияның дәстүрі бойынша жоғары атақтар ең алдыңғы қатарда, әрбір офицер өз шеберлігі мен әскери істе белгілі бір дәрежеге жетуді қалайтындығы белгілі екендігін атап өтеді. Сондықтан армияға қажетті реформаны басқаша жолмен жүргізуді Қазақстан атынан ұсынды. Аумалы төкпелі кезеңде Қарулы күштерді қысқартуға ұшыратпай, офицер мамандарды сақтап қалуды, мемлекеттік әскери базалардағы (арсеналдардағы, қоймалардағы) түрлі қолданыстағы техникалар мен әскери іс-әрекет жасауға қажетті құралдарды дұрыс игере білу, қоғам игілігіне айналуы тиіс мол байлықты өркениетті түрде тарату, бөлу, иесіздік пен талан-таражға салынып кетпеуін қадағалау жөнінде мәселе көтерді.

Қорғаныс саласының күрмеулі мәселелерін шешуге арналған жиналыстар, мәжілістер, кеңестер бірнеше мәрте одақтық, тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері басшыларының қатысуымен өткізілді.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев тәуелсіздікті, аумақтық тұтастықты, республиканың қорғаныс және өмірлік маңызды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында 1991 жылы «Қазақ КСР мемлекеттік Қорғаныс комитетін құру туралы» Жарлығын жариялады. Аталған Жарлықты жүзеге асыру мақсатында Министрлер Кабинеті аталған мекеменің мемлекеттік орган ретінде республиканың әскери инфрақұрылымын басқару құқығына иелігін айқындайтын арнайы қаулы қабылдады. Екі ай мерзім ішінде Комитет жұмысы жайлы ереже қабылдау тапсырылды. Желтоқсан айының ортасында, комитет төрағасы С. Нұрмағамбетов, оның орынбасарлары генерал-майор Н.И. Хлюпин және генерал-майор С.А. Алтынбеков, жетекші басқармалар мен бөлімдердің басшылығына Л.Н. Бакаев, А.Б. Тасболатов, М.Ж. Шампиев, С.С. Тауланов негізгі лауазымдарға тағайындалды (Назарбаев, 2014: 602).

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы ҚР Президентінің Жарлығында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңын басшылыққа алып, қорғаныс саласында біртұтас мемлекеттік саясатты жүзеге асыру қажеттігіне сүйеніп, Қарулы Күштер мен Шекара әскерлері жайында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы – Мемлекеттер басшылары Кеңесінің Келісімінде қуатталған дербес Қарулы Күштер құруға деген заңды құқықтың негізінде және Достастықтың басқа мемлекеттерінің дербес Қарулы Күштерін жасақтағанын еске алып Қаулы етемін: 1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылсын (Егемен Қазақстан: 125–127-п.).

1992 жылғы 18 мамырдағы ҚР Вице-президенті өткізген жиынның хаттамасында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ұйымдастыру қағидаттарын (принциптерін) әзірлеу туралы мәселе қаралды. ҚР Президентінің 1992 жылғы 8 мамырдағы №745 «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлығы мен 1992 жылғы 17 мамырдағы № 783 ҚР Президентінің Өкімін орындау үшін Қарулы Күштердің құрылысының негізгі мәселелерін әзірлеу туралы жұмыс топтарын құру туралы шешім қабылданды. 9 бағыттағы жұмыс топтары құрылды. С.Қ. Нұрмағамбетов «Құжаттарды басылымға дайындау, зерттеу және қорытындылау», «Әскери саясат мәселелері», «Әскери доктрина тұжырымдамасы» бойынша жұмыс топтарының құрамына енгізілді. Жұмыс топтары қорытындылауға арналған материалдарды 1992 жылғы 15 маусымға тапсыруы тиіс болды. ҚР Қорғаныс министрлігіне жұмыс топтарын тиісті деректермен және қолда бар әзірлемелермен қамтамасыз ету, министрліктің құрылымын белгіленген тәртіпте бекітуге ұсынуды жеделдету тапсырылды. Сонымен қатар «Қарулы Күштердің ұйымдастырушылық құрылымын қалыптастыру және жетілдіру әскер тегінің (күштер), арнаулы әскер мен қызметтердің құрамы мен қалыптатылығы», «Әскери қызметті өткеру және мамандар дайындауды ұйымдастыру», «Әскерді материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету», «Әскерді базаларға орналастыру және жайластыру жүйесін құру», «Резервтер мен мобильдік қорларды дайындау», «Мемлекеттік қауіпсіздік тұжырымдамасы» бағыттарындағы жұмыс топтары құрылды (ҚР ПА: 1–5-п.).

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2001 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері басшылық құрамының бүкілармиялық кеңесінде сөйлеген сөзінде Қарулы Күштердің ел алдындағы маңызына тоқталып өтеді. «Төл Қарулы Күштерімізді

калыптастыру ісін біз «ақ парақтан» бастауымызға тура келді. Қорғаныс министрлігіне, тұңғыш министрі генерал-полковник Сағадат Нұрмағамбетовке аса күрделі ұйымдастыру мәселелері: басқару органдарын құру, қару-жарақтарды әскери техника мен материалдық құралдарды қабылдау және олардың сақталуын қамтамасыз ету, әскерлерді тікелей басқару және ТМД қорғаныс ведомстволарымен өзара іс-қимыл жүйесін жасау, әскерлердің қаржы, материалдық-техникалық және медициналық жағынан жабдықталуын қамтамасыз ету, офицерлердің елді-еліне кетіп, олардың жетіспеушілігі байқалуына байланысты әскери кадрлар әзірлеуді ұйымдастыру мәселелерін шешу қажет болды» (Назарбаев, 265: 266).

«Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы лауазымына бірден-бір лайық адам Сағадат Қожахметұлы еді. Бұл 1991 жылдың қазан айы болатын. Ал келесі жылдың мамыр айында республика басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен еліміздің Қорғаныс министрлігін басқару Сағадат Нұрмағамбетовке жүктелді» деп еске алады Республикалық Ұлан қолбасшысы, генерал-лейтенант Абай Тасболатов (Тасболатов, 2010: 2-6.).

2007 жылғы 7 мамырда ҚР Қарулы Күштерінің 15 жылдығына және 7-мамыр – Отан қорғаушы күніне байланысты мерекелік шеру болып өтті. Мерекелік жиында сөз сөйлеген ҚР Президенті – Қарулы Күштердің Бас қолбасшысы Н.Ә. Назарбаев: «... Бізде кадрлар болмады, тәжірибе жоқ еді. Егемен Қазақстанның әскері қандай болуы керек дейтін түсінік болмады.

Осындай жағдайда республика аумағындағы Орта Азия әскери округтері мен Ауғанстандағы соғыстан шыққан 40-армиядан қалған барлық бөлімшелерді Қазақстан Қарулы Күштерінің бөлімдері деп жариялауға шешім қабылданды. 1992 жылғы 7 мамырда мен қол қойған Жарлық осындай еді.

Соғыс ардагері, Кеңес Одағының Батыры Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов Кеңес Армиясының генерал-лейтенант шеніндегі жалғыз қазақ болатын. Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі лауазымына мен нақ сол кісіні шақырдым. 1992–1995 жылдары министрлікті басқарған Сағадат Қожахметұлы біздің армияның қалыптасуында аса маңызды рөл атқарды» деп атап көрсетті

«Оның тәжірибесі, әскерилер арасындағы жоғары беделі мен Отанға қалтқысыз қызмет етуі қазақстандық Қарулы Күштер қалыптасуының сол бір күрделі кезеңінде өте-мөте қажет болып шықты. Мен оның орасан зор еңбегі үшін ризашылығымды білдіремін. Армия генералы, Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов бүгін де сапта. «Жас ұлан» республикалық әскери мектебі оның есімімен аталады» деп жоғары баға берді. (Назарбаев, 2007: 1).

Қазақстан тарихындағы әскери ғылым саласының дамуы, қалыптасуы барысы жөнінде ғылыми еңбектер жазылды. «Елдің қорғаныс қуатының ғылыми базасы, ғылыми-техникалық әлеуеттің бөлігі ретінде, білімнің көптеген салаларын біріктіреді. Олардың бірі геосаясат, халықаралық қатынас және бейбітшілік үшін күрес мәселелерін зерттейді. Ал келесі бірі жаратылыстану және техникалық ғылымдардың жетістіктері негізінде қаруланудың жаңарған жүйесін әзірлейді. Жалпы әскери ғылым соғыстың сипаты мен заңдарын, ел мен қарулы күштердің оған дайындығын, әскери іс-қимылдардың жүргізілу тәсілдерін зерделейді. Осындай ауқымды негізде мемлекеттің әскери доктринасы әзірленеді, әскери құрылыс мәселелері бойынша заңдар, әскерді толықтыру, оқыту және әскери қолданылуының тәсілдері туралы директивалар мен шешімдер құрастырылады.

Аталған ғылымдардың бірде бір тобы біздің республикамызда жоқ, сондықтан оларды құру және жылдам қалыптастыру – кезек күттірмес басты міндет. Баспасөз ақпараты бойынша егеменді Қазақстанның тиісті мемлекеттік билік органдары көп нәрсе тындырды және алғаш рет туындаған кезек күттірмес мәселелерді шешу үшін жұмыс жасап жатқанымен, жұмыстың бір бөлігі олардың бағдарлау шегінен қалып кетіп отыр. Сөз әскери тарих жөнінде болып отыр. Оған назар аудармауды жалпы тарихтың бір бөлігі ретінде қарау көзқарасы, оның өзіндік ерекшелігін ескермеу ретінде түсіндіруге болады.

Оның өзіндік ерекшелігі мынада: әскери тарих жалпы тарихты толықтыру және тереңдетумен қатар, нақты соғыстардың пайда болуы себептері мен сипатын, қару мен әскер тектерінің дамуын зерттеу, олардың ұйымдастырылуы мен үйретілу нысандарын, қарулы күрестердің барысы мен

нәтижесінің заңдылықтарын, жеке құрамның моральдық-әскери сапасын жетілдіру үдерісі, әскери ғылым үшін құнды талдау материалын бере отырып, әскери-саяси басшылықтың жоғары органының елдің қорғаныс икемділігі мен армияның ұрысқа дайындығын жан-жақты қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді». Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде академик ғалым М. Қозыбаев әскери тарихтың ұлттық нұсқасының қалыптасуына мән берді (Қозыбаев, 2000: 302).

ҚР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы қызметін атқарған Б.Баекенов ұлттық қауіпсіздік саласының ҚР Қарулы күштерінің қатарынан шығарылу тарихын баяндайды. «Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы, біртуар әскери қайраткер Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың пікірі де менің көзқарасыммен үндесіп жатты. Сәкең өзіндік көзқарасын былайша білдірген болатын: «Егер де шекарашыларды Қорғаныс министрлігінің қарамағына берсек, кей кездері мемлекеттік шекарада қақтығыс орын алып жатса, ол онда қарулы қақтығыс болып саналады. Халықаралық қауымдастық пен бағзыдан келе жатқан көрші мемлекеттердің алдында орынсыз қызарақтамау үшін, осы жағын да ойланғанымыз дұрыс. Мемлекетіміз бейбітшілік саясатты ұстанғаннан кейін, келешекте Қарулы Күштеріміздің санын қысқартуға тура келеді. Шекарашылар Қорғаныс министрлігінің құрамында болса, сонда оларды да қысқартамыз ба? Тәуелсіз ел болған соң, қала мейлі, қалама мейлі, болашақ барлық көршілерімізбен мемлекеттік шекараларымызды айқындап, хатқа түсіреміз. Сол кезде шекарашылардың қатарын ұлғайтамыз. Осындай мәселелерді кеңінен ойлаған дұрыс» – деп, Республика Қауіпсіздік Кеңесіндегі басқосуларда ойын айқын жеткізіп жүрді. Ақыры, шекарашылардың Ұлттық қауіпсіздік органдары жүйесінде болу керектігіне Президентіміздің көзін жеткіздік. Сөйтіп, 1992 жылдың 18 тамызында «Қазақстан Республикасының Шекара әскерлерін құру туралы» Елбасының Жарлығы дүниеге келді. Еліміздің Шекара әскері бұрынғы қызылтулы Шығыс шекара округі негізінде шаңырақ көтерді. Осы Жарлық бойынша Шекара әскерлері Ұлттық қауіпсіздік комитетіне бағындырылды. Алматы Жоғары шекаралық командалық училищесі республикамыздың қарамағына алынды» (Тұманбайұлы, 2006: 150-152).

С. Нұрмағамбетов сенім артып, елдегі бірден-бір әскери оқу орнын басқаруға тағайындағанын үнемі еске алып отыратын А. Тасболатов: «Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары болған қиындықтарға, қаражат жоғына қарамастан С. Нұрмағамбетов еліміздің әскери саласын дамытуға жағдай жасады. Көптеген оқу-жаттығулар, дивизия командирлерінің, әскери оқу орындары басшыларының жиындарын өткізді. Қазақстанның тұңғыш Әскери доктринасын әзірлеуге Қорғаныс министрі ретінде ғана емес, тәжірибелі, соғыс көрген сардар, терең білімді маман ретінде білікті басшылық етті» деп атап көрсетеді (Тасболатов, 2-б.).

Қызмет бабы бойынша жазған эпистолярлық құжаттардың бір түрі хаттар мен анықтама-баяндамалар С.Қ. Нұрмағамбетовтың ресми қызметтегі тұлғасын айқындай отырып, Қазақстанның әскери тарихының парақтарын көрсетеді. Олардың қатарында 1992 жылы ҚР Премьер-Министрі С.А. Терещенкоға әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін тұрғын үймен қамтамасыз етудің күрделі жағдайын ашып, жан-жақты талқылап көрсеткен хаты (ҚРПА, 630: 2-п.); Қазақстан Республикасындағы әскери құрылыстың негізгі бағыттары туралы (Республиканың әскери құрылысының тұжырымдамасы) баяндама-анықтама (ҚРПА, 640: 22-34-п.); Тәуелсіз мемлекеттер достастығы бірыңғай қарулы күштерін сақтаудың қажеттілігі туралы мәселе бойынша жасаған анықтама-баяндамасы (ҚРПА, 27–31-п.); Әскери анттың жобасы туралы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атына жазған хаты (ҚРПА, 103-п.); Республика Қарулы Күштерінің материалдық қамтамасыз етілуінің жағдайы туралы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атына жасаған анықтама-баяндамасы (ҚРПА, 611: 38-40-п.); ҚР Премьер-Министрі С.А. Терещенконың атына жазылған ҚР аумағында әскери қызметшілер мен әскери қызметтен босатылған адамдардың әлеуметтік қорғалуын күшейтудің қажеттілігі туралы хаттары (ҚРПА, 608: 93, 94-п.) және т.б. құжаттар еліміздегі қорғаныс саласының қалыптасу кезеңінде жүргізілген жұмыстар туралы баяндайды.

Армия генералы С. Нұрмағамбетовтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне арналған библиографиялық еңбектерде оның жан-жақты қырлары баяндалады. Жастық жалын шарпыған отты жылдар мен данагөй қариялық кезеңдері суреттелген мақалалар бұқаралық ақпарат

күралдарына жиі жарияланды. Сонымен қатар С. Нұрмағамбетов бірнеше мемуарлық еңбектердің авторы (Нұрмағамбетов, 1984; 1995; 1999; 2009).

Сағадат Нұрмағамбетов өзінің 2009 жылы жарияланған мемуарлық жинағында: «2004 жылы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі М.Қ. Алтынбаевтың редакциялауымен менің 80 жасқа толуыма арналған «Астана полиграфия» акционерлік қоғамының баспасынан кітап жарыққа шықты. Оған майдангерлердің, соғыстан кейінгі және қазақстандық армияның бастапқы кезеңіндегі қызметтестердің естеліктері енгізілген болатын» деп көрсетеді (Нұрмағамбетов, 2009).

ҚР Халық Қаһарманы, Кеңестер Одағының батыры, армия генералы С.Қ. Нұрмағамбетовты мәңгілік есте қалдыру шаралары бүкілхалықтық сипатқа ие болды. 1999 ж. Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік және шет тілдерін, әскери пәндерді тереңдетіп оқытатын және дене шынықтыруды басым жүргізетін Республикалық «Жас ұлан» мектебі С.Қ. Нұрмағамбетовтың атымен аталды. 2020 жылғы 11 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері Әскери институты армия генералы С.Қ. Нұрмағамбетовтың атын иемденді ([https://ru.wikipedia.org/wiki: интернет-ресурс: память](https://ru.wikipedia.org/wiki:интернет-ресурс:память)).

Қазақстан Республикасы Президенті Архивіндегі жоғары билік органдары қорлары мен С.Қ. Нұрмағамбетовтың 266-НЛ-жеке қорының деректері, бұқаралық ақпарат құралдарына, мерзімді баспасөзде жарияланған публицистикалық мақалалар мен оның сұхбаттары бар. Мақалада армия генералының мемлекеттік билік органдарымен, майдандас достарымен, шетелдік әріптестерімен қарым-қатынасын көрсететін, еш жерде жарияланбаған хат алмасуларының негізіндегі деректер көпшілік талқысына ұсынылды.

Сағадат Қожахметұлының құжаттары оның өз өтініші бойынша 2013 жылғы 11 қаңтарда келісімшарт арқылы Қазақстан Республикасы Президенті Архивіне қабылданып алынды. Тұрақты мемлекеттік сақтауға ол өзінің «кітабымның қолжазбасы және жеке архивтің басқа да құжаттарын қабылдап алу»ды өтінеді. Сонымен қатар өтінішінде «От огненных лет до суверенной армии» және «Книга-альбом» кітаптарын атап өтсе, ал 2013 жылғы 14 қаңтарда құрастырылған құжаттарының тапсыру тізімдемесінде кітаптың қолжазбасы, мемуарлық шығармалардың жинағы мен «Ұлт мақтанышы Сағадат Нұрмағамбетов» атты фотоальбом көрсетіледі. Армия генералы 2013 жылғы 24 қаңтарда Архивке тағы да 1945–2012 жылдар аралығындағы құжаттарын қосымша өткізеді. С.Қ. Нұрмағамбетовтың өмірбаянына, қызметіне қатысты құжаттары, оған жолданған құттықтаулар мен мақтау грамоталары, алғыс хаттары, С.Қ. Нұрмағамбетовтың мақалалары, газет қиындылары, кітаптары, фотосуреттері сияқты 630 құжат тізімге алынды (ҚР ПА: Наблюдательное дело).

Аталған тапсыру тізімдемесіне сай тұрақты сақталатын істердің тізімдемесі құрастырылды. Қордағы істердің құжаттарының құрамын ескере отырып архившілер төмендегідей жүйелеуді пайдаланды:

1. С.Қ. Нұрмағамбетовтың өмірбаянына қатысты құжаттар. 1.1. Куәліктер мен мандаттар, 1.2. Марапаттау құжаттары. 1.3. Мерейтойлар мен мерекелерге байланысты мемлекет және қоғам қайраткерлерінің құттықтау адрестері мен ашық хаттары. 2. С.Қ. Нұрмағамбетовтың қызметіне байланысты құжаттары. 3. Қорқушының сөйлеген сөздері мен мақалалары. 4. Фотосуреттері.

**Қорытынды.** Халық Қаһарманы С.Қ. Нұрмағамбетовтың өмірбаянына қатысты құжаттар, оның 1941–1945-жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлік істері туралы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінен алынған құжаттардың фотокөшірмелері енгізілсе, екінші тарауға С.Қ. Нұрмағамбетовтың 1990–2012 жылдар аралығындағы эпистолярлық құжаттары: хаттар, баяндамалар, анықтамаларға шолу жасалды. Олардың қатарында Қазақстан Республикасындағы әскери қызметшілер мен әскери қызметтен босаған жандардың әлеуметтік қорғалуын күшейту қажеттілігі туралы ҚР Премьер-Министрі С. Терещенкоға жазған хатымен қатар әскери-ғылыми зерттеулер орталығын, ұлттық әскери музей, әскери архив, баспаханалық база ұйымдастыру туралы халық депутаты М.Қ. Қозыбаевтың хаты, ҚР министрлер кабинетінің Қазақстан республикасында әскери-ғылыми және әскери-тарихи жұмысты ұйымдастыру туралы қаулысының жобасы бар.

С.Қ. Нұрмағамбетовтың шетелдік әріптестерімен қарым-қатынасын көрсететін деректер оның хат алмасуларынан айқындалады. Атап айтқанда АҚШ Қорғаныс министрімен арадағы

байланыстар туралы құжаттар легі оның халықаралық маңыздағы іс-шараларға қатысуын көрсетеді. Олардың қатарында АҚШ елшілігінің ҚР Қорғаныс министрі, армия генералы С.Қ. Нұрмағамбетовты Америкаға ресми сапармен келіп кетуге шақырған хаты, АҚШ Қорғаныс министрі У. Перридің хатының ресми емес аудармасы, «Құрама Штаттардың Европа мен НАТО ға қатысты қауіпсіздік стратегияларының» дербес данасын жібергендігі туралы хабарлаған хаты және т.б. бар.

С.Қ. Нұрмағамбетовтың сөйлеген сөздері мен баяндамалары эпистолярлық жанрлар қатарында ерекше талдауды қажет ететін дереккөздер легі. Оның бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттары мен жарияланған мақалалары оның көзі тірісінде ол туралы мақалалар келесі тарауға енгізілді. «С.Қ. Нұрмағамбетовты еске алу» деп аталып оның әріптестерінің, шәкірттерінің, әскери тарихшылар мен мемлекет және қоғам қайраткерлерінің естеліктері мен мақалалары берілді. Халық Қаһарманының ресми, мемлекеттік делегациялар құрамында саяси және қоғам қайраткерлерімен халықаралық, республикалық іс-шараларда түскен фотосуреттері, оның есімін мәңгі есте қалдыру шараларының бейнелік құжаттары иллюстрациялық қосымша ретінде құжаттарда баяндалған мәліметтерді ақпараттық жағынан толықтыра түседі. Олардың қатарында С.Қ. Нұрмағамбетовтың әр жылдары жеке түскен суреттері, Алматы, Мәскеу (РФ) қалаларында ескерткіш бюстін орнату сәтінен түсірілген фотоқұжаттар бар.

### Әдебиеттер мен деректер тізімі

Архив Президента Республики Казахстан. (Далее АПРК). Наблюдательное дело № 04–10. Нурмагамбетов Сагадат Кожаметович. (25. 05. 1924 г.).

Жүнісбеков Б. Қолбасшы Нұрмағамбетов немесе Сагадат ағамен сыр-сұхбат. (Интервью с полководцем Нурмагамбетовым или Сагадатом ага) // Ақиқат. – 2010. қаңтар. – № 1. 33-41-б.

Мерекенова Б. Бір тәулік сөйлесіп, қазақ жігіттерін оқытуға Мәскеуді зорға көндірдім. (Сутки разговаривал, уговорил Москву на обучение казахских ребят). С.Қ. Нұрмағамбетовтың сұхбаты // Алматы ақшамы. – 2006. – 6 мамыр.

Кто есть кто в Казахстане. Биографический справочник. 2010–2011. Изд-е одиннадцатое, дополненное. – Алматы, 2010. – 1192 с.

Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. В двух книгах. Книга первая. – Алматы: Ғылым, 2000. 420 с. Статья «Военная история Казахстана: проблемы научного постижения». Опубликовано в соавторстве П. Белан, А. Тасбулатов, А. Коваль, А. Галиев. // Казахстанская правда, 1993, 6 июля.

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві (бұдан әрі ҚР ПА). 708-қ. 69-т. 2061-іс. 5–7-п.

ҚР ПА. 5-Н-қ. 1-т. 1380-іс.

ҚР ПА. 5-Н-қ. 1-т. 15-іс. 125–127-п.

ҚР ПА. 5-Н-қ. 1-т. 640-іс.

ҚР ПА. 5-Н-қ. 1-т. 630-іс.

ҚР ПА. 5-Н-қ. 1-т. 611-іс.

ҚР ПА. 5-Н-қ. 1-т. 608-іс.

Назарбаев Н.Ә. Таңдамалы сөздер. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014. Т.IV (1). – 1999-2002 жж. – 668 б.

Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіз елдің берік қорғаны. // Егемен Қазақстан. – 2007. – 8 мамыр. – 1б.

Нурмагамбетов С.К. Лицом к огню. – Алма-Ата, 1984. 152 с.; Нурмагамбетов С.К. Мой передний край. – Алматы: Ана тілі, 1995. 224 с.; Нурмагамбетов С.К. А в памяти нет тишины. – Алматы: Ана тілі, 1999. 144 с.; Нурмагамбетов С. От огненных лет до суверенной армии. Сборник мемуарных произведений. – Алматы: Издательский дом «Жибек жолы», 2009. – 544 с. +48 с. илл.; В 27 Великий полководец: (к 95-летию со дня рождения Героя Советского Союза Сагадата Кожаметовича Нурмагамбетова): библиогр. указ. / Лисаковская ЦБС. Центральная библиотека, Отдел методико-библиографической работы и работы с фондом; [сост. Т.Н. Борисова]. – Лисаковск, 2019. – 17 с.



Сағадат Қожахметович Нурмағамбетов. Память. – [Электронный ресурс] – URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki>.

Тасболатов А. Қаһарман және тұңғыш министр // Егемен Қазақстан. – 5 мамыр 2010 ж.

Тұманбайұлы Кенжебек. Аманатқа адалдық. – Алматы, «Информ-А», 2006 ж. 208+24 суретті жапсырма бет.

### References

Archive of the President of the Republic of Kazakhstan. (Further AP RK). Nablyudatelnoe delo No. 04-10. Nurmagambetov Sagadat Kozhakhmetovich. [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan. (Hereinafter referred to as APK). Observation case No. 04-10. Nurmagambetov Sagadat Kozhakhmetovich] (25. 05. 1924). [In Russian]

Zhunisbekov B. Kolbashy Nurmagambetov nemese Cagadat agamen syr-suhbat. [Interview with Commander Nurmagambetov or Sagadat Agha] (Interview with Commander Nurmagambetov or Sagadat agha) // Akikat. – 2010. – Kantar. – № 1. 33-41-b. [In Kazakh]

Merekenova B. Bir taulik coilecip kazakh zhigitterin okytuga Maskeudi zorga kondirdim. [I talked for a day and persuaded Moscow to teach the Kazakh guys]. S.Q. Nurmagambetovtin suhbaty. // Almaty akshamy. – 2006. – 6 мамыр. –3-b. [In Kazakh]

Kto est kto v Kazachstane. [Who is who in Kazakhstan] Biographicheskii spravochnik. 2010–2011. The eleventh edition, supplemented. – Almaty, 2010. –1192 p. [In Russian]

Kozybaev M.K. Kazakhstan na rubezhe vekov: razmyshleniya i poiski. V dvuh knigah. Kniga pervaya. [Kazakhstan at the turn of the century: reflections and searches. In two books. The first book] – Almaty: Gylym, 2000. – 420 s. Stat'ya «Voennaya istoriya Kazahstana: problemy nauchnogo postizheniya». Opublikovana v soavtorstve P. Belan, A. Tasbulatov, A. Koval', A. Galiev. // Kazahstanskaya pravda, 1993, 6 iyulya. [In Russian]

Archive Of The President Of The Republic Of Kazakhstan. 5-N-P. 1-p. 630-case.

AP RK. F.708. Item 69. case 2061.

AP RK. 5-N. Item 1. case 1380.

AP RK. 5-N. Item 1. Case 15.

AP RK. 5-N-P. 1-p. 640-case.

AP RK. 5-N-P. 1-p. 611-case.

AP RK. 5-N-P. 1-p. 608-case.

Nazarbaev N.A. Tandamaly sozder. [Selected words] – Astana: «Saryarka» baspasy, 2014. T.IV (1). – 1999-2002 zhzh. – 668 b. [In Kazakh]

Nazarbaev N.A. Tauelsiz eldin berik korgany [Strong defense of an independent country] // Egemen Kazakstan. – 2007. – 8 мамыр. – 1b. [In Kazakh]

Nurmagambetov S.K. Licom k ognyu. [Face to the fire] – Alma-Ata, 1984. 152 s. [In Russian];

Nurmagambetov S.K. Moi perednii krai [My cutting edge]. – Almaty: Ana tili, 1995. 224 s. [In Russian];

Nurmagambetov S.K. A v pamyati net tishiny [And there is no silence in memory]. – Almaty: Ana tili,

1999. 144 s. [In Russian]; Nurmagambetov S. Ot ognennyh let do suverennoi armii [From the fiery years to the sovereign army]. Sbornik memuarных произведений. – Almaty: Izdatel'skii dom «Zhibek zholy», 2009.

–544 s. +48 s. ill. [In Russian]; V 27 Velikii polkovodec [In 27 The Great commander] (k 95-letiyu so dnya

rozheniya Geroya Sovetskogo Soyuza Sagadata Kozhahmetovicha Nurmagambetova): bibliogr. ukaz. /

Lisakovskaya CBS. Central'naya biblioteka, Otdel metodiko-bibliograficheskoi raboty i raboty s fondom;

[sost. T.N. Borisova]. – Lisakovsk, 2019. – 17 s. [In Russian]

Sagadat Kozhahmetovich Nurmagambetov. Pamyat'. [Memory] – [Elektronnyi resurs] – URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki>. [In Russian]

Tasbolatov A. «Kaharman zhane tyngysh ministr» [Hero and First Minister] // Egemen Kazakstan. – 5 мамыр 2010 zh. [In Kazakh]

Tumanbaiuly Kenzhebek. Amanatka adaldyk. [Loyalty to the trust] – Almaty, «Inform-A», 2006 zh. 208+24 suretti zhapsyrma bet. [In Kazakh]

МРНТИ 03.20.00

## ИСТОЧНИК В ИСТОРИИ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ НЕЗАВИСИМОЙ СТРАНЫ: ГЕНЕРАЛ АРМИИ С. НУРМАГАМБЕТОВ

А.Т. Сулейменова<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Военный институт Сухопутных войск имени С. Нурмагамбетова, Казахстан, Алматы

\*Корреспондирующий автор

E-mail: [suleimenova1972@mail.ru](mailto:suleimenova1972@mail.ru) (Сулейменова)

**Аннотация.** В статью внесены данные, касающиеся жизни и общественно-политической деятельности Героя Советского Союза, Халық Қаһарманы, Нурмагамбетова Сагадата Кожаметовича, взятых на хранение в Архив Президента Республики Казахстан. В основу статьи были положены документы из личного фонда, которые он собственноручно передал в архив. Документы личного фонда Нурмагамбетова С.К. становятся важной страницей истории Казахстана как неотъемлемой части Национального архивного фонда РК. В источниках, хранящихся в фондах Центрального комитета КП Казахстана, Президента РК, раскрываются биографические, служебные характеристики народного героя.

Особое место в описании эпохи занимает пройденный путь и жизнь личности. Поскольку личность тесно связана с тем периодом, в котором она жила, ее невозможно отделить и рассмотреть вне эпохи. Поэтому источники исторических документов, свидетельствующих об эпохе, в архиве должны быть размещены в научном обороте, на всеобщее обозрение. О детстве Сагадата Кожаметовича, его участии в Великой Отечественной войне в составе Советской Армии, службе в командовании Среднеазиатского военного округа, о его нелегком труде по созданию самостоятельной армии независимого Казахстана рассказано на основе архивных данных и мемуарной литературы. Большая часть документов, включенных в статью, вводится в научный оборот впервые.

**Ключевые слова:** личный архивный фонд, Архив Президента РК, документы личного происхождения, первый министр обороны РК, Сагадат Нурмагамбетов, Халық Қаһарманы, биография.

IRSTI 03.20.00

## THE SOURCE ON HISTORY OF THE INDEPENDENT COUNTRY'S ARMED FORCES: GENERAL OF THE ARMY S. NURMAGAMBETOV

A.T. Suleimenova<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Department of Educational and Ideological Work of the S. Nurmagambetov Military Institute of the Land Forces, Kazakhstan, Almaty

\*Corresponding author

E-mail: [suleimenova1972@mail.ru](mailto:suleimenova1972@mail.ru) (Suleimenova)

**Abstract.** The article includes data on the life and socio-political activities of the hero of the Soviet Union, Halyk Kakharmany, Sagadat Kozhakhmetovich Nurmagambetov, deposited in the archive of the President of the Republic of Kazakhstan. The documents from his personal fund, which were transferred to the archive by his own hands, also became the basis of the article. The documents of S. K.

Nurmagambetov's private fund as an integral part of the national archival fund of the Republic of Kazakhstan are becoming a significant page in the history of Kazakhstan. Sources stored in the funds of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan, the president of the Republic of Kazakhstan reveal the biographical and official characteristics of the National Hero.



A special place in the description of the era is occupied by the path and life of the individual. Since the individual is closely related to the period in which he lived, it is impossible to separate and consider it outside of his epoch. Therefore, the source of historical documents confirming the breath of the era, the archive's multifaceted data should be regularly put into scientific circulation and public attention. Sagadat Kozhakhmetovich with a child on the basis of archival data and memoir literature about his childhood, participation in the Great Patriotic War as part of the Soviet army, service in the command of the Central Asian Military District, selfless work on the creation of an independent army of independent Kazakhstan. Most of the documents included in the article are introduced into scientific circulation for the first time.

**Key words:** personal archive fund, Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, documents of personal origin, First Minister of Defense, Sagadat Nurmagambetov, Halyk Kakharmany, biography.

**Автор туралы мәлімет:**

<sup>1</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты

## ӘЛ-ФАРАБИ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ТОЛЫҚ АДАМ ІЛІМІНІҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ

Қ.Д. Раисов<sup>1</sup>, Қ.Қ. Жылқышыбаева<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы

\* Автор-корреспондент

E-mail: kazbek\_raysov@mail.ru (Раисов), karluwa1970@gmail.com (Жылқышыбаева)

**Аңдатпа.** Мақалада бүкіл әлемдік өркениетте ерекше өзіндік орны бар әл-Фарабидің антропологиялық және гуманистік дүниетанымының мәнін, маңызын, ерекшелігін және оның қазақ философиясындағы толық адам ілімінің дамуына ықпалын анықтаудың ең маңызды мәселелері қарастырылады. Әсіресе, философия ғылымының өткені мен бүгінгі арасындағы философиялық көзқарастардың сабақтастығын қалпына келтіруге ерекше мән беріледі. Әл-Фараби ілімінің мұсылмандық философия мен қазақ философиясы арасындағы үйлесімдікті іске асыратын дара жол екендігі, рухани кемелденуіміздің қайнар көзі болғандығы және ұлттық тарихи санамызды дамытудың негізгі тетігі екендігі сипатталады.

Мақалада әл-Фарабидің «Бақытқа жету жолында», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік», Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет», Асан қайғының «Жерұйығы», Абайдың шығармалары мен өлеңдері қолданылады. Олардың көзқарастары мен дүниетанымдары арасындағы тарихи сабақтастық пен рухани үндестік пайымдалып, қорытынды тұжырымдар жасалады.

**Түйін сөздер:** Қазақ философиясы, мұсылмандық философия, әл-Фарабидің дүниетанымы, рухани құндылықтар, тарихи сабақтастық, үндестік, толық адам ілімі, антропологиялық және гуманистік көзқарастар.

**Кіріспе.** Түрік-мұсылман өркениетінің ғұламасы Әбу Насыр әл-Фараби көзқарасының мәні мен маңызын түсіну үшін олардың тарихи үрдістегі мәдени дүниетанымдық кеңістігін біліп, меңгеріп, пайымдай білу керек. Тек сонда ғана әл-Фарабидің мұраларынан дәстүрлі түркі тілдес халықтардың ой-өрісін, ұлттық рухани құндылықтардың негізін көруге болады. Өйткені ойшыл түркі дүниетанымындағы негізгі ұстанымдарды қорытып, құнды ғылыми еңбектерін келешек ұрпаққа қалдырды.

Біріншіден, әл-Фарабидің антропологиялық және гуманистік көзқарасы қазіргі жаһандану заманында әлем өркениеті тарихындағы ұлттық мәдениетіміздің алатын орнын баянды ету үшін маңызды.

Екіншіден, әл-Фараби дүниетанымы Қазақстанда тәуелсіз және демократиялы қоғам құру жолындағы қазақстандық азаматтардың тарихи санасы мен болмысының дамуына ықпал етеді. Ол үшін халық руханиятының бастауларын сабақтастықта қарастырғанымыз жөн.

Үшіншіден, әл-Фарабидің адами және гуманистік көзқарастары өмір сүрген ортасы мен уақыты сол кезеңде өмір сүрген түркі тектес халықтардың дүниетанымының қалыптасуымен де өте құнды. Өйткені, сол заманда негізі қаланған ислам философиясының бағыты мен жолы қазіргі Қазақстандық философияның мәні мен мазмұнын анықтауда да маңызды болып отыр.

Төртіншіден, ойшылдың ілімі мемлекетті басқару, қоғамның әлеуметтік кемелденуі мен рухани тазаруына, адамдардың адамгершілік-моральдық, этикалық, діни, рухани ұстанымдарына бағыт-бағдар беретін тұжырымдар жүйесін қалыптастырды.

Тарихтан белгілі, ортағасырлық мұсылман әлемінің философиясы антикалық философиялық мұралармен өте тығыз байланысты. Бұл ислам философиясының басты ерекшеліктерінің бірі. Бірақ,

мұсылмандық философия өзінің дербестігін сақтау үшін түпкі қайнар көзі ретінде исламды қарастырады.

Мұсылмандық философия – мұсылман әлемінің діни мәнін ұғынуға бағытталған - болмыстың мәні (Қасымжанов, 2006: 97). Яғни, Құдай мен адам болмысы жайлы ілім. Мұсылмандық философияға дейінгі антикалық философияда адамның жеке болмысы, әлемдегі адамның орны мен мәні және адамның Құдайға қатынасы туралы мәселесі қойылмаған. Сондықтан мұсылмандық философия қарастыратын жаңашылдық исламмен ұштасып жатыр. «Ислам білімді дамыта отырып, философиялық мәселелерді де дамытты, оларды жасақтау антикалық дереккөздерді тартса, кейінірек бұл жаңа рухани мәдениеттің түзілуіне әкелді» (Нысанбаев, 2009: 231),- деген ғалымдардың пікірі, осы мұсылман философиясымен тығыз байланыста жаңа - түркілік кезеңдегі философия дамығандығын көрсетеді. Бұл философия ислам әлемінің, антика кезеңіндегі философияның және түркі халықтарының рухани құндылықтарын біріктірді.

Бұл философия ислам әлемінің, антика кезеңіндегі философияның және түркі халықтарының рухани құндылықтарын біріктірді.

Сонымен қатар, философия ғылымын тарихи сабақтастықта және үндестікте қарастыратын болсақ, мұсылмандық философия түркілік философияны, ал, түркілік философия қазақ философиясына жалғасты. Яғни, мұсылмандық философиядағы Құдай мен адам ілімін түркілік философияда сопылық ілім, антропология мен этикалық мәселелер және қазақ философиясындағы толық адам ілімі толықтырды.

IX-XI ғасырлардағы мұсылман философиясымен қатар дамыған рухани және материалдық мәдениет пен қоғамдағы болған өзгерістер түркі халықтарының арасынан ойшыл-ғалымдарды және олардың гуманистік көзқарастарын шығарды. Бұл өзгерістер Орта Азиялық қайта өрлеу дәуірінде қазақ философиясының өкілдері: Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауи, Асан қайғы, Абай және т.б. шығармаларындағы философиялық көзқарастардың қалыптасуына белгілі бір дәрежеде ықпал етті.

Сол заманда арабтармен қатар түркі халықтарының өкілдері де Шығыс философиясының өркендеуіне өз үлестерін қосты. Яғни, түркі халықтарының тарихы, қоғамдық өмірінің дамуы, салт-дәстүрі мен әлеуметтік құрылымының ерекшеліктері халықтардың дүниетанымдық және философиялық көзқарастарын қалыптастыруда ерекше рөл атқарды.

Қазақ философиясы ойшылдарының шығармаларын танып-білу әр саладағы тарихи-рухани үрдісті қарастыруға, оны байытып, тереңдете түсуге және мақаламыздың басты тақырыбын, әл-Фараби көзқарастарының философиясындағы толық адам ілімінің дамуына ықпалын зерделеуге мүмкіндік береді.

Әсіресе мұсылмандық философияда антропологиялық және гуманистік ойды дамытқан әл-Фарабидің ғылыми еңбектері әлемдік философия тарихының ерекше бөлшегі болып табылады (Машанов, 2006: 55).

Әл-Фараби өзінен бұрын өмір сүрген Аристотель мен Платонның идеясын меңгеріп, өзінен кейінгі жасаған ойшылдардың көзқарастарының қалыптасуы мен дамуына ықпал еткендігі белгілі. Сондықтан әл-Фараби ілімін зерделегенде, бүгінгі күннің басты өзекті мәселелерінің бірі ойшылдардың философиялық дүниетанымы мен ілімдерін біртұтастық, сабақтастық пен өзара байланыста қарастырғанымыз жөн. Бұл біздің мақаламыздың маңыздылығын арттыра түсетіні сөзсіз. Бұны мақаламызда жан-жақты қарастырылған Әл-Фараби дүниетанымының Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауи, Асан қайғы және ақын Абайдың шығармаларындағы толық адам ілімінің дамуына тигізген ықпалынан көруімізге болады. әл-Фарабидің антропологиялық және гуманистік көзқарастарының қазақ философиясындағы толық адам ілімінің дамуындағы рөлі туралы зерделеу қазіргі кездегі тың мәселе екендігі айдан анық.

**Материалдар мен әдістер.** Мақала тақырыбының деректік базасын «Ғылым Ордасы» Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорының материалдары, арнайы ғылыми еңбектер, әдеби-тарихи шығармалар, естеліктер құрайды. Жұмыстың методологиялық негіздеріне өзекті мәселелерді, оның ішінде әл-Фараби көзқарастарының қазақ философиясындағы толық адам

ілімінің дамуына ықпалы мәселелерін зерттеуге мүмкіндік беретін жалпы ғылыми және арнайы-тарихи әдістер кешені қолданылды.

Зерттеу барысында тарихилық, объективтілік таным принциптері, сонымен қатар жалпы ғылыми логикалық, классификациялық, мәтіндік талдау және салыстыру, отандық және шет елдік ғалымдардың методологиясы бойынша жарияланған еңбектерінде негізделген өзге де әдістер қолданылды.

**Талқылау.** Зерттеу жұмысын жазып шығуда Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітапханасының «Баспа жылнамасы», Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Ғылыми кітапханасының материалдары, библиографиялық көрсеткіштер, сирек кітаптар мен қолжазбалар, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кітапханасының және электронды ақпараттық ресурсының мәліметтері пайдаланылды. Мақаланы жазу барысында ғалым әл-Фарабидің трактаттары мен ақын Абайдың шығармалар жинағы қолданылды. Мәселен, ғалым Ә.Нысанбаевтың «Шығыс философия» еңбегі (Нысанбаев, 2009) әл-Фарабидің мұрасын зерделеуге арналады. Ал, ғалым А.Машановтың «Әбу наср әл-Фараби еңбегі алғашқы рет қазақ тілінде» еңбегі әл-Фарабидің ғылыми еңбектерін зерттеуге арналған (Машанов, 2006). Сонымен бірге, ғалымдар А.Х.Қасымжановтың (Қасымжанов, 2006), Ж.Қ.Алтаевтың (Алтаев, 2011), Н.Келімбетовтың (Келімбетов, 2005), Ғ.Есімнің (Есім, 2006) және т.б. ғылыми еңбектерімен жұмыстар жасалынды. Зерттеу барысында әл-Фарабидің өмірі мен қызметіне, оның мұрасына арналған докторлық және кандидаттық диссертациялар да қарастырылды.

**Зерттеу нәтижелері.** Әл-Фараби және қазақ философиясындағы ойшылдардың руханиятын түркі өркениетінің біртұтастық кешенінде қарастыру маңызды. Себебі әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иасауи, Асан қайғы, Абайдың философиялық көзқарастарының негізін антропологиялық және гуманистік идеялар құрайды. Ойшылдардың дүниетанымдарының бір-біріне ықпалын, көзқарастарының ерекшеліктерін, идеяларының ұштасуын тарихи сабақтастық арқылы зерделеуіміз қажет. Оны жүзеге асыруымыз үшін ең алдымен кеңестік идеология барысында меңгерілмей қалған ойшылдардың рухани мұрасын толық жинақтап, таныстырғанымыз дұрыс болары анық.

Әл-Фарабидің және шығыс ойшылдарының басты тақырыбы, дін, адам және қоғам мәселесі. Оған мысал ретінде елдің бірлігін, халықтың татулығын, адамгершілік пен имандылықты өз шығармаларына арқау еткен Шығыс философтары: Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иасауи, Асан қайғы, Абайдың және т.б. ойшылдардың шығармаларындағы дүниетанымдық үндестікті бағамдасақ болады. Мәселен, әл-Фараби өзінің «Бақытқа жету жолында» атты трактатында «...барлық істің себебі Алла, бірақ оны жасаушы адам» (Әл-Фараби философиясы, 2005: 332-365),- деген ой-пікірін жазса, Қожа Ахмет Яссауи: «Сүйген құлым күштар мені көруге, Бірақ менің күштарлығым көп артық» деп, Алланың өзі жаратқан құлына сүйіспеншілігін «Құдыр етту махаббат» (Ахмет Яссауи, 1904:48),- дейді. Ал, ақын Абай өзінің жиырма сегізінші қара сөзінде «... жақсылық-жамандықты жаратқан – құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес» (Абай Құнанбайұлы, 2016:115),-деп толғанады. Бұл жерде ғалымдардың ұсынған ой-пікірлерінен дүниетанымдық үндестікті көреміз.

Ұлы ойшыл-ғалымдардың бұл көзқарастары ислам дінімен үндеседі. Ал исламның бастауы, негізгі ұясы, орталығы – Құран Кәрім. Мұсылман әлемінде Құран әлеуметтік, гуманитарлық, философиялық және т.б. рефлексиясының негізін қалады. Мұсылман перипатетиктерінің де негізгі тұғыры Алла сөзі – Құран болатын. Ортағасырлық мұсылман философиясы Құдай мен адам мәселесі онтологиясын құрандық парадигмасы негізінде қарастырады. Ә.Нысанбаев бастаған ғалымдар «Шығыс философиясы» еңбегінде: «Құрандық мәтіндердің міндеті адамды Құдайдың баянына үйрету болатын... Құран мәтіндері бойынша адамның міндеті – бұл қайырымдылық пен төзімділік көрсету міндеті. Осы екі нәрсе бүгінгі біздің «постмодернистердің» түсіне де кіріп шықпаған мәтіндер мен мағыналарға толы» (Нысанбаев, 2009: 240),- десе, мына пікірлерінде: «Бүкіл адамзат үшін Құранның маңызы соншалықты зор, даналыққа толы бұл қазынаға деген ризашылық сезімді жеткізе алатындай сөздер табу қиын. Құран Аллаһтың Жәбірәйіл періште

арқылы Мұхаммед пайғамбарға түсірген аяны болып табылады. Жаратушы тағала өзінің сүйікті пайғамбары арқылы әлемге оның өмір сүруінің мәнін аңғартты. Құран 114-сүреден тұрады, ал әрбір сүре, өз кезегінде, аяттардан (айа-араб тілінен аударғанда аян, сақтандыру, ескерту дегенді білдіреді) құралады. Сүрелер Мұхаммед пайғамбардың қызметіне қарай екі кезеңге бөлінеді: меккелік және мединелік» (Нысанбаев, 2009: 243),- деп Құранның адам өміріне және ортағасырлардағы философиялық көқарастардың қалыптасуына ықпалы мен маңызын, Құранның кемелділігі мен даналығын атап көрсетеді.

Яғни, ислам дінінің таралуымен түркі-мұсылман өркениеті жаңаша түлеп, ислам дінін қабылдаған әр ұлттың рухани құндылықтары арқылы бірлік деңгейінде ислам өркениеті ретінде ренессанстық сатыға дейін көтеріліп, қазақ философиясының көрнекті өкілдері шығармашылығында әл-Фарабидің антропологиялық және гуманистік ілімі өзінің жалғасын тауып, толық адам іліміне зор ықпалын тигізді деп айтуымызға болады.

Сонымен қатар, ортағасырлардағы түркі тектес халықтардың рухани және материалдық мәдени өмірге белсенді араласуы түркі халықтарының тілдерін дамытуға жағдай туғызды. Соның нәтижесінде, түркі тілінде жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» (Құтты білік), Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет» (Даналық кітабы), Асан қайғының «Жерұйығы», Абайдың шығармалары мен өлеңдері дүниеге келіп, осы еңбектер арқылы түркі-ислам мәдениеті мен өркениеті өз болмысын нақты көрсете білді. Бұл ғұлама-ойшылдардың шығармалары ислам өркениетіндегі түркі тілінің мәртебесі мен маңызын көтеріп, жаңа рухани күш берді.

Ойшылдардың шығармаларындағы ортақ тақырыптардың бірі – толық адам ілімі болса, бұл ілімнің қайнар бұлағы әл-Фараби философиясы еді. Мұны ойшылдардың көзқарастары мен гуманистік тұжырымдары толығымен дәлелдейді. Ортағасырлық Шығыс ойшылдары шығармаларының әл-Фарабидің философиялық көзқарастарымен үйлесім табуын, ойшылдың дүниетанымынан күш алатындығын философия ғылымының дамуынан көреміз. Ендеше осы ойшылдардың дүниетанымына зер салайық.

Түркі халықтарының рухани мәдениетімен сусындаған, мұсылмандық өркениеттің қуатты ықпалымен толысқан қазақ философиясының өкілі, данышпан-ойшыл, энциклопедист-ғалым, белгілі қоғам қайраткері, XI ғасырдың көрнекті ақыны Жүсіп Зас Хажыб Баласағұн.

Ол өзінің шығармаларында мемлекетті басқару, мінсіз қоғам және адамның қоғамдағы алатын орны мен қызметі туралы, ғылым, әдебиет пен мәдени дәреже, әдет-ғұрып, наным-сенім, т.б. жөнінде философиялық көзқарастарын баяндайды. Сондай еңбектерінің бірі, ойшылдың атын бүкіл әлемнің рухани мәдени тарихында қалдырған, ислам дәуірі әдебиетінің ең көрнекті туындысы – «Құтадғу білік» (Құтты білік) дастаны.

Дастанда ойшыл – ақын әр мемлекетті басқаруда маңызды орын алатын заң мәртебесі туралы, құт пен береке, бақ пен дәулет, бақыт пен әділет, ақыл мен парасат, игілік пен ізгілік, қанағат пен ынсап, білімнің адамға қажеттігі және оның мәні, отбасы мен неке, ұрпақтың ұлттық құндылықтары мен тәрбиесі мәселелерін қарастырған. Бұл дастанда қарапайым адамдардан мемлекетті басқарып отырған әлеуметтік топтардың, әр түрлі кәсіппен айналысқан адамдардың мінез-құлық нормалары қандай болуы тиіс екендігі баяндалады.

Сонымен қатар, дастанда келтірілген кейіпкерлер бейнесі арқылы дастанның негізгі идеялары ашылады. Мәселен, Күнту патша арқылы әділдіктің бейнесі, патшаның уәзірі Айтолды арқылы бақ-дәулет бейнесі, уәзірдің баласы Ұғдүлміш бейнесі арқылы ақыл-парасаттың қоғамдағы рөлі, уәзірдің туысы дәруіш Ордгүрміш бейнесі арқылы қанағат-ынсап мәселесі зерделенген:

«Бірі оның-шындық жолы Әділет,

Екіншісі құт пен ырыс, дәулет.

Үшіншісі – Ақыл мен парасат,

Төртіншісі – ұстамдылық, қанағат» (Келімбетов, 2005: 190),- деп, төрт қаһарманының бейнесі арқылы ойшыл өзінің ғибрат сөздері мен уағыздарын жеткізеді.

Сонымен қатар, дастанда қоғамның кемелденуі және ондағы адамның орны мен рөлі, адам өмірінің мәні мен іс-әрекеті пайымдалады. Елді басқаратын адамның бойынан табылатын қасиеттер туралы да баяндалады. Дастанда елді басқаратын патша қандай ақыл-парасаты толған адам болса

да, ол елді басқаруға жалғыз өзінің шамасы жетпеуі мүмкін деген ойын айтады ойшыл (Келімбетов, 2005: 199).

Сонымен бірге, дастанда ақиқатқа жетудің жолдары сараланып, діннің қоғамдағы рөлі, адамгершілік, этикалық мәселелер туралы көзқарастары мен өнер және даналықтың мәні баяндалған. Мәселен, ақын: ауырмаса – денсаулықтың қадірін білмейді, өлім болмаса – тірі кездің қадірін түсінбейді, қайғысыз адам – қуаныш сезімінің құдыретін толық сезе алмайды», - деген секілді бірқатар философиялық пікірлерімен толғанысқа түседі.

Дастанда автор ерекше мән беріп, зор шабытпен жазған аса маңызды мәселелердің бірі – адамдардың бірін-бірі құрметтеуі, ізет көрсетуі, сыйлауы болып табылады.

Ойшыл қоғамның барлық мүшелері заң алдында бәрі бірдей дәрежеде жауапты болуы тиіс деген ойды нақтылай түседі (Келімбетов, 2005: 195).

Шынында да «Құтты білік» дастаны ислам дәуірінің моральдық-этикалық нормасын бейнелейтін заң іспеттес болады. Ал бұл заңның орындалуын Жүсіп Баласағұн патшадан бастап қарапайым адамнан да талап етті.

Бұл аталған әлеуметтік мәселелерді талдай отырып, ойшыл адамзаттың өмір сүруі үшін әділетті қоғам құру керектігін армандайды. Осы мақсатқа жеткізетін бірден-бір жол ғылым мен білім екендігін атап көрсетеді. Қоғамда өмір сүретін әр адам парасатты іс-әрекеттерінің нәтижесінде білімді болуына мүмкіндігі бар екендігі туралы ойын ұсынып, білімнің құдіретіне тоқталады. Жүсіп Баласағұнның: «білім – даналық, денсаулық және жан толысуы», - деген сөздерінен және дастанның «Құтты білік» аталуынан ойшылдың ғылым мен білімді өте жоғары бағалағандығын көреміз:

Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын,

Білім – жарық, нұрын саған шашатын.

Ақыл болса, асыл болар – болса ер,

Білім болса, бектік қылар – қылса ер» (Келімбетов, 2005: 205).

Бұл адамдардың рухани дамуына, кемелденуіне және жетілген толық адам болуына үлесін қосатындығы сөзсіз. Осы жерде ғалым Жүсіп Баласағұн еңбектерінің шығыстық перипатетик, ғұлама ғалым әл-Фарабидің шығармасында кездесетін ортағасырдағы ислам философиясындағы әділетті қоғам, бақытты болу тақырыбын талдау дәстүрінде жазылғандығын байқауымызға болады.

Өйткені, екі ғалымның да басты мақсаты философия ғылымы мен өздерінің дүниетанымдары арқылы мемлекеттің азаматтарын тәрбиелеу, оқыту және білім беру болған. Осы мақсаттарын орындау барысында ғалымдар, адамдар білімді болған жағдайда ғана бақытты болуы мүмкін деген тұжырымдарын ұсынған.

Осылайша, Ж.Баласағұн әл-Фарабидің білім туралы идеяларын дамытып, өзінің философиялық көзқарастарымен ұштастыра білген. Мәселен, ойшыл «Құтты білік» дастанында қоғамның кемелденуінің басты көріністеріне білім мен ақылға, зерде мен даналық қасиеттері арқылы жетуге болатындығын көрсеткен:

«Білім – байлық, азаймас һәм жоғалмас,

Еш қарақшы, ұрыға да тоналмас...

Ақыл, сенің анттасқан нақ жолдасың,

Білім, сенген мейірімді қандасың...» (Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы, 1994:114), - деп даналықтың ерекшелігіне тоқталса, ғұлама ғалым әл-Фараби онтология туралы ілімінде зерденің қабілеттілік жүйесін ашып көрсеткен, ондағы ең төменгі сатыны «Оныншы зерде – өзекті зерде алады, барлық жоғарғы зерделік мәнділіктерді жекелеген адам ақылымен ең пәрменді біріктіргіш болып табылады. Өзекті зерденің әсеріне ұшыраған ақыл ғана мәңгі өлмейтіндікке қол жеткізеді» (Әл-Фараби, 1975: 52), - деп пайымдайды, бұл жерден көретініміз қос ойшылдың көзқарастарының бірін-бірі толықтырғандығы.

Сонымен қатар, адамның туа біткен қабілеттері мен өмір сүруі кезеңінде қалыптасқан білімнің алатын орны мен рөлін, таным процесіндегі ақиқатқа ұмтылу және т.б. мәселелер туралы ойларында да әл-Фарабидің «Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты, қайырымдылық пен жаман қылық та адамға әуел бастан жаратылысынан дарымайды. Бірақ



қайырымдылық немесе жаман қылық (байланысты) күйге жаратылысынан бейім болуы мүмкін, соған оған қандайда болсын басқа әрекеттерден гөрі әлгі (күйден) туатын әрекеттерді істеу оңайырақ болады...» (Әл-Фараби, 1975: 54),- десе, Ж.Баласағұн «... Үшіншісі – ақыл менен парасат» деген көзқарасынан және Хакім Абайдың адам болмысының ұстыны ретінде білімді аса жоғары бағалап, оны даму ұстанымен байланыстыруынан, қазақ даласында «Адам бол» деген мағынасы өте терең ұранын таратуынан ойшылдардың идеялық бірлігін көреміз. Олар өз еңбектерінің барлығында адам мәселесін көтеруге және оны шешуге арнады.

Ж.Баласағұнның дастанында ғалымның өмірлік философиялық көзқарастарының мәнін ашып, көрсететін маңызды ойлары тұжырымдалған, өмірге деген көзқарас, адам баласының іс-әрекеті, тағдыры және оның қоғам мен табиғат алдындағы рөлі мен орны секілді мәселелер қарастырылған.

Баласағұнның өмірлік философиясына Әл-Фарабидің әсері өте жоғары болған. Сондықтан мақаламызда Ж. Баласағұн көзқарастарының әйгілі ғалым әл-Фарабимен байланысын, атап айтқанда, Ж. Баласағұнның толық адам ілімінің дамуына әл-Фарабидің адами және гуманистік көзқарастарының ықпалын қарастыруға тырыстық. Мәселен, әл-Фарабидің айтуынша, «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайында трактатында» адамның кемелдену мәселесі былай деп жазылған: «Мархабаты мен құдіреті күшті Алла-тағаладан ағыл-тегіл тасқындап, әрекетшіл парасатқа дарыған қасиет одан жүре біткен парасат арқылы оның бәйекшіл парасатына, одан соң оның қиялдау қабілетіне дариды. Міне осындай адам оның өзінен оның аңдағыш парасатына дарыған қасиет арқасында дана, философ, кеменгер парасат иесі болып шығады, ал оның өзінен оның қиялдау қабілетіне қасиет дарыған адам пайғамбар, болашақты болжағыш сәуегей және өмірдегі және оқиғаларды түсінгіш, білгір болып шығады, – міне осының бәрі оның тәңірлікті танып білетін болмысының шарапаты» (Әл-Фараби, 2007: 98),- деп пайымдаған. Ал, Жүсіп Баласағұнның пікірінше, «Құтты білік» еңбегінде адамның кемелденуін, яғни, толық адамды ол, «адам жануарлардан өзінің ойлау қызметі, ақылы, зердесі арқылы ерекшеленеді, тек сезімге сенуге болмайды, ол алдамшы болып келеді» (Келімбетов, 2005: 198-199),- деп әрбір адамның кемелденуі мемлекет пен қоғамды дұрыс басқаруына әкеледі. Адамның бойындағы адамгершілік қасиеттерді жетілдіру құт пен берекеге, бақ пен дәулетке, бірлік пен бақытқа жеткізеді деп пайымдайды.

Әл-Фараби философиясының ең негізгі ұғымы «бақыт» болса, ол түркі онтологиясы мен мәдениетіне өзек болып келетін «құт» ұғымымен астасып жатыр. «Біз философия арқылы ғана бақытқа жете аламыз» (Нысанбаев, 2009: 411), «белсенді сана» (фаал ақыл) мәртебесіне жетуі арқылы жүзеге асады», «адамның бақыты, оның кемелділігі моральдық құндылықтармен өлшенеді»,- (Ислам философиясы, 2005: 56),-деген ойлары ұлы түрік ойшылы әл-Фарабидің ойлау жүйесінің тұтастығын көрсетеді. Ал, бақыт дегеніміз – ол абсолюттік игілік десек, Ж. Баласағұнның пікірінше: «игілік моральдың, зерденің, білімнің және әділеттіліктің мәйегі ретінде көрсетеді» (Нысанбаев, 2009: 239). Ал, әл-Фарабидің: «Игілікке ұмтылу – тек игілік үшін болғанда ғана ең ұлы бақыт болып саналады, (Ebu Nasr El-Farabi, 1997: 65-66),- деген көзқарастары пікірлерінің бір-бірімен үндесіп, толықтыратындын білдіреді.

Сонымен қатар бұл кезеңде Шығыс әлеміне сопылық ілімі кең таралып, оның әсері барлық салаларда, әсіресе, философияға да әсері күшейе түскен кез еді. Тарихымызға көз жүгіртетін болсақ, исламның түрік мәдениетіндегі философияға әсер етуінде, суфизмде өзінің орны бар Қожа Ахмет Яссауидың есімімен тығыз байланысты екендігін білеміз. Ол XI ғасырда өмір сүрген ақын, әрі ғалым-философ, тарихшы.

Қожа Ахмет Яссауи өзінің ақыл-парасатты өсиет еткен шығармаларымен бүкіл шығыс елдерінің ғалымдарын тандандырады. Соның бірегейі көне түркі тілінде жазылған «Диуани Хикмет» еңбегі бүкіл түркі әлеміне ортақ рухани философиялық шығарма болып табылады.

Қожа Ахмет Яссауи «Диуани хикметте» түркі халықтарының бірлігін, татулығын, адамдардың басты қасиеттері адамгершілікті, имандылықты, қайырымдылықты, мейірімділікті, Алла тағалаға деген адалдықты арқау еткен.

Яссауидің діни тұжырымдары мен идеяларының ең басты өзегі – ол адамның ішкі жан-дүниесінің рухани кемелденуі, яғни, адам өзін-өзі тануға Аллаға деген, жаратушы күшке деген

махаббаты, сенімі арқылы жете алады, Алланың хақтығына тағзым ете отырып, адам тура жолмен жүруге тәрбиеленеді деген тұжырымдарды насихаттайды.

«Диуани Хикметте» негізінен шарифат – ислам дінінің заңдары мен әдет ғұрыптарының жинағы, тарихат – сопылықтың идеясы, хақиқат – құдаймен бірігу оған жақындау, мағрифат – дін жолын танып, оқып білу мәселелерін қарастырады. Ойшыл бұл мәселелерді өзінің өлеңінде: «...Шарифатсыз тариқатқа өте алмадым, Хақиқатсыз мағрифатқа бата алмадым.» (Келімбетов, 2005: 143),- деген жыр жолдары арқылы сопылық ілімнің үлкен философиялық мағынасын пайымдайды. Яссауи сопылық жолдың бастауы шарифатқа беріктік дейді. Осыдан тарихатқа, мағрифатқа еніп барып ақиқатқа жетуді өсиет етеді. Ойшыл өзінің хикметтерінде сопылық ілімге нағыз берілген адам ретінде бұл ілімді – шынайы білім деп, ал ол білімді білмегендерді надан деп жырлады.

Ойшылдың сопылық ілімінде адамдардың кемелдікке жетуінің екі сипатын көрсетеді ол-шарифат пен тариқат. Шарифат – теориялық, тариқат– практикалық ілімі. Адамдар осы ілімдерді меңгеріп қана қоймай, оны «қал» мен «хәл», яғни, сөзі мен ісі арқылы сезінсе, ол адам кемелдікке жетеді деген ой-пікір айтады.

Ғұлама осы сатылар туралы «Диуани хикметінде» былайша тарқатады: «шарифатқа тиесілі – иман келтіру, намаз оқу, ораза тұту, зекет беру, қажылық өтеу, сүннет болған нәрселерді бұлжытпай орындау, жақсы сөз сөйлеу, қырық парызды өтеу және осы парыздарға орай тиым салынғандардан сақ болу; тарихаттың тұрақтары – тәубеге келу, пірге шәкірт болу, ибадат пен зікір, қорқыныш пен үміт, нәпсіні тию, пір мен ұстазға қызмет жасау, пірдің рұхсатымен пікірлесу, ақыл-насихат үйрену, оңашалау және оңашада тақуалық ету; мағрифат мақамдары – Алланың дидарына ғашықтық, дәруіштік, сабырлық, адал ораза, білім іздеу, тарихат мақамдары сөзсіз орындау, дүниеліктен бас тарту, ахирет қамы, Алланы сезіну және ғайыпқа ортақ болу; хақиқатқа тиесілері – бой ұсыну, жақсы мен жаманды айыра білу, ізгі ниетпен құрбандық жасау, қанағат, көптен оқшаулану, кезбелік, сыр сақтай білу, шарифат, тарихат, ақиқатты жақсы біліп, орындау, пақырлық және кеңпейілділік». Ал осы аталғандарды дәруіш болудың шарты (Ислам философиясы, 2005: 143),- дейді.

Сонымен қатар, «Диуани Хикметте» ислам қағидаларын уағыздаумен қатар адамдардың оқып, білім алуы, достық, адалдық, махаббат, әділеттілік, қамқорлық сияқты жалпы адамның іс-әрекеттерінің адамгершілік қасиеттерін: «Махаббатқа берілгендер өз мақсатын табады», «Достарыңа төбеңмен қызмет қылғын», «Қызықпай мал-мүлікке дүние тепкін»,- деп дәріптесе, имансыз, зұлым, надан, дүниеқоңыз секілді жаман қасиеттерді былайша сынап жазады: «Ей достар, наданмен көңіл қоспа», «Жалған сөйлеп имансыз болма. Дүние үшін иманы мен дінін сатар» (Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы, 1994:127),- деп ұрпаққа тәрбиелік мәні бар ұстанымдарын насихаттайды.

Әл-Фараби философиясы өзінен кейінгі өмір сүрген Шығыс ойшылдарының дүниетанымына қалай әсер етсе, Яссауидің толық адам ілімі дүниетанымына да жақсы әсер тигізгенін айта кету қажет. Өйткені, Яссауидің сопылық ілімінде адам және оның рухани кемелденуі мәселесі ең басты категория. «Тәңірді тануды (мағрифат) және Оған қауышуды (уислат) мақсат еткен сопы, «өзін таныған Хақты (ақиқатты) да таниды» деген ұстаным негізінде өзінің ішкі (батин-мазмұндық) және сыртқы (захип-пішіндік) әлемін терең тануға көңіл бөледі» (Ислам философиясы, 2005: 49),- деп ақиқатқа жетудің жолы ол ең бірінші адамды тану деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар, тіршіліктің себебі адам дей отырып: «Адам әлемінің «құтбы», яғни әлемнің тірегі, орталығы, астанасы. Ол сырттай халықпен, іштей (яғни рухымен) Хақпен біртұтас Рухымен Тәңірге қауышқан адам синагогада, мешітте, монастырда, пұтханада – қай жерде болмасын өз үйінде жүргендей сезінеді (Ислам философиясы, 2005: 49),- деген пікірді ұстанады.

Яссауидің айтуынша, сопы болу және сопылық дүниетаным адамға тек қана рухани кемелділікті сыйлайды. Сопылықтың дүниетанымын біз кемелділікті көрсеткен тұлға ретінде тек Хз. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың басты ұстанымынан көруімізге болады. Яғни, басқаларға өнеге көрсетіп, үлгі болу, жақсылыққа тәрбиелеу.

Әл-Фараби мен Яссауидің көзқарастарында бірінің ойын бірі толықтыруы, идеяларының үндестігі, дүниетанымдарындағы ұқсастықтың басымдылығы, бір мәселені түсіндірудегі

ерекшеліктері де кездеседі. Мәселен, Яссауидің пікірінше, толық адам дегеніміз – бұл жүрегі таза, иманды, жаратушы ретінде бір Алланы, яғни, Құдайды сүйетін адам. Ал, әл-Фараби адам мәселесінде антропологиялық және гуманистік көзқарастарын ұстанады. Яғни, ойшылдың адам мәселесі жайлы саралағанда оның дүниетанымдық айшықтарында адамның санасы «фаал ақыл» арқылы ақиқаттың бүкіл сыры мен құпиясының мәніне жете алады деп пайымдаған. Әл-Фараби өзінің «Саясат-ул Мадания» атты еңбегінде: «Адам адамдық сана шыңына көтерілгенде, яғни адамдық сана мен белсенді сана (періште-жебірейіл) қосылғанда ең ұлы бақытқа кенеледі. Ең дұрыс мәліметке қол жеткізу арқылы шынайы таным – бақытқа жетеді» (Ислам философиясы, 2005: 61),- деген ойын ұсынған. Осылайша әл-Фараби, адамның бақытқа жетуінің теориялық негізін салады. Ол адамгершілік, имандылық, мейірімділік, ізгілік қасиеттерге жету арқылы кемелденген адам болады деген пікірді ұстанса, ойшыл Яссауи тура осы идеяға ұқсас пікір айтады. Яссауидің толық адам ілімінде адамдарды жаны таза, ары таза, иманды болуға, адамгершілікке насихаттайды. Осы насихатында Яссауи зорлық-зомбылық, қорлық және жамандықтан құтқаратын нәрсе ол Құдайға деген сенім, Құдайға деген шексіз махаббат деп көрсетеді: «Кімде кім жамандық жасаса, одан құтыла алмайды. Кім жақсылық жасаса, ол Құдайдың сүйіктісіне айналады» (Нысанбаев, 2009: 355-357),- деп өсиет айтады.

Екі ойшылдың адамның кемелденуі мәселесін талдаудағы пікірлерінің үндестігіне зер салатын болсақ, Яссауидің айтуынша, адамның кемелденуіне ең бірінші білім, яғни, хикметті игеруі және мағрифатпен қарулануы керек деп жазады. Әл-Фарабидің пікірі бойынша, адам кемелденуі үшін танымның теориялық және практикалық тұрғыдан тең меңгерілуі тиіс. Өйткені философия мен діннің негізгі міндеті адамзаттың игілігіне қызмет етуінде деп пайымдайды.

Ал, әл-Фарабиде адам Алланы белсенді сана арқылы таниды, сол арқылы бақытқа жетеді деп жазылған. Ондай бақытты адамдар – «парасатты адам». Олар өздерінің игілікті іс-әрекеттерімен алдына қойған ұлы мақсаттарына жетеді. Бұл мақсаттары о дүние мен бұл дүниенің бақытын ұсынады. Ал Яссауидің сопылық сипаттағы дүниетанымы екі дүние үшін емес, тек Алламен тұтастықты мақсат, бақыт санайды. Бұл жерде ойшылдардың пікірлеріндегі ерекшелікті байқауымызға болады.

Ал, ғалымдардың дүниетанымдарындағы ұқсастығына тоқталатын болсақ, Әл-Фарабидің ойынша, кез-келген адам бақытты болуға лайықты, бірақ олар бақыт дегеніміз не, оған қалай қол жеткізуге болатындығын білмейді деген. Себебі олар кемел, парасатты адам емес. Ал, ондай адам болу үшін ұстазға, мүршітке, қаған - философқа жүгінуі тиіс. Кемел адам ол Алладан аян алатын пайғамбар іспеттес. Тек осындай адам кемел, парасатты болады. Тек осылар ғана бақытқа жетеді. Ал олардың өмір сүретін ортасы парасатты, кемелдеген қоғам болады деген пікірін қалдырса, Яссауи бабам да адамның бақытты болуы тек Алланы тану деп көрсеткен.

Тағы да ойшылдардың еңбектеріндегі ұқсастықты олардың қолданған категорияларынан байқаймыз. Мысалы әл-Фарабидің «парасатты адам», «парасатты қоғам», «қаған-философ», «бақыт», т.с.с. ұғымдар мен категориялардың орнына Ясауи ілімінде «кемел адам», «жол көрсетуші-муршид», «рухани еркіндік» сияқты сопылық категориялар қолданылғандығын көруімізге болады.

Сонымен бірге екі ойшылдың да философиялық идеялары үндестік тапқан. Яссауидің көзқарасы бойынша әр бір жан кемелденуге мұқтаж және кемелдене алады десе, әл-Фарабидің көзқарасы бойынша да дәл сондай ойлар берілген. Бұл жөнінде әл-Фараби өзінің «Даналықтың жауһарлары атты еңбегінде: «Сенің болмысың екі табиғаттан тұрады: бірі түр, форма, сан және сапалық қасиетке ие, қозғалатын немесе қозғалмайтын, жайылып, бөлшектене алатын субстанция. Екіншісі біріншіден табиғаты жағынан мүлдем басқа, жоғарыдағы атрибуттардың ешқайсысына ие емсе субстанция. Осы екіншісінің мәні тек сана арқылы танылады. Басқаша айтқанда, сен екі әлемнің қосындысынан тұрасың: біріншісі – ғайып әлемі, екіншісі – жаратылыс әлемі. Өйткені рухың – Тәңірдің өмірінен, тәнің Оның жаратылыс әлемінен жаратылған» (Ислам философиясы, 2005: 57),- деген құнды ойын қалдырады.

Сонымен бірге адамның азат, еркін қабілеттері жайында жазған ойшылдардың ой-пікірлерін байқасаңыз да бұл жерде бірін-бірі толықтырып тұрған және үндесіп жатқан ойды көресіз. Әл-

Фараби бойынша, адам егерде өзінің пікірлерін ашық, қорықпай айта алатын болса ол адам еркін, азат, ал, Яссауидің көзқарасы бойынша еркін, азат адам ол Аллаға құлшылықтың ең жоғарғы сатысына өткен еркін адамды дана адам деп атайды.

Бұл пікірді Ә.Нысанбаев бастаған ғалымдар өздерінің «Ислам философиясы» атты еңбегінде: «Ал рухтың жаратылуы жөнінде Фараби рухтың тәнмен бірге жаратылатындығын айтса, Иасауи рухтың тәннен бұрын «рух әлемінде» - мисал-ғайып әлемінен келгендігін айтады» (Ислам философиясы, 2005:61),- деп ойшылдардың көзқарастарының үндестігін ерекше айшықтап көрсетеді.

Ұлы ойшылдардың ілімі біздің қоғамымыз үшін жаңаша ойлауымызға, ұлттық дүниетанымымыздың қалыптасуына, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үлкен серпіліс беретіні анық.

Сонымен қатар әл-Фараби Яссауидің гуманистік-философиялық ой-өрнектеріне әсер еткені сияқты, Яссауидің де өзінен кейінгі ақын-жыраулардың дүниетану көзқарасына ықпал еткені белгілі. Яссауи айтқандай, ұлы ақын Абай да «құдай – хақ, иман – парыз», - дей отырып: «Жақсылық, жамандықты жаратқан құдай емес. Байлықты, кедейлікті жаратқан құдай. Бай қылған, кедей қылған құдайлықты, кедейлікті жаратқан құдай. Бай қылған. Кедей қылған құдай емес... Құдайдан қорық, пендеден үял, балаң бала болсын десең оқыт... Иман, обал, сауап бар жерде әділет бар... Хақтың жолы осы» (Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы, 1994: 8-9),- деп халықты имандылыққа, мейірімділікке, әділеттікке, оқу-ағарту ісіне шақырған.

Сопылық ілімде «адамгершілік жетілу игілік ретінде ақиқатты ұғынуға әкеледі» (Нысанбаев, 2009: 239),- деп көрсетіледі Яссауидегі адамгершілік жетілудің басты феномендері: қайырымдылық, аскетизм, сүйіспеншілік, шыдамдылық, бұлар әлемді өзгертетін әсерлі күштер болып табылады.

Қожа Ахмет Яссауидің ұстанымы Аллаға берілу, иман келтіру болды. Яссауидің салған дара сопылық жолы түркі тілдес халықтардың рухани танымына айналды. Сопылық ілім философиялық жүйе ретінде мұсылман халықтарының көзқарастарының қалыптасуына үлкен ықпал етеді. Өйткені, Яссауидің сопылық ілімі ислам заңдары мен түркі тілдес халықтардың дәстүрін насихаттады.

Сонымен қатар, бұл мәселеде қазақ мемлекеттігінің негізін салған саяси қайраткер, ақын, жырау, би, философ Асан Қайғының хакімдік дәстүрі айқын мысал. Қазақ философиясының тарихында Асан Қайғы сынды көшпелі философ аса құнды рухани мұра қалдырды. «Қазақ философиясының тарихы» еңбегінің авторы Ғалым Ғарифолла Есім Асан қайғыны «халқымыздың төл хакімі» деп атайды. Ол қазақ философиясының төл тарихы Асан қайғыдан бастау алады деп жазады: «Ұлттық дүниетанымымызды осы ойшылдан бастап отырмыз. Оның тарихи-мәдени себептері бар»,- деп негізгі үш себебін атап көрсетеді. «Біріншіден, жоғарыда келтірілген деректерде Асан Қайғы Қазақ хандығы кезінде өмір сүріп қана қоймай, оның ұраншысы болған. Демек, ол тарихи тұлға. Асан Қайғы қазақ хандығын құрушы қайраткер. Екіншіден, Асан Қайғы – ойшыл, оның қазақтардың мәдениеті тарихындағы алатын орны ерекше. Ол өз жыр, толғауларында жаңа құрылып жатқан мемлекеттің азаматтарын елдікке насихаттаушы – жырау. Үшіншіден, Асан Қайғының өзінен кейінгілерге үлгі болғандығы, оның есімі ел жадынан әсте шықпаған» (Есім, 2006: 33),- деп ғалым Асан Қайғыны қазақ философиясының қалыптасуында басты рөл атқарған түрік әлемінің ойшылдары Қорқыт ата, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласұғұн, Қожа Ахмет Иасауидің заңды мұрагері екендігін атап көрсеткен.

Асан Қайғы Сәбитұлы XIV ғасырда өмір сүрген, қазақ халқының дана жырауы, сол заманның абызы, көшпенді елдің философы, биі болған. Дала ойшылы қазақ халқының болашағын, елінің береке-бірлігін, амандығын ойлап, ел қамын жеген. Қазақ халқын қалай бақытқа жеткіземін деп толғанып, желмаясымен қазақтың кең-байтақ даласын шарлайды. Сондықтан ойшылдың атына кейін «қайғы» сөзі қосылып Асан қайғы деп аталып кеткен. Яғни, адамның кемелдене алмауына жаны күйзелген ойшыл одан шығатын жолды халқына көрсеткісі келеді. Сондықтан халқының бақытты болуы үшін жақсы жерде өмір сүру керектігін алға тартқанын көреміз.

Асан қайғының көзқарасында адамдардың зұлымдыққа баруы немесе игілікті жақсылық жасауы, ол табиғат пен адам арасындағы байланыстың дұрыс болмауына байланысты дейді. Ол

аталған мәселені шешудің әлеуметтік, рухани-адамгершілік бағыттарын айқындап, баршаға ортақ бірлікке баратын жолды іздеуді, дүниенің сырын ашуды, қоршаған ортаға құрметпен қарау дәстүрін негізге алды. Тек қана адамдардың жақсы іс-әрекеттері, сыйластықтары арқасында әділдіктің орнауы қоғамдағы рухани және материалдық дамуға жеткізеді деп пайымдады. Бұған дәлел ретінде оның дүниетанымы – әлем мен табиғаттың үйлесімін сақтауға бағытталған Жиделібайсын - Жерұйық идеясын ұсынады. Ойшыл-жырау осы ұсынған идеясында қазақ халқының бақытты ғұмыр кешетін мекенін сәуегейлікпен болжап береді. Ол жерде адамдар молшылықта, береке-бірлікте, ешқандай қысым көрмей, рахаттана өмір сүреді деп жырлайды. Туған халқының басты арманы да осы еді. Ондағы мақсаты – мұндай жердің жәннатын мекендеген адамдар да өздері таза жүректі, ізгі адамгершілік қасиеттерді толық меңгеруі тиіс деп түйіндейді.

Осы айтқан өнегелі өсиеттеріне Асан қайғы халқының бойына сіңіркешкі болады: «Таза мінсіз асыл сөз, ой түбінде жатады... ой түбінде жатқан сөз, шер толқыса шығады», - деп жазады. Ойшылдың: «Арғымаққа міндім деп, артқы топтан адаспа... Жеңемін деп біреуді, өтірік сөзбен қостама... Бұрынғыны қуыспа, ерегесіп ұрыспа, өлетұғын тай үшін, көшетұғын сай үшін, желке терің құрысып, әркімменен ұрыспа» (Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы, 1994: 11-12),- деген әлеуметтік-философиялық ойлары, Жерұйықты іздеуі ғұлама ойшыл әл-Фарабидің антропологиялық және гуманистік көзқарастарымен үндесіп жатқандай. Дана жырау өзінің гуманистік тұжырымдары арқылы халықты ізгі ниетті адал жан, толық адам болуға шақырады.

Асан қайғы өзінің дүниетанымында өмір мен өлім мәселесіне, оның мәні мен мазмұнына, өмір сүрудің қиындығы мен ауырлығының себебіне терең үңілген. Сол заманда бұл қиындықтан шығатын жалғыз жол, ол – Жерұйық деп көрсеткен. Ғалым Ғ.Есім: «Жерұйық деген – ол халықтың бақытты тұрмысы деп, Асан қайғының көзқарасына талдау жасаған. Бақыттың алдамшы екенін, ал, адамның үнемі қайғыда болатынын, адам ешқашан бақытты болмайды және бақыттымын деп сезінбейді» (Есім, 2006: 34),- деген Асан қайғының ойларымен бөліседі. Бұл жерден көретініміз, ойшыл Асан қайғы Жерұйық идеясы негізінде халыққа бақытты ұсынған, бірақ өзі қайғыға батқан. Себебі адамның кемелденуіне сенбеген.

Бұл жерде осы мәселе туралы Әл-Фараби мен Асан қайғының көзқарастарындағы ерекшеліктің басымдылығы кездеседі. Мәселен, Асан қайғының пікірінше, кемелденген адам деген болмайды десе, әл-Фарабидің пікірінше, кемелденген адам бар деген пікірін ұсынады. Бұл туралы ғалым Ғ.Есім: «Адам – деген пенде. Адам кемел болса, не періште, не құдай болмақ. Адамға Жаратушы ізгілікті сана берген, ол деген сөз адамның жетілуінің, яғни кемелденуінің мүмкіндігі. Ізгілік – деген мүмкіндік. Ізгілік ойшыл адамның мінездемесі. Осы ізгілік Асан Қайғы дүниетанымының басты арнасы» (Есім, 2006: 34),- деп Асан қайғының көзқарасын пайымдайды.

Сонымен қатар, әл-Фараби мен Асан қайғы дүниетанымындағы ізгілік пен парасат мәселесінде ұқсастықтар болған.

Асан қайғының қазақ халқына ұсынған Жерұйық ұлттық идеясы –халқымызды бірлікке, татулыққа, келісімге, ізгілікке шақырған, жаңа мемлекетті топтастыруды мақсат еткен, ұлтымыздың басты идеясы деп айтуымызға болады. Түркі әлемінің басқа ойшылдары сияқты Асан қайғының да философиялық тұжырымдары нағыз руханилықтың үлгісі болғаны анық.

Сонымен қатар, әл-Фарабидің адами және гуманистік көзқарасының ақын Абайдың толық адам идеясының қалыптасуына тигізген ықпалын көруімізге болады. Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқайдай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ, мұның үстемдігі бірінші емес» (Әбу Насыр әл-Фараби, 2007: 79-80),- дейді әл-Фараби. Ал, «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» жөніндегі осы философиялық тұжырымы ақын Абайдың «Он жетінші қара сөзінде» өзінің логикалық жалғасын тапқан сияқты. Абайдың осы сөзінде «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» үшеуі әрқайсысы өзін мықты санап, айтысып, таласып, ақыры «Ғылымға» келіп жүгінеді. Сонда «Ғылым» бұл үшеуінің де айтқандарың рас, үшеуің де қажетсің деген қорытынды жасайды (Абай Құнанбайұлы, 2016: 171-172).

Әл-Фарабидің «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» жайындағы тұжырымдарын ақын Абай өзінің «Әсемпаз болма әр неге» деген өлеңінде халқына ерекше шабытпен жеткізген. Мысалы:

«Әсемпаз болма әр неге,  
Өнерпаз болсаң арқалан.  
Сенде бір кірпіш дүниеге

Кетігін тап та бар қалан » (Абай, 1996: 149),- деп әр адамның өсы өмірде алатын орны мен рөлінің маңыздылығын шеберлікпен жеткізе білген.

Сонымен қатар, ойшыл-ақын Абай өзінің «Толық адам» идеясын ұсынады. Онда ақын «ақыл», «қайрат» қасиеттерінің иесі болған адам «жарты адам», ал, осыған қоса әділет-шапқат (жүрек) біткен адам «Толық адам» деп танылады дейді. Абайдың айтуынша Толық адам дегеніміз – «ізгі, жақсы, кең пейілді жақсы адам» (жәуанмәртлік) адам. Абайша айтсақ, «ізгі, жақсы, кең пейілді адамға» (жәуаимәртлік) үш «хаслат» (сипат, түр, қасиет) тән, олар сиддик (шындық, шын), кәрәм (жомарт, ақ пейіл, ізгілік), ғақыл (ақыл, ақылдылық, даналық). «Бұл үшеуінен, сиддик- ғадаләт, кәрәм –шафағат болар» (Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы, 2016:134),- деп жазады. Бұдан біз Абайдың ойынша, «жәуанмәртлік» адам болу үшін, ең бірінші иманды адам болу керек, ал иманды адам болу үшін адамгершілік қасиеттерді толық меңгерген адам болатындығына көз жеткіземіз. Ақын Абай иманды адам болудың ең жоғарғы сатысы – «иманигүл» ұғымы болып табылады деп көрсетеді. Абайдың айтуынша, «иманигүл» – Алланы, адамзатты, әділетті сүюден тұрады және «толық» адамға ғана тән (Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы, 2016:133),- деп көрсетеді. Абайдың айтуынша әлемдегі әрбір адам «толық адам» бола алады және болуға міндетті:

«Әуелде бір суық мұз-ақыл зерек,  
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.  
Тоқтаулылық, қалыпты, шыдамдылық,  
Бұл қайраттан шығады білсең керек.  
Ақыл, қайрат жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек...» (Абай, 1996: 95),-деп жазған.

Себебі, әр адамның бойында осы қасиеттерді дамытуға, жүзеге асыруға мүмкіндігі бар деп көрсетеді. Яғни, Абай адамның өз өмірі өзінің қолында, оның тәрбиесінде және адамгершілік қасиеттерді дамытуында деп пайымдайды. Ақынның сөзімен сөйлейтін болсақ:

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,  
Ашуың – ашыған у, ойың – кермек» (Абай, 1996: 46),- деп,  
«Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба,  
Құмарланып шаттанба,  
Ойнап босқа күлуге.  
Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз...» (Абай, 1996: 60),- деген өсиеттері келешек ұрпаққа ой тастаған бағдаршам іспеттес болды. Ия, дәл солай еді. Бақытты адам, толық адам болудың ең басты шартын ақын өзінің қарасөздері (7,34,35,36, 37,38,45) мен жоғарыда аталған және т.б. өлеңдерінде («Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат», «Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы», «Сабырсыз, арсыз, еріншек») өсиет ретінде қалдырып, толық адам болуымыздың бағытын көрсетіп берді десек артық айтпағанымыз болар.

Ал, осы жерде назар аударсаңыз Абайдың «Толық адам» жайындағы тұжырымының қайнар-бастаулары әл-Фарабидің интеллект туралы ілімінде жатқанын аңғару қиын емес. Әл-Фарабидің «Интеллект [сөзінің] мағынасы жайында пайымдама» еңбегінен осы ойымыздың дәлелін көруімізге болады. Онда ойшыл-ғалым: «*Интеллект* деген сөзді түрлі мағынада қолдануға болады. Бірінші – қарапайым сөзде, адам жөнінде, парасатты адам жөнінде айтқан кезде қолданылады. Екінші – өркім оны өзінше түсініп, мутакаллимдердік үнемі айтысқа түскенде айтатын мағынасында. Олар былай дейді: «Бұл өзі парасат растаған кезде айтылады» немесе: «Бұл парасат теріске шығарған кезде айтылады». ... Ал енді қарапайым сөзде қолданылатын ол өзі парасатты адам дейтін кездегі

[мағынасына] келсек, мұны интеллект актысы деп түсінеді. Сонымен, – қосымша мысал – ретінде – кейде оны [адамды] парасатты деп атайды, ал кейде оны бұлай атаудан тартынып қалады. Олар былай дейді: «парасаттыға сенім керек», ал, олардың пікірінше, сенім дегеніміз қайырымдылық. Олар парасатты деп қайырымды адамды жақсылыққа асық, жамандықтан қашық адамды айтады», - деп жақсы адам мен жаман адам арасындағы айырмашылыққа басты назар аударады. Жақсы адамның ғана парасатты, қайырымды, яғни интеллект адам бола алатындығын түсіндіреді... » (Әл-Фараби, 1973: 39-40).

**Қорытынды.** Қорыта келе, ғалым әл-Фарабидің көптеген ой-пікірлері мен көзқарастары Баласағұн мен Яссауи және Асан қайғы мен Абай көзқарастарымен үндесетіндігіне куә болып отырмыз. Ұлы Абайдың: «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол, адам болам десеңіз», - деп жырлаған бес жамандықты әл-Фараби де сынады. Баласағұнның. «Дүние – бекет, сен – керуен өтпелі», - деп ой тастаса, Абай: «Дүние – үлкен көл, Заман – соққан жел, Алдыңғы толқын ағалар, Кезекпенен елінер, Баяғыдай көрінер», - деп қорытады.

Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық көзқарастарын білдіретін «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жолында» атты зерттеулерінде этика, мораль мәселелеріне ерекше назар аударғанын білеміз. Әл-Фарабидің пікірі бойынша, этиканың ең жоғары категориясы – бақыт болып табылады. Сондай-ақ ол адам бойындағы ақыл-парасатты этикалық-адамгершілік өсиеттерден бөліп қарауға болмайды дегендей пікір айтады. Ақыл мен адамгершілік, қайырымдылық өзара табиғи түрде байланысып жатқан құбылыстар екенін түсіндіреді. Әл-Фарабидің айтуы бойынша, адам өзінің мінез-құлқын жетілдіре түсу үшін, ең алдымен, ол өзіне-өзі мейлінше адал болуы тиіс. Сонда ғана адам өз бойындағы ізгілікті қасиеттерді барынша жетілдіре түсуге мүмкіндік алады. Әл-Фараби «қандай шебер әдістің жәрдемімен жақсы мінез-құлыққа жететінімізді қарастыруымыз керек» дей келіп, әзіл мен күлкі сияқты құбылыстарға моральдік-этикалық тұрғыдан баға береді. Қоғамдағы әрбір құбылыс шектен шығып кеткен жағдайда адамға теріс әсер ететіні сияқты адамның мінез-құлқындағы шамадан тыс асып кеткен көріністер де ізгі қасиеттерге кері ықпалын тигізеді. Осы пікірін түйіндей келіп, әл-Фараби: «әзілқойлық - әзілді шектен тыс қолданудан болады. Ал әзілдеу оңай болғандықтан, біз соған бейім бола бастаймыз. Енді бізге қалғаны бір шеткерліктен екінші шеткерлікке немесе орташа мөлшерге ауысу. Әл-Фарабидің осы моральдік-этикалық тұжырымын Абай не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, ғафил көп өткізіп отырса (Абай Құнанбайұлы, 2016: 162), - деп жазады.

Сонымен түркілік философиялық ойды дамытқан ойшылдардың дүниетанымына салыстырмалы талдау жасалып, тарихи сабақтастық принциптері негізінде бағдарланды. Әрбір ойшылдың дүниетанымы рухани пайымдалды. Осы тұрғыдан алғанда тарихта көрнекті орны бар өркениетімізге, тарихи тұлғаларымызға объективті қатынасымызды тереңнен орнатудың уақыты жеткен сияқты деген ойдамыз.

Осыны мақсат ете отырып, Ж.Баласағұнның «Құтты білігі», Қожа Ахмет Яссауидің «Даналық кітабы» хикметтері, Асан қайғының «Жерұйығы» және Абайдың қара сөздері мен өлеңдері сияқты туындылардың жалпы сипатымен тереңірек таныса отырып, даналық үлгілердің маңыздылығы айқындала түсті.

Сонымен бірге Ж. Баласағұнның, Қожа Ахмет Яссауидің, Асан қайғының, ақын Абайдың дүниетанымында негізгі ортақ ұқсастықтың болғандығын байқаймыз. Ол этикалық бағыттың, гуманистік құндылықтардың басым болғандығы. Яғни, ортағасырлардағы түркі ойшылдарының философиялық көзқарастары әл-Фарабидің антропологиялық және гуманистік көзқарастарымен ұштасып жатқандығы. Яғни, әл-Фарабидің антропологиялық және гуманистік көзқарастарымен үндесіп қана қоймай, ойшылдардың дүниетанымындағы толық адам іліміне өте зор ықпалы болғандығы байқалады.

Өздерінің құнды идеяларын дана ойшылдар ортағасырлық түркілік этникалық кеңістікке кеңірек тарату жолында адал еңбек етті. Олардың дүниетанымының қалыптасуы мен дамуына тарихи, мәдени сабақтастықпен келген философтардың рухани мұралары, білім, ғылым және руханилықтың озық үлгілері тірек болды. Дана ойшылдар өмірдің жақсылығы мен жамандығын,

әлем мен адамды рухани тұтастықта қарастыра отырып, өздерінің шығармаларында айшықтап, зерделі философиялық және әлеуметтік ойларын тұжырымдады.

Міне, сондықтан сонау түркі әлемінде қалыптасқан дүниелер мәдени, рухани сабақтастық арқылы қазіргі заманға дейін жетіп отырғаны байқалады. Ортағасырлық ғұламалардың дүниетанымдарының әр түрлі қырлары әрі қарай сараптауларды қажет етеді.

### Әдебиеттер мен деректер тізімі

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2016. – Т.1. Өлеңдер мен аудармалар. – 296 б.

Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Т. 2. – Алматы, 1996. – 267 б.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2016. – Т.2. Өлеңдер мен аудармалар. – 336 б.

Ахмет Яссауи. «Диуани Хикмет». – Қазан, 1904 ж. – 255 б.

Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: ЖОО-ның магистранттарына арналған оқулық / Ж. А. Алтаев, Т. Х. Ғабитов. – Алматы: «Эверо», 2011. – 81 б.

Әл-Фараби философиясы. Жиырма томдық. – Т. 2. / Құрастырушылар: Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева. – Астана: Аударма, 2005. – 448 б.

Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, 1975.

Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 4 Т. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. (1 бөлім). – Астана: ТОО «Лотос – Астана», 2007. – 286 б.

Ebu Nasr El-Farabi. Al-Madinat-ul Fadita. Naz: Arslan A. – Ankara, 1997. Vadi Vay., – S.65-66.

Есім Ғарифолла. Қазақ философиясының тарихы: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 216 б.

Ислам философиясы. Жиырма томдық. 4-том. / Құрастырушылар: Ә.Нысанбаев, Д.Кенжетай. – Астана: Аударма, 2005. – 534 б.

Интеллект [сөзінің] мағынасы жайында пайымдама. // Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 289 б.

Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Алматы, «Алатау» баспасы, 2005. – 332 б.

Қасымжанов А. Х. Оймен ұғынылған дәуір. // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 томдық / Философия және саясаттану институты. – Астана, 2006. – 16 Т. Фарабитану. – 27-55 бб.

Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: Бірінші том (ҮІ ғасырдан ХХ ғасырдың басына дейінгі кезең) / Ред.алқасы Шаяхметов Ш.Ш. т.б. / Құрастырған Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы, Рауан, 1994. – 320 бет.

Машанов А. Әбу наср әл-Фараби еңбегі алғашқы рет қазақ тілінде. // Фараби ғибратты ғалым: фарабитанушы ғалым А. Ж. әл-Машаниге арналады / ҚР Білім және ғылым министрлігі, Орталық ғылыми кітапхана, Қ. И. Сатбаев атын. ҚазҰТУ; [құраст. Ш. Абдраман]. – Алматы, 2006. – 75-77 бб.

Нысанбаев Ә. Шығыс философиясы. Оқу құралы. – Алматы: «Жазушы», 2009. – 480 б.

### References

Abai (Ibrahim) Kunanbayulu. Shygarmalarinin eki tomdik tolik zhinagi [Complete collection of works in two volumes]. – Almaty. Jazushi, 2016. T 1. Olender men audarmalar. – 296 s. [in Kazakh]

Abay. Shygarmalarinin eki tomdik tolik zhinagi [Complete collection of works in two volumes]. – Almaty, 1996. T 2. – 267 s. [in Kazakh]

Abay (Ibrahim) Kunanbayulu. Shygarmalarinin eki tomdik tolik zhinagi [Complete collection of works in two volumes]. – Almaty: Jazushi, 2016. T 2. Olender men audarmalar. – 336 s. [in Kazakh]

Ahmet Yassau. Diuani Hikmet [Diwani Hikmet]. – Kazan, 1904. – 255 s. [in Kazakh]

Altaev J. A. Gilim tarıhı men filosofyası: JOO-nın magistrantarına arналган okulık [History of science and philosophy: a textbook for undergraduates] / J. A. Altaev, T. X. Gabitov. – Almaty: Evero, 2011. – 81 s. [in Kazakh]

Al-Farabi filosofyası. [Al-Farabi's philosophy]. Zhiyrma tomdyk. II tom. / Kurastırushılar: Nysanbaev, Kurmangaliev. – Astana: Audarma. 2005. – 448 b. [in Kazakh]



- Al-Farabi. Aleumettik-Etikalik traktattar. [Socio-ethical treatises]. – Almaty, 1975. [in Kazakh]
- Ebu Nasyr al-Farabi. 10 tomдық shıǵarmalar jinagı. – T.4. Aleumettik filosofiya. Etica. Estetika (1 bolim). [Social philosophy. Ethics. Aesthetics]. – Astana: LLP "Lotos - Astana", 2007. – 286 s. [in Kazakh]
- Aby Nasr Al-Farabui. Al-Madınat-ul Fadıta. Haz: Arslan A. – Ankara, 1997. – S. 65-66. [in Turkish]
- Esim G. Qazaq Filosofiasynyn tarihy; oqylyq. [History of Kazakh philosophy]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2006. – 216 s. [in Kazakh]
- Islam filosofiasysy. [Islamic philosophy]. Jıyrma tomdyq. – T.4. / Qurystyryslar: A.Nysanbaev, D.Kenjetai. – Astana: Aydarma, 2005. – 534 s. [in Kazakh]
- Intellekt [sozinin] magynasy jaiynda paiymdama. [The concept of the meaning of the word [intellect]]. // Al-Farabi. Filosofialyk traktattar. – Almaty: Gylym, 1973. – 289 s. [in Kazakh]
- Kelimbetov H. Ejelgi adebi jadigerlykter. [Ancient literary relics]. – Almaty: «Alatau» baspasy 2005. – 332 s. [in Kazakh]
- Qasymjanov A.H. Oimen ugynylgan dauir. [The epoch of thought]. // Qazaq halqynyn filosofialyk murasy; 20-tomdyq / Filosofia jane saiasattany instityty. – Astana, 2006. – 16 T. Farabitany. – S.27-55. [in Kazakh]
- Qazaqtyn talimdik oi-pikir antologiasy; Birinsi tom (YI gasyrdan XX gasyrdyn basyna deingi kezen). [Anthology of Kazakh educational thought: Volume One (period from the VI century to the beginning of the XX century)]. / Red. alkasy Saiahmetov S.S .t.b. / Qurastyrgan Q. Jaryqbaev, C.Qalieb. – Almaty, Rauan, 1994. – 320 s. [in Kazakh]
- Masanov A. Abu Nasr Al-Farabi enbegi alǵasqy ret qazaq tilinde. [Abu Nasr al-Farabi's work was first published in the Kazakh language]. // Farabi gibratty galym: farabitany sy galym A.J. Masanige arnaldy / QR Bilim jane gylym m-gi, Ortalyq gylimi kitaphana, Q.I. Satbaev atyn. QazUTY; [qurast.: S. Abdraman]. – Almaty, 2006. – S.75-77. [in Kazakh]
- Nysanbaev A. Sygys filosofiasy. [Eastern philosophy]. Oqy quraly. – Almaty. Zhazusi. 2009. – 480 s. [in Kazakh]

МРНТИ 02.91.01

## ВЛИЯНИЕ МИРОВОЗЗРЕНИЯ АЛЬ-ФАРАБИ НА РАЗВИТИЕ ЗНАНИЯ О ЦЕЛОСТНОМ ЧЕЛОВЕКЕ В КАЗАХСКОЙ ФИЛОСОФИИ

К.Д. Раисов<sup>1</sup>, К.К. Жылқышыбаева<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, Алматы

\*Корреспондирующий автор

E-mail: kazbek\_gaysov@mail.ru (Раисов), karluwa1970@gmail.com (Жылқышыбаева)

**Аннотация.** В данной статье мы рассматриваем важнейшие вопросы определения сущности, значения, специфики антропологического и гуманистического мировоззрения аль-Фараби, занимающего особое место в мировой цивилизации и его влияния на развитие гуманитарной науки в казахской философии. Особое внимание уделяется восстановлению преемственности философских взглядов между прошлым и настоящим философской науки. Данный вопрос характеризуется тем, что учение аль-Фараби – единственный способ достичь гармонии между мусульманской философией и казахской философией, является источником нашей духовной зрелости и главным механизмом развития нашего национального исторического сознания.

В нашей статье использованы произведения аль-Фараби «На пути к счастью», «Взгляды людей доброго города», Юсуфа Баласагуна «Кутадгу билик», Ахмета Яссауи «Дивани хикмет», Асан кайги «Жеруыйк» и стихи Абая. А также сделаны выводы и рассмотрены историческая преемственность и духовная гармония их взглядов и мировоззрений.

**Ключевые слова:** казахская философия, мусульманская философия, мировоззрение аль-Фараби, духовные ценности, историческая преемственность, гармония, целостное человеческое учение, антропологические и гуманистические взгляды.

**IRSTI 02.91.01**

## **THE INFLUENCE OF AL-FARABI'S WORLD VIEW ON THE DEVELOPMENT OF KNOWLEDGE ABOUT THE WHOLE PERSON IN KAZAKH PHILOSOPHY**

**K. Raissov<sup>1</sup>, K. Zhylyshybayeva<sup>1\*</sup>**

<sup>1</sup>Kazakh National Women's Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

\*Corresponding author

E-mail: kazbek\_raissov@mail.ru (Raissov), karluwa1970@gmail.com (Zhylyshybayeva)

**Abstract.** In this article we consider the most important questions of the definition of essence, meaning, specifics of the anthropological and humanistic worldview of al-Farabi, who occupies a special place in the philosophy of the world civilization and its civilized civilization. Particular attention is paid to the restoration of the continuity of philosophical views between past and present philosophical sciences. This issue is characterized by the fact that the teaching of al-Farabi is the only way to achieve harmony between Muslim philosophy and Kazakh philosophy, which is the source of our spiritual maturity and the main mechanism for the development of our national historical history.

In our article we use the works of al-Farabi "On the way to happiness", "Looks of the people of the good city", Yusuf Balasaguna "Kutadgu Bilik", Ahmet Yassau "Divani Hikmet", Asan kaygi "Zheruiyk" and poems of Abay. And also made conclusions and considered the historical continuity and spiritual harmony of their views and worldviews.

**Keywords:** Kazakh philosophy, Muslim philosophy, al-Farabi worldview, spiritual values, historical continuity, harmony, whole human doctrine, anthropological and humanistic views.

**Авторлар туралы мәлімет:**

<sup>1</sup>Гуманитарлық ғылымдар магистрі

<sup>1\*</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

## 1901-1910 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ОТАРШЫЛДЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ПЕН ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ӨМІРШЕНДІГІ

Б.М. Аташ<sup>1\*</sup> , Б.Қ. Абдрасилов<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы

<sup>2</sup>Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі, Қазақстан, Түркістан

\* Автор-корреспондент

E-mail: atash\_berik@mail.ru (Аташ), Beka83@inbox.ru (Абдрасилов)

**Аңдатпа.** Бұл мақалада ХХ ғасыр басындағы Қазақстандағы отаршылдық саясаттың жүргізілуіне қарсы күрес туралы мәселелер талқыланды. Архив материалдарын пайдалана отырып, азаттық үшін күрескен зиялыларымыздың еңбектері саяси-әлеуметтік тұрғыдан талданды. Сондай-ақ, Мәшһүр Жүсіп, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Шоқай т.б. зиялы патриоттарды қудалау мен олардың ұлттық рухты көздеген туындыларындағы идеологиялар талданды. Мемлекеттік Думаның қызметі, большевиктер партиясы, жазалаушы отрядтар, жандармерия қызметі жөнінде саяси сараптамалар жасалып, Қазақстанның Солтүстігіндегі, әсіресе, Қарқаралы, Семей аймағындағы 1901-1910 жылдардағы қазақ халқының ауыр жағдайы, патшалық үкіметтің жазалау саясаты сипатталды. Сонымен қатар, қазақ зиялыларының ағартушылық қызметтері мен тәуелсіздік алу жолындағы күресі көрсетілді. Нәтижесінде, жеңіліспен аяқталған бұл күрестің тарихи-әлеуметтік маңызы ұсынылды, оның прогрессивті қырлары баяндалды.

**Түйін сөздер:** Ресей, патшалық үкімет, отарлау, күрес, қазақ зиялылары, Қарқаралы, абақты, ұлт-азаттық қозғалыс, абақты, губерния, тәуелсіздік.

**Кіріспе.** XIX ғасыр мен ХХ ғасыр басында Қазақ даласына ұлт зиялыларының бір топ легінің қалыптасуы тарихи заңдылық еді. Бұл заңдылықтың алғышарттары мен себептерін, қажеттіліктерін былайша жинақтап көрсетуімізге болады. Бұл біріншіден, Еуропалық өркениеттен артта қалған таза аграрлық елді индустриялы елге айналдыру үшін қажет болды.

Қазақ хандығы, әсіресе Тәуке, Есім, Қасым хандар тұсындағы Қазақ елінің беделі, ішкі саяси тәртібі, мемлекеттік жүйесі, экономикасы, әскери құрылысы кемелденген, басқа елдермен, Ресеймен де терезесі тең тұрған мемлекет нәліктен отаршылдық күйге түсті деген сауал тастасақ, ол алдымен, Еуропалық өркениет көшінен қол үзу болатын. Ондағы ғылыми-техникалық төңкерістің нәтижелерін, ілім мен білімді, техника дамуы мен соғыс құралдарын игере алмауымыздың бір көрінісі.

Сондықтан, да ештен кеш жақсы дегендей, XIX ғасырдағы қазақ ағартушылары елді батыстық, оның ішінде Еуропалық өркениетке қарай бұру маңызды қадамдардың бір болуы тиіс еді. Ол үшін «Ресей Еуропаға ашылған терезе» екендігі де тарихи шындық. Олай болса, қазақ даласында еуропаша білім алған зиялылар тобы құрылуы тиіс еді. Әрине, Шоқан, Ыбырай, Абай сынды бірлі жарым емес, ел дамуының келешегінің жоспарларын бір ауыздан мақұлдайтын тұтас зиялы топ өкілдері құрылуы тиіс болды. Тарихқа көз салсақ, IX-XII ғасырларда түркі даласында, қазіргі қазақ даласының оңтүстік өңірінде араб-мұсылмандық ренессанс дәуірінде бір топ ойшылдар легі қалыптасып, халқымызды өркениетке, ғылым мен білімге қарай бағыттағандығы белгілі. Сондықтан, ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларының идеяларының алғышарты XIX ғасыр соңында дүниеге келген, білімге бет бұрған қазақ жастары болатын. Олар жастайынан алғыр, білімге құмар, орыс және басқа да тілдерді еркін меңгерген, өздерінің интеллектуалды қабілетін көрсете білетін тұлғалар еді.

Екіншіден, қазақ даласында ағарту жұмыстарын, яғни, жаппай білім алуды өркендету заңдылығынан туғындаған тәрізді. XIX ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басында білім беру біздің

елімізде мүлде іске асырылған жоқ деп айтуға болмайды. Бірнеше медреселер, мектептер, тіпті, кәсіптік білім беру орындары да болды. Дегенмен, мәселе, жаппай сауаттандыру қажеттігінде еді. Оның үстіне білім беру үдерісін, зайырлы бағытқа бұрып, қазіргі академиялық ғылымдарды да оқытуға маңыз беру керек болды. Ол үшін білім беру жүйесін Ресейдің үлгісі бойынша таңдау мүмкіндігі табылды. Бірақ, әрине, христиан діні сабақтары мен орыс тілі пәндерін күштеп оқыту арқылы емес, ең бастысы еуропалық білімге деген терезені ашу болды.

Үшіншіден, 200 жыл бойғы Ресейдің отаршылдық саясатынан ажырап, тәуелсіз мемлекет болу үшін білікті де, білімді саяси қайраткерлерді қазақ даласы өздігінен-ақ сұранып тұрған еді. 150 жылға жуық Ресей отаршылдығымен күрестің әр түрлі формалары болды. XIX ғасырға назар аударсақ, оның бір бағыты идеологиялық күрес, бірақ, пессимистік сарындағы зар заман ақындарының туындыларынан анық байқалатын қазақ рухының жойылып бара жатқандығы туралы сарындар.

Келесі бір бағыты таза ағартушылық арқылы: Ыбырай, Шоқан сынды ойшылдардың идеологиясы. Шоқанның Патша үкіметіне өз халқының тағдыры туралы баяндағандығы тарихтан белгілі.

Келесі бір бағыт, төңкерістік, жауынгерлік, яғни, соғыс пен бүлік шығару арқылы. Сырым, Махамбет, Амангелді батырлардың ұлт-азаттық көтерілістері түркілік жауынгерлік рухтың әлі де сабақтасып келе жатқандығының куәсі іспетті.

Ендеше, XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары орта ғасырлық соғыс қаруларымен жасақталған әскермен, тәуелсіздікке қол жеткізе алмайтындығын терең түйсінді. Бұндай көтерілістерді ұйымдастыру қазақ халқын Ресей армиясының қол астын салып беріп, қырып тастау екендігін олар жіті пайымдады. Дегенмен, бұл кезеңде де жасырын, астыртын, партизандық көтерілістер кездесіп тұрды. Бірақ қазақ зиялылары халықты сақтап қалу үшін, мәселені бейбіт, конституциялық жолмен шешуге талпынды. Шындығында, халқы емес, өздері ғана өз идеяларының құрбандары болды.

Төртіншіден, бірнеше жылдарға созылған елдегі алауыздық, руаралық қақтығыс, болыстыққа, хандық пен билікке талас, Ресей патшалығымен ауыз жаласу т.б. ел ішіндегі бейберекетсіздіктерді алдымен жойып алып, ауызбіршілік идеясын ұсыну қажет болды. Сондықтан, да XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары, кейбірі ғалымдар, кейбірі саяси қайраткерлер, кейбірі заңгерлер, кейбірі шет елдермен байланыс орнататын елдің беделді азаматтарынан құралды. Демек, ел ішіндегі ұлттық тәртіпті орнату үшін, олар ағарту жұмыстарын жүргізіп, халықтың рухын оятып, ұлттық идеяны халықтың санасына сіңіріп, отаршылдықпен бірігіп күресу идеясын ашық және жабық түрде де насихаттаумен айналысты.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеуде логикалық әдістер қолданылады: салыстыру, талдау, жүйелеу, жіктеу, дәйектеу мен жоққа шығару, сынау т.б. Тарихилық пен логикалықтың бірлігі, тарихи-салыстырмалы талдаулар мен пәнаралық байланыстар негізінде статистикалық, әлеуметтанулық, саясаттанулық, философиялық сараптаулар да пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының деректік негізін 1911-1910 жылдары ұсынылған және жүзеге асқан заңнамалық актілері, құжаттар, мәлімдемелер, жарлықтар, архив қорлары және қазіргі Қазақстан Республикасының жыл сайынғы халыққа арналған Жолдаулары, статистикалық және әлеуметтанулық зерттеулер құрайды.

**Талқылау.** Осы жылдардағы Қазақстанның саяси өмірін, саяси толқуларды: Ш. Шафиrow, В.С. Черников, В. Тресвятский, В.А. Малтусынов, А.В. Пясковский, А.Ф. Якунин, В. Григорьев, Ю.Шапорев сынды ресейлік тарихшылар зерттесе, бұл мәселені: М.Дулатов, Б.Қаратаев, Ә.Бөкейханов, Ә. Бақтыбаев, Д.А. Шаймұқанов, Т.Т. Аршабеков, З.Тайшыбай, С. Смағұлова, М. Құл-Мұхаммед, Ә. Бақтыбаев, М. Қойгелдиев, Б. Берлібаев, А.Б. Тұрсынбаев, Г.Сафаров сияқты отандық ғалымдар барынша толығырақ қарастырған.

Ал аталған кезеңдегі мәдени-ағартушылық саясатты, діни мәселелерді зерттеген ғалымдарымызды да атап өтуге болады: Б.А. Кенжетаяев, Ө. Әбдіманов, С.З. Зиманов, К.З. Идрисов, С.М. Абильдинова, Г. Алдамбергенова, Ш.К. Беркімбаева, К.Ж. Қожахметова, Ж.Ж. Қартбаева, М. Тәжімұрат т.б. Осы мәселелерге қатысты тақырыптарды қарастырған орыс зерттеушілері: А.Н.

Краснов, Н.И.Ильминский, А.Алекторов, В.Григорьев, Ю.Шаповрев, Н.П.Остроумов, П.Головачев т.б.

1901-1910 жылдардағы ахуалды саясаттанулық-әлеуметтанулық тұрғыда зерттеген ғалымдар бойынша: Ә. Нысанбаев, М. Орынбеков, С. Нұрмұратов, С. Аяжан, Ж. Алтаев, М. Хасанов, С. Мырзалы, Ж. Молдабеков, Т. Рабитов т.б. атап өтуімізге болады.

**Зерттеу нәтижелері.** XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының дүниеге келуінің тарихи қажеттіліктері осылар болумен қатар, бұл олардың тағдыр тағайындаған міндеттері де болғандығы рас.

Ербол Тілешов: «Алаш қозғалысының – қазақтың Жаңғыру дәуірі болғандығын, оның «елім» деген, «жұртым» деген азаматтардың басын қосқандығымен де дәлелдеуге болады. Алаш қозғалысының қазақ ренессансы болғандығына бұл құбылыстың мәнінен бейхабар адам ғана келіспейді. Алаш қозғалысын Ренессанс ету – біздің қалауымыз бен еркіміз емес. Ақиқаты солай» (Тілешов, 2014: 213 ),-деп тұжырымдаған болатын.

XX ғасыр басындағы Қазақ зиялылары отаршылдыққа қарсы күрес мәселесінде ұлтшылдық идеясын басты назарға қойды. Бізге жеткен тарихи мәліметтер көп емес, мүмкін олар өздерінің оңаша, жасырын бас қосуларында тәуелсіздікке қол жеткізудің тұжырымдамасын, жаңа пакеттерін жасап шығарған да болар.

Отаршылдыққа қарсы күрес бұл зиялылардың жастайынан көріп өскен қасіреті екендігі даусыз. Бірақ олар найза мен шоқпар алып, Ресей отаршылдығына қарсы төңкеріс жасауға асықпады. Ол үшін Ресейдегі, әлемдегі болып жатқан оқиғаларды, бүкіл қазақ даласының әлеуметтік жағдайын, психологиялық климатын зерттеп алу қажет болды. Ол үшін білім алу керек екендігі түсінікті жайт. Қазақ зиялылары әр жерде, білім алса да, бірін-бірі танып, іштей күш біріктіре білді, олар сатқындарды емес, мүдделестер мен ұлт жанашырларын топтастырды. Отаршылдыққа қарсы күресуге өздерінің мақсат мүдделерін арнағандармен және өмір бойы күресуге бет бұрғандармен бірікті.

Бірақ қалай күресу керек деген сауал оларды үнемі мазалады. Себебі, ол дәуір де Ресей үшін де аумалы-төкпелі, әр түрлі саяси оқиғалардың қиылысқан тұсы болатын. Дегенмен, 1905-1907 жылдардағы төңкерістер қазақ зиялыларын ойлантты және одан әрі шыңдай түсті. Олардың көкейінде бастапқыда: «Кімдермен одақтас болу керек?» деген сауал да тұрған сынайлы: елге реформалар жүргізуді қалайтын көтерілісші шаруалармен бе, әлде елді түбегейлі өзгерістерге жетелейтін революцияшыл коммунистік идеологиямен қаруланған большевиктік партиялармен бе, әлде шет елдік буржуазиялық мемлекеттермен бе, әлде іштей қазақ халқын бөлек топтастыру қажет пе?...

Бұған тарихшылардың кейбірі мынадай тоқтам бойынша жауап берді: «Қазақстандағы революциялық қозғалыс Ресейдегі бірінші халықтық революцияның құрамдас бөлігі» болды, екіншіден, бүкіл империя көлеміндегідей «мұнда да бұл қозғалыстың гегемоны большевиктік партия бастаған орыс пролетарияты» еді және үшіншіден, «революциялық қозғалыстың даму барысында қазақ еңбекшілерінің орыс жұмысшыларымен және қоныс аударған шаруалармен интернационалдық ынтымақтастығы нығайды» (Қазақ ССР Тарихы, 1982: 416-417).

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы Ресейдегі большевиктер партиясы бастаған пролетарлық қозғалыспен де байланыс орнатты, бірақ ұлттық таптық сипатты жоғары қоймады немесе оған көңіл аудармады.

1905-1907 жылдардағы революцияға байланысты С.Брайнин мен Ш.Шафиро былай деп тұжырымдады: «Қазақ бұқарасының ұлттық-революциялық қозғалысы жалпыресейлік қозғалыспен тікелей өте тығыз байланыста дамыды, 1905 жылдың қуатты ықпалында болды, большевиктер партиясы басқарған жұмысшы қозғалысының аясында қалыптасып, жетілді... Бұл ықпал біз әлі мүлдем зерттеп білмеген жолдар арқылы бұқараға жетіп, оны революцияландырған болатын» (Брайнин, Шафиро, 1935: 9) Бұндай тұжырымдарды өзге де ғалымдар жан-жақты баяндады (Пясковский, 1955: 567-660); (Якунин, 1955: 661-714); (Тұрсынбаев, 1967: 44-68).

Шындығында, 1905 жылғы төңкерістің Қазақ жерін де қамтуы, біріншіден, олардың ауыр халі мен отаршылдық күйіне байланысты болғандықтан, қазақтар олармен де бірлесе қимылдау

камында болды. Дегенмен, шаруалар алдымен, өздерінің жағдайы туралы толғанса, екіншіден, азаттық аңсау рухы да болғандығы жасырын емес еді. Патша үкіметінің монархиялық саяси екі елдің шаруалары мен жұмысшыларын біріктірді. Дегенмен, бұл екеуін ортақ бір арнаға толықтай түйістіруге де болмайды. Себебі, Ресейдегі шаруалар толқуында қазақ елінің азаттығы туралы ниет те жоқ екендігі түсінікті жайт.

Бірақ Патша үкіметінің Қазақ халқына тәуелсіздік алып бермейтіндігі белгілі болған шақта, монархия мен деспотияны әлсірету, ойланту үшін уақытша болса да күш біріктіру қажет еді. Тіпті көтерілісшілер жеңіліс тапқан жағдайда да, шаруалар өздерінің сәл де болса жағдайларын жақсартуға үміт артқан сыңайлы. Бірақ бұл жерде, орыс шаруалары мен қазақ шаруалары арасында қақтығыстардың да болуы мүмкін емес еді.

Себебі, отаршыл үкімет пен орыс шаруалары бір субъектілер емес, екеуі бір халық болғанмен, мүдде айырмашылықтары бар. Осыны қазақ халқының көтерілісшілері де түйсінді.

Сондықтан, қазақ зиялылары бұл тұста таптық күресті мақсат ете қоймаған сияқты. Себебі, олар Ресей қоғамындағы әліптің артын бағумен болған сыңайлы. Олар Ресейде қалыптасып келе жатқан большевистік рухты да түсінді, сонымен қатар, буржуазиялық төңкерістерде де болжай алған жоқ деп айта алаймыз. Себебі, ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының көпшілігі ауқатты отбасынан шыққандар. Бірақ большевизмге де қарсы идеологиялық күрес жүргізуге болмайтын кезең еді. Кей сәттерде оларды қолдап отырды, Кеңес үкіметі орнаған тұста да, оған қарсы шыққан жоқ, тек елдің азаттығы идеясынан олар айырылмады. Қазақ зиялылары қай кезде, қандай дәуір, қандай қоғам болмасын елдің тәуелсіздігін аңсады және оған жетудің жолдарын қарастырды.

Мәселен, I және II Мемлекеттік Думаға сайланғандар Ресей патшалығы тарапынан үміт күткенмен, оны қолдап отырды деп айта алмаймыз. Бейбіт жолмен бірте-бірте тәуелсіздікке қол жеткізудің қадамдарын жасап отырды. Олар мүдделері бір болғандықтарынан, большевик-меньшевиктерге, монархия мен буржуазияға бөлінбеді. Әрине, азаттық жолында пікір қайшылықтары болды. Бірақ олар бір-біріне деген достық қарым-қатынасын сақтап, өзара бірлікте болу идеясын қолдады, барлығы да Алаш ұраны туы астына бірікті. Қазақ съездерінде талқыланған мәселелердің негізі де Жер, Ел, Қоғам дамуы; ағартушылық еді. Ұлттық идеяны жүзеге асырудың алғышарты ұлттық сана, ұлттық сананың нығаюы бірлік екендігі түсінікті жайт.

«Қазақ ССР тарихының» көп томдығында: «Еңбекші бұқараны революциялық күрестен қайткен күнде де аулақтауға тырысып, феодалдық – бай жоғарғы топ пен мұсылман дін басылары «петиция» науқанын ұйымдастырды. 1905 жылы 25 июльде Қоянды жәрмеңкесінде (Қарқаралы қаласының жанында) байлардың съезі болып, онда патшаға петиция әзірленді» (Қазақ ССР тарихы, 1982: 388).

Қазақ зиялылары ру аралық тартыс пен билікке таласқан халқымыздың өткен тарихының қателігін қайталамау үшін, билік орындарына еркін сайлауға түсіп, бір-біріне қолдау көрсетті, билікке талас болған жоқ. Себебі, тап күресі мәселесімен олар келісе қоймады.

Г.Сафаро өз еңбегінде: «1917 жылғы революцияға дейін Түркістандағы жағдайды есепке алған ешқандай да революциялық идеология, орыс жұртының арасында революциялық қозғалыста бірлікке ұмтылушылықты аңғартатын кішкене де ыңғай, ешқандай да бұқараны революциялық ұйымдастыру, ешқандай да революциялық дәстүр болған емес, Қанаудағы ұлттар мен қоныс аударып келген орыс жұртының арасында ұлттық теңсіздіктен бастау алатын өзара түсініспеушіліктің қалың қабырғасы тұрды» деп жазды (Сафаров, 1921:54).

Қазақ зиялыларының ең басты сіңірген еңбегі мынада: олар бүкілресейлік даму кезеңінің басталуын дер кезінде аңғарды, қазақ қоғамын ілгері бастырудың амалдарын іздестірумен айналысып, бұл үшін бірінші орыс революциясы берген әлеуметтік және саяси бостандықтарды пайдаланды, халықты патриархаттық-рулық мешеуліктен арылтуға, патшалық езгіден азат етуге, оған білім мен прогрестің, мемлекеттік тәуелсіздік алудың жолдарын көрсетуге ұмтылды. Мұның қиын күрес, күрделі тартыстар мен ізденістер жолы болғаны күмәнсіз (2018: [https://vk.com/wall-110899095\\_66647](https://vk.com/wall-110899095_66647)).

Бұл қазақ зиялылары жүргізген ұлтшылдық идеяның негізгі бағдарлары еді. Сонымен ұлтшылдық идея дегеніміз не деген сауалға қысқаша тоқталып өтуді жөн көрдік. Қазіргі таңдағы

отандық ғалымдардың көпшілігі осы ұлтшылдық идея деген сөзді қолданудан бас тартып, оның орнына ұлттық идея деген тіркесті қолданып жүр. Ал кейбірі, бұл екеуі туыстас ұғым десе, кейбірі екеуінің ара жігін ажыратады: Ұлтшылдық шовинистік дегенге жуықтайтын, ұлттық отандық, ұлтжандылық деген ұғымдармен парапар дейді. Бірақ біз үшін мәселе онда емес, ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларына шовинист деп кіна тағып, ұлттық идеяларына қарсы шыққандығы анық еді. Осыған байланысты, мәселе атауда емес, ең бастысы ұлттық идея туралы болып отыр. Ұлттық идеяны зерттеушілер, оған әр түрлі түсініктемелер береді: «Анығында, ұлттық идея дегеніміз – тарихтың жоғалтқанын бүгіннен іздеу, бүгінгінің талабын тарихта кеткен қателіктерден арыла отырып қанағаттандыру, келешекке халық тарихының философиясы арқылы үңілу» (Смайлы, 2006: 4) Философ Б. Нұржанов ұлттық идеяға мифтік символдарды, тарихи сананы, тіл мен дәстүрді, ұлттық мемлекетті және т.б. жатқызуға болатындығын көрсетеді (Нуржанов, 2009:142).

А. Сейдімбековтің пікірінше: «Қазақ идеясы, яғни, сол мәндегі қазақстандық немесе ұлттық идея өзара шендескен екі бастаудан нәр алуға тиіс. Біріншісі – қазақ халқының тарихи тағдыры қалыптастырған мейірім, шапағат, парасат, жарасым, бақыт туралы арман-аңсары (идеалы). Яғни, кең мағынасында, ондай идеалдың мәдениет пен өнер, тіл мен діл, салт пен дәстүр түріндегі өмірлік көріністері. Екіншісі – бүгінгі тарихи кезең аясындағы нақты бастан кешіп отырған ахуал» (Сейдімбек, 2008:7).

Ғ.Есім ұлттық идеяны жалпы концептуалды ұғым ретінде байыптап, сезімдік аспектіде ұғынылатын, шабыт пен қуаттылыққа үндейтін тұғыр ретінде байыптайды: «...ұлттың жаңғыруы – Қазақ Ренессансы, Қазақ елінің мәңгілігі» (Есім, 2006:98).

Ұлттық идея жөніндегі Дәуренбек Әубәкірдің пікіріне сүйенсек, ол ұлттық құндылықтар мен ұғымдарды жіктеп, оларды топтап көрсетіп, ұлттық идеяның күрделірек құрылым ретінде байыптағандығын аңғарамыз: «*өркеніетті даму тағаны* – нарық, индустрия, ғылым, техника, инновациялық жаңғырған тәсіл, айла, технология, кластер, байыпты-орнықты даму мәдениеті; *адами-ізгілік тағаны* – рух, тіл, дін, жан-тән тазалығы, тіл, білім, тәрбие, өнер, әдет-ғұрып, Ата Заң мәдениеті; *саяси-идеологиялық тағаны* – ұлттық мемлекет, егемендік, тәуелсіздік, идеология парасаты, ұлтаралық, дінаралық татулыққа кепілдік, бәсекелестік, ұпай, түгендеу, халықаралық саясат жүргізу мәдениеті» (Әубәкір, 2005:54).

Х. Әбжановтың пікірсайыстар алаңындағы ұстанымын байыптасақ, ол өзіндік ойын былайша түйіндейді: «Нысаналы пайым мен тұжырымдамалар ұлттық идея қызметін атқарады. ХХ ғасыр басындағы Алаш зиялылары ұлттық идеяны анықтаудың тамаша үлгісін көрсете алды. Бастапқыда оның мәнін, мақсат-міндеттерін «Оян, қазақ» формуласымен дәйектесе, империя күйрей бастағанда «Қазақ автономиясы» ұлттық идеясын дүниеге әкелді. Түптеп келгенде, 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы – «Қазақ автономиясы» ұлттық идеясының салтанаты» (Салықбай, 2008: 12).

М. Таңжаров пен Б.М. Аташ ХХ ғасыр басындағы ұлттық идеяны былайша тиянақтап береді: «Түп қазықтық пафос: Оян, қазақ – нәтижесі: Қазақ автономиясының идеалы – бүгінгі таңдағы көрінісі: Қазақстан тәуелсіздігі» деп, оның ой тұжырымының логикалық тізбегін айқындасақ, алғашқысы – қозғаушы ұлттық рухтың нышаны, ал «Қазақ автономиясы идеалы» – ұлттық идеяның тарихи сабақтастығының айшықты көрінісі, тәуелсіздік – нәтиже, мүмкіндіктің шындыққа айналған реалды мақсаты іспетті. Яғни, бұл идея – *тәуелсіздік* рухының идеясының эволюциясы тәрізді» (Таңжаров, Аташ, 2013: 22).

Осы тұста, ХХ ғасыр басында да ұлттық идея арнайы тұжырымдама, теориялық-әдіснамалық негіздері құрылған тұтас жүйе болмаса да, негізгі бағдарлары айқын болғандығын көруімізге болады. Мәселен, М. Дулатов өзінің «Қазағым менің, елім менің» деген мақаласында «Ресейге тәуелді қазақ халқының «ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кекті тудырады», «чиновниктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, малдарын тартып алып, ойына не келсе, соны істейді». «Енді олар біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға ауыз салуда. Жер ауып келген мыңдаған мүжықтар қазақтардың суы мен шұрайлы жерлерін тартып алуда. Чиновниктерді арқаланған олар «сорлы қазақтарды ұрып-соғып, бар мүлкін тартып алып кетуде», - деп түсініктеме берген болатын (Дулатов, 1991: 21). Демек, оның ұлтшылдық идеясы, қазақ

халқының басқалармен де тең құқықтығын сақтау, өзге ұлттар тарапынан қысымшылықтың болмауы, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр, жер т.б.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары ұлттық идеяны халықтың бойына сіңіруде де идеологиялық жұмыстар атқарды. Ол үшін БАҚ құралдары мен ұлттық рухта жазылған әдеби шығармалар мен өлеңдерді жазу және оны халыққа тарату басты мақсат етіп қойылды.

1907 жылы 27 наурызда Санкт-Петербургда Шахмарждан Қосшығұлов, Ибрагимов Абдурашидтің басшылығымен тұңғыш қазақ тіліндегі жарық көретін «Серке» газеті татардың «Улфат» атты газетінің жанынан баспадан шығарылды. 1907 жылы 9 маусымда ол Патшаның жарлығымен жабылып қалды. Шығарылған газеттің саны мен онда жарияланған мақалалар жөнінде мағлұматтар жоқтың қасы. Дегенмен, бұл газет алғашқы қазақ газеті ретінен ұлттық мәселелерді көтеретін, азаттық рухын жырлайтын, діни бірлестікті қалайтын терең мақсаттарды көздеген болса керек.

Онда М. Дулатовтың «Жастарға» деген өлеңі мен «Біздің мақсатымыз» деген мақаласы жарияланды. 1909 жылы оның «Оян, Қазақ» деп аталатын кітабы Уфада жарыққа шыққанмен, өзі осы еңбегі үшін қудалауға ұшырап кітап көпшілікке еркін таратылмай қалды. Дегенмен, оның ұлттық идеясы, «Оян, Қазақ» ұранынан бастау алады. Халқымыз ел шетіне жау келсе, «Аттан» деп шабатын болса, М. Дулатов оларды әуелі оятып алуды мақсат етеді. Өлең жолдарындағы ұлтшылдық идея поэзия тілімен көркемделген және қысқаша мынадай мазмұнды қамтиды: «Көзінді аш! Оян қазақ! Көтер басты! Өткізбей қараңғыда бекер жасты, Жер кепті, дін нашарлап, хал харам боп, Қазағым енді жату жарамасты. Найзаменен түртсе де, Жатырмын, қазақ, оянбай. Мұнша қалың үйқыны Бердің бізге, ғой, Алла-ай!... Қараңғыда жетектеп. Терең судан өтер ме, Мың қойды серке бастамай?» (Дулатов, 2013: <https://surak.baribar.kz/286115/>)

Өлеңнің соңғы жолдарынан газеттің неліктен «Серке» деп аталғандығын ұғынуға болады. Бұл өлең де ұлттық идеологияның бір көрінісі ретінде патша үкіметіне үрей туғызды, бұл қазақтардың азаттық рухын оятатын туынды деп түсініп, М. Дулатовты қудалауға ұшыратты.

XX ғасыр басында қазақ зиялылары, әсіресе, ақындар мен жазушылар өздерінің азаттық идеясын көркемдік түрде халыққа жеткізіп отырды.

Ұлтшылдық идеяның әдебиеттегі көрінісін Ө. Әбдиманұлы былайша сипаттаған еді: «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі үшінші бағытты біз, ұлт-азаттық бағыт деп атаймыз. Осы атау бізге орынды көрінеді. Өткен ғасырдың бас кезінде отаршылдық езгінің қыспағында қазақ халқы ауыр қоғамдық дағдарысқа ұшырады. Міне, осы тұста, қазақ зиялыларының өзгеше бір тобы отаршылдық күрсауынан шығудың жолын іздеп, жүйеге түскен бағдарламалық іс-әрекетке көшті. Бұл қазақ халқының ғасырдан астам азапты тарихындағы нұрлы сәулеге бет бұрған кезеңі еді» (Әбдиманұлы, 2012:57).

Шындығында, азаттық үшін күрестің өзі әртарапты және әриқилы болып келеді. Осы орайда, әдебиет саласы өз қиялы мен өз шығармашылығымен ғана емес, сол заманның талабы мен халқының зары мен мұңын да көркемдік тілмен жеткізіп отыруды мақсат етті.

А. Байтұрсынов өзінің «Қарқаралы қаласына» өлеңін айдауға кетіп бара жатқанда жазған екен: «Бар қаймағын қуып біттің, Кім қалады елінде, Доңыздармен сиыспасын бірге тұрып бұл Елде» деген жолдар тек өзінің жеке басының ғана мұңы емес, Қазақ елінің «қаймағын», яғни, зиялыларына жасалған шабуыл екендігін паш етуі еді. 1907 жылы Қарқаралы абақтысында 6 жыл отырып, тағы да айдалып бара жатқанда, А. Байтұрсынов былай деп толғаған екен: «Қош сау бол, Қарқаралы жуылмаған, Айдай бер қалса адамың қуылмаған». Немесе, 1905-1907 жылдардағы заман туралы, өздерінің қан төгуі емес, мақсаттары ұлттық азаттық екендігін, тым болмаса, өз үндерімізді білдіруіміз керек екендігін ол былайша толғаған екен: «Байқасақ, жезде, Бауыздар кезде, Үн шығу бар емес пе? Үндемей өлсек, Сүйекпен көмсек, Кейінгілер демес пе?! Лақ құрлы бақырмай, Өлген екен апырмай!» (Байтұрсынов, 2013:106).

Оның 1909 жылы жазылған «Анама хат» деген толғауында да сол дәуірдің өмір шындығы мен өзінің ел азаттығы үшін күресуін міндетке айналдырға өмір сүру мәнері туралы былайша толғайды: «Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп, Бітпеген жүрегімде бар бір жарам... Адамнан туып, адам ісін етпей, Үялмай не бетіммен көрге барам?!» (Байтұрсынов, 2013:101).



Сондай-ақ ұлттық идея жаршысы болған М. Сералин де 1900 жылы «Топжарған», 1903 жылы «Гүлкәшима» атты поэмаларын жариялап, онда да ұлттық идея туралы жырлайды, халқына үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, астартын иделогтар секілді қызмет етеді.

Ал Мәшһүр Жүсіп 1907 жылы жарық көрген үш кітабы, атап айтқанда, «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» үшін қудаланады. Бұл кітаптарда да ұлттық идея көріністері анық байқалады, көптеген мәселелер астарлап жеткізіледі. Өйткені, өнердің, бір ерекшелігі – шындықты тура айтпай, астарлап жеткізіп, образды түрде бейнелеп, халыққа жеткізу мәнерін пайдалана алатындығында.

Ол 1905 жылы «Дала уәлаяты» газетінде «Қанды жексенбі», «Сарыарқа кімдікі» атты өлеңдерін жариялаған үшін қудалауға ұшыраған екен (Әбдиманұлы, 2012:48).

М. Қалтайұлының 1910 жылы жарияланған «Қазақтың айнасы», 1910 жылы шыққан «Біраз фибрат сөз» атты туындысында, 1911 жылғы «Насихат казахия» т.б. шығармаларында да негізгі тақырыптың өзегі – ұлттық идея болатын.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары мен халқымыздың бас көтерулері Патша Үкіметінің жүргізіп отырған отаршылдық саясатына ұнаған жоқ. Өйткені, ол 1931 жылдан бері сабақтасып келе жатқан, қарамағындағы халықтарды отарлау саясатымен жалғасын табуы тиіс еді. Сондықтан, Ресей тарихынан хабардар отарлаушылар мұны жақсы түсінді және қол астындағы вассалдардан айрылып қалмаудың қамына көшті. Екінші бір қырынан, ол кездегі Ресейдің сыртқы саясаты да көңіл көншітер емес еді. Сонымен қатар, ел ішіндегі болып жатқан саяси толқулар мен көтерілістер, большевиктер партиясының күш ала бастауы т.б. қарамағындағы халықтардан айрылып қалу қаупін туғызды.

Сондықтан да патша үкіметі әрине, түгел халықты емес, тарихи тәжірибе көрсеткендей, оларды ұйымдастырушыларды қуғындауға әр түрлі жолдармен шыққан еді. Біріншісі, алдаусырату, мәселен, қазақтардың шенді-шекпенділеріне атақ пен әр түрлі мақтаулар жариялау немесе әр түрлі орындалмайтын жарлықтар шығару. Екіншісі, қорқытып-үркітіп, қоқан лоқы жасау. Үшіншісі, қатаң жазалау, түрмеге отырғызу мен ату жазасы. Мәселен, қорқыту – ескерту жасау, абақтыға жабу, жер аудару сияқты шаралар арқылы жүзеге асып, басқаларға ой салсын деген ниетпен жүргізілді.

Олардың құпия хаттарында көрсетілгендей, ерекше тапсырманы орындаушылардың жазбаларында анықталғандай, патша үкіметі халық арасына саяси-психологиялық климатты бақылау мен зерттеу мақсатында өздерінің жансыздарын жіберіп отырған. Олар кімді жазалау керектігін, толқуларды кімдер ұйымдастырып отырғандығын, ұлттық идеяны қолдап, тәуелсіздікке кімдердің қалай үгіттейтіндігін жоғары лауазымды орындарға жеткізіп отырды.

Ал жазалаушы орындар азаттықтың идеологтарын әр түрлі жолдармен жазалауға көшті. Әсіресе, ең басты ұйымдастырушыларға тиісті. Қудалау саясатының басында империяның Ішкі істер министрлігі тұрды, ал жергілікті жерлерде оның нақты жүргізушілері губерниялық және уездік әкімшілік орындары болды.

Деректерге жүгінсек, «1905 жылдың күзіне қарай Семей губернаторы Галкин билік орындарына қазақтарды Омбыда өтпек жиналысқа жібермеу туралы Жарлық береді. Әскери генерал Романов қазақ тілмаштарын жұмыстан босатып, олардың орнына орыс-қазақтарды қабылдайды. Крестьян және уезд бастықтарына қазақтардың үстінен бақылауды күшейту және түрлі арыз-шағымдарға қол қойғандардың тізімін жасау жөнінде нұсқау берілді. Бұл ретте әсіресе көзге түсуге тырысқан Қарқаралы уезінің бастығы Оссовский еді. Ол Қарқаралы арыз-шағымына қолдарын қойған 42 болыс пен биді жауап алу үшін Қарқаралыға шақыртады, бірақ олардың бірде-біреуі келмейді.

Әрине, мұндай жағдайда билік орындарының алдымен қозғалыстың басшыларына назар аударатыны мәлім. Бұл ретте ең алдымен көзге іліккен- Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов еді.

1905 және одан кейінгі жылдар қазақ қоғамында орыс билігіне деген наразылықтың өте жоғары деңгейде екендігін көрсетіп қана қойған жоқ, сонымен бірге бұл жалпыұлттық қарсылықтың бағдарламалық негізі және нақты саяси мақсаты бар саяси күрес арнасына сала аларлық мүмкіндікке ие саяси күш те қалыптаса бастаған еді. Ұлт оқығандары немесе зиялы қауым

аталатын осы саяси күштің басында Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов тұрды» (Қозыбаев, 1990: 49).

1905 жылғы революциялық аласапыран оқиғалар басталып кеткенде Әлихан Бөкейханов қоғамдық қызметте әбден ысылған, саяси ұстанымды қалыптасып қалған тұлға болатын. Осы мезгілге дейінгі оның өмірінде аса маңызды рөл атқарған әрине алдымен Ф.А. Щербина басқарған, сонан соң С.П. Швецов басқарған қазақ облыстарына ішкі Ресей губернияларынан қоныс аударма келген орыс шаруалары үшін жер телімдерін анықтау мақсатында құрылған экспедициялардың (ретіне қарай 1896-1903 және 1903-1904 жж.жұмыс істеген) жұмысына қатысуы еді. Осы экспедициялар жұмысына қатысуы барысында Ә. Бөкейханов қазақ халқы мен оның жеріне байланысты империялық биліктің көздеген мақсатын бұрын өзі байқай бермеген жана қырынан көрді, сондай-ақ орыс билігінің таяу арада ірі стратегиялық шараларды іске асыруға даярлық жолында тұрғандығын байқады.

1906 жылы қаңтарда Семей қаласында өтпек облыстық қазақ съезіне қатынасуға Павлордардан жолға шыққан Ә. Бөкейхановты жандарм қызметіндегілер Ямышевскі поселкесінде 8 қаңтар күні тұтқынға алады. Сол ұсталғаннан ол ешқандай да тергеусіз 30 сәуірге дейін, яғни Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының елбасылары Мемлекеттік Думаға депутат сайлаушы етіп бекіткені мәлім болғанға дейін абақтыда отырады (Букейханов, 1906: 4).

Оның қолындағы барлық құжаттар мен түрлі қағаздары, кітаптары тәркіленеді. Прокурорлық бақылауға жазған арыздарынан ешқандай да нәтиже шықпайды. Тек екі жарым ай мезгіл ешқандай да тергеусіз абақтыда жатқан соң барып, «Ішкі істер министрлігінің тапсырмасымен» абақтыға жабылғандығы мәлім болады (Бөкейханов, 1995:402б.).

Орыс әкімшілік орындары Ә. Бөкейхановты абақтыға жабу арқылы Мемлекеттік Думаға депутаттар сайлау алдында оның беделін түсіруден үміттенеді. Сонымен бірге тура осы жылы заң орындарының ойына қазақ қоғамы арасында саяси беделі күрт өсіп келе жатқан саяси тұлғаны тез арада қазақ облыстарынан тыс аймаққа жер аудару идеясы да келеді (Мамраев, 1997: 79-80).

Осы ойды көздеген әкімшілік басшылары оны 15 сәуірде Омбы абақтысына ауыстырып, одан ары қазақ жерінен тыс өңірге жер аударма салуды көздейді. Бірақ олардың бұл ойы іске аспай қалған еді. Өйткені Қарқаралыдан Ә.Бөкейхановты өз болысында абақтыда отырғанына қарамастан сайлаушы етіп сайлағандығы жөнінде хабар келіп жетеді.

1906 жылдың маусым айының басында Семейге жиналған 175 сайлаушы болыстан Мемлекеттік Думаға депутат етіп бірауыздан Әлихан Бөкейхановты сайлайды. Сайлау нәтижесі бұл тұлғаның қазақ қоғамы алдындағы өте жоғарғы беделінің айғағы болды. Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланған Ә.Бөкейханов кандидатурасын демократиялық ұстанымдағы Семейлік орыс зиялылары да қолдады.

Қазақ облыстарында сайлаудың кеш өткізілуіне байланысты Петербургке 11 шілде күні келіп жеткен Ә.Бөкейханов таратылған Дума жұмысына қатынаса алмайды. Жүзден астам депутаттармен бірге патша мен халыққа жолдаған «Выборг манифестінде» қол қояды. Үндеуде депутаттар үкіметке Думаны қудалады деген айып тағып (Дума депутаттарының жер мәселесін шаруалар пайдасына шешу туралы талабы үшін), халықты алым-салық төлеуден бас тартуға, әскерге жаңадан шақырылғанды жібермеуге шақырады.

Араға бір жыл салып, яғни 1908 жылғы қаңтардан бастап Ә.Бөкейханов Выбор манифестіне қол қойғаны үшін заңдар жинағының 51-бабы және 129-бабының 3-тармағының 1-бөлімі бойынша жауапқа тартылып, Петербург округтық сотының үкімімен Семей абақтысында бірнеше ай отырып шығуы міндеттенді (Семипалатинский листок, 1906: 4).

Осы жылдан бастап үкімет орындары қазақ ұлт-азаттық қозғалысын әлсірету және бастаушысыз қалдыруды көздеп оның белсенді қайраткерлерін қазақ облыстарынан тыс аудандарға жер аудару тәжірибесін қолданды. Ә.Бөкейханов Семей абақтысынан шыққаннан кейін Ресейдің Самара қаласында жандарм орындарының бақылауы астында тұруы тиіс болды. 1908-1916 жылда аралығында саяси жер аударылған және бақылаудағы адам ретінде тұруға мәжбүр болды. Самара қаласына жер аударылған мезгілде Ә.Бөкейхановты қазақ қоғамы өзінің саяси жетекшісі ретінде таныған еді. Халық арасында бұл ортақ пікірді кезінде дәл білдірген Бақытжан Қаратаев болды. Ол

1910 жылы 30 қыркүйекте Орал қаласынан Ә.Бөкейханов атына жолдаған хатында: «Меніңше, жалғыз сен ғана халықтың ықыласына лайықсың. Жалғыз сен ғана халқым үшін қызмет жасадым деп айтуға хақылысың», - деп жазды (Алаш қозғалысы, ҚР ПА: 86-91).

Одан соң Патша үкіметі тек қана бір адаммен шектеліп қалмау керек екендігін түйсінеді. Өйткені, біріншіден қазақ халқының рухы бір адаммен жаси қоймайды, екіншіден, қудалау көп адамды қамтуы тиіс, үшіншіден, ұлт азаттық қозғалыстың өкілдерінің саяси ұстанымдары жай ғана бір сәткі көтеріліс емес, тыңғылықты дайындалған, ұзақ жоспарлы, стратегиялы мақсат екендігін түйсінді.

Келесі кезекте, Жақып Ақбаев, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Қарқаралы зиялылары тұрды және олардың үстінен материалдар жинау ісі қолға алынды.

Соның нәтижесінде 1906 жылы 4 тамызда Омбы сот палатасының отырысында Ж.Ақбаевтың «үкімет орындарына қарсы әрекет ісі» қаралды. Сот жалған көрсетулер берген куәлердің келмеуіне, ал келгендерінің бұрынғы көрсетулерінен бас тартуына байланысты айыпкерге тағылған бірде-бір кінәнің негізсіз екендігін мойындауға мәжбүр болған еді.

Семей губернаторы Тройницкий Омбыдағы бастығына жазған қатынас хатында осы сот отырысының жай-жапсары жөнінде: «Сот палатасы қырғыздардың көтеріліп кетуінен қорыққандықтан Ақбаевты ақтап шықты» - деп жазды (ҚР ОМА, 5832: 2).

Патшалық үкіметтің қылмыстық материалдар жинау үдересі шексіз және әр жақты, әр адамға қатысты болуы тиіс еді. Сондықтан, патша жандайшаптары бұл іске белсене кірісті. Ал тыңғылықты іс атқарғанда, патша билігі тарапынан мадақталып та отырылды. Кей сәттерде, сот ісі ақталып шығатын қазақ зиялыларын сезген сәтте, оларға әр түрлі жала жабуларды да оңай пайдаланып келді.

Семей облысындағы саяси белсенділік танытқан қазақ зиялыларын қудалау ісі облысқа 1908 жылы әскери губернатор қызметіне А.П.Тройницкий келгеннен кейін уақытша ушыға түсті. Өзінің реакциялық іс-әрекеттерімен прогрессивті көзқарастағы орыс қоғамына да жексұрын көрінген Тройницкийдің Семейге келген бетте қолға алған істерінің бірі түрлі лас жолдармен қазақ зиялыларының үстінен материал жинау болды. Сол жиналған материалды негізге ала отырып, ол 1908 жылы 17 қарашада дала облыстары генерал-губернаторына құпия қатынас хат жазып онда Ж.Ақбаевқа бірнеше айып тақты. Олардың мазмұны қысқаша мынаған сайды: 1) 1905 жылы 15 қарашада Қарқаралы да өткен митингте басым бөлігі қазақтар мен татарлар болған тобырды орыс билігіне бағынбауға шақырып, патша ендігі уақытта патша емес біздің құлымыз, бостандықты патша өз еркімен берген жоқ, одан халық тартып алды! деген сөздер айтқан, халықты алым салықты төлеуден бас тартуға шақырған; 2) 1907 жылы маусымда қоянды жәрмеңкесі переселен учаскілер дайындайтын комиссиялар мәжілісі үстіне рұқсатсыз кіріп келіп қазақтар Мемлекеттік Думаның арнайы ұйғарымынсыз бір тұтамдай жер бермейтіндігін, қажет болса жерін қорғап өлуге даяр екендігін айтып, комиссия төрағасын қорлаған; 3) Петербург университетінің профессоры Петражицкийге жазған хатында өзінің қазақтарға ықпал жасап, орыс билігіне қарсы қарулы көтеріліс даярлағанын айтқан; 4) Басқа қазақтармен бірге орыс патшалығының құрамынан кету жолдарын талқылап сөйтіп сеператистік пиғыл тудырған. 5) Бөкейхановқа беру үшін қазақтардан қаржы жинаған т.с.с. (ҚР ОМА, 5832: 1-6).

Ақбаев атына осындай айыптар тағып және өзінде бар фактілермен дәлелдегенсіп, Тройницкий бұндай әрекеттердің қазақ даласында орыс билігінің қадірін түсіндірмесе көтеріліс екендігін таусыла айтып, генерал-губернатордан Дала Ережесінің 17-бабына сай Ж.Ақбаевты Сібір өлкесінің бір алыс түкпіріне жер аударуды қиыла өтінеді.

Дала облыстары генерал-губернаторы Е.О. Шмит Тройницкийдің ұсынысын қабыл алып 1908 жылғы 4 желтоқсанда Ішкі істер министріне жолдаған №99 өтініш хатында «егер Ақбаевты Семей облысынан тағыда сол қоныстанған Ақмола облысына жер аударған деп қанағаттансақ, онда ол отандастарына ықпал ету арқылы өзінің зиянды әрекеттерін жалғастыра бермек, сондықтанда ереженің 32-36 – баптарына сәйкес полиция бақылауында бес жылға Якут облысына жер аударуды» сұрайды (ҚР ОММ, 5832: 12).

Ж. Ақбаев ісін Ереженің 34-бабына сәйкес құрылған Ерекше Кеңес қараған соң, Ішкі істер министрі 1909 жылы 2 қаңтарда «Ақбаев астанадан, губерния және Дала генерал-губернатырлығы орталықтарынан басқа, өзі қалаған жерге 1908 жылы 22 желтоқсаннан бастап санағанда екі жылға жер аударылып, ашық полиция бақылауына бағындырылсын» деген үкім шығарылады (ҚР ОМА, 5832: 17).

Бұл уақытта губернатар Тройницкий министрдің шешімін күтпей-ақ желтоқсанның орта тұсында полиция орындарына бұйрық беріп ауру Ақбаевты тұтқынға алады. 1909 жылдың қаңтарының басында Қарқаралы уезінің ақсақал, би, старшын және болыс басқарушылардың үлкен тобы «Ақбаевтың жазалану себебі мүлдем түсініксіз», деп тауып, сондықтан да оны абақтыдан босатуды талап етіп генерал губернатор Шмитке хат жөнелтеді (ҚР ОММ, 5832: 22).

Шамамен осы мазмұндағы өтініш Ақбаевтың отбасынан да түседі. Бірақ бұл өтініштер қабылданбайды. 1909 жылы наурыз айында Ж. Ақбаев Жетісу облысындағы Қапал қаласын тандап, тиесілі мерзімін сонда өтеуге аттанады (ҚР ОМА, 5832: 15-17).

Ж. Ақбаев ісімен бір мезгілде Омбыдағы генерал-губернатор кеңсесі 1905 жылғы оқиғаларға белсенді ат салысқан басқа зиялы қауым өкілдерін тексеру ісін қолға алады. 1909 жылдың қыркүйегінде Омбы жандарм басқармасына Өскемен уезінің бірінші учаскі дәрігері И.И. Всоцкийдің, Қарқаралыдағы 2 кластық училищесінің меңгерушісі А. Байтұрсынұлының, Өскемен қаласының бұрынғы старостасы О. Костюриннің, Өскемен уездік крестьян бастықтары съезінде төрағалық жасаушы И.М. Петржевичтің және Қарқаралы қаласының дәрігері С.И. Богуславскийдің саяси сенімділіктері жөнінде мәлімет беруді тапсырады (ҚР ОМА, 5832: 1).

Жандарм мекемесі бастығының көмекшісі сол жылғы 26 қыркүйекте берген жауабында дәрігер Богуславский мен Байтұрсынұлының Ақбаев ісіне қатысты болғандығын, сол үшін генерал-губернатор Сухотиннің бұйрығымен Бохуславскийдің Қарқаралыдан басқа жаққа жер аударылғанын, дәрігер Всоцкиймен болған әңгімеде оның «азаттық қозғалысқа іш тарта» қарайтындығын білдіргенін, «Семей уезі бастығымен болған әңгімеде уездегі сот төрағасы Зуевтің де қырғыздардың азаттық қозғалысына жанашырлық танытқанын жазады».

Жандарм басқармасы бастығының көмекшісі бұл берілген мәліметіне бұрын саяси қуғындалған Орест Костюрин туралы 1905 жылы желтоқсанда жазған анықтамасын қоса тіркеп, онда 17 қазан манифесін халыққа түсіндіру барысында Костюриннің шаруалардың тым көп салық төлеп ауқаттылар тарапынан қанауға ұшырап отырғандығын, жердің шын мәніндегі иесі солар екендігін айтып, халыққа үкімет алдына әлеуметтік талаптар қоюға шақырғанын жазады.

Ж. Ақбаев біз жоғарыда келтірген сенатор Паленге жазған арыз хатында тура осы мезгілде үкімет орындарының дала облыстарында дәрігерлік, мұғалімдік және басқа қызметте жүрген поляк саяси қуғындары үсінен түрлі материалдар жинақтағанын көрсетеді (ҚР ОМА, 5832: 2-3).

1909 жылы мамыр айында құпия тыңшылар, яғни уез бастығының көмекшісі Солотич пен Қарқаралы тұрғыны Т.Шыңғысовтың көрсетулерін негізге ала отырып, губернатор Тройницкий Округтік оқу бөлімінің меңгерушісі А.Е.Алекторовтың А.Байтұрсынұлын қызметінен босатуды талап етеді. Қызметтен босатылған Байтұрсынұлы Омбыға Алекторовқа аттанады. Істің жағдайын түсінген соң Алекторов Байтұрсынұлына өз қызметін қайтарып беруге уәде етеді. Мұны естіген Тройницкий 1 шілдеде Байтұрсынұлының үйінде тінту жүргізіп, өзін тұтқынға алады (ҚР ОМА, 5832: 181).

Губернатор Тройницкий мен ерекше тапсырмалар бойынша шенеунік Третьяков 1909 жылы 13 қыркүйекте Омбыдағы далалық облыстар генерал-губернаторлар қызметін атқарушы генерал-лейтенант Тихменевтің сұрауына берген жауабында Байтұрсынұвтың тұтқынға алыну себебін былайша түсіндіреді: «...Байтұрсынұв Қарқаралы уезіндегі қырғыздар арасында сеперативтік рухтағы насихат жүргізген және Семей облысынан тыс өлкеге жер аударылған Жақып Ақбаевты қайтару туралы арыз ұйымдастырған. Уезд бастықтарының тергеуінде болған адамдардың көрсетуіне қарағанда, ол жүргізген насихаттың мазмұны біріншіден қырғыз жұртының арасында өзін-өзі автономиялық басқару идеясын тарату, ал белсенді әрекеттерге көше қалған күнде орыс билігінен қорықпау, өйткені Қытай мен Ауғанстан оларға көмек көрсетуге даяр... сияқты ойларға

сайса, екіншіден алым-салықты төлемеу және орыстар мен қырғыздар арасында өшпенділікті қоздыру болды». (ҚР ОМА, 5832: 81-82).

Жоғары мансапты шенеуніктер одан ары «Байтұрсынов ісінің соншалық маңызды болуына байланысты, оны әзірге қамаудан босату тіпті де мүмкін еместігін айтып, былайша негіздейді: «Қарқаралы уезінде орыс шаруаларын әкеліп қоныстандыру әлі бастала қоймаса да Ақбаев, Байтұрсынов және олардың құпия серіктерінің үкімет саясатына қарсы жүргізген зиянды қызметінің салдарынан бұл уез қырғыздары арасында орыстарға деген өте үлкен жаугершілік пиғыл байқалып отыр».

Ақбаев сияқты Байтұрсынұлының кінәлі екеніне әбден сенімді болған губернатор Тройницкий тергеу жұмысын аяқтауға асықпады. Байтұрсынұлы сияқты тұтқынды ешқандай жауап алусыз бірнеше ай абақтыда ұстау оған біріншіден тұтқынның сағын сындыру үшін керек болса, екіншіден сыртта бостандықта жүрген пікірлес отандастарына отаршыл биліктің күшін, мүмкіншілігін көрсету еді.

Тағы да архив материалдарына сүйенсек, 1909 жылдың екінші жартысында ешқандай да тергеусіз абақтыда отырған Байтұрсыновтың жағдайына анықтық енгізу мақсатында оның жақын туыстары достары біраз шараларды іске асырды. Осы жылдың 5 тамызында Байтұрсынұлының жары Бәдрисафа Байтұрсынова далалық облыстардың генерал-губернаторларына «белгісіз себептермен абақтыға жабылған» күйеуінің ісі бойынша тергеу жұмысын тездетіп, оның кінәлі екендігі дәлелденбеген жағдайда босатуын өтініп арыз жазады. Мұндай арыздағы өтініш қабыл алмау орыс әкімшілік орындарына тән құбылыс еді.

Петербургтегі Ғылым академиясы баспасынан «Қырық мысал» атты кітабы жарық көргеннен ақын және ағартушының абақтыда тергеусіз біраз уақыттан бері жатқан хабары астанадағы прогресшіл пікірдегі зиялыларға да жетеді. Соның бірден-бір көрінісі Петербургте шығатын «Современное слово» газетінде «Киргизский народный поэт в тюрьме» атты мақаласының жарық көруі болатын. Мақалада Байтұрсынұлының абақтыға жабылу себептерінің қатарында «ол басқаратын мектепте орыс оқушыларының болмауы, 1905 жылы қазақтар патшаға тапсырған арыз-шағымды жазуға қатысқаны, орыс-жапон соғысы тұсында патриоттық пиғыл танытпағаны» аталады (ҚР ОМА, 5832: 28).

1910 жылы 4 ақпанда далалық облыстар генерал-губернаторның міндетін атқарушы генерал-лейтенант Тихменев Ішкі істер министріне Байтұрсынұлы ісіне байланысты есеп беріп, оған қандай айып тағылғаны толық баяндалады. Сот құжатының бұл бөлігін Байтұрсынов емес, жалпы қазақ саяси қайраткерлерінің бұдан былайғы өмір жолына тікелей қатынасы болғандықтан оны түпнұсқа тілінде толық келтіруді қажет деп таптық. Сонымен, Тихменев хатында былай деп көрсетеді:

«Названный Байтурсунов ранее заведывал Каркаралинским русско-киргизским училищем и был уволен от службы Попечителем учебного округа по настоянию Семипалатинского Губернатора за политическую неблагонадежность и агитацию, беспорядок в училище и совершенное отсутствие в нем русских учеников. Показаниями целого ряда свидетелей Байтурсунов обвиняется в том: 1) что он, в разное время, начиная с 1905 г., как в г. Каркаралах у себя на квартире, так и при разъездах по аульным школам в уезде и при всяком подходящем случае, неоднократно говорил киргизам: а) что податей платить не следует, б) что киргизы ни в коем случае не должны переходить на крестьянское положение, так как тогда с них будут брать по 10 руб. подати с души, заставляя отбывать их воинскую повинность и переведут в русскую веру, а если насильно отберут от них землю, то Байтурсунов рекомендовал укочевать в Китай, в) что повиноваться начальству не следует, г) что русский царь в настоящее время обессилен и управлять не может, а киргизы, что захотят, то и возьмут (показание Амантая Ажанбаева, Темиргалия Бесекова, Шаина Кулатаева); 2) что распространял среди киргиз преступного рода воззвания; 3) что внушал волостным управителям не собирать недоимки, указывая им на то, что в России за крестьянами целые миллионы недоимок, и что им за это ничего не делают и 4) что поручил Кентскому волостному управителю Карыбаю Матаеву произвести в пользу Алихана Букейханова денежный сбор на предмет издания последним газеты противоправительственного направления» (ҚР ОМА, 5832: 209-211).

Генерал Тихменев министр атына жолдаған осы хатында Қарқаралы уезіндегі қазақтар арасында үгіт-насихат жүргізуде кінәсі Байтұрсыновтың кем емес деген бірнеше адамның атын айтады. Олар Әлихан Бөкейхановтың інісі Смахан Бөкейханов, Жақып Ақбаевтың інісі Ыбырай Ақбаев, Қу болысының бұрынғы меңгерушісі Хасен Ақаев, Қарқаралыдағы емхананың фельдшері Ахмет Райымбеков, ауыл метебінің мұғалімі Смайл Байтенов және Қарқаралыдағы орыс-қырғыз училищесінің оқушысы Асылбек Сүлейменов еді. Қатынаста бұл аталған кісілердің бәрі де қырғыздарды салық төлемеуге, билік орындарына бағынбауға және қоныс аударушыларға жерін бермеуге үгіттеді деп көрсетіледі. Бұл тізімнің ішіндегі Асылбек Сүлейменов 15 жасар бала болатын. Оған тағылған айып - Байтұрсыновтың өлеңдерін жатқа білетіндігінде еді.

Қарқаралы зиялыларының ісі 1910 жылы ақпанда Ішкі істер министірлігінің Ерекше Кеңесінде қаралып 19 ақпанда Омбыдағы генерал-губернатор кеңесінде «А. Байтұрсыновқа екі жылға Дала өлкесінде, Жетісу және Торғай облыстарында тұруға тыйым салынады деген министрдің бұйрығы келеді. Бұл хабардың артын ала Қарқаралы уезінің жоғарыда аталған жеті азаматы, Смахан Бөкейханов, Ыбырай Ақбаев, Хасен Ақаев, Ахмет Райымбеков, Бодаубек Райымбеков, Асылбек Сүлейменов және Смайл Байтеновтердің Том губерниясы Барнаул қаласына екі жылға жер аударылатындығы туралы министрдің шешімі келіп жетеді». А.Байтұрсынов министрдің бұйрығынан соң екі жылға тұруға өз еркімен Орынбор қаласын таңдап алады (ҚР ОМА, 5832: 81,82,90,147).

Соңғы жетеуінің мерзімінен ерте елге оралуына себепші болған Сібір губернияларынан Мемлекеттік Думаға мүше болып сайланған Михаил Александрович Дзюбинский мен Николай Лукич Скалозубовтың еңбегі екенін атап айтқан жөн.

Қазақ елінің қоғамдық өмірінің ең зәру қоғамдық мәселелері жазылған М.Дулатұлының «Оян, қазақ!» кітабын халық арасында кең насихаттауда белсенділік танытқаны үшін Ақтөбе қалалық мешітінің молдасы Омар Абдулбаниевтің үйіне тінту жұмыстарын жүргізеді. Омар молданың үстінен бақылау орнатқан жандарм орындары оның «мұсылман жұрттарын ұлтына бөлмей, бәріне ортақ түркі тіліне көшуді насихаттайтындығын» айтып, оның Верный қаласындағы саясаттағы досы, мұғалім Әбдірахман Сағдеев деген кісімен хат алысып тұратындығын анықтаған.

Ақмола губернаторының нұсқауы бойынша мұсылман жұрттарының арасында қылмысы басылым «Оян, қазақты» таратып, қылмысты іс жасағаны үшін Ақмола қаласындағы 2 үлкен мешіттің имамы Хаджитулла Хаким, Даут Махмұтовтан жауап алынып, имамның онай іспен айналысқаны дәлелденген соң, ол қызметінен қуылып, Дала Ережесінің 34-бабына сәйкес дала облыстарынан тыс өңірлерге үш жылға жер аударылған.

М. Дулатұлының сыртынан жандармдық бақылау қойылып, оның қылмыстық ісін дайындау бұдан бұрын Ж.Ақбаев пен А.Байтұрсыновтың тергеу ісін жүргізген Омбы жандарм бақармасы бастығының көмекшісі ротмистр Леваневскийге жүктеледі.

Ротмистр Леваневский 1911 жылы 15 маусымда Семей губернаторына жолдаған қатынас хатында М.Дулатұлы үстінен Қылмыс кодексінің 129-бабының б-тармағы бойынша іс қозғағандығы жөнінде мәлімдейді. «Оян, қазақтың» орыс тіліне аударылғанын және оның көптеген даналарының ел арасына тез арада тарап кеткенін айта келіп, «Өлеңмен жақсы тілде, шебер жазылған «Оян, қазақ!» тіптен аударма түрінде-ақ айтарлықтай әсер қалдырады, ал өзінің мазмұны жағынан орыс үкіметінің қырғыздарға қатысты бүгінгі саясатына наразылық туғызуды көздейді» деп көрсетеді.

Өз ретінде Семей губернаторы Дала облыстары генерал-губернаторына жолдаған хатында «Оян, қазақтың» аудармасын ұсынып, қазақ жұртының белгілі-бір бөлігінің орыс билігі мен орыс жұртына қатынасын білдіретін бұл кітапшаны оқып шығуын өтінеді.

Семей округтік соты қылмысты істер заңының 129-бабының б-тармағы бойынша М.Дулатұлын қылмысты деп тауып 1 жылға абақтыға жабу туралы үкім шығарады. М.Дулатұлының абақтыға жабылғандығынан хабардар азаттық қозғалысының өкілдері оған араша түсу әрекетін жасайды. Бөгелі болысынан Сман Бегімбетов пен Абралы болысынан Белгібай Алдабергенов залогқа екі мың сом ақша төлеп, М.Дулатұлын абақтыдан шығарып алады. Бірақ губернатор Тройницкийдің бұйрығымен ол қайтадан Семей абақтысына жабылады.

Отаршыл әкімшіліктің қазақ зиялыларының қарсылығын басу саясаты осы аталған зиялылармен шектеліп қадмады. Зайсан уезінің мұғалімі Отыншы Әлжановты түрлі жалалар жауып, алдымен Семей абақтысына жауып кейін, Жетісудағы Лепсі қаласына жер аударды (Дулатұлы, 1991:294).

1910 жылы университетті жаңа бітіріп келіп, қызметке орналасқан заңгер Жаһанша Досмұхамедовты генерал-губернатор «Уральский листок» газетінде жер мәселесіне байланысты жариялаған мақаласы үшін Орал облысында тұруға тыйым салынды (ҚР ҰҚКА, 2370: 394).

1900-1911 жылдар аралығындағы ұлт зиялыларын осындай қудалау дәл осындай мотивпен кейіннен де жалғаса түсті. Алайда, оны екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Қазақ төңкерісіне дейін Патша Үкіметінің қудалау саясаты және Қазақ төңкерісінен кейінгі Кеңес үкіметінің қудалау саясаты. Бірақ екеуінің арасында ақпан төңкерісіндегі уақытша үкімет орнаған еді. Қазақ зиялылары патша үкіметінің қудалау саясатынан түңіліп, ақпан төңкерісі орнаған сәтте де үміттері жылт еткен болатын, дегенмен, бұл үміт те ақталмады және уақытша үкімет ұзаққа созылмады.

Дегенмен, патша үкіметі қазақ халқының рухын жасыта алмады. Қуғындауға ұшырамаған қазақ зиялылары өздерінің ұлт азаттық күресін бейбіт жолмен, ұлттық идеологияны насихаттау жолымен жалғастыра берді. Абақтыға жабылғандар мен жер аударылған қазақ зиялыларына қайтып оралар, ақталар деген үмітпен оларды асыға күтті.

Сонымен қатар, тек мүдде жолында ғана емес, бір-бірімен достық қарым-қатынаста болған қазақ зиялылары қудалауға ұшырағандарға қол ұшын созумен болды. Олардың отбасына көмектесіп қана қоймай, жоғары биліктен оларды ақтап алуды сұрады. Бірақ көп жағдайда бұл өтініштер билік тарапынан қабылданбады.

Қазан төңкерісі орнаған сәтте де қазақ халқында болашаққа деген үміт ояны, оған кейбір қазақ зиялылары да сенді. Түркістен автономия Республикасын, Алашорда үкіметін құруға жаңа мүмкіндіктер ашылды деп есептеп, ұлттық рухы жасымай, батыл қадамдарға да бара барды.

Бұл үміт те ақталмады. Қуғындау саясаты жалғаса түсіп, ақыры 1937-1938 жылдары қазақ зиялылары түгелге жуық қуғындауға ұшырап, жер аударылған, абақтыға жабылғандардың мерзімі аяқталса да, олар белгісіз кінә тағулармен ату жазасына кесілді немесе хабар ошарсыз жоғалды. Бұл да кейіннен халық жадында патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының жалғасы іспеттес сияқты болып сақталып қалды. Мұстафа Шоқай сынды кейбір зиялылар шет елдерге барып паналады, қазақтың дәулеттірек адамдары Кеңес үкіметінің де қитұрқы саясатын сезіп, жан-жаққа бас сауғалап кетті. Кеңес үкіметінің де қудалау саясатына ұшырағандардың кейбірі қолына қару алып, оларға қарсы соғысты, ел кезіп жүріп, қол жинады, «банды» атанып, ақыры барлық көтерілістер де сәтсіздікпен аяқтады.

1937 жылғы репрессия мен аштық тек қазақ зиялыларының өздерін ғана емес, тұтастай туысқандары мен отбасына да нәубет алып келді. Сонымен қатар, бұқара халықтың басына да ауыр күн туып, олар жаппай аштан қырылды. Себебі, Кеңес үкіметінің отаршылдық саясатының астарында қазақ зиялысын тұқымымен құрту саясаты жатты. Өйткені, зиялылық пен таланттың, тұлғалық пен өрліктің ген арқылы берілетіндігін түйсінген отарлаушы жақ олардың ұрпақтарынан да секем алды. Нақтырақ айтқанда, қазақ халқы ішінен зиялы қауым өкілдері ешқашан да шықпау керек еді. Өйткені, зиялысынан айырылған халықты тобыр деп есептеп, өздерінің отаршылдық саясатын жүргізе берулеріне қолайлы деп санап, бірте-бірте қазақ халқын жер бетінен түбегейлі құртып жіберуді ойлаған Голощекиннің саясаты осылай еді.

Дін жолымен, яғни, мұсылмандық бойынша бірікен топтар, Думадағы фракциялар да жеңіліске ұшырады. Кеңес үкіметі дін жолындағы ишан-молдаларды да қуғындауға көшті, оларды ескіліктің сарқыншағы деп бағалады және халыққа теріс үгіт-насихат жүргізіп жүр деген желеумен жоқ қылуға тырысты.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, Қазақ халқының отаршылдық саясатқа деген қарсы күресінің жалғасын табуы, сонымен қатар ту етіп ұстаған ұлтшылдық идеясының тарихи-әлеуметтік және саяси-философиялық астарлары зерделенді. Ұлттық идеяның сол дәуірдегі орындалуы тиіс мақсаттары сараланды және 1901-1911 жылдардағы қазақ зиялыларының жан қияр еңбектері мен

батылдығы туралы сөз қозғалды. Сонымен қатар, қазақ зиялыларының болмысы сол дәуірдегі саяси-әлеуметтік жағдайлармен байланыстырыла қарастырылды.

Олардың қойған негізгі мақсаттары халықты сауаттандыру мен жаппай ағартушылықты енгізу саясатының қалай жүзеге асқандығы, оған патшалық Ресейдің қалай араласқандығы баяндалды. Одан соң, монархиялық Ресейдің ұлт зиялыларын қуғындау саясаты басталып, қалай жалғасын тауып отырғандығына саяси-тарихи талдаулар жасалды. Нәтижесінде, ұлттық рухтың өміршеңдігі мен ұлт зиялыларының қайтпас қайсарлығы, ел мен жер үшін өз бастарын құрбан еткен ерліктері көрсетілді.

Ұлт зиялыларының тағы бір ерекшелігі алыс перспективті болашақты көре білуі мен Қазақстанның толыққанды мемлекет болуының айқын стратегиясын құруға деген ұмтылысы еді. «Егер олар тірі болғанда» деп модельдесек, қазіргі таңда халықаралық сахнада өзіндік орны бар өркениетті елдердің алдыңғы қатарынан орын алуы әбден ықтимал еді.

### Әдебиеттер мен деректер тізімі

- Әбдиманұлы Ө. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Оқулық. – Алматы, 2012. – 408 б.
- Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
- Брайнин С., Шафира Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. Под ред. Н.Н. Ванаг. Алма-Ата – Москва, 1935. – 235с.
- Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – 479 б.
- Букейханов А. Выборы в Степном крае // «Семипалатинские ведомости (не официальная часть областных ведомостей). – 1906. – №32. – С.4.
- Дәуренбек Әубәкір. Жаһандану және ұлттық идея (үштағанды философиялық тұғырнама) // Тіл және қоғам. – 2005. – №2. – 54-58 бб.
- Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2001. – 294 б.
- Дулатов М. Оян, Қазақ өлеңі. 2013.09.04 <https://surak.baribar.kz/286115/> [Электронды ресурс: 13.02.2018] (Қаралған уақыты: 13.12.2021)
- Дулатұлы Міржақып. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Мектеп, 2013 – Т. 1. Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер . – 368 б. [In kazakh]
- Есім Ғарифолла. Қазақ Ренессансы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 98 б.
- Қазақ зиялыларының ең басты сіңірген еңбегі//[https://vk.com/wall-110899095\\_66647](https://vk.com/wall-110899095_66647) [Электронды ресурс: 13.02.2018] (Қаралған уақыты: 13.12.2021)
- Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін 5 томдық. – Т. 3. – Алматы: Атамұра, 1996. – 388 б.
- Б. Қаратаевтың Ә. Бөкейхановқа жолдаған хаты. Алаш қозғалысы // Құжаттар мен материалдар жинағы. – Т. 1. – 86-91 б.
- Қозыбаев И.М. Историография Казахстана: уроки истории. – Алматы: Жалын, 1990.-281б.
- ҚР ОМА, 64-қ., 1-т., 5832-іс, 2-п.
- ҚР ОМА, 64-қ. 1-т., 5832-іс, 1-6-п.
- ҚР ОМА, 64-қ. 1-т., 5832-іс, 12 об-п.
- ҚР ОМА, 64-қ. 1-т., 5832-іс, 17-п.
- ҚР ОМА, 64-қ. 1-т., 5832-іс, 22-п.
- ҚР ОМА, 64-қ. 1-т., 5832-іс, 15-17-п.
- ҚР ОМА, 64 қ., 5847-іс, 1-п.
- ҚР ОМА, 64-қ. 1-т., 5832-іс, 2-3-п.
- ҚР ОМА, 64-қ., 1-т., 5832-іс, 181-об-п.).
- ҚР ОМА, 64-қ. 1-т., 5832-іс, 55-56-п. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы, 1 Т. – 81-82бб.
- ҚР ОМА, 64-қ. 1-т., 5832-іс, 28-п.
- ҚР ОМА, 64-қ. 1-т., 5832-іс, 209-211-п.
- ҚР ОМА, 64-қ. 1-т., 5832-іс, 81,82,90,147-п.



ҚР ҰҚКА, 2370-іс, арх. №6610, 2-т., 394-п.

Мамраев А.К. Общественно-политическое развитие Казахстана начала XX века и Алихан Бокейханов. Дисс. кандидат исторических наук – Алматы, 1997. – 123 с. – С.79-80.

Нуржанов Б.Г. О национальной идее. К постановке проблемы // ҚАЗҰУ хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. – Алматы, 2009. – №1 (32). – 142-145с.

Пясковский А.В. Революция 1905-1907 гг. В Туркестане. Революция 1905-1907 гг. В национальных районах России. – М., 1955. – С. 567-660.

Салықбай Ә. Қазақстанға ұлттық идеология қажет емес пе? // Қазақ тарихы. – 2008. -№2. – 9-12 бб.

Сафаров Г. Колониальная революция (опыт Туркестана). – Москва, 1921. – 154 с.

Сейдімбек А. Ұлттық идея // Қазақ әдебиеті. – 15 тамыз. – 2008. – 7 б.

«Семипалатинский листок». – 1906. – 9 ноябрь; «Қазақ», 1915. – №105. – 4 б.

Смайыл А. Ұлттық идея ұстыны: Ұлттық идеяның негізгі нысанасы, міндеті туралы // Егемен Қазақстан газеті. – 2006. – 25 қаңтар (№20/23). – 4 б.

Танжаров М., Аташ Б. Қазақ спортындағы ұлттық идея. – Алматы: Сагауидтинов, 2013. – 185 б.

Тұрсынбаев А.Б. Казахский аул в трех революциях. – Алма-Ата, 1967. – 102 с.

Тілешов Е. Алаштың жолы // Алаш-таным. – 2014. – 2 13 б.

Якунин А.Ф. Революция 1905-1907 гг.в Казахстане. – Москва, – 661-714 бб.

### References

Abdimanyly O. XX gasyr basyndagy kazakh adebieti [Kazakh literature of the beginning of the XX century]. Ogulyk. – Almaty, 2012. – 408 b. [In Kazakh]

Baitursynov A. Shygarmalary: Olender, audarmalar, zertteuler [Works: Poems, translations, research]. – Almaty: Zhazushy, 1989. – 320 b. [In Kazakh]

Brainin S. Shafiro Sh. Ocherki po istorii Alash-Ordya [Essays on the history of Alash-Orda]. Pod red. N.N. Vanag. – Alma-Ata-Moskva, 1935. – 235 s. [In Russian]

Bokeihanov A. Tandamaly [Selected works]. – Almaty: «Kazakh encziklopediyasy», 1995. – 479 b [In Kazakh]

Bukeihanov A. Vybory v Stepnom krae [Elections in the Steppe Region] //«Semipalatinskie vedmosti (ne oficialnaya chast oblastnyh vedmostei. – 1906. – N 32. – S. 4 [In Russian]

Daurenbek Aubakir. Zhahandanu zhane ulttyk ideya (ushtagandy filosofiyalyk tygyrnama) [Globalization and national idea (trilingual philosophical platform)] // Til zhane kogam. – 2005. – N 2. – 54-58 bb. [In Kazakh]

Dulatov M. Shygarmalary [Works]. – Almaty: Zhazushy, 2001. – 294 b [In Kazakh]

Dulatov M. Oyan, Kazakh oleni [Wake up, Kazakh poem] // 2013.09.04 <https://surak.baribar.kz/286115/> [Elektrondy resurs: 13.02.2018] (Karalghan uakyty: 13.12.2021) [In Kazakh]

Dulatuly Mirzhakyp. Alty tomdyk shygarmalar zhinagy [Collection of works in six volumes]. – Almaty: Mektep, 2013. – T. 1. Olender, roman, pesa, angimeler. – 368 b. [In Kazakh]

Esim Garifolla. Kazakh Renessansy [Kazakh Renaissance]. – Almaty: Kazak universiteti, 2006. – 98 b. [In Kazakh]

Kazak ziyalylarynyn en basty sinirgen enbegi [The main merit of the Kazakh intelligentsia] // [https://vk.com/wall-110899095\\_66647](https://vk.com/wall-110899095_66647) [Elektrondy resurs: 13.02.2018] (Karalghan uakyty: 13.12.2021) [In Kazakh]

Kazak SSR tarihy. Kone zamannan byginge dejin 5 tomdyk [History of the Kazakh SSR. From ancient times to the present day in 5 volumes]. – T. 3. – Almaty: Atamyra, 1996. – 388 b. [In Kazakh]

B. Karataevtyyn A. Bokeihanovka zholdagan khaty. [Letter of B. Karatayev to A. Bukeikhanov.] Alash kozgalysy // kuzhattar men materialdar zhinagy. – T. 1. – 86-91 b. [In Kazakh]

Kozybaev I.M. Istoriografiya Kazakhstana: uroki istorii [Historiography of Kazakhstan: history lessons]. – Almaty: Zhalyyn, 1990. – 281 b. [In Russian]

KR OMA, 64-k., 1-t., 5832-іс, 2-р.

- KR OMA, 64-k. 1-t., 5832-is, 1-6-p.  
KR OMA, 64-k. 1-t., 5832-is, 12 ob-p.  
KR OMA, 64-k. 1-t., 5832-is, 17-p.  
KR OMA, 64-k. 1-t., 5832-is, 22-p.  
KR OMA, 64-k. 1-t., 5832-is, 15-17-p.  
KR OMA, 64 k., 5847-i`s, 1-p.  
KR OMA, 64-k. 1-t., 5832-is, 2-3-p.  
KR OMA, 64-k., 1-t., 5832-is, 181-ob-p.  
KR OMA, 64-k. 1-t., 5832-is, 55-56-p, Alash kozgalysy [Alash movement]. Kuzhattar men materialdar zhinagy, 1 T.- 81-82 bb. [In Kazakh]  
KR OMA, 64-k. 1-t., 5832-is, 28-p  
KR OMA, 64-k. 1-t., 5832-is, 209-211-p  
KR OMA, 64-k. 1-t., 5832-i`s, 81, 82, 90, 147-p  
KR YKKA, 2370-is, arkh. N 6610, 2-t., 394-p.  
Mamraev A.K. Obshhestvenno-politicheskoe razvitie Kazakhstana nachala XX veka Alikhan Bokeihanov [Socio-political development of Kazakhstan at the beginning of the twentieth century and Alikhan Bokeikhanov]. Diss.k.i.n. – Almaty, 1997. – 123 s. – S. 79-80 [In Russian]  
Nurzhanov B.G. O natsionalnoi idee. K postanovke problemy [About the national idea. To the problem statement] // KAZYU khabarshysy. Filosofiya, madeniettanu, sayasattanu seriyasy. – Almaty, 2009. – № 1 (32). – 142-145 s. [In Russian]  
Pyaskovskii A.V. Revolyucziya 1905-1907 gg. v Turkestane [The Revolution of 1905-1907 In Turkestan]. Revolyucziya 1905-1907 gg. V natsionalny khrajonakh Rossii. – M., 1955. – S. 567-660 [In Russian]  
Salykbai A. Kazahstanga yltytk ideologiya kazhet emes pe? [Does Kazakhstan not need a national ideology?] // Kazak tarihy. – 2008. – № 2. – 9-12 bb. [In Kazakh]  
Safarov G. Kolonialnaya revolyucziya (opyt Turkestana) [Colonial Revolution (Turkestan experience)]. – Moskva, 1921. – 154 s. [In Russian]  
Seidimbek A. Yltytk ideya [National idea] // Kazakh adabiet. – 15 tamyz. – 2008. – 7 b [In Kazakh]  
«Semipalatinskii listok» ["Semipalatinsk leaflet"]. – 1906, 9 noyabr [In Russian]  
Smayl A. Ultytk ideya ystyny Ultytk ideyanyn negizgi nysanasy, mindeti turaly [National idea: about the main object, objectives of the National idea] // Egemen Kazakhstan gazet. – 2006. – 25 kantar №20/23. – 4 b [In Kazakh]  
Tanzharov M, Atash B. Kazak sportyndagy ultytk ideya [National idea in Kazakh sports]. – Almaty: Sagaidtinov, 2013. – 185 b. [In Kazakh]  
Tursynbaev A.B. Kazakhskii aul v trekh revolyucziyakh [Kazakh village in three revolutions]. – Alma-Ata, 1967. – 102 s. [In Russian]  
Tilshov E. Alashtyn zholy // Alash-tanym [The way of Alash]. – 2014. – 213 b. [In Kazakh]  
Yakunin A.F. Revolyucziya 1905-1907 gg.v Kazakhstane [Revolution of 1905-1907 in Kazakhstan]. – Moskva, p. 661-714 bb. [In Russian]

**МРНТИ 03.20.00**

**КАЗАХСТАН В 1901-1910 ГГ.:  
БОРЬБА С КОЛОНИАЛИЗМОМ И ВИТАЛЬНОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОГО ДУХА**

**Б.М. Аташ<sup>1\*</sup>, Б.К. Абдрасилов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Каззахский национальный университет имени аль-Фараби, Каззахстан, Алматы

<sup>2</sup>Государственный историко-культурный заповедник-музея Азрет Султана, Каззахстан, Туркестан

\*Корреспондирующий автор

E-mail: atash\_berik@mail.ru (Аташ), Beka83@inbox.ru (Абдрасилов)

**Аннотация.** В данной статье обсуждаются вопросы борьбы с проведением колониальной политики в Казахстане в начале XX века. С использованием архивных материалов были проанализированы труды наших интеллектуалов, борющихся за свободу, с политико-социальной точки зрения. Также были проанализированы идеологии гонений на представителей казахской интеллигенции, патриотов М. Жусупа, А. Байтурсынова, М. Дулатова, М. Шокая и др., а также их произведения. Проведен политический анализ деятельности Государственной Думы в России, партии большевиков, карательных отрядов, жандармерии, охарактеризовано тяжелое положение казахского народа на севере Казахстана, особенно в Каркаралинском, Семипалатинском регионе в 1901-1910 годах, карательная политика царского правительства. Кроме того, была показана просветительская деятельность казахской интеллигенции и борьба за независимость. В результате была представлена историко-социальная значимость этой борьбы, закончившейся поражением, изложены ее прогрессивные стороны.

**Ключевые слова:** Россия, царское правительство, колонизация, борьба, казахская интеллигенция, Каркаралинск, абакты, национально-освободительное движение, тюрьма, губерния, независимость.

IRSTI 03.20.00

## KAZAKHSTAN IN 1901-1910: THE STRUGGLE AGAINST COLONIALISM AND THE VITALITY OF THE NATIONAL SPIRIT

B.M. Atash<sup>1\*</sup>, B.K. Abdrasilov<sup>2</sup>

<sup>1</sup>al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Azret Sultan State Historical and Cultural Reserve-Museum, Kazakhstan, Turkestan

\*Corresponding author

E-mail: atash\_berik@mail.ru (Atash), Beka83@inbox.ru (Abdrasilov)

**Abstract.** This article discusses the issues of combating the conduct of colonial policy in Kazakhstan at the beginning of the twentieth century. Using archival materials, the works of our intellectuals fighting for freedom were analyzed from a political and social point of view. Also analyzed were the ideologies of persecution of representatives of the Kazakh intelligentsia, patriots Mashkhur Zhusup, A. Baitursynov, M. Dulatov, M. Shokai and others, as well as their works. A political analysis of the activities of the State Duma in Russia, the Bolshevik Party, punitive detachments, the gendarmerie is carried out, the plight of the Kazakh people in the north of Kazakhstan, especially in the Karkaralinsky, Semipalatinsk regions in 1901-1910, the punitive policy of the tsarist government is described. In addition, the educational activities of the Kazakh intelligentsia and the struggle for independence were shown. As a result, the historical and social significance of this struggle, which ended in defeat, was presented, and its progressive sides were outlined.

**Keywords:** Russia, tsarist government, colonization, struggle, Kazakh intelligentsia, Karkaralinsk, abaks, national liberation movement, prison, province, independence.

**Авторлар туралы мәлімет:**

<sup>1</sup>Философия ғылымдарының докторы

<sup>2</sup>Магистр

## БІЛІМ АЛУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МИГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР

Т.Қ. Мекебаев<sup>1</sup>, Ж.Б. Көшербаева<sup>1\*</sup><sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы

\* Автор-корреспондент

E-mail: tmekebaev@mail.ru (Мекебаев), zhadyra06@mail.ru (Көшербаева)

**Аңдатпа.** Мақалада жаһандану үдерісі бойынша мемлекеттің білім беру жүйесіндегі даму деңгейіне өзіндік әсерін тигізетін, ел болашағы үшін ерекше маңыздылығы бар білім алу жолындағы миграциялық үдерістердің артықшылығы мен туындатуы мүмкін қауіп-қатерлері талданады. Қазіргі жаһандану қоғамында көші-қон п үдерістері белсенді дамып келеді, оның Республиканың дамуы үшін оң және теріс салдары бар. Аталмыш мәселе аясында түсінікті қалыптастыру үшін алдымен, интеллектуалды көші-қон ұғымына жан-жақты анықтама берілген. Тарихнамалық шолу арқылы білім беру миграциясына қатысты негізгі көзқарастар айқындалып, соның нәтижесінде өзіндік тұжырым жасауға қадам жасалды. Білім саласындағы миграцияның негативті тұстарымен қатар, оның тигізер зардаптарының алдын алу мақсатында ұсыныстар да қамтып өтілген. Сонымен қатар, миграциялық өзгерістер бойынша көрсеткіштер статистикалық мәліметтер арқылы сараланып, мәселені жан-жақты ашуға талпыныс жасалынған.

**Түйін сөздер:** білім жүйесі, халықаралық серіктестік, білім алудағы миграциялық үдеріс, жастар миграциясы, білім алу сапасы, білікті маман.

**Кіріспе.** Миграциялық үдерістер әр кезде, түрлі себептермен тарихтың беттерінде үздіксіз орын алып келе жатыр. Бұл мәселе білім жүйесіне, саяси- экономикалық жағдайға, діни көзқарастар мен этникалық себептерге байланысты жүзеге асып жатқандықтан, оның себеп-салдарын зерттеу жұмыстары да өзекті болып есептелінеді.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу жұмысының тақырыбын толыққанды ашу мақсатында интеллектуалды миграция мәселесіне тоқталып өткен ғалымдардың жұмыстарына сараптама жүргізіліп, нақты көрсеткіштер арқылы тұжырымдарды бекіту үшін статистикалық мәліметтер де жұмыстың негізгі материалдары қатарына жатқызылды.

Тақырып аясындағы зерттеулермен еркін жұмыс жасау мақсатында салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы қажетті мағлұматтарды сараптауға мүмкіндік туындады. Одан бөлек, функционализм арқылы білім саласындағы миграциялық құбылыстың басқа да аспектілерге тигізер әсерін сараптауға мән берілген.

**Талқылау.** Білім жүйесіндегі миграция мәселелері XX ғасырдың ортасында АҚШ пен Ұлыбританияда зерттеле бастаған еді. Г. Биджуарт пен К. Уонг өздерінің «Шетелдік студенттердің кері миграциясы» атты мақаласында аталмыш мәселеге тоқталып өтеді (Vijwaard, 2016).

Отандық зерттеушілер арасына: А.Б. Касенова, Б.О. Жангутин (Касенова, Жангутин, 2015), Рахимбекова (Рахимбекова, 2019), С.В. Дементьева, Д.В. Полетаев (Дементьева, Полетаев, 2010) пен Е.Ю. Садовская (Садовская, 2014) және т.б. ғалымдарды қозғап отырған мәселе аясында зерттеу жүргізушілер қатарына жатқыза аламыз.

Зерттеушілер мен көптеген отандық ғалымдар білім жолындағы миграцияны көбіне «білімділер ағыны» (утечка мозгов) призмасы арқылы біржақты формада қарап келуде, ал А. Нұрмағамбетов, Л. Иватова және Л. Хасенова бұл «білімділер ағыны» түсінігімен қатар «білімділер мобильділігі» ұғымын да қолдануды ұсынады (Нұрмағамбетов және т.б., 2021).

Қазан федералдық университетінің 210 жылдық мерей тойы қарсаңында жыл сайынғы конференцияға айналатын «Көші-қон процестері: тенденциялар, сын-қатерлер, перспективалар» I Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы дайындалды.

Көші-қон мәселелерін зерттеу кең географияға ие, мақалалар жинағында Ресей ғылым академиясының Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты, Монпелье-3 университеті, Грузия техникалық университеті, Кавказ халықаралық университеті және Гори мемлекеттік білім университеті (Грузия), Украина Ұлттық ғылым академиясының Аймақтық зерттеулер институты, Украина Мемлекеттік статистика қызметінің Ұлттық статистика, есеп және аудит академиясы, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті (Қазақстан) мен т.б. зерттеу жұмыстары қамтылған.

Бұл ғылыми жинақтың материалдары жастардың көші-қоны мәселелерін ашып, аумақтардың тұрақты дамуына көші-қонның әсерін зерттейді, көші-қонды құқықтық реттеу салаларын қозғайды, көші-қон процестерінің діни аспектілерін көрсетеді, проблемаларды шешу жолдарын іздейді.

**Зерттеу нәтижелері.** Жаһанданған әлемде әрбір мемлекет дерлік көші-қон проблемаларына тап болады. Бүгінгі таңда интеллектуалдық көші-қон факторлары мен механизмдерінің мәселесі ерекше маңыздылыққа ие. Атап айтқанда, Қазақстаннан интеллектуалды көші-қон үдерістері ғылыми тұрғыданегжей -тегжейлі қарастыруды қажет етеді.

Интеллектуалды көші-қон дискурсында үш негізгі ұғым бар:

1. Мидың ағуы – бұл интеллектуалдық көші-қонмен тығыз байланысты және әдетте синоним ретінде қолданылатын термин. Аталмыш тұжырымдамадан-ақ, бұл процесс кадрларды экспорттаушы елге оның теріс салдары тұрғысынан қаралатыны түсінікті және бұл білімді және білікті мамандарға қолайлы жағдай жасай алмау, білімге мемлекеттік инвестицияның азаюы мен елдің саяси және экономикалық институттарының қабілетсіздігінің нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Интеллектуалды капиталын ысырап еткен мемлекет жоғары білікті кадрлардың жетіспеушілігін сезіне бастайды, бұл өндіріс технологиясының нашарлауына, жалпы экономиканың сапалық және сандық көрсеткіштерінің нашарлауына әкеледі. Қысқаша түсіндірер болсақ, бұл ұғым білім алуға кеткендердің елге оралмай шет елде қалу үрдісін сипаттайды.

2. Интеллектуалдық көші-қон саласында байқалатын тағы бір үрдіс – бұл «ми айналымы»: мамандар шетелде білім алады және жұмыс істейді, бірақ кәсіби деңгейін жоғарылатып, өз отанына оралады. А.Саксенян «Жаңа аргонавтар: жаһандық экономикадағы аймақтық артықшылық» атты зерттеуінде интеллектуалды көші-қонды байланыс орнатылған жүйе ретінде бірінші болып салыстырады. Зерттеушілердің пікірінше, қазіргі әлемдегі интеллектуалды ағындардың векторлары үнемі өзгеріп отырады. Көбі елден мәңгілікке кетпейді, бірақ уақытша ақша табу, кәсіби дағдыларды алу үшін өзге елде қалады, бірақ жаңа білім мен тәжірибенің бағалы қорымен оралуды жоспарлайды.

Үшінші анықтама – «мидың қалдықтары». Бұл мигрант өзінің біліктілігін сәйкес келетін жаңа орын таба алмайтынын және бұрынғы біліктілігін жоғалтып, біліктілігі төмен жұмыспен айналысуға мәжбүр болған жағдайды білдіреді.

Жалпы, басқа аймақтардан келген білім алушылардың пайда болуына орай, алғаш білім жүйесіндегі миграция мәселелері ХХ ғасырдың ортасында АҚШ пен Ұлыбританияда зерттеле бастаған еді. Кейін, елдің саяси-экономикалық тұрғыдан дамуы білім жүйесінің сапасы мен соның нәтижесінде қалыптасатын білікті кадр мамандарына да тәуелді екендігіне мән беріле отырып, шетелдік зерттеушілер өз жұмыстарында кеңінен талқылауға кіріскен. Бұл мәселені Г. Биджуарт пен К. Уонг өздерінің «Шетелдік студенттердің кері миграциясы» атты мақаласында айқындап өтеді. Авторлардың зерттеуі бойынша жан-жақтан оқуға келетін студенттер кәсіби мамандар санының артуына оңтайлы әсер етіп, нәтижесінде қажетті ресурс тапшылығын толықтыра алады. Соған сәйкес, келген жат жерлік студенттердің арасынан үздіктерін елге шақырып, оларды алып қалатындай ұлттық бағдарламалар да кеңінен тарала бастаған (Bijwaard, 2016: 2).

Мақаладан білім жүйесіндегі миграцияның қауіп-қатері бар екендігін де байқай аламыз. Мысалы, зерттеуші келген студенттердің еліне қайта оралу үдерісін шешу керек мәселе деп қарастырып, оларды алып қалуға көңіл бөлу қажеттігін қозғайды.

Аталмыш тақырып отандық зерттеушілер арасында да зерттелуде. Олардың қатарына: білім беру жүйесі бойынша миграциялық үдерістердегі Қазақстан ЖОО-н әлеуетін зерттеген А.Б. Касенова мен Б.О. Жангутинді (Касенова, Жангутин, 2015), Ресей Федерациясындағы білім алу миграциялық үдерістерінің негізгі тенденцияларын ашуға тырысқан Б. Рахимбекованы

(Рахимбекова, 2019), халықаралық білімі нарыққа шығудағы қиындықтар мен кедергілерге анализ жүргізіп, елдегі зияткерлік, экономикалық және демографиялық жағдайды жақсарту мақсатында білім жүйесіндегі миграцияны дамытуға деген қажеттіліктерді айқындауға көңіл бөлген С.В. Дементьева мен Д.В. Полетаевті (Дементьева, Полетаев, 2010), Қазақстаннан Қытайға білім алуға кеткен көші-қон үдерісінің өсу себептерін ашуға тырысқан Е.Ю. Садовскаяны (Садовская, 2014) және т.б. жатқыза аламыз.

Аталмыш мәселеге қатысты жоғарыда келтірілген зерттеушілер мен көптеген отандық ғалымдар білім жолындағы миграцияны көбіне «білімділер ағыны» (утечка мозгов) призмасы арқылы біржақты жағымсыз қалыпта қарап келуде, бұл зерттеу жұмыстарын толықтай қарастыруға кедергі келтіруі мүмкін. А. Нұрмағамбетов, Л. Иватова және Л. Хасенова бұл «білімділер ағыны» түсінігімен қатар «білімділер мобильділігі» ұғымын да қолдануды ұсынады (Нұрмағамбетов және т.б., 2021: 29).

Жалпы, объективті тұрғыдан бұл мәселені саралайтын болсақ, тек жағымсыз не жағымды түрде ғана сараптаумен шектелудің қажеттілігі жоқ. Жан-жақты зерттеу арқылы керісінше пайда болуы мүмкін қауіптерді айқындап, кейін оның алдын алуға немесе тиімді жақтарын саралап, халықаралық деңгейде білімсаласын жетілдіруге мүмкіндіктер туындайды.

Қазақстанда қазір Еуропа елдеріндегідей білім беру саласындағы миграция ағыны кеңеюде. Аталмыш үдерістер елдің білім жүйесінің жоғарғы деңгейге көтерілуіне сөзсіз оңтайлы әсерін тигізіп, білім сапасының артуына, жастардың жан-жақты кәсіби маман ретінде қалыптасуына өзіндік үлесін қосуда.

Соңғы жылдары білім беру миграциясы жалпы қоғам өміріне түзетулерін енгізіп келеді: егеменді мемлекеттер жүргізіп отырған саясатқа әсер етеді, сондай-ақ бастысы, тыныш өмір мен жақсы болашақ іздеу үшін басқа аумақтарға көшугеынтасы болғандардың өмірін өзгертеді.

Білім беру миграциясының жетекші бағыттарының бірі ретінде жоғары оқу орындарының халықаралық ынтымақтастық қызметі алдыңғы қатарға шыға бастаған. Халықаралық серіктестік осы тұста, жоғары оқу орнының беделі мен әлемдік аренада мойындалуының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып есептеледі және бұл мәселеге еліміздің жоғары оқу орындары да өз назарларына аударуда. Соған сәйкес, университеттер үздік әлемдік тәжірибелерді кеңінен қолдануға ұмтылыс жасап, халықаралық білім беру мен ғылыми кеңістікке бейімдеу арқылы ұлттық экономика үшін жақсы мамандар даярлау сапасын арттырып келеді.

Нәтижесінде, білім саласында түрлі серіктестіктер орнатылып, академиялық ұтқырлықты дамыту бойынша арнайы бірлескен ғылыми жобалар, білім беру бағдарламалары бойынша шетелдік университеттермен белсенді жұмыстар жүргізілуде. Соның арқасында, әр түрлі шетелдік оқу орындары мен халықаралық ұйымдардың атақты ғалымдары академиялық ұтқырлық бағдарламаларына ат салысуда, университет әр түрлі тақырыптарда дәріс оқуға, іс-шараларға алыс және жақын шетелден келген шетелдік профессорларды шақыруға мүмкіндіктер алып, білім беру ұйымдарында студенттермен алмасу бағдарламаларын да жүзеге асыруда. Осы тұста жоғары оқу орындарында қос дипломдық бағдарламаларды енгізу тәжірибесі де өте маңызды болып есептеледі, оны аяқтағаннан кейін түлектер қазақстандық жоғары оқу орны мен шетелдік серіктес университеттің дипломын алатын мүмкіндікке ие болады. Мемлекеттер осы тұста студенттердің санын әртараптандыру және әлемдік рейтингтерді жақсарту үшін шетелдік студенттерді тарта бастайды, сонымен қатар, басты себептің бірі ретінде – табыс көзінің артуын да жатқыза аламыз. Мысалы, тек 2016 жылы ғана шетелдік студенттер АҚШ экономикасына шамамен 39,4 миллиард доллар табыс әкелген. Бұдан бөлек, саяси аспектіде көбінесе студенттердің ұтқырлығын басқа елдермен тығыз байланыс орнатудың әдісі ретінде қарастырады. Мысалы, АҚШ-тың Фулбрайт стипендиялық бағдарламасы 160 - тан астам елде жыл сайын шамамен 8000 адамға қолдау көрсетеді.

Жоғары білікті жұмысшыларды тартуда қабылдаушы елдегі жоғары білімнің сапасы да маңызды. Көптеген жоғары білікті мигранттар межелі елге тек табиғаты мен амбициясына тән талантпен келеді, әлі арнайы адами капитал мен тәжірибесі жоқ болғандықтан, жоғары оқу бағдарламаларына түседі. Ресми білім алу мұндай адамдар үшін еңбек нарығына кірудің маңызды

нүктесіне айналады. Демек, университеттердің болуы – соның ішінде әсіресе, ғылыми зерттеулерді қолдануға бағытталған арнайы техникалық салаларда түлектерді зерттеуге және оқытуға маманданған оқу орындары маңызды тартымдылыққа ие болады.

Шет елдер өздеріне білікті жастарды тарту үшін – қоныс аударатын елдердегі білім беру ұйымдарын қаржыландырады. Саналы жастардың кетуі көптеген салыстырмалы түрде төмен табысты елдерде, әсіресе жалпы экономикаға, денсаулық сақтау мен кәсіптік дайындыққа кері әсерін тигізетін басты мәселе болып табылады. Кірісі төмен елдерден жоғары білікті жұмысшылардың қоныс аударуы бюджеттің субсидиясын беруді білдіреді, өйткені көптеген елдерде жоғары білім мемлекеттік бюджеттен салық түсімдерінің есебінен қаржыландырылады.

Егер, Германия сияқты табысы жоғары елдер мигранттар шыққан елдің жоғары оқу орындарына (Молдовадағы медициналық мектеп сияқты) қаржы бөлсе, екі ел де пайда көруі мүмкін.

Қабылдаушы елдердің біліктілігі жоғары мигранттарды тарту саясатына жауап ретінде донор елдер оларды елінде ұстау үшін бар күшін салуда. Жоғарыбілікті жұмысшылардың кетуі көптеген маңызды салалардағы, әсіресе денсаулық сақтау саласындағы мамандардың жетіспеушілігіне әкелетіні айқындалған. Бұл мәселе әсіресе ЕАЭО-ның салыстырмалы түрде шағын, орташа табысты елдерінде өткір байқалады, олардың біліктілігі жоғары азаматтары шектеулерге көбірек ұшырап жататыны осыдан екен.

Европа мен Орта Азиядағы жоғары білімі бар эмигранттардың үлесімен салыстырғанда жоғары білімді еңбекке қабілетті халықтың үлесі (24-65 жас) көрсетілген статистиканың мәліметтеріне сүйенсек, Мальта мен Португалияны қоспағанда, жоғары табысты елдердің эмиграция деңгейі жоғары білікті жұмысшылар үшін 20 пайыздан төмен екенін көрсетеді. Ал Шығыс Еуропаның көптеген елдерінде бұл көрсеткіштер әлдеқайда жоғары. Жоғары білікті жұмысшылардың эмиграция коэффициенті жоғары, әсіресе Балқан мен Шығыс Еуропадағы табысы төмен кейбір елдерде. Жоғары білімділердің арасында эмигранттардың үлесі Босния мен Герцеговинада 55 пайызды құрайды; Армения мен Латвияда 40 пайыздан астам; Албанияда, Қазақстанда, Молдовада, Солтүстік Македонияда және Румынияда 40 пайызға жуық. Басқаларға қарағанда жоғары білікті жұмысшылар саны аз елдер эмиграцияның жоғары деңгейіне тап болады.

Бұл елдердің білікті, саналы тұрғындарының кетуі әр түрлі факторларға байланысты. Жалақының жоғарылауынан басқа, бұған кәсіби даму мен оқыту мүмкіндіктері, отбасы мүшелерінің жақсы болашағы (мысалы, балалардың білім алу мүмкіндіктері), өмір сүру мен еңбек етудің қолайлы жағдайлары сияқты факторлар жатады.

Жоғары білікті мамандардың ұтқырлығы пайдалы болғанымен, олардың ауқымды және тұрақты эмиграциялары донор елдерге теріс әсерін де береді.

Білім алу жүйесіндегі миграциялық үдерістерге сәйкес зерттеу жұмыстарын жалпы миграция деректерінен бөлек қарастыру әрекеттері жақын уақытта ғана кеңінен қолға алынып жатқандықтан, арнайы толыққанды мәліметтер қоры қалыптасып үлгерген жоқ. Сондықтан да, статистикалық көрсеткіштерге жүгіну үшін түрлі министрліктер мен жергілікті атқарушы органдардың, соның ішінде Қазақстаннан білім жүйесіндегі миграциялық үдерістер бойынша айтарлықтай көрсеткіші бар елдердің статистикалық деректеріне, ЮНЕСКО статистика институтының мәліметтеріне сүйенуге тура келеді.

2010 жылдан бастап жастардың көші-қон қозғалысының динамикасы әр түрлі бағытта өзгерген. Бастапқыда жастардың иммиграция көлемі эмиграция көлемінен асып, көші-қон сальдосы оң мәнге ие болды. Алайда, 2014 жылдан бастап көші-қон ағыны бағытын өзгерте бастады да, эмиграция көлемі жастардың иммиграция көлемінен әлдеқайда асып кетті, бұл теріс сальдоға әкелді, ол алғаш рет 2014 жылы тіркелген еді және әлі де өсу тенденциясын сақтап отыр. Жастар ең мобильді топ ретінде елдің экономикалық жағдайына жауап береді, және экономикалық дағдарыс өзін көрсете бастағанда, жастар эмиграциясының қарқындылығы бірден артады.

Талдау көрсеткендей, бұл көші-қон түрі елеусіз қалатын кішігірім мәселе емес және сонымен қатар уақыт өткен сайын өсуге бейім болып келуде. Мысалы, 2017 жылы 57 мың ресейлік студент шетелде оқыса, қазақстандық - 85 мыңға жуық болған. Оның үстіне 4 жыл ішінде 2013 жылмен (54

мың адам) салыстырғанда олардың саны бір жарым еседен астамға өскен. Өткен жылы қазақстандық түлектердің 4% шетелдік жоғары оқу орындарына түскені айқындалған, олардың ішінде Алматы, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарындағы мектептердің түлектері басым болып келеді. Қазақстандық студенттер шетелге оқуға «Болашақ» бағдарламасы бойынша да, жеке де барып жатқандығын байқай аламыз. Олардың ішінде 2018 жылы 77% Ресей университеттерін таңдаса, 3,9% - Қырғызстанды, 2,4% - Түркия елін таңдаған. Бұдан басқа, Қытай, Корея, АҚШ, Чехия, Ұлыбритания және Малайзия сынды елдерді де қарастыруға болады. Бұл жерде Ресей университеттері мәдени- географиялық жақындығына, тілдік кедергілердің болмауына байланысты алдыңғы қатарға шығып отыр (Нұрмағамбетов және т.б., 2021: 33).

Зерттеушілердің тарапынан еліміздегі жастардың бірінші кезекте Ресейде білім алуға ұмтылу себептерін айқындау мақсатында арнайы сауалнамалар алу жұмыстары жүргізілген еді. Мәселен, 2020 жылдың ақпан айында жүргізілген сондай сауалнамалардың бірін алып қарастырсақ (Леденова, 2021).

Ресейдің әр аймағындағы (Мәскеу, Санкт -Петербург, Томск облысы, Свердлов облысы, Челябин облысы, Татарстан Республикасы) Ресейдің жоғары оқу орындарында оқитын қазақстандық студенттер арасында Google онлайн формасын қолдану арқылы зерттеулер жүргізілген. Жеке байланыстармен қатар әлеуметтік желілер де қолданылды. Сауалнамаға барлығы 183 адам қатысты.

Сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, қазақстандық жастардың Ресей университеттерінің пайдасына таңдау жасауының негізгі бес себебі айқындалған. Респонденттер негізгі себеп ретінде білім сапасын баса көрсетіп өтеді (36%) және «әлемді көру және саяхаттау үшін шетелде оқығылары келген»

- 23%. Қазақстанның әрбір бесінші жас тұрғыны шетелдік білімді беделді деп санайтыны да осы статистикадан көрініс табады. Білім беру миграциясының негізгі себептері рейтингінде әрі қарай – жұмысқа орналасу және шетелде тұру (13,3%) мәселесі алдыға шығып отыр. Ал эмиграцияның негізгі бесінші факторы

«сыныптар мен зертханалардың ең жақсы техникалық және компьютерлік жабдықтарымен» жабдықталуын көрсетеді (10,2%).

Жоғарыда келтірілген себептерге қосымша, студенттер тағы бірнешеуін атап өткен:

- жоғары білім берудегі елдің беделі (9,3%);
- шынайы өмір мен болашақтағы кәсіби перспективалар (8,1%)
- мұнда білім Қазақстанға қарағанда арзан. Диплом алу Ресейде тек Еуропамен немесе

Азиямен ғана емес, Қазақстанмен де салыстырғанда қолжетімдірек (6,8%);

- Ресейде қалу немесе тұру перспективалары, болашақта Еуропаға көшу (6,4%);
- тәуелсіз болуға ұмтылу және жаңа өмірлік жағдайларға, жаңа ортаға бейімделу (5,7%);
- тілдік ортаға ену (5,4%);

- жалпы географиялық, лингвистикалық, мәдени және әлеуметтік- экономикалық жақындығы (4,8%).

Сауалнамаға қатысушылар нақты айтпаған тағы бір маңызды себеп - қабылдаушы елдердің иммиграциялық саясаты. Атап айтқанда, Ресей шетелдік студенттердің импортын ұлғайту және олардың білім алуына квота белгілеу саясатын жүргізуде. 2018/2019 оқу жылында Қазақстан азаматтарын оқытуға 450 квота бөлінген. Ресей үкіметі шетелдік студенттерге арналған бюджеттік орындардың санын екі есеге арттыруды жоспарлап отыр - 2019 жылы 15 мыңнан 2024 жылға қарай 30 мыңға дейін.

Еуропа елдері ішінде Польша қазақстандық студенттерді қабылдау бойынша штаттар арасында көш бастап тұр (2018 ж. - 35%, 2019 ж. - 36%, 2020 жылдың 1 жартысы - 36,7%) (3 - кесте). Оңтүстік Корея (40,2%), Қытай (31,4%) және Жапония (20,6%) - Қазақстанның студенттерінің көп санын қабылдайтын Оңтүстік -Шығыс Азия елдері болып есептеледі. ТМД елдерінде Ресей жыл сайын академиялық үткірлік шеңберінде студенттерді қабылдау бойынша бірінші орын алатыны осы тұста жоғарыда аталып өткен сауалнама нәтижелерін анықтап береді, нақты статистикаға сүйенсек: 2018 ж. - 57,5%, 2019 ж. - 67%, 2020 жылдың 1 жартысы - 80,6%



(Нұрмағамбетов және т.б., 2021: 34). 2017 жылы Артур Платонов «интеллектуалдық көші-қон» үдерісінің мәселесіне назар аударып өткен болатын. Ол өзінің өтінішін бұрынғы премьер - министрдің орынбасары Ерболат Досаевқа жолдады. Платонов Қазақстандағы білім гранттарын тағайындау конкурсының нәтижелері барлық қатысушылардың үмітін ақтамағанын, гранттар саны шектеулі екенін атап өтеді.

«Бұл студенттердің көпшілігіне оқу ақысы төленетінін білдіреді. Алайда, барлық ата-аналар жоғары оқу орындарында оқудың жоғары құнын көтере алмайды, сондықтан олар балаларын елден тыс жерлерге жіберуге мәжбүр болады, мұнда шығындары әлдеқайда төмен оқу орындары жетерлік. Біздің жастар Ресейде оқитын басқа шетелдік студенттердің арасында көшбасшы болып табылады». Сонымен қатар, талапкерлердің ішінде 50%-дан астамы кешенді тестілеуді қайта тапсыруға рұқсат бергеніне қарамастан, шекті баллдан өте алмайтынын да атап өтті. Мұның бірнеше себептері бар дейді. «ЖОО түлектерінің жұмысқа орналасу проблемалары бойынша еңбек ресурстары орталығының жүргізген сауалнамасы бос орындарды толтыруда қиындықтары бар кәсіпорын басшыларының 90% -ы мұны қажетті біліктілікке ие кадрлардың жоқтығымен түсіндіретінін көрсетті. Бұл қазірдің өзінде білім сапасы, мектепте болсын, өндірістік кәсіпорында болсын өндірістік практиканың жеткіліксіз өтуінен», - деп қосты мәжілісмен (Рамазанов, Азатбек, 2018: 127).

Қазақстандық саяси шешімдер институты жүргізген әлеуметтанулық зерттеулерге сәйкес, білім жүйесіндегі көші-қон эмиграцияға бірден ұмтылу түрінде де, кейінірек қоныс аудару түрінде де сақталады. Соңғы жағдайда, ата-аналар балаларын басқа елге тұрақты тұруға жіберуді немесе балаларды шетелде оқытып, болашақта оқитын елге натурализациялауды және болашақта жаңа елде отбасын біріктіруді жоспарлайды екен. Көші-қон сезімдері орта есеппен респонденттердің 25%-ында байқалған, бұл ауылдық жерлерге қарағанда қалалық аудандарда екі есе көп. Респонденттердің төрттен бір бөлігі балаларын тұрақты тұрғылықты жерге жібергісі келеді және бұл көзқарастар Алматыда, солтүстік және орталық облыстарда басымырақ.

«Жастар» жүргізген сауалнама нәтижелері бойынша қазақстандық жастардың 23,7%-ы жақын шетелге, 17,1%-ы Ресейге, 13,8%-ы алыс шетелдерге (Канада, Германия, Қытай және т.б.) қоныс аударуға ниет білдірген. Қазақстан жастары көші-қон себептерін төмен табыс деңгейі, жұмысқа орналасудағы қиындықтар, перспективаның жоқтығы және өзін-өзі жүзеге асыра алмау, жеке мотивтер мен қызығушылықтар, сондай-ақ сапалы білім алу факторларымен түсіндіреді. Шет елде білім алу, сонда қалу туралы шешімге әсер ететін маңызды фактордың бірі - жалақы. Көбінесе шетелдегі білікті маман Қазақстандағы дәл өзінікіндей лауазымға қарағанда бірнеше есе көп алады. Мысалы, Германияда ең төменгі жалақы - айына 1360 еуро, Францияда - 1537 еуро. Салыстырар болсақ: Қазақстандағы 2015 жылғы ең төменгі жалақы - 21 364 теңге (айына шамамен 100 еуро), ал орташа жалақы - 119 111 теңгені құраған (Рамазанов, Азатбек, 2018:127).

1-кестеде 10 жылдағы білім беру жүйесіндегі миграциялық салыстырмалы көрсеткіштерді байқай аламыз (2011-2020 жж.) (Нұрмағамбетов және т.б., 2021:35).

Айта кету керек, 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында 1340 адам шетелге өз қаражаты есебінен кеткендігі айқын байқалады. Өткен 2020 жылда ерекше төмен көрсеткіш көзге түседі, алайда бұл пандемияға байланысты студенттер санының аздап төмендегенінің белгісі.

Жыл	Мемлекеттік бюджет	Мемлекеттік бюджеттен тыс
2011	350	-
2012	662	-
2013	746	842
2014	805	976
2015	909	1420
2016	951	1522
2017	732	1778

2018	621	1826
2019	603	2091
2020	33	1340

1-кесте. Білім алушылардың миграциясы (академиялық мобильділік)

Жалпы алғанда, ҚР Білім және ғылым министрлігі мен бюджеттен тыс қаражат есебінен академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысқан қазақстандық студенттердің жалпы саны он жылдық ішінде 17 007 адамды құраған (Садыкова, Нурмагамбетов, 2021: 18). Мобильділік бағдарламаларына қатысушылар тек жаңа білім ғана алып қоймайды, сонымен қатар басқа елмен, мәдениетпен танысуға, шетелдік мұғалімдермен және құрдастарымен қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге, өз құзыреттіліктерін арттыруға мүмкіндік алады. Осылайша, мобильділік бағдарламасы қазақстандық жоғары оқу орындарының мәртебесін және олардың түлектеріне еңбек нарығындағы сұранысты арттыруға көмектеседі.

2014 жылғы тамыздың басындағы жағдай бойынша 45 000-нан астам қазақстандық елден тысқары жерлерде білім алған, оның ішінде: Ресейдің жоғары оқу орындарында оқу оқитын қазақстандық азаматтар 26 600, ҚХР-да 9 670 (оның ішінде 628 әртүрлі гранттар бойынша), Ұлыбританияда 4000-ға жуық, АҚШ - та және Чехияда 1000 - ға жуық Малайзияда шамамен 1500, БАӘ 715, Туркияда 783 және басқа да елдерде көрсеткіші жағынан төмен болса да қазақстандық білім алушылар орналасқан.

ҚХР Білім министрлігінің деректері бойынша 2007 жылы қытай жоғары оқу орындарында оқитын, оның ішінде гранттар және өз қаражаты есебінен оқитын қазақстандық студенттер саны 3 000 адамды құраған. 2008 жылы 3 750 отандастарымыз қытай университеттерінде келісімшарт негізінде, 70-сі грант бойынша білім алған. 2010 жылы бұл мөлшер 7 874 адамға жеткен. 2011 жылы Қытайда 8 287 қазақстандық білім алған, олардың ішінде 40 адам президенттік «Болашақ» стипендиясының иегерлері болса, студенттердің бір бөлігі мемлекеттік алмасу желісі бойынша және қытай үкіметінің гранты бойынша келген, кейбіреулері ШЫҰ желісі бойынша стипендия иегерлері болып табылады. 2013 жылы Қазақстандық студенттердің саны президенттік «Болашақ» бағдарламасының 37 стипендиатын (17 бакалавр, 8 магистр, 12 тағылымдамадан өтуші) қоса алғанда, 9 657 адамды құраған. Сонымен қатар, Қытайда білім алуға кеткен қазақстандықтар көбіне маңызды қалаларда қоныстанып отырған (2-кесте).

Қалалар	Қазақстандық студенттер саны
Бейжін	4000
Үрімші	1250
Шанхай	800
Сиан	700
Гуанчжоу	500
Ухан	400
Нанкин	150
Ланьчжоу	150
Харбин	150
Циндао	Шамамен 100
Құлжа	150
Шихэцзы	Шамамен 100
Сямэн	25

2-кесте. 2014-2015 оқу жылының басында Қытай қалаларында білім алған қазақстандықтар

2004-2014 жылдар кезеңінде Қазақстанның шамамен 2000 азаматы Қытай жоғары оқу орындарын бітіріп шыққан. Оның үстіне олардың саны үнемі ұлғайып отырған. Егер, 2003 жылы ҚХР жоғары оқу орындарын тамамдаған қазақстандық түлектер 8 адам болса, 2013 жылы қытай оқу орындарын 700 адам бітірген. 2016 жылғы ақпан айындағы жағдай бойынша ҚХР - дағы Қазақстандық студенттер саны 11764 адам, оның ішінде 763 адам халықаралық шарттар шеңберінде мемлекеттік алмасу бойынша, қалғандары өз қаражаты және муниципалды гранттар есебінен білім алған. Шанхай қаласындағы

«Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ өкілдігінің ресми ақпараты бойынша президенттік «Болашақ» стипендиясының 188 иегері қытай жоғары оқу орындарында оқыған.

Осылайша, ресми деректерге сәйкес Қазақстаннан Қытайға оқу миграциясы үздіксіз өсу серпінін көрсетіп отыр (Қошанова, Рақышева, 2016: 7- 8).

Дегенмен, білім беру миграциясының расымен өзіндік теріс салдары мен қауіп-қатерлері бар. Көбінесе, басты қауіп ретінде студенттердің оқуды аяқтағаннан кейін шетелде қалуы, сол жақта жұмысқа орналасуы сияқты факторлар алдыңғы қатарға шығады. Нәтижесінде, «дайындаушы» елдердің мектептері неғұрлым дамыған елдерге, «алушыларға» мықты кадрлар дайындайды. Бұл тұрғыда АҚШ пен Ұлыбритания көш бастап алға шығады, онда ЮНЕСКО мәліметтері бойынша 2017 жылы 971 мың және соның ішінде 432 мың шетелдік студенттер оқыған (Нұрмағамбетов және т.б., 2021: 31).

Шетелдік азаматтарды қабылдайтын штаттар интеллектуалды элитаны, ең талантты түлектерді таңдауға мүмкіндік алады. Бұл үшін олар перспективалы түлектерді көтермелеу саясатын жүргізуде, яғни олардың әрі қарай дамуы, жақсы жұмыс орындарында орналасуы үшін ең қолайлы жағдай жасайды. Егер студенттер өзге елге көбірек кететін елдердің статистикасын шығарсақ, онда мұнда Қытай көш бастап тұр - 2017 жылы олардың 928 мың азаматы шетелде, негізінен АҚШ-та білім алған. Екінші орында Үндістан - 332 мың адам. Айта кету керек, елге оралған білім алушылар білімділер ағыны әсерін бәсеңдетуі мүмкін, бірақ оларға арнайы саяси қолдау қажет. Олар үшін тиісті ынталандыру шараларын жасау керек. Мысал ретінде Корея Республикасындағы «Бақытты оралу» бағдарламасы қолданылады, ол студенттерді қолдаудың барлық кешенді шараларын ұсынуға тырысады.

Аталмыш қауіп-қатерлердің алдын алу үшін адами капиталдың шетелге кетуін төмендету бойынша шаралар кешенін әзірлеу қажет, оны зерттеушілер екінегізгі бағытқа бөледі:

- Біріншісі - шетелдік жоғары оқу орындары мен колледждердің қазақстандық түлектерінің елге оралуын ынталандыру бойынша шаралар кешені.

Жұмыспен қамту және олардың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін қажетті жағдайлар жасау, әлеуметтік қолдау шаралары шешуші болып көрінеді. Бұл мәселені тек білім беру жүйесі мен ғылымның күшімен шешу мүмкін емес. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың келісілген жұмысы қажет.

- Екінші бағыт - отандық білім берудің тартымдылығын арттыру.

Бұл ретте, үміткерлердің оқу үшін жоғары оқу орындарын таңдауына әсер ететін келесі факторлары маңызды рөл атқарады: білімнің жоғарғы деңгейде болуы, білім беру бағдарламаларын таңдаудағы сапа мен әртүрлілік, университеттің академиялық беделі, жоғары шәкіртақы беру, жұмысқа орналасуарқылы қаржылық қолдау (Нұрмағамбетов және т.б., 2021: 36-37 бб.).

Жақында қабылданған білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында бұл факторлар ескерілген, отандық білім сапасын жақсарту, оның мектеп түлектері үшін тартымдылығын арттыру тетігі қарастырылған. Білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру және жоғары білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Қазақстан Үкіметі әр түрлі шаралар қолданып жатыр. Осылайша, беделді шетелдік университеттермен қос дипломдық және бірлескен білім беру бағдарламаларын одан әрі дамыту халықаралық стандарттарды енгізу арқылы қазақстандық білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Сонымен, 2018 оқу жылында қазақстандық жоғары оқу орындары шетелдік серіктес университеттермен бірлесіп 585 бірлескен және 343 екі деңгейлі білім беру бағдарламаларын енгізген. Қазіргі уақытта пандемия жағдайында мұндай бағдарламалардың саны біршама азайды, алайда бүгінгі күні 63 бірлескен білім беру

бағдарламасы мен 226 қос дипломдық бағдарлама жүзеге асырылуда (Нұрмағамбетов және т.б., 2021: 37).

**Қорытынды.** Осылайша, заман талабы мен жаһандану үдерісі аясында, уақыт өткен сайын дамып келе жатқан білім жүйесі бүгінде шекарасыз сапалы білім алу жолдарын неғұрлым қарқынды игеріп келуде. Соның аясында, миграциялық үдерістерді қауіпті призмада ғана қабылдап, туындауы мүмкін негативті факторлардың алдын алатын шешімдерді шығарудың орнына, бұндай даму бағытынан тысқары қалып немесе білім алушыларды шектеу ел үшін өз зиянын тигізіп, даму қарқынын бәсеңдетіп жіберетін амалдар болуы мүмкін. Сондықтан да, біздің еліміз де аталмыш бағытта білім жүйесін дамыту үшін ат салысып, орнығып жатқан жаңашылдықтарды өзімізде де енгізуге көңіл бөліп отыр.

Оқу миграциясы жоғары білікті мамандарды даярлауға ықпал етіп, сирек және қазіргі кезде Қазақстанның жоғары оқу орындарында жоқ мамандықтар бойынша білім алған кадрлар тапшылығын толықтыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, түлектерге «білімділердің кетіп қалуына» жол бермеу мақсатында олардың жұмысқа орналасуына жағдай жасау қажеттігі алдыңғы қатарға шығып отыр, өйткені зерттеу көрсетіп отырғандай мансаптық өсу перспективасының жоғары болу себебіне орай шетелдерде тұрақты тұру үшін көшуді жоспарлаған студенттер санаты көп. Осыған байланысты оқуға ниет білдірген жастарға тұрақты мониторинг жүргізіп қана қоймай, Қазақстанның зияткерлік әлеуетін елеулі түрде нығайтуға мүмкіндік беретін шараларды уақытылы қабылдау қажет.

Білім беру миграциясының оң нәтижелері ретінде келесідей аспектілерді қарастырып өтсек болады:

- білім сапасының жоғары болуы;
  - жаңа көзқарастарды, дағдылар мен тұжырымдарды меңгеруі;
  - әр түрлі әлеуметтік-мәдени ортада жүріп, жан-жақты коммуникацияның орнатылуы;
  - бәсекеге қабілеттіліктің жоғары болуы; жаңа методикалармен таныс болуы;
  - мықты кәсіби маман ретінде қалыптасуы;
- Туындауы мүмкін негативті жақтарына келесідей қауіптерді көрсете аламыз:
- елге оралмау;
  - мықты әрі білікті мамандардан айырылу;
  - демографиялық статистикаға тигізетін кері әсері;

Білім алуға кеткен жастардың арасында болашақта жақсы жұмысқа орналасу мәселесі маңызды себептердің бірі болып есептелетіні сөзсіз. Сондықтан да, көптеген елдер білім алу жүйесіне көңіл бөлген кезде жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру сияқты факторларға ерекше назар аударады. Себебі, барлық елдер инновация мен өнімділікті арттыру үшін білікті жұмысшыларды тартуға тырысады. Қабылдаушы елдер үшін білім алғаннан кейін, тұрақты тұруға немесе тіпті азаматтық алуға бағытталған нақты стратегияны әзірлеу білікті жұмыс күшін тартуда маңызды фактор болып табылады. Себебі, мұндай елдерде, әдетте, жұмыспен қамтудың жекелеген түрлерін ескере отырып, адами капиталға қомақты инвестицияларды қажет ететін тұрақты жұмыс орындары бар. Көптеген білікті жұмысшылар отбасымен бірге көшетіндіктен, оларға тұруға кепілдік беру, білім алуға және басқа да мемлекеттік қызметтерге жүгіну маңызды. Жоғары білімге инвестиция салу осының арқасында тағы да алдыңғы қатарға шығады, өйткені жақсы университеттердің болуы талантты және ынталы адамдарды тартудың кілті болып табылады. Қабылдаушы елдер донор (яғни, дайындаушы елдер, көбіне жастары шет елге аттанады) елдердегі оқу орындарын тікелей қаржыландыруы мүмкін, бұл қабылдаушы елдерге де, донор елдерге де көмектеседі, өйткені мұндай оқу орындарының барлық түлектері бірден елден кетпейді, тіпті өз елінде қалып әрі қарай үлесін отанына қосуы мүмкін.

Ұзақ уақыт бойы адами капиталдың жетіспеушілігінен зардап шегетін донор елдер үшін білікті жұмысшылардың эмиграциясы күрделі мәселе болып табылады. Басқаруды жақсарту және донор елдерде институционалды нығайту тұрақты эмиграцияның негізгі себептерін жою үшін ұзақ мерзімді саясаттың тақырыбы болуы тиіс. Білікті жұмысшыларды ұстау саясатына жеке секторды дамыту, жұмыс орындарын құру, жоғары білімге инвестиция салу және әйелдердің экономикалық

мүмкіндіктерін кеңейту жатады. Осы орайда, білім алудағы миграция қауіптерінің алдын алу үшін, елдегі жұмыспен қамту мәселесіне ерекше мән беру қажеттігі көзге түседі.

### Әдебиеттер мен деректер тізімі

- Bijwaard G. E., Wang Q. Return migration of foreign students // European Journal of Population. Volume 32, Issue 1, 2016. – P. 31-54
- Дементьева С.В., Полетаев Д.В. Инновационные стратегии развития международного образования в ракурсе учебной миграции в вузы России. – [Электронный ресурс] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/innovatsionnye-strategii-razvitiya-mezhdunarodnogo-obrazovaniya-v-rakurse-uchebnoy-migratsii-v-vuzy-rossii> (дата обращения: 05. 09. 2021 г.)
- Касенова А.Б., Жангутин Б.О. Потенциал высших учебных заведений Казахстана на рынке образовательной миграции СНГ // Вестник КазНПУ. – [Электронный ресурс] – URL: <https://articlekz.com/article/19172> (дата обращения: 05. 09. 2021 г.)
- Қошанова С., Рақышева Б. Учебная миграция из Республики Казахстан в Китайскую Народную Республику как один из аспектов стратегического сотрудничества между странами (результаты социологического исследования) – Астана: Қоғамдық пікір зерттеу институты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ., 2016. – 104 б.
- Леденова В.Ю., Ломакина О.В., Джунусов А.М., Бегасилов Б.Т. Образовательная политика Казахстана в условиях миграции молодежи // Социология высшего образования. – 2021. – 25 мая (№ 6). – С. 156-168.
- Нурмагамбетов А., Иватова Л., Хасенова Л. Образовательная миграция в контексте совершенствования системы высшего образования Республики Казахстан // Казахстан. Спектр. – 2021. – 18 марта (№ 1). – С. 25-41.
- Рахимбекова Б. Современные тенденции образовательной миграции в Российской Федерации // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. – 2019. – № 2. – С. 251-262
- Рамазанов А., Азатбек Т. Интеллектуальная миграция умов // Экономика и статистика. – 2018. – № 2. – С. 123-130.
- Садовская Е.Ю. Современная образовательная миграция из Казахстана в Китай. – [Электронный ресурс]. – URL: <https://naukarus.com/sovremennaya-obrazovatel'naya-migratsiya-iz-kazahstana-v-kitay> (дата обращения: 06. 09. 2021 г.)
- Садыкова Е., Нурмагамбетов А. Страховой доклад по реализации параметров Болонского процесса в вузах Республики Казахстан. – Нур-Султан: Центр Болонского процесса и академической мобильности МОН РК, 2020. – 243 с.

### References

- Bijwaard G. E., Wang Q. Return migration of foreign students // European Journal of Population. Volume 32, Issue 1, 2016. – P. 31 -54
- Dementeva S.V., Poletayev D.V. Innovatsionnye strategii razvitiia mezhdunarodnogo obrazovaniia v rakurse uchebnoi migratsii v vuzy Rossii. [Innovative strategies for the development of international education from the perspective of educational migration to Russian universities] – [Elektronnyi resurs] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/innovatsionnye-strategii-razvitiya-mezhdunarodnogo-obrazovaniya-v-rakurse-uchebnoy-migratsii-v-vuzy-rossii> (data obrashcheniia: 05. 09. 2021 g.). [in Russian]
- Kasanova A.B., Zhanguitin B.O. Potentsial vysshikh uchebnykh zavedenii Kazakhstana na rynke obrazovatelnoi migratsii SNG. [Potential of higher educational institutions of Kazakhstan in the educational migration market of the CIS] // Vestnik KazNPU. – [Elektronnyi resurs] – URL: <https://articlekz.com/article/19172> (data obrashcheniia: 05. 09. 2021 g.). [in Russian]
- Koshanova S., Rakysheva B. Uchebnaia migratsiia iz Respubliki Kazakhstan v Kitaiskuiu Narodnuu Respubliku kak odin iz aspektov strategicheskogo sotrudnichestva mezhdu stranami (rezultaty sotsiologicheskogo issledovaniia). [Educational migration from the Republic of Kazakhstan to the People's Republic of China as one of the aspects of strategic cooperation between countries (results of sociological

research] – Astana: Kogamdyk pikir zertteu instituty, L.N.Gumilev atyndagy EEU., 2016. – 104 s. [in Russian]

Ledenova V.Iu., Lomakina O.V., Dzhunusov A.M., Begasilov B.T. Obrazovatelnaia politika Kazakhstana v usloviakh migratsii molodezhi. [Educational policy of Kazakhstan in the context of youth migration] // Sotsiologiya vysshego obrazovaniia. – 2021. – 25 maia (№ 6). – S. 156 – 168. [in Russian]

Nurmagambetov A., Ivatova L., Khasenova L. Obrazovatelnaia migratsiia v kontekste sovershenstvovaniia sistemy vysshego obrazovaniia Respubliki Kazakhstan. [Educational migration in the context of improving the higher education system of the Republic of Kazakhstan] // Kazakhstan. Spekr. – 2021. – 18 marta (№ 1). – S. 25-41. [in Russian]

Rakhimbekova B. Sovremennye tendentsii obrazovatelnoi migratsii v Rossiiskoi Federatsii. [Modern trends in educational migration in the Russian Federation] // Vestnik KazNU. Seriya filosofii, kulturologii i politologii. – 2019. – № 2. – S. 251-262. [in Russian]

Ramazanov A., Azatbek T. Intellekturnaia migratsiia umov. [Intelligent mind migration] // Ekonomika i statistika. – 2018. – № 2. – S. 123-130. [in Russian]

Sadovskaia E.Iu. Sovremennaya obrazovatelnaia migratsiia iz Kazakhstana v Kitai. [Modern educational migration from Kazakhstan to China] – [Elektronnyi resurs]. – URL:<https://naukarus.com/sovremennaya-obrazovatelnaia-migratsiia-iz-kazakhstana-v-kitay> (data obrashcheniia: 06. 09. 2021 g.). [in Russian]

Sadykova E., Nurmagambetov A. Strakhovoi doklad po realizatsii parametrov Bolonskogo protsessa v vuzakh Respubliki Kazakhstan. [Insurance report on the implementation of the parameters of the Bologna process in the universities of the Republic of Kazakhstan] – Nur-Sultan: Tsentr Bolonskogo protsessa i akademicheskoi mobilnosti MON RK, 2020. – 243 s. [in Russian]

## МРНТИ 03.20.00

### МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ, НАПРАВЛЕННЫЕ НА ОБРАЗОВАНИЕ

Т.К. Мекебаев<sup>1</sup>, Ж.Б. Көшербаева<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Казахстан, Алматы

\*Корреспондирующий автор

E-mail: [tmekebaev@mail.ru](mailto:tmekebaev@mail.ru) (Мекебаев), [zhadyra06@mail.ru](mailto:zhadyra06@mail.ru) (Көшербаева)

**Аннотация.** В статье анализируются преимущества и потенциальные угрозы миграционных процессов в процессе глобализации, которые оказывают существенное влияние на уровень развития государства в системе образования, что имеет особое значение для будущего страны. В современном глобализирующемся обществе активно развиваются миграционные процессы, которые имеют как положительные, так и отрицательные последствия для развития Республики. Для того, чтобы сформировать понимание этого вопроса, прежде всего, дается исчерпывающее определение понятия интеллектуальной миграции. Историографический обзор выявил основные взгляды на образовательную миграцию, в результате чего был сделан шаг к собственным выводам. Помимо негативных аспектов миграции в сфере образования, существуют рекомендации по предотвращению ее последствий. Кроме того, показатели миграционных изменений были проанализированы с использованием статистических данных, и была сделана попытка детально раскрыть проблему.

**Ключевые слова:** система образования, международное партнерство, миграционный процесс в образовании, миграция молодежи, качество образования, квалифицированный специалист.

IRSTI 03.20: 06.81.23

## MIGRATION PROCESSES AIMED AT EDUCATION

T.K. Mekebaev<sup>1</sup>, Zh.B. Kosherbayeva<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh national university. Kazakhstan, Almaty

\*Corresponding author

E-mail: tmekebaev@mail.ru (Mekebaev), zhadyra06@mail.ru (Kosherbayeva)

**Abstract.** The article analyzes the advantages and potential threats of migration processes in the process of globalization, which have a significant impact on the level of development of the state in the education system, which is of particular importance for the future of the country. Migration processes are actively developing in the modern globalizing society, which have both positive and negative consequences for the development of the Republic. In order to form an understanding of this issue, first of all, an exhaustive definition of the concept of intellectual migration is given. The historiographic review revealed the main views on educational migration, as a result of which a step was made to its own conclusions. In addition to the negative aspects of migration in education, there are recommendations to prevent its consequences. In addition, the indicators of migration changes were analyzed using statistical data, and an attempt was made to reveal the problem in detail.

**Key words:** education system, international partnership, migration process in education, youth migration, quality of education, qualified specialist.

**Авторлар туралы мәлімет:**

<sup>1</sup>Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

<sup>1\*</sup>Магистрант

**СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ АУЫЛ ӨМІРІНІҢ  
КҮНДЕЛІКТІ ТАРИХЫНАН (1945-1960)**А.Н. Қали<sup>1\*</sup> <sup>1</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы

\*Автор-корреспондент

E-mail: kali\_ainura@mail.ru (Қали)

**Аңдатпа.** Мақалада соғыстан кейінгі жылдардағы ауылдың күнделікті өмірінің ең өзекті аспектілері зерттеліп, қарастырылған. Яғни, Қазақстан ауыл тұрғындарының күнделікті өмірі, тәжірибесінің жүйесі, ауыл өмірін ұйымдастырудың нақты әдістері, дүниетанымның нормалары мен құндылықтары басқалармен қарым-қатынас ретінде қарастырылады.

Соғыстан кейінгі ауыл тұрғындары мен колхозшылардың күнделікті өміріне еңбек қызметін ұйымдастыру формалары, санитарлық-тұрмыстық, мәдениет нысандары, жас ұрпақты тәрбиелеуде, тұрмыстық және мерекелік мәдениетте, сондай-ақ оның өзгеруіне әсер ететін факторлар анықталған. Ауыл өмірінің күнделікті ағымына билік пен шаруа қоғамдастығының қарым-қатынасы, демографиялық және географиялық факторлар, ауылдың қаламен өзара әрекеттесуі, сондай-ақ ауыл шаруашылығының қарқынды дамуының мүмкіндік деңгейі, дәстүрлі салт-дәстүрлер мен этно-мәдени ықпалдың алатын орны зерделенген.

**Түйін сөздер:** Қазақстан, соғыстан кейінгі кезең, ауыртпалықтар, қалпына келтіру, ауыл, еңбеккерлер, колхозшылар, ауыл шаруашылығы, салт-дәстүр, күнделікті тарих.

**Кіріспе.** XX және XXI ғасырдың басында тарих ғылымының дамуының басты көрсеткіштерінің бірі ретінде біздің еліміздің өткенінің негізгі оқиғаларын түсіндіру идеологиялық және теориялық плюрализмнің күшеюімен атап өтілді. Бірақ, Кеңес дәуіріндегі ауылдың әлеуметтік, саяси, экономикалық және рухани өмірінің бірқатар аспектілері соңғы уақытқа дейін еркін, объективті талдаудан тыс қалды. Ал оның негізгі халқы – ауыл еңбеккерлері мен колхоз шаруалары күнделікті тарихты зерттеуші ғалымдардың анықтамасы бойынша «бейтаныс» дүние болып қала берді. Сондықтан ауыл еңбеккерлерінің күнделікті тарихы қазіргі тарихи көзқарастар тұрғысынан зерттеуді қажет етеді. Соңғы тарихнамада оқиғаларды сипаттаудан оларды талдауға және зерделеуге көшу ресейлік ғалымдар тарапынан біршама қолға алынғанын байқаймыз [Пушкарева, 2005:93-113]. Бұл зерттеулердің мазмұны мен көтерген идеясына тереңірек зер салар болсақ, онда «қарапайым», «өте қарапайым адамдармен» айналысатын жаңа әлеуметтік тарихқа, қоғамның әртүрлі топтарының күнделікті тарихын отбасылық өмірмен тығыз қарастырады. Соңғы уақытта әлеуметтік тарихпен қатар, жаңа тарихнамада шаруа ғылымы сияқты түсінік қалыптаса бастады.

*Мақаланың зерттеу нысаны* - Қазақстан ауыл тұрғындарының күнделікті өмірі, ол өмір тәжірибесінің жүйесі, ауыл өмірін ұйымдастырудың нақты әдістері, дүниетанымның нормалары мен құндылықтары, басқалармен қарым-қатынас ретінде қарастырылады.

*Зерттеу пәні* ретінде соғыстан кейінгі жылдардағы ауыл шаруаларының күнделікті өмірі болды, ол жұмыс және бос уақыт, үй өмірі, өмір сүру жағдайлары, билікке деген көзқарас және т. б. сияқты күнделікті құрылымдардан тұрады. Қарапайым халықтың, ауыл еңбеккерлерінің күнделікті тәжірибесі экономикалық және мәдениеттің ұлттық дәстүрлерімен байланысты және өзінің даму ерекшеліктері бар.

Күнделікті өмір тарихын отандық және ресейлік, шетелдік зерттеушілер тарихи білімнің бір саласы ретінде түсіндіреді, оның басты бағыты – өмір салты мен оның әртүрлі әлеуметтік топтар өкілдерінің өзгерістерін, олардың мінез-құлқы мен өмірлік оқиғаларға эмоционалды реакцияларын



жан-жақты зерттеу, оларды қайта құру және түсіндіру этнологиямен, әлеуметтанумен, психологиямен тығыз байланысты тарихтың әдіснамалық синтезін қолдану қажеттігін ұсынады.

**Талқылау.** Кеңестік тарих ғылымы КСРО-ның қалың қарапайым бұқарасының күнделікті өміріне, күнделікті санасына өте аз көңіл бөлді. Кеңестік және қазақстандық тарихнамада бұл мәселе бойынша зерттеулердің 3 тобын бөліп көрсетуге болады:

- күнделікті өмір тарихының әдіснамалық мәселелеріне арналған еңбектер;
- кеңестік тұрмыс тарихы мен ауыл тұрмысының тарихына арналған еңбектер;
- қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақстан шаруаларының тарихы бойынша зерттеулер.

Күнделікті тарих мәселелерін зерттеуге арналған Ресей тарихшыларының, атап айтқанда Н.Л. Пушкарева [Пушкарева, 2004:5:3-19], Л.П. Репина [Репина, 2012:3-37], Ю.А. Поляков [Поляков, 2002:290-322], А.К. Соколов [Источниковедение новейшей истории России: теория, методология и практика, 2004:744], Е.Ю. Зубкова [Зубкова, 2000:230] және өзге де ғалымдардың еңбектері жан-жақтылығымен, мазмұнының тереңділігімен, қойылған мәселелердің әртүрлілігімен және өткірлігімен ерекшеленеді. Бұлардың еңбектерінде негізінен күнделікті тарихтың жалпы теориялық және методологиялық қырлары жан-жақты қарастырылып, жеке адамның отбасы және қоғам арасындағы байланысына күнделікті тұрғыдан зерттеу жасалады.

Сондай-ақ ресейлік тарихнамада күнделікті өмірді зерттеу бағытына арналған арнайы зерттеулер баршылық. Солардың арасында осы мәселенің қыр-сырын жетік меңгерген зерттеушілер М.М. Кромм [Кром, 2003:7-14], А.С. Сенявский [Сенявский, 2001:416] мен В.Д. Лелеко [Лелеко, 1998:160-168] еңбектері өте маңызды. Қалалық күнделікті өмір тарихы жөніндегі мәселеге қызығушылықтың пайда болуы ХХ ғасыр басындағы адамзат қоғамындағы күрт өзгерістер және соған сәйкес адамның өмір-салтының да тікелей өзгеріске ұшырауына байланысты деген пікірді ұстанады. Ресейлік қалатанушы ғалымдар А.Б. Каменский, С.Ю. Малышева, А.С. Синявский күнделікті өмір тарихын қалалармен байланыстыра отырып зерттеу арқылы тарих ғылымының дамуына маңызды үлес қосты.

1980 жылдары қайта құрылған жұмысшы табы мен шаруалардың тарихы туралы көптеген басылымдарда индустрия мен ауыл шаруашылығындағы қарапайым жұмысшылардың өмір сүру деңгейі туралы бөлімдер бар, оларда еңбек және әлеуметтік саладағы шешілмеген мәселелер туралы өте мұқият айтылады [Костомаров, 1989:228-229]. Кеңес жұмысшыларының материалдық-тұрмыстық жағдайын жақсарту жолындағы зерттеулер баршылық. Атап айтқанда, Орал тарихшыларының еңбектерінде өнеркәсіп жұмысшыларының, әсіресе металлургиялық, сондай-ақ колхозшылардың азық-түлікпен, тұрмыстық заттармен, тұрғын үймен қамтамасыз етілу деңгейі туралы нақты ақпарат бар [Материально-бытовое положение трудящихся Урала в условиях социализма (1937-1975), 1981:169; Толмачева, 1979:221; Она же, 1981:191]. Тұрмыстық қиындықтар негізінен соғыстың ауыр салдарымен түсіндірілді.

Біздің жұмысымыз үшін маңызды зерттеулердің екінші тобы - соғыстан кейінгі жылдардағы кеңестік күнделікті өмір тарихына арналған еңбектер. Осы кезеңдегі орыс шаруаларының күнделікті өмірінің тарихын ресейлік ғалымдар жан-жақты зерттеу нысанына айналдырғанын байқаймыз.

Ауыл тарихына деген жаңарған көзқарастың жаңа бағытын қалыптастырған және орыс шаруаларының соғыстан кейінгі тарихын жан-жақты және жүйелі зерттеген О.М. Вербицкая [Вербицкая, 1992:222] мен Е. Ю. Зубкованың [Зубкова, 1993:198] еңбектерін айтуымызға болады. Аталған ғалымдар мәселені жаңа тәсілдер тұрғысынан қайта қарастырады. Ғылыми айналымға жаңа мұрағат құжаттарының енгізілуі бұл авторларға шаруалардың дамуындағы әртүрлі аспектілерді анықтауға, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы өзгерістерді, әлеуметтік-психологиялық жай-күйіндегі өзгерістерді көрсетуге және, тұтастай алғанда, орыс шаруаларының соғыстан кейінгі жағдайының шынайы бейнесін жасауға мүмкіндік берді.

Қарапайым адамдардың өмір сүру жағдайларын, олардың өмірін, әдет-ғұрпын, дәстүрлерін және киімдегі, үйдегі, тамақтанудағы өзгерістерін зерттеу ауызша тарих материалдарына фотоқұжаттарға жүгінгенде ғана толық, яғни объективті түрде зерттеледі. Куәгерлердің әңгімелерінен алынған ақпаратты тарту зерттеудің өзектілігін арттырады, өйткені бүгінгі күні

кеңестік кезеңдегі ауылдың, оның ішінде қазақ ауылының тарихын қарапайым адамдардың көзімен көруге мүмкіндік беретін арнайы зерттеулер жоқ.

Қазақстандық тарихнамада ауыл мен колхоз, қарапайым еңбеккерлер мен шаруалардың, жұмысшылардың қалыптасуы мен дамуы сол жылдардағы елдің экономикалық өмірімен тығыз байланыста қарастырылған еңбектер баршылық. Мысалға, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ауыл еңбеккерлерінің ауыр тұрмысы мен тылдағы ерен ерлікке толы еңбек жолдары Т. Балақаев [Балақаев, 1971:350], Қ. Алдажұманов [Алдажұманов, 1986:168] және М. Ақынжановтың [Ақынжанов, 1972:213] еңбектерінде жан-жақты қарастырылады.

Соғыстан кейінгі қалпына келтіру жылдарындағы Қазақстанның ауыл еңбеккерлері мен колхоз шаруаларының тарихы отандық ғалымдар В.К. Савосько [Савосько, 1975:275-282], Ф.К. Михайлов [Михайлов, 1973: 175], Ш. Шәмшәтовтың [Шамшатов, 1985:252] және Н.К. Нұрпейісов [Нұрпейісов, 1985:207] іргелі зерттеулерінің басты нысаны болды.

Сондай-ақ соғыстан кейінгі жылдардағы ұлттық кадрлардың: жұмысшылар, колхозшылар, шаруалар мен зиялы қауымның қалыптасуы және даму барысын зерделеу үшін А.Н. Нүсіпбековтың «Формирование и развитие советского рабочего класса в Казахстане (1917-1940 гг.)»; Г.Ф. Дахшлейгер мен К.Н. Нұрпейісовтың «История крестьянства советского Казахстана»; М.Х. Асылбеков, С.Б. Нұрмұхамедов, Н.Г. Паньның «Рост индустриальных кадров рабочего класса в Казахстане (1945-1965 гг.)»; М.Х. Асылбековтың «Рост рабочего класса Казахстана в условиях развитого социализма: актуальные проблемы истории Советского Казахстана», «Рабочий класс Казахстана в 60-х и в начале 80-х гг. (формирование, количественный и качественный состав)», «Рабочий класс в условиях развитого социализма и проблемы изучения его истории»; В.И. Зоринаның «Сельскохозяйственный рабочий класс Казахстана: формирование, развитие, социальные изменения»; Р.Б. Сүлейменов пен Х.М. Әбжановтың «Советская интеллигенция Казахстана» атты маңызды зерттеулерін атап кетуімізге болады.

Бұл еңбектерде сол кезеңдегі Қазақстандағы колхоз-совхоз құрылыстарының негізгі кезеңдері, олардың саны туралы статистикалық мәліметтер, олардың материалдық-техникалық базасы сипатталады. Сонымен қатар оларды ауылдағы аграрлық кадрларының қалыптасу үдерісін талдай отырып, кеңестік шаруашылық қызметкерлерінің материалдық әл-ауқатын, еңбектегі жетістіктері мен оған қатысу белсенділігі, совхоздардағы қоғамдық-саяси және мәдени өмірді қарастырылады.

Жоғарыда айтылған мәселелерді кеңінен қамту үшін 1976-1980 жж. академик А.Н. Нүсіпбековтің басшылығымен жұмысшы табының қалыптасуы және даму мәселелері бойынша іргелі ғылыми зерттеулер жүргізілді. Оның қорытынды нәтижесінде 3 томдық «Кеңестік Қазақстанның жұмысшы табының тарихы» (1917-1937 жж.) (1-т.); 1938 жылдан 1960 жылға дейін (2-т.); 1961 жылдан 80-жылдардың басына дейін (3-т.) жарық көреді [История рабочего класса Советского Казахстана. В трех томах. Т. 1., 1987:398; Т. 2. - Рабочий класс в период упрочения и развития социализма (1938-1960), 1988:462].

Қазақстандық тарихнамада тың бағыт болып табылатын З. Сақтағанова, К. Абдрахманова, В. Козина және т.б. бір топ ғалымдардың Орталық Қазақстанның кеңестік қалаларының күнделікті тарихына арналған ұжымдық монографиялық зерттеулері ХХ ғ. екінші жартысындағы қалалық өмірге арналған. Еңбек авторлары қазақстандық және ресейлік архив құжаттары, кеңестік мерзімді баспасөз материалдары, қаланың көнекөз тұрғындарының естеліктері мен олардан алынған сұқбаттар негізінде 1946-1991 жж. аралығындағы өңірлік кеңестік қалалардың күнделікті өмірін жан-жақты зерттеген. Олардың зерттеулерінің басты нысаны ретінде Орталық Қазақстан қала тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық тарихы мен күнделікті өмірі алынған. Монографиялық зерттеуде осы өңірдің демографиялық ахуалы, абаттандыру және тұрғын үй жағдайы, күнделікті тұрмыс-тіршілігі, өмір сүру деңгейі, тамақтануы мен сауда, білім алу және бос уақытын өткізу, діни ахуалы, ауытқушылық пен қылмыс әлемі де қарастырылған [История городской повседневности Центрального Казахстана в 1946-1991 годы (с сюжетами демографической и социальной истории), 2017:456].

Дегенмен бұл еңбектерде ауыл мен колхоз-совхоздардың дамуы туралы қарастырылғанымен, олардың күнделікті өмірі зерттеу нысаны ретінде зерделенбейді.

Жалпы, кеңестік кезеңдегі қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде соғыстан кейінгі онжылдықта Қазақстан шаруаларының күнделікті өмірі бойынша еңбектер жоқ екенін атап өткен жөн. Авторлар соғыстан кейінгі кезеңдегі шаруалардың күнделікті өмірінің жеке үзінділерін ғана талдады. Сонымен қатар, бұл зерттеушілер идеологиялық қысымға ұшырады, жарияланымдардың нәтижелер «дамыған социализм кезеңінде қоғамдық әл-ауқаттың үздіксіз өсуі және адамдардың өмір сүру жағдайының жақсаруы» туралы тұжырым жасауға әкелді. Тұрмыстық қиындықтардың барлығы уақытша деп саналды, ал олардың шығу тегі «социализм қағидаттарының бұзылуымен», «соғыстан кейінгі уақытша қиындықтармен» және т.б. байланысты деп түсіндірілді.

Қазақстан шаруаларының қиындықтары мен одан туындаған мәселелерді зерттеуде сандық және сапалық өзгерістер орын алды. Оларда бұрынғыдай колхоздық шаруалардың әлеуметтік жағдайының аспектілері, өмір сүру деңгейі, кірістер мен шығыстар, тұтыну себеті, тамақ, киім, тұрмыс, ауыл тұрғындарының бос уақыты және т.б. мәселелерін зерделеу зерттеуден тыс қалды және оған баса назар аударылмады. Тарихшылардың зерттеулерінде партия басшылығымен аграрлық секторды соғыстан кейінгі қалпына келтіруде колхоз шаруаларының ерлігі дұрыс атап өтілген, бірақ, өкінішке орай, белгілі себептермен, ауыл тұрғындары елдің ауыл шаруашылығын қандай шығындар мен шығындар есебінен қалпына келтіргені қарастырылмайды.

Біз талқылап отырған мәселенің тарихнамасын талдау қазіргі тарих ғылымында ауыл ортасы мен шаруа өмірінің мәселелерін олардың өзара байланысында зерттеуге әмбебап тәсіл жоқ (және мүмкін емес) екенін көрсетті. Тарихшылардың ауыл тұрғындарының күнделікті өмірін зерттеу енді басталды. Соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ ауылының шаруашылығының күнделікті өмірінің кейбір аспектілері жекелеген еңбектерінде көрініс тапты, бірақ 1945-1960 жж. шаруалар мен билік арасындағы қарым-қатынастың ерекшелігі, мемлекеттің көрінісі зерттелмеген.

Ал, дәл қазіргі таңда қарастырылып отырған мәселенің өзектілігі сол кезеңдегі өмір сүрген адамдардың және олардың ұрпақтары, зерттеу кезеңіндегі оқиғалардың куәгерлері ауыл өмірінің дәстүрлі өмір салты туралы ақпарат бере алатындығына байланысты артып келеді.

Сондай-ақ, ауылдың күнделікті өмірінің мәселелерін зерттеудің аймақтық тәсілі, оны зерттеу арқылы аймақтық тарихтың призмасы арқылы тарихи шындықтың барлық алуан түрлілігін көруге, «кеңестік шаруалар» ұғымында ерекше болып көрінуге мүмкіндік береді. 1945-1953 жылдары қазақ ауылдарында өмір салты дәстүрлері айқын көрінді, сонымен бірге ауыл халқы жаңалықтарды игеруге және түсіндіруге ашық болды, бұл зерттелетін аймақтың өмірін едәуір жеңілдеті түседі.

Ауылдық күнделікті өмірде, барлық жағынан алғанда елде жүргізіліп жатқан реформалардың ерекшеліктері тұтастай көрініс тапты. Өзіне тән жоғары жұмылдыру мүмкіндіктері бар колхоз жүйесі мемлекетті модернизациялаудың негізгі көзі болды, сол кездегі ең заманауи индустрияны құруды қамтамасыз етті, соғыста жеңіске жетуге, содан кейін қалпына келтіруге және экономикалық өсуге ықпал етті.

Мақаланың немесе зерттеудің *дерек көздерін* төмендегідей көрсетуге болады. Зерттеудің дереккөз базасы әртүрлі типтегі материалдардан тұрады, олар, ең алдымен, олардағы тарихи ақпаратты жобалау әдісіне сәйкес жіктеледі. Біз жазбаша, ауызша және көрнекі көздерді – фотоқұжаттарды қолдандық. Зерттеудің жазбаша көздеріне: жарияланған құжаттар, архив материалдары, мерзімді баспасөз жатады.

Біріншіден, жазбаша жарияланған дереккөздері – соғыстан кейінгі кезеңдегі заңнамалық актілер, Коммунистік партияның жоғары органдарының: съездердің, конференциялардың, ОК пленумдарының директивті құжаттары, Кеңес Үкіметінің қаулылары сияқты құжаттар.

Осы алғашқы дереккөздерін тиімді пайдалану арқылы соғыстан кейінгі кезеңдегі күнделікті өмір шындығын Кеңес мемлекетінің шаруаларға және тұтастай ауылға қатысты жүргізген саясатының мазмұны мен іске асырылуы барысындағы бұрмалаушылық, асыра сілтеу, ауыл табиғатымен толық сәйкес келмейтіндігіне көз жеткізе аламыз.

Сонымен қатар, осы айтылған дереккөздердің тағы бір маңызды ерекшелігі бар. Ол сол кезеңдегі қоршаған орта мен күнделікті өмірдің өзекті мәселелерін бағалауға мүмкіндік беретін жергілікті билік органдарының нормативтік құжаттары болып табылады. Өйткені олардың құзыреті негізінен жергілікті экономиканы абаттандыру мен ұстауға, көшелерді, тұрғын үйлерді, мәдени

және тұрмыстық мәселелерді, азаматтардың мінез-құлық ережелеріне, әр аймақтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына тікелей қатысты болды.

Жазба құжаттармен қатар кинофотоқұжаттық және фотосуреттер тарихи кезеңді нақты суреттеуге, анық көруге мүмкіндік беретіндіктен, күнделікті тарихты зерттеуде деректік маңызы зор. Кинофотоқұжаттық деректер ұзақ уақытқа сақталатын деректер қатарына жатады және ақпаратты дыбыстық тұрғыдан жеткізе алатын мүмкіндігі мол дереккөз болып табылады. Себебі, біріншіден, фотоқұжаттардың белгілі бір оқиғаны, тарихи үрдісті шынайы бере алу қабілеті бар болса, екіншіден, бейнелену арқылы фотоқұжаттардың көркемдік, эстетикалық мақсаты мен артықшылығы да көрініс табады. Айтылғандармен қатар, көп жағдайларда фотоқұжаттар саяси, тарихи құқықтық мәртебеге де ие болып, тарихи фактілерді бұлтартпай дәлелдеу үшін пайдаланылатындығын да анық.

Осы тұрғыдан алғанда қазақстандық тарихнамада осы салада алғашқылардың бірі болып зерттеу жүргізген Г.А. Сексенбаеваның «Кинофотофонодокументы как исторический источник» [Сексенбаева, 2011:232] атты оқу құралының маңызы зор.

Қорыта айтқанда, тақырыпқа тікелей және жанама, қосымша қатысты әдебиеттерге тарихнамалық шолу барысында күнделікті өмір тақырыбы қазіргі қоғамтану ғылымдары саласында, оның ішінде тарих ғылымында ғылыми қызығушылық аймағына берік еніп, күнделікті тарих мәселелері аясында әлеуметтік-экономикалық, тұрмыстық мәдениет пен адамдардың әртүрлі кезеңдегі өмір сүру салтына қатысты мәселелерді зерттеуге назар аудара бастағанына көз жеткізе алдық. Мәселенің күрделілігіне қарай қазіргі ғылымның даму кеңістігінде көбіне пәнаралық зерттеулерді талап етеді. Мәселен, күнделікті өмірді түсінігінің сұлбасын жасай отырып, зерттеуші гуманитарлық және жаратылыстану, әлеуметтану ғылымдарына ден қоя бастайды. Осылайша ХХ ғасырдың 45-60-шы жылдарындағы қазақ ауылының, колхоз-совхоздардағы жұмысшылар мен тұрғындардың күнделікті өмір тарихын зерттеу арқылы біз жалпы қазақстандық қоғамның мәдени, әлеуметтік және саяси даму жүйесі туралы толық мәлімет ала аламыз.

Осы хронологиялық шеңберде шаруалардың күнделікті тұрмыс-тіршілігі тарихының күрделі бойынша кеңестік тарихнаманың дамуын қорытындылай келе, зерттеушілердің жұмысы әлі де болса қалыптасқан идеологияға толығымен тәуелді болғанын атап өткен жөн. Кеңес тарихшыларының еңбектерінде ауыл халқы партия және мемлекеттік органдардың қызметін қолдады, оларға еңбек және саяси ынтымақпен жауап берді. Ауыл шаруашылығындағы соғыс зардаптарын жою, бесжылдық халық шаруашылық жоспарларын орындауға күш салу орталық мәселе болды. Осыған байланысты кеңестік шаруалардың күнделікті өміріне қатысты мәселелер ғылыми зерттеудің негізгі нысанасы болған жоқ, бірақ совет адамдарының күнделікті өмірінің әртүрлі аспектілерін зерттейтін еңбектер айтарлықтай белсенді түрде зерттелді. Дәл осы кезеңде біз кеңес халқының материалдық әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейі, тұрмыс салты, кеңес халқының демалысы мен тұрмысының жаңа түрлерін қалыптастыру мәселелері зерттелген ғылыми басылымдарды кездестіреміз. Идеологизацияға қарамастан, осы кезеңде бұл мәселені түбегейлі түсінудің бастауы қаланды, ғылыми айналымға фактілік материалдардың айтарлықтай көлемі енгізілді, проблемалық өрісті белгілеудің алғашқы тәсілдері анықталды. Ауыл шаруашылығын және шаруаларды дамыту мәселесіне қызығушылықтың артуы одақтас республикаларда ғылыми-зерттеу жұмыстарының жандануына ықпал етті. Әсіресе, бұл кеңестік қазақ тарих ғылымында осы тектес еңбектердің пайда болуына, зерттеу аясының кеңеюіне серпін берді.

**Зерттеу нәтижелері.** 1945-1953 жылдардағы Қазақстан ауыл тұрғындарының күнделікті өмірін зерттеу күнделікті өмірдің дәстүрлі формаларының өзгеруінің анықталған үрдістері елдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ерекшеліктеріне байланысты екенін көрсетті.

Күнделікті өмір адам өмірінің салаларына сәйкес құрылымдалған: «үй» күнделікті өмірдің құрылымы ретінде жеке, интимдік өмірдің көп бөлігі өтетін орынды білдіреді, оның аясында ол өздігінен қалуға, сыртқы жағынан оқшаулануға мүмкіндік алады.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін біздің еліміздің алдында бұрын-соңды болмаған күрделі міндеттер тұрды. Жойқын соғыстың ауыр салдарын жою, миллиондаған адамдарды азық-түлікпен қамтамасыз ету, тамақтандыру, киіндіру және баспана беру, экономиканы бейбіт арнаға көшіру,

тоқтап қалған экономикалық және мәдени құрылысқа ресурстар табу, КСРО-ның қорғанысын қамтамасыз ету қажет болды. Сонымен қатар, ештеңені де ертеңге қалдыруға болмайды деген қағидат ұсталынды. Соғыс ел байлығының басым бөлігін және 27 миллионнан астам отандастарымызды жойды.

Сонымен бірге, соғыстағы жеңіс халықтың өзін-өзі тануының өсуіне, оның жақсы өмірге лайық екенін түсінуге әкелді. Елдің есін есеңгіреткен соғыстан халықтың әлеуметтік-экономикалық ахуалы ғана емес, қорқыныш пен үрей жаулаған психологиялық күйінде қалпына келтіру, сауықтыру қажет еді.

Зерттеу барысында біз күнделікті өмірдің келесі аспектілерін зерттедік: еңбек қызметін ұйымдастыру формалары, санитарлық-тұрмыстық, мәдениет нысандары, жас ұрпақты тәрбиелеуде, тұрмыстық және мерекелік мәдениетте, сондай-ақ оның өзгеруіне әсер ететін факторлар, атап айтқанда билік пен шаруа қоғамдастығының қарым-қатынасы, демографиялық және географиялық факторлар, ауылдың қаламен өзара әрекеттесуі, сондай-ақ ауыл шаруашылығының қарқынды дамуына әкелетін мүмкіндік деңгейі.

Айта кету керек, 1945-1953 жылдардағы ауыл шаруашылығының даму деңгейі аймақ үшін жеткіліксіз болды және соғысқа дейінгі кезеңге әрең сәйкес келді. Осыған байланысты олар баяулай бастайды, содан кейін колхоздар мүшелерінің кірістері едәуір артта қалды, жұмыс күндерінің жалақысы төмендейді, ал 1950 жылдардың аяғында жалпы ел мен өзге одақтас республикаларға қарағанда әлдеқайда аз болады.

Соғыстан кейін көбіне әйелдер, қарттар мен жасөспірімдерден тұратын еңбекке қабілетті колхоз тұрғындарының жеткіліксіз саны, еңбек шығындарының қажетті төмендеуін қамтамасыз етпейтін механикаландырудың өте төмен деңгейі, дамудың жоғары жоспарланған көрсеткіштері күштердің шамадан тыс жүктелуіне әкелді. Нәтижесінде еңбекке қабілетті бір адамға жұмыс күндерінің саны өсуде, ауылшаруашылық технологиясы өзгермейді, бұл табиғаты қатал Қазақстан жағдайында ауылшаруашылық бірлігіне көп еңбек шығынын әкеледі.

Жалпы алғанда, ауыл еңбеккерлері мен колхозшылардың кірістері жылдар бойынша айтарлықтай өзгерді, тұрақсыз болды және көптеген жағдайда төмендегі факторларға байланысты болды: өндірістің дамуы, мемлекеттік саясат, ауа-райы және т.б. сонымен бірге, егер 1940 жылдардың ортасында бүкіл елдің колхозшылары азық-түлік тапшылығы мен аштыққа тап болды. Еліміздің шалғай аудандарында және колхоздың науқандық жұмыстарында әйелдер, балалар мен қарттардың еңбегі көп пайдаланылды, бұл бүкіл шаруа отбасын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермеді.

Сонымен қатар Қазақстанның географиялық орналасуы, халықтың дәстүрлі тұрмыс-тіршілігінің, ұлттық менталитеті мен салт-дәстүріне байланысты белгілі бір ерекшеліктері болды. Сана-сезімнің ережелерін бұзу жиі болды, жаңа мінез-құлық үлгілері дамыды, олар кейде қалыптасқан дәстүрлі идеяларға қайшы келді. Соғыстан кейінгі жылдардағы шаруа өмірінің дәстүрлі негіздерінің өзгеруі екі жақты мағынаға ие болды: бір жағынан, қала мәдениетінің, жаңа ауылшаруашылық технологиясының және т.б. енуінен көрінетін шаруа әлемінің оқшаулануы анық байқалса, екінші жағынан, патриархалдық принциптерден кету шаруалардың еңбекке деген көзқарасының моральдық бейнесіне теріс әсер етті.

Соғыстан кейінгі Қазақстан ауылдарында санитарлық-тұрмыстық мәдениет негізінен шаруалардың жеке гигиена және тұрғын үйді күтіп ұстау туралы дәстүрлі тұрмыс-тіршілігіне негізделген. Оның ішінде санитарлық-гигиеналық нормалар мен білім, халықтың табиғи-климаттық жағдайымен, күнтізбелік салт-дәстүрмен тығыз байланыста болды. Біздің ойымызша, ауыл тұрғындарының күнделікті өміріндегі дәстүрлердің өзгермеуінің негізгі себептері Кеңес мемлекетінің шаруаларға қатысты қатаң экономикалық саясатына, аймақ тұрғындары арасында санитарлық-ағарту жұмыстарының жеткіліксіздігіне, сондай-ақ аймақтың оқшаулануына байланысты отбасылардың материалдық әл-ауқатының өте төмен болғандығын атап кеткеніміз жөн. Ауыл тұрғынына және шалғайдағы малшылар мен мұнайшыларға, балықшыларға медициналық көмек беру де осы кезеңде айтарлықтай проблема болды деп айтуымызға болады. Теориялық тұрғыдан алғанда, қажет болған жағдайда бүкіл халық медициналық көмекпен

қамтылды. Шын мәнінде, медициналық мекемелер әрдайым қажетті көмек көрсете алмады, сондықтан өзін-өзі емдеу және қызметтерін белсенді қолдануды жалғастырған тәжірибелі ауылдағы емшілерге, қала берді тәжірибелі әжелерге жүгіну тәжірибесі сұранысқа ие болды және кең таралды.

Ал сол жылдардағы қоғамда жас ұрпақты, сол тұстағы идеология тілімен айтқанда болашақ «коммунизм құрылысшыларын» тәрбиелеу проблемалары маңызды мәнге ие болды. Себебі ауыл балаларының тәрбиесі жалпы алғанда кеңестік балалық шақтың ресми доктринасына қайшы келмейтін, бірақ күнделікті шындықпен түзілген көптеген шаруаларға тән әлеуметтену тәжірибесі өзгешелеу болды. Соғыстан кейінгі жылдары жартылай урбанизацияланған аудандардың балалық шақ мәдениеті мен шаруа балалық шағы арасындағы айырмашылық айрықша байқалатын. Бұл көбінесе мемлекеттік саясат пен дәстүрлі шаруа өмір салтына байланысты екендігін айтуымыз керек. Мысалға, шалғай аудандардағы балалар мен жасөспірімдер үшін білім алу, мамандық таңдау, мансап құру мүмкіндіктері олардың қалалық құрдастарына қарағанда айтарлықтай төмен болғанына назар аудару керек. Сондықтан мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей бастауыш, содан кейін жеті жылдық оқытуды жүзеге асыруға қарамастан, ауыл тұрғындарының білім деңгейі жеткіліксіз болып қалды.

Мұндай алшақтықты қарапайым сызба түрінде былай көрсетуге болады:

Күнделікті тағамдану, ас дайындау жағы да өте қарапайым және қиындықтара толы болды. Соғыстан кейінгі алғашқы жылдары ауыл халқының негізгі тағамы - нан мен картопты пайдаланды. Адамдар нанды шамамен 1,5 есе, ал картопты ұтымды тамақтану нормаларымен қамтамасыз етілгеннен үш есе көп тұтынған. Бірақ ет, сүт және жұмыртқа сияқты жоғары калориялы және сапалы тағамдарды пайдалану барлық ауыл тұрғындарына қол жетімді болмады. Ауыл шаруасы етті 8, сүтті 3, жұмыртқаны 10 есе аз тұтынған. Бұл деректер негізінен сол кезеңде өмір сүрген адамдардың естеліктерімен расталады. Мысалы, қазақ шаруасының күнделікті өмірінде тамақ өте қарапайым болды: етсіз қуырма тамақтар, түрлі сорпалар, ботқалар, тары қосылған қайнатылған асқабақ, жеке бақшасы барлар үшін көкөністер. Сауын сиыры, бірді-екілі қой-ешкілері барлар, сүт пен сүт өнімдерін, айран мен одан дайындалатын ашытқан көже, шалап, күрт, сүзбелерді қорек қылды. Демалыс және мереке күндері олар бауырсақ пісірді, дәстүрлі ет тағамдарын пісірді. Көбінесе дастарханда жаппа нан, бөтір нан және бауырсақ болды. Ет аз тұтынылды.



Қарапайым тауарлар жетіспеді: маталар мен жиһаздарды айтпағанда тұздан етке дейін, керосин, сіріңке және сабын жетіспеді. Керосин шамы соғыстан кейінгі ұзақ уақыттың серігі болды.

Далада жұмыс істеген еңбеккерлер мен колхозшылар өздерімен бірге тамақ алды. Әдетте ол нан, май, қайнатылған немесе қуырылған жұмыртқа, жарты литрлік бөтелке сүт, қайнатылған картоптан тұрды. Рас, май мен сүт бәрінен алыс болды. Механизаторлар дала лагерінде ыстық тамақпен бірсыдырғы күнделікті ас мәзірі еш өзгеріссіз бұқтырылған ботқалар мен сорпа, борщпен тамақтандырылды. Кейде далада жұмыс істейтін ата-аналарға балалары үйден ыстық тамақ әкелді. Жеміс жетіспеді және онымен өте аз мөлшерде қамтамасыз етілді. Тек бірнеше қосалқы шаруашылықтарда алма мен алмұрт бақтары болды, өйткені олар үшін мемлекетке қосымша салық төлеу қажет еді.

Әрине, елдің әртүрлі аймақтарындағы халықтың тамақтану құрылымы ауылдық жерлерден айтарлықтай ерекшеленді.

Соғыстан кейінгі алғашқы жылдары астық шаруашылығында өндірістің екі деңгейі қатар өмір сүрді, олар бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленді. Кеңшар және ұжымшар алқаптарында жырту

тракторларымен жүргізілді, дәнді дақылдар тіркеме комбайнынан құралған комбайн агрегаттарымен жиналды. Кейін өздігінен жүретін комбайндар пайда болды. Астықтың бір бөлігі бұрынғыдай қол еңбегімен, яғни орақ, шалғылармен шабылды, содан кейін бастырғыштар, желдеткіштер, астық сұрыптары арқылы өтті. Колхозшының жеке қосалқы шаруашылығында ауылшаруашылық жұмыстарының технологиясы XIX ғасырдан ерекшеленбеді. Жер өгіз және ат соқасымен жыртылды. Жылқылар мен соқаларды колхозда «жалға» алды.



Жеке учаскенің бір бөлігі күрекпен қолмен қазылды. Дәнді дақылдар қолмен сөмкеден, шелектен немесе себеттен тұқым себу арқылы егілді. Орылған астықты ұнтақтап, желмен тазартты. Картоп, қант қызылшасы, басқа да көкөністер колхоздарда, совхоздарда және жеке шаруашылықтарда негізінен қол еңбегімен өсірілді. Біраз уақыттан кейін пайда болған қызылша мен картоп жинайтын комбайндар өте сенімсіз болды, жиі істен шығып, қаңтарылып бос

тұрды.

Әрине, ауыл тұрғындары өздері өндіргендерімен ғана емес нан зауыттары мен наубайхана өнімдерінде тұтына бастады. Кейде әр ауылға аудан орталығынан пісірілген нан әкелінді. Оны алу үшін әрқашан үлкен кезектерде тұрды.

Сол тұстағы ауылдың үлкенді-кішілі ер адамдарының біркүндік тіршілігіне көз жүгіртіп көрелік:

Ауыл ересектері таңғы 4-5-тен оянып, тыйым салғанына қарамастан таңғы намаздарын оқиды, одан кейін өріске шығатын малды шығарып салады. Қыста аула қарын күреу, малды жөндеу, астын тазалау, суғару секілді тіршілікпен айналысады. Ал көктем-жаз шыға қой қырқу, малдың қысқы азығын дайындау үшін шөп шабу, кептіру, тасымалдау, жинау мен жем алу мәселесі туындайды.



Барлық еңбек үрдісі қарапайым құрал-саймандар: шалғы, орақ, күрек, кетпен және ат, өгіз бен есек арба арқылы жүреді. Қысқы соғым мен сойысқа осы жаз бен күзде қарақет жасалынады. Қой қырқу, төлді бөлу, малды жайылымға жіберу мен қайтару жұмыстары да ер адамдардың міндеті.

Ал ауыл әйелінің, қыз-келіншектерінің күнделікті тіршілігі де дәстүрлі ауыл өмірімен тығыз байланыста өрбіген. Таңнан тұрып сиыр сауу, сүт тарту, құрт қайнату, май шайқау, айран ұйыту, үлкендердің таңғы асын беру, нан пісіру және бие сауу мен қымыз баптаудың өзі үлкен шаруа, арнайы күтім мен уақытты талап ететін жауапты іс.



Жазғытұрымнан күрең күзге дейінгі уақытта ауыл әйелдерінің бос уақытының басым бөлігі жүн жуу, түту, сабау, бояу, киіз басу, сырмақ, алаша тоқу және жіп иіруге арналады. Киіз басу ауыл өміріндегі ең қызықты кезең болған. Көрші-қолаң, үлкен әжелер бастаған абысындар мен жас келіндер, ойын балалары түтілген, сабаудан өткен және боялған жүні дайын үйге жиналады. Ол үйде арнайы мал сойылып, қазан асылып, бауырсақ пісіріліп, самауырыны сақ-сақ қайнап тұрады. Үлкен қара қазанда киізді пісіруге арналған ыстық сулар қайнатылады. Киіздің негізіне ақ немесе қара жүн төселіп болған соң, қолы шебер апалар мен келіндер

боялған жүннен келістіріп ою салады. Содан кейін шиге орап, үстінен ыстық суды шелекпен құя жүріп, екеуі жіппен орап тартады, өзгелері секіре жүріп тебуден өткізеді. Тебудің өзі ойын балалары үшін өте қызық. Жүн бірікті ау деген кезде киізді барлығы жиналып білектейді. Әбден дайын болған киізді ашқан кезде бояғандардың, оюшылардың да, тепкендердің де, білектендердің еңбегіне әжелер бағасын береді. Осылай кезекпен ауыл киізі басылады.

Осы айтылған күнделікті күйбең тіршіліктің көлеңкесінде түгелдей бір әулеттің тұрмысы мен ахуалы, бала тәрбиесі мен отбасылық құндылықтары жатқанын және тұтастай бір мемлекеттің осы шағын отбасынан, ауылдан құралатынын ескерсек, ауылдың күнделікті өмірі соның басты қазығы екендігіне тағы бір рет көз жеткіземіз.

Соғыстан кейінгі Кеңес ауылының адамдары өте қарапайым киінген. Ерлердің едәуір бөлігі кейбір жерлерде соғыстан қайтқан әскери киіммен жүрді. Хром етік, галифе шалбарлар, шұға деп аталатын матадан жасалған пальто ерекше бағаланды. Ерлер фуфайкалар мен қазақы шапан, шекпен, ішік, күпі кисе, әйелдер – қазақы кең етек көйлек, камзол, кимешек, орамалы мен шапанын, жастар жағы заманауи киінген. Аяқ киімнен резеңке етік өте кең таралған. Жас жігіттің армандарының шегі – пальто, жүн костюм, хром етік болған. Ал қол сағаттары мен велосипед байлықтың белгісі болып саналған деп еске алады үлкендер.



Ауыл оқушыларының мектеп формасы – қоңыр көйлек және қара немесе ақ алжапқышты кие бастады. Ер балалары мектеп формасы туралы армандай алмады. Ол қандай да бір себептермен ауылға кірмеді, ал ауыл жағдайында оны тігу қиын болды. Әскери формаға ұқсас қалпақ, ашық кітап пен «Ш» әрпі, костюм үшін сапалы ашық көк мата қажет болды.

Ауылда балалар аяқ киімі мәселесі қиындау шешілді. Сондықтан, жазда соғыстан кейінгі алғашқы жылдардағы ауыл балалары жалаң аяқ жүрді, ал суық мезгілде ересектерге арналған резеңке немесе кирза етіктерді киген. Соғыстан кейін әсіресе аяқ киіммен қамтамасыз ету қиын болды, өйткені барлық тері қорлары әскери қажеттіліктерге жұмсалды. Мүмкіндігінше аяқ киімді парусинадан, резеңкеден, киізден тікті.



Аяқ киімнің жаңа түрлері пайда болды: ақ желкенді аяқ киім, серпімді аяқ киім, өрілген сандалдар, киіз және резеңке ботилар, су өткізбейтін қатты қалың былғарыдан тігілген аяқ киімдер. Ең танымал аяқ киім галоштары бар етіктер, сондай-ақ киіз етіктер (қысқа етіктер) және буркалар (былғары табанға киізден жасалған жоғары етік) болды. Кеңес ауылы киім мен аяқ киіммен өте нашар қамтамасыз етілгендігін осыдан аңғарамыз.

Күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі – тұрғын үй екені анық. Соғыстан кейінгі ауыл тұрғындары негізінен сол 20-30-шы жылдары салынған жер кепе, балшықтан салынған үйлерінде тұрды. Ал колхоз бен совхоз орталықтарында бірнеше отбасына арналып ұзынша салынған барақ үйлерде тұрды. Олардың

ауласы мен бау-бақшалық жер телімі де өте шағын болды.

Жұмыс жатақханаларында тұратын жастардың тұрғын үй жағдайы қиын болды. Жатақханаларда тұратын ұлдар мен қыздар, жас отбасылары күнделікті материалдық қолдаудан және отбасының тәрбиелік әсерінен тыс қалды. Соғыстан кейінгі алғашқы жылдары КСРО-да



жатақханаларға орналастырудың, жабдықтаудың және ұстаудың санитарлық ережелері қолданылды. Бұл ережелер жатын бөлмелер ауданының ең төменгі нормасын (бір адамға 4,5 ш. м.); әрбір бөлменің ең үлкен сыйымдылығын (алты адам); қосалқы үй-жайлар мен олардағы жабдық ауданының нормаларын көздеді; жылыту маусымындағы үй-жайлардағы орташа температура (18<sup>0</sup> С төмен емес). Жатын бөлмелердің жабдықтары металл төсектерден, ескі үстелдер мен орындықтардан, киім шкафтарынан және т.б. қамтамасыз етілді. Алайда соғыстан кейінгі алғашқы жылдардағы жастар жатақханаларының көпшілігі белгіленген санитарлық нормаларға сәйкес келмеді.

Күнделікті өмірдің тұрақты қиындықтарында ауыл адамдары «көпшілікпен көрген ұлы той» деген оптимизмге толы үмітпен төтеп бере алды. Ауыл тұрғындары ағайын мен көршілердің қуанышы мен қайғысына бірге қайғырып, бірге шын жүректен қуанды. Үйдегі тапшылықты көршісінен тұз, нан немесе ақша алып білдірмеуге тырысты. Қонақ күту үшін үстел мен орындықтарды, ыдыс-аяқ, т.б. ұсақ-түйекті уақытша пайдалануға сұрап алу қалыптасқан жағдай деп есептеді. Ауылдық жерлерде ішіне шоқ салып қолданылатын үтіктер 70-ші жылдарға дейін қолданылған.



Соғыстан кейінгі күнделікті өмірдің маңызды белгісі радио болғандығын атап өтуіміз керек. Тек 1950 ж. КСРО-ның 178,5 миллион тұрғынына 11 миллион 61 радио нүктесі келді. Ауылдық жерлерде тек радио торабы ғана жұмыс істеді. Орталықтың, республика және облыстағы, халықаралық жаңалықтарды, концерттерді сол арқылы тыңдады. Бұл ауыл өмірінің үйреншікті тіршілігі және шынайы көрінісі еді.

Радиохабарлар саяси, экономикалық және халықаралық тақырыптарға толы болды. Ауыл жастары үшін радио жаңа әндермен танысудың таптырмас құралдарының бірі болды. Бұл әндер есте сақталып, естілді, содан кейін олар әуесқой клуб сахнасында, далада, кештерде ауыл көшелерінде шырқалды. Бұл әндер өткен соғыс, жастар, махаббат, Отан, партия, Ленин және Сталин, жұмысшылар мен колхозшылар, сондай-ақ халық әндері еді. Жастардың сүйікті әндерінің бір бөлігі кинода шырқалды. Біраз уақыттан кейін жастар арасында «радио және кино әндері» жинағы танымал бола бастады. Тіпті спорт ойындары мен жарыстары туралы репортаждарын жүргізген кезде футбол жанкүйерлері дауыс зорайтқыштың алдына жиналды.

Ауыл адамдарының бос уақытын өткізуге баса назар аударылмады. Бозбалалар мен қыздар кешкі уақыттарын ауылдық клубтарда немесе қалалардың өнеркәсіптік кәсіпорындарының клубтарында және мәдениет үйлерінде өткізді. Жұмыс күндерінде кешке би аландарында биледі (қалаларда – ақылы, ауылдық жерлерде – тегін), кинофильмдер көрсетілді. Мереке күндері (8 наурыз, 1 және 9 мамыр, 7 қараша) клубтар мен мәдениет үйлерінде дәрістер мен баяндамалар оқылды, көркемөнерпаздар концерттері ұйымдастырылды, әуесқой қойылымдар қойылды. Шалғай ауылдарда кино көрсететін клуб үйлері де болмаған, кешкі кино сеанстары мектеп қабырғаларында көрсетілгенін айтып еске алады ауыл қариялары.

Соғыстан кейінгі алғашқы жылдары елдің ауылдық жерлері және шопандар ауылы негізінен кино таратылымдарымен қамтамасыз етілген. Автоклубтар ауданның бірнеше ауылына кезек барып көрсететіндіктен кинопенкалары соңғы ауылдарда үзіліп, бір киноны толық көруге мүмкін болмаған. Және олар ешқашан белгіленген уақытта өтпеген.

Ауыл жастарының бос уақыттарының басым бөлігін, ондада аптасына бір-екі рет өткізетін жері киноэкранны болды. Көрсетілетін отандық кинофильмдер өткен соғысқа, соғыстан кейінгі елді қалпына келтіру тақырыбына арналған «Мосфильм» мен «Ленфильм» туындылары: «Аудандық комитеттің хатшысы», «Ол Отанды қорғайды», «Екі жауынгер», «Полк баласы», «Барлаушының ерлігі», «Жас гвардия», «Зоя», «Ауыл мұғалімі», «Кубан казактарын» көрді. Ұлы Отан соғысы

жылдары осы киностудиялардың Қазақстанға эвакуациялануы қазақ киноөнерінің қалыптасуына ықпал еткендігі белгілі. Екінші Дүниежүзілік соғыс жылдары және одан кейінгі жылдары түсірілген қазақ кинотуындыларының алғашқы көркем фильмі – «Абай әндері» (1945), «Алтын мүйіз» (1948) көрерменге жол тартты. Кейін «Жамбыл» (1952), «Махаббат туралы аңыз» (1953) «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» лирикалық жырының негізінде түсірілді және көрерменге жол тартты.

Сонымен қатар жер-жерлерде көркемөнерпаздар үйірмелері мен халық театрлары арнайы жұмыс істеді. Оларға жастармен қатар өнерге жақын ауыл тұрғындары да тартылды. Ауыл көркемөнерпаздар үйірмелері мен халық театрлары көрші ауылдар мен аудандарға барып өнер көрсетіп, өз қойылымдарын қойды. Олардың репуартары өте бай болған. Халық әндері мен күйлерімен қатар заманауи әндерді шырқады. Сондай-ақ аудандық, облыстық, республикалық және одақтық байқаулар ұйымдастырылып, жеңімпаздар анықталып, марапатталып отырды.

Соғыстан кейінгі жылдардағы ауыл өміріндегі тағы бір ерекшелік халықтық мерекелер мен жастар кештерінде ұлттық бояу басым болды. Халық ән-билері, күй тарту, ақындар айтысы, жыр жылаумен қатар ұлттық алтыбақан, аксүйек, орамал тастамақ, асық ойындары айналды. Келін түсіру, шілдехана, бесік той, қыз ұзату, күйеу шақыру секілді салт-дәстүрлер қатаң сақталған. Бұл тойлардың соңы ақындар айтысы, көкпар тарту, ат жарысы секілді ұлттық ойындарға ұласты.



Ашық аула ауылдағы әрбір үйдің ажырамас бөлігі болды. Күншуақта әйелдер жиналды, бірі жүн түтті, бірі жіп иіріп, тоқыма тоқи отырып әңгіме дүкен құрды. Ер адамдар сарайлардың жанындағы шөп істінде, ауыл сыртындағы төбешіктерге жиналды. Сонда ауыл мәселесі, бала тәрбиесі, ас беру, той өткізу, ағайын арасындағы араздық, татуластыру т.б. тәрбиелік мәні зор мәселелер шешіліп, шежіре, тарих туралы әңгімелер айтылды. Ал оларды жағалай жүрген ойын балалары соларды зерделеріне тоқып өсті. Қозы-лақ бағудан бір қолдары босаған сәтте асық, хан талапай, жасырынбақ және киіз доп ойнап, арқаннан секірді, қыста қар құрсауынан шанамен сырғанады.

Соғыстан кейінгі алғашқы он жылдықта кеңестік ауылда революцияға дейінгі кезеңде тамырын тереңге жайған көптеген мәдени және тұрмыстық дәстүрлер сақталды.

Дегенмен, қарапайым адамдардың күнделікті өмірі баяу болса да, біртіндеп жақсарды. Халықтың көңіл-күйі жақсы жаққа өзгерді. Шынында да, 1950 жылдардың ортасында, әсіресе КОКП XX съезінен кейін көп өзгерістер бола бастағанын байқаймыз.

Ең алдымен, ауыл халқы жақсы тамақтана бастады. Бірақ, жоғарыда айтып кеткеніміздей халықтың күнделікті өмірі олардың тұрғын үй жағдайларына тікелей байланысты болды. 1950 жылдардың бірінші жартысында жұмысшылардың, шаруалардың және қарапайым қызметкерлердің көпшілігі әлі де қарапайым тұрғын үйлерде тұрды. Олар ауданы мен абаттандырылуы бойынша қарапайым санитарлық жағдайларға да жауап бермеді. Көптеген отбасылар 1950 жылдары ескі ағаш үйлер мен казармаларда, уақытша үйлерде және тіпті жер кепелерде өмір сүруді жалғастырды.

Кеңестік денсаулық сақтаудың жетістіктері мен кемшіліктерін шеткері аймақтары ғана емес, облыс орталықтарының мысалынан көруге болады. 1950 жылдардың ортасына қарай халыққа медициналық қызмет көрсетудің жай-күйін республика басшылығы ресми түрде қанағаттанарлықсыз деп бағалады. Жергілікті аурухананың аз ғана пайызы арнайы салынған ғимараттарда орналастырылды, ал қалғандары санитарлық нормаларға сәйкес келмейтін тығыз бөлмелерде орналасты. Науқастардың палаталарда жиналуы сол кездегі кең таралған құбылыс. Ауылдық фельдшерлік-акушерлік пункттер көп жағдайда шаруа қожалықтарында орналасты.

Жастардың бос уақытының мазмұны өзгерді. Егер соғыс жылдары ауылдық мәдениет үйінде барлық дерлік мәдени жұмыстар кинофильмдер мен ақылы билерді көрсетуге дейін азайтылса, онда

1960 жылдардың басында бұл саладағы жұмыс жандана түсті. Ауыл жігіттері мен қыздары қалалықтардай кешкі жұмысшы жастар мектептерінде, жоғары оқу орындарында және техникумдарда өндірістен қол үзбей оқыды. Ауылдық кітапхана жанынан әртүрлі үйірмелер құрылды. Оларда үйді қалай жабдықтау, әдемі және арзан киіну, киімге күтім жасау туралы дәрістер мен әңгімелер өткізілді, үстелді жабдықтау бойынша тәжірибелік-кеңес сабақтары өткізілді. Әбір ауыл мен елді мекендерде халық театры, көркемөнерпаздар, киностудия, радио клубы, бейнелеу өнері студиясы, өлкетану мұражайы, эстрадалық ансамбльдер жұмыс істеді. Мұндай әлеуметтік-мәдени орта біртіндеп елдің көптеген ауыл, колхоз-совхоздарында дамыды.

1950-1960 жылдары көптеген қарапайым ауылдық кеңестік адамдар газет, журнал, көркем әдебиеттің тұрақты оқырмандары болды. Олар ауыл поштасы арқылы аудандық, облыстық, республикалық және одақтық мерзімді басылымдарға жазылып, үйге алдырып оқитын деңгейге жетті. Мерзімді басылымдарға жазылу ауылдық кеңестер арқылы жүргізілді.

Осы жылдардың екінші жартысында ең бұқаралық өнердің бірі – кино сапалы жаңа деңгейге көтерілді. Сол жылдары кинофильмдер көрсетілетін қалалық кинотеатрлар мен ауылдық клубтардың залдары үнемі лық толы болды. Фильм әр түрлі, жан-жақты болды, бірақ көбінесе кеңестік идеологиялық көзқарастарға байланысты болды.

**Қорытынды.** Соғыстан кейінгі кеңестік ауылдың күнделікті тарихын зерттеу барысында алынған деректер мен ережелерді сол жылдардағы еліміздің мәдени және әлеуметтік-экономикалық өмірінің шынайы көріністерін зерделеуге тиімді пайдалануға тырыстық. Зерттеу нәтижелері қолданбалы мәнге ие, себебі мақаланы жазу барысында тарих, өлкетану, мәдени антропология, білім беру, әлеуметтік-экономикалық мәселелер микротарих бойынша қарастырылды.

1945-1955 жылдардағы қазақ ауылы тұрғындарының күнделікті өмірін зерттеу күнделікті өмірдің дәстүрлі формаларының өзгеруінің анықталған үрдістері елдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ерекшеліктеріне байланысты екенін көрсетті.

### Әдебиеттер мен деректер тізімі

Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX в. – Алматы, 1997. – 360 с.

Акинжанов М.А. Трудовой подвиг колхозного крестьянства Западного Казахстана в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.): дис. ... канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1972. – 213 с.

Алдажуманов К.С. Роль МТС и трудовой подвиг сельских механизаторов Казахстана в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.): дис. ... канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1986. – 168 с.

Асылбеков М.Х. Формирование и развитие кадров железнодорожников Казахстана. – Алма-Ата, 1973. – 327 с.

Асылбеков М.Х., Нурмухамедов СБ., Пан Н.Г. Рост индустриальных кадров рабочего класса в Казахстане. – Алма-Аты, 1976. – 260 с.

Баишев С.Б. Социально-экономическое развитие Советского Казахстана. – Алма-Ата, 1979. – 372 с.

Балакаев Т.Б. Колхозное крестьянство Казахстана в годы Великой Отечественной войны 1941–1945 гг. – Алма-Ата, 1971. – 350 с.

Балакаева Л.Т. Укрепление союза рабочего класса и колхозного крестьянства Казахстана в годы Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.): дис. ... канд. ист. н. – Алма-Ата, 1989. – 217 с.

Вербицкая О.М. Российское крестьянство: от Сталина к Хрущеву. Середина 40-х - начало 60-х годов. – М.: Наука, 1992. – 222 с.

Дахшлейгер Г.Ф., Нурпеисов К.Н. История крестьянства советского Казахстана. – Алма-Ата, 1985. – 247 с.; Асылбеков М.Х. Рост рабочего класса Казахстана в условиях развитого социализма // Актуальные проблемы истории Советского Казахстана. – Алма-Ата, 1980. – С. 186-214.

Зубкова Е.Ю. Общество и реформы 1945-1964 гг. – М., 1993, Она же. Послевоенное советское общество: политика и повседневность. 1945-1953. – М., 2000. – 230 с.

Зубкова Е.Ю. Послевоенное советское общество: политика и повседневность. 1945-1953 гг. / РАН. ИРИ. – М., 2000. – 230 с.

История городской повседневности Центрального Казахстана в 1946-1991 годы (с сюжетами демографической и социальной истории): Монография / Сактаганова З.Г., Абдрахманова К.К., Досова Б.А., Козина В.В., Елеуханова С.В., Карсыбаева Ж.А., Утебаева А.Д.; под общ. ред. З.Г. Сактагановой. – Караганда: «Гласир», 2017. – 456 с.

История рабочего класса Советского Казахстана. В трех томах. Т. 1. - Рабочий класс в период перехода к социализму (1917-1937 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1987. – 398 с.; История рабочего класса Советского Казахстана. В 3 т. - Т. 2. - Рабочий класс в период упрочения и развития социализма (1938-1960). – Алма-Ата: Наука, 1988. – 462 с.

Источниковедение новейшей истории России: теория, методология и практика / под общ. Ред. Соколова А. К. – М.: РОССПЭН, 2004. – 744 с.

Костомаров Н. И. Исторические монографии и исследования. – М.: Книга, 1989. – С. 228–229.

Кром М.М. Повседневность как предмет исторического исследования // Источник. Историк. История. История повседневности: Сб. науч. раб. Вып. 3. – СПб.: Изд-во Алетейя, 2003. – С. 714.

ҚР ОМКФДА (ҚР Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбысжазбалар архиві). 2-47874 – «Луч Востока» малшаруашылығы колхозындағы көш. Алматы обл., 1956 ж.

ҚР ОМКФДА. 2-67668 – Ырғыз ауданы, Нұра совхозының тұрғындары демалыс кезінде.

ҚР ОМКФДА. 2-71271 – Бие сауу. Алматы обл., Іле ауданы, К. Маркс колхозы, 1948 ж.

ҚР ОМКФДА. 2-8500 – Соғыстан кейінгі жылдардағы мектеп көрінісі мен оқушылардың киім үлгісі.

ҚР ОМКФДА. 4-8500 – «Ұзынбұлақ» қой совхозындағы қой көрсетілім. Алматы обл., 1960 ж.

ҚР ОМКФДА. Киіз басу, жүн сабау, киіз тебу.

ҚР ОМКФДА. № 2-71321 – Арбаға жегілген түйе. Жамбыл обл., 1947 ж.

Лебина Н.Б. Повседневная жизнь советского города: Нормы и аномалии. 1920-1930 годы. – СПб., 1999. – С. 79-98; 270-276; 281-292 и др..

Лелеко В.Д. Повседневность в исторических исследованиях // Историзм в культуре: Материалы междунар. научн. конф. в Санкт-Петербурге 24–25 ноября 1997 г. – СПб., 1998. – С. 160-168.

Материально-бытовое положение трудящихся Урала в условиях социализма (1937-1975): [межвузовский сборник] / МВ и ССО РСФСР, Урал. гос. ун-т им. А.М. Горького; [отв. ред. В.А. Саматов]. – Свердловск: [УрГУ], 1981. — 169, [1] с.; Толмачева Р. П. Колхозы Урала в первые послевоенные годы (1946 – 1950). – Томск: Изд-во Томского ун-та, 1979. – 221 с.; Она же. Колхозы Урала в 50-е годы. – Томск: Изд-во Томского ун-та, 1981. – 191 с.

Михайлов Ф.К. Совхозное строительство в Казахстане (1946-1970 гг.). – А.-Ата, 1973. – 175 с.

Нурпеисов К.Н. История крестьянства советского Казахстана. – Алма-Ата, 1985. – 207 с.

Опыт социальных кризисов в исторической памяти // Кризисы переломных эпох в исторической памяти / Отв. ред. Л.П. Репина. – М.: ИВИ РАН, 2012. – С. 3-37.

Поляков Ю.А. Человек в повседневности. (Исторические аспекты) // Труды Института российской истории РАН. 1999-2000. Вып. 3 / Российская академия наук, Институт российской истории; отв. ред. А.Н. Сахаров. – М.: ИРИ РАН, 2002. – С. 290-322.

Пушкарева Н.Л. «История повседневности» и «история частной жизни»: содержание и соотношение понятий // Социальная история: ежегодник, 2004. – М., 2005. – С. 93-113.

Пушкарева Н.Л. Предмет и методы изучения «истории повседневности» // Этнографическое обозрение. – 2004. – № 5. – 3-19; Она же. Частная жизнь и проблема повседневности // Демоскоп weekly. – 2002. – № 57/58. – С. 4-5; Ее же. Частная жизнь и повседневность глазами историка // Шмидт С.О. (ред.) Города европейской России конца XV – первой половины XIX в. – Ч.1. – Тверь, 2002. – С. 49-63.

Савосько В.К. Преобразование колхозов в совхозы в Казахстане // Проблемы истории современной советской деревни (1946–1973 гг.): материалы конференции (19–21 ноября 1973 г.) / В.К. Савосько. – М.: Наука, 1975. – С. 275–282.

Сексенбаева Г.А. Кинофотофонодокументы как исторический источник: Учебное пособие. – Алматы, 2011. – 232 с.

Сенявский А.С. Повседневность как методологическая проблема микро- и макроисторических исследований // История в XXI веке: историко-антропологический подход в преподавании и изучении истории человечества (Материалы международной Интернет-конференции, проходившей 20.03–14.05.2001 г. на информационно-образовательном портале [www.auditorium.ru](http://www.auditorium.ru)) / Под общ. ред. В.В. Керова. – М.: Моск. обществ. науч. фонд, 2001. – 416 с. – С. 27

Тулепбаев Б.А. Торжество ленинских идей социалистического преобразования сельского хозяйства в Средней Азии и Казахстане. – М.: Наука, 1971. – 481 с.

Шамшатов И.Ш. Колхозы Казахстана: развитие общественного хозяйства и его социально-экономические результаты (1946–1980 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1985. – 252 с.

### References

Abylhojin J.B. Ocherki sosidno-ekonomicheskoi istorii Kazahstana. XX v. [Essays on the socio-economic history of Kazakhstan. XX century] – Almaty, 1997. – 360 s. [in Russian]

Akinjanov M.A. Trudovoi podvig kolhoznoho krestdnstva Zapadnogo Kazahstana v gody Velikoi Otechestvennoi voiny (1941–1945 gg.) [Labor feat of the collective farm peasantry of Western Kazakhstan during the Great Patriotic War (1941-1945)]: dis. ... kand. ist. nauk. – Alma-Ata, 1972. – 213 s. [in Russian]

Aldajumanov K.S. Rul MTS i trudovoi podvig selskih mehanizatorov Kazahstana v gody Velikoi Otechestvennoi voiny (1941–1945 gg.) [The role of MTS and the labor feat of rural machine operators in Kazakhstan during the Great Patriotic War (1941-1945)]: dis. ... kand. ist. nauk. – Alma-Ata, 1986. – 168 s. [in Russian]

Asylbekov M.H. Formirovanie i razvitie kadrov jeleznodorojnikov Kazahstana. [Formation and development of personnel of railway workers in Kazakhstan.] – Alma-Ata, 1973. – 327 s. [in Russian]

Asylbekov M.H., Nurmuhamedov SB., Pan N.G. Rost industriidnyh kadrov rabocheho klassa v Kazahstane. [The growth of the industrial cadre of the working class in Kazakhstan.] – Alma-Aty, 1976. – 260 s. [in Russian]

Baişev S.B. Sosidno-ekonomicheskoe razvitie Sovetskogo Kazahstana. [Socio-economic development of Soviet Kazakhstan] – Alma-Ata, 1979. – 372 s. [in Russian]

Balakaev T.B. Kolhoznoe krestdnstvo Kazahstana v gody Velikoi Otechestvennoi voiny 1941–1945 gg. [The collective farm peasantry of Kazakhstan during the Great Patriotic War of 1941-1945.] – Alma-Ata, 1971. – 350 s. [in Russian]

Balakaeva L.T. Ukreplenie soiuza rabocheho klassa i kolhoznoho krestdnstva Kazahstana v gody Velikoi Otechestvennoi voiny (1941–1945 gg.) [Strengthening the alliance of the working class and the collective farm peasantry of Kazakhstan during the Great Patriotic War (1941-1945)]: dis. ... kand. ist. n. – Alma-Ata, 1989. – 217 s. [in Russian]

Verbiskaia O.M. Rossiskoe krestdnstvo: ot Stalina k Hruşevu. Seredina 40-h - nachalo 60-h godov. [Russian peasantry: from Stalin to Khrushchev. Mid 40s - early 60s.] – М.: Nauka, 1992. – 222 с. [in Russian]

Dahşleiger G.F., Nurpeisov K.N. İstoria krestdnstva sovetskogo Kazahstana [The history of the peasantry of Soviet Kazakhstan]. – Alma-Ata, 1985. – 247 s.; Asylbekov M.H. Rost rabocheho klassa Kazahstana v usloviah razvitogo sosializma // Aktualnye problemy istorii Sovetskogo Kazahstana. [The growth of the working class of Kazakhstan in the conditions of developed socialism // Actual problems of the history of Soviet Kazakhstan.] – Alma-Ata, 1980. – S. 186-214. [in Russian]

Zubkova E.İu. Obşestvo i reformy 1945-1964 gg. [Society and reforms 1945-1964] – М., 1993, Ona je. Poslevoennoe sovetskoe obşestvo: politika i povsednevnost. 1945-1953. – М., 2000. – 230 s. [in Russian]

Zubkova E.İu. Poslevoennoe sovetskoe obşestvo: politika i povsednevnost. 1945-1953 gg. [Postwar Soviet Society: Politics and Everyday Life. 1945-1953] / RAN. İRİ. – М., 2000. – 230 s. [in Russian]

İstoria gorodskoi povsednevnosti Sentrđlnogo Kazahstana v 1946-1991 gody (s sьjetami demograficheskoi i sosidnoi istorii) [The history of urban everyday life in Central Kazakhstan in 1946-1991 (with plots of demographic and social history)]: Monografia / Saktaganova Z.G., Abdrahmanova

K.K., Dosova B.A., Kozina V.V., Eleuhanova S.V., Karsybaeva J.A., Utebaeva A.D.; pod obş. red. Z.G. Saktaganovoi. – Karaganda: «Glasir», 2017. – 456 s. [in Russian]

İstoria rabocheho klassa Sovetskogo Kazahstana. [The history of the working class of Soviet Kazakhstan] V treh tomah. T. 1. - Rabochi klass v period perehoda k sosializmu (1917-1937 gg.) [The working class during the transition to socialism (1917-1937)]. – Alma-Ata: Nauka, 1987. – 398 s.; İstoria rabocheho klassa Sovetskogo Kazahstana [The history of the working class of Soviet Kazakhstan]. V 3 t. - T. 2. - Rabochi klass v period uprochenia i razvitia sosializma (1938-1960) [The working class during the consolidation and development of socialism (1938-1960)]. – Alma-Ata: Nauka, 1988. – 462 s.

İstochnikovedenie novejšei istorii Rossii: teoria, metodologia i praktika [Source study of the modern history of Russia: theory, methodology and practice] / pod obş. Red. Sokolova A. K. – M.: ROSSPEN, 2004. – 744 s.

Kostomarov N.İ. İstoricheskie monografii i issledovania. [Historical monographs and research.] – M.: Kniga, 1989. – S. 228–229.

Krom M.M. Povsednevnost kak predmet istoricheskogo issledovania [Everyday life as a subject of historical research] // İstochnik. İstoriik. İstoria. İstoria povsednevnosti: Sb. nauch. rab. Vyp. 3. – SPb.: İzd-vo Aleteiia, 2003. – S.714.

QR OMKFDA (QR Ortalyq memleketтік kinofotoqūjattar және dybysjazbalar arhivі [Central State Archive of Cinematographic Documents and Sound Recordings of the Republic of Kazakhstan]). 2-47874 – «Luch Vostoka» malşaruashaılyǵy kolhozyndaǵy kúş. Almaty obl., 1956 j.

QR OMKFDA. 2-67668 – Yrǵyz audany, Nūra sovhozynyc túrǵyndary demalys kezinde.

QR OMKFDA. 2-71271 – Bie sauu. Almaty obl., Ile audany, K. Marks kolhozy, 1948 j.

QR OMKFDA. 2-8500 – Soǵystan keimǵı jyldardaǵy mektep kúrmısı men oquşylardyc kúim ılgısı.

QR OMKFDA. 4-8500 – «Ūzynbūlaq» qoi sovhozyndaǵy kno kúrsetilim. Almaty obl., 1960 j.

QR OMKFDA. Kúiz basu, jún sabau, kúiz tebu.

QR OMKFDA. № 2-71321 – Arbaǵa jegilgen tıie. Jambyl obl., 1947 j.

Lebina N.B. Povsednevnaia jizn sovetskogo goroda: Normy i anomalii. 1920-1930 gody. [Daily life of the Soviet city: Norms and anomalies. 1920-1930.] – SPb., 1999. – S.79-98; 270-276; 281-292 i dr..

Leleko V.D. Povsednevnost v istoricheskikh issledovaniiah [Diary in historical studies] // İstorizm v kúlture: Materialy mejdunar. nauchn. konf. v Sankt-Peterburge 24–25 noiabrđ 1997 g. – SPb., 1998. – S.160-168. [in Russian]

Materidno-bytovoe polojenie trudşihsd Urala v usloviah sosializma (1937-1975) [Material and household situation of the working people of the Urals under the conditions of socialism (1937-1975)]; [mejvuzovski sbornik] / MV i SSO RSFSR, Ural. gos. un-t im. A.M. Gúrkogo; [otv. red. V.A. Samatov]. – Sverdlovsk: [UrGU], 1981. — 169, [1] s.; Tolmacheva R. P. Kolhozy Urala v pervye poslevoennye gody (1946 – 1950). – Tomsk: İzd-vo Tomskogo un-ta, 1979. – 221 s.; Ona je. Kolhozy Urala v 50-e gody. – Tomsk: İzd-vo Tomskogo un-ta, 1981. – 191 s. [in Russian]

Mihailov F.K. Sovhoznoe stroitelstvo v Kazahstane (1946-1970 gg.) [State farm construction in Kazakhstan (1946-1970)]. – A.-Ata, 1973. – 175 s. [in Russian]

Nurpeisov K.N. İstoria krestdnstva sovetskogo Kazahstana [History of peasantry of Soviet Kazakhstan.]. – Alma-Ata, 1985. – 207 s. [in Russian]

Opyt sosidnyh krizisov v istoricheskoi pamdti // Krizisy perelomnyh epoh v istoricheskoi pamdti [Experience of social crises in historical memory // Crisis of refractive epochs in historical memory] / Otv. red. L.P. Repina. – M.: İVİ RAN, 2012. – S. 3-37.

Polđkov İu.A. Chelovek v povsednevnosti. (İstoricheskie aspekty) [Man in the diary. (Historical aspects)] // Trudy İstituta rossiskoi istorii RAN. 1999-2000. Vyp. 3 / Rossiskaia akademiia nauk, İstitut rossiskoi istorii; otv. red. A.N. Saharov. – M.: İRİ RAN, 2002. – S. 290-322. [in Russian]

Puşkareva N.L. «İstoria povsednevnosti» i «istoria chastnoi jizni»: soderjanie i sootnoşenie ponđti ["History of everyday life" and "history of private life": content and relationship of concepts] // Sosidlnaia istoria: ejegodnik, 2004. – M., 2005. – S.93-113. [in Russian]

Puşkareva N.L. Predmet i metody izucheniia «istorii povsednevnosti» [Subject and methods of studying "everyday history"] // Etnograficheskoe obozrenie. – 2004. – № 5. – 3-19; Ona je. Chastnaia jizn i

problema povsednevnosti // Demoskop weekly. – 2002. – № 57/58. – S.4-5; Ee je. Chastnaia jizn i povsednevnost glazami istorika // Šmidt S.O. (red.) Goroda evropeiskoi Rossii konsa XV – pervoi poloviny XIX v. – Ch.1. – Tver, 2002. – S.49-63. [in Russian]

Savцско V.K. Preobrazovanie kolhozov v sovhozy v Kazahstane // Problemy istorii sovremennoi sovetskoj derevni (1946–1973 gg.) [Transformation of collective farms into state farms in Kazakhstan // Problems of the history of modern Soviet villages (1946–1973): materialy konferensii (19–21 noiabrd 1973 g.) / V.K. Savцско. – M.: Nauka, 1975. – S. 275–282. [in Russian]

Seksenbaeva G.A. Kinofotofonodokumenty kak istoricheski istochnik: Uchebnoe posobie. [Kinofotofonodokumenty as a historical source: Textbook.] – Almaty, 2011. – 232 s. [in Russian]

Sendvski A.S. Povsednevnost kak metodologicheskaia problema mikro- i makroistoricheskikh issledovani // İstoria v XXI veke: istoriko-antropologicheski podhod v prepodavanii i izuchenii istorii chelovechestva [Diary as a methodological problem of micro-and macro-historical studies // History in the XXI century: historical-anthropological approach to the teaching and study of human history] (Materialy mejdunarodnoi İnternet-konferensii, prohodivşei 20.03–14.05.2001 g. na informasionno-obrazovatelnom portale www.auditorium.ru) / Pod obş. red. V.V. Kerova. – M.: Mosk. obşestv. nauch. fond, 2001. – 416 s. – S. 27 [in Russian]

Tulepbaev B.A. Torjestvo leninskih idei socialisticheskogo preobrazovania selskogo hozdistva v Srednei Azii i Kazahstane. [Celebration of Leninist ideas of socialist transformation of agriculture in Central Asia and Kazakhstan.] – M.: Nauka, 1971. – 481 s. [in Russian]

Şamşatov İ.Ş. Kolhozy Kazahstana: razvitie obşestvennogo hozdistva i ego sosıdno-ekonomicheskie rezlytaty (1946–1980 gg.). [Collective farms of Kazakhstan: the development of public economy and its socio-economic results (1946–1980).] – Alma-Ata: Nauka, 1985. – 252 s. [in Russian]

**МРНТИ 03.20.00**

## **ИЗ ПОВСЕДНЕВНОЙ ИСТОРИИ СЕЛЬСКОЙ ЖИЗНИ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1945-1960)**

**А.Н. Кали<sup>1\*</sup>**

<sup>1</sup>Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы

\*Корреспондирующий автор  
E-mail: kali\_ainura@mail.ru (Кали)

**Аннотация.** В статье исследуются важнейшие аспекты повседневной жизни села в послевоенные годы. Выявлены формы организации труда, санитарно-культурные условия, воспитание подрастающего поколения, культура быта и праздника, а также факторы, влияющие на ее трансформацию в повседневной жизни послевоенных сельских жителей и колхозников. Изучаются взаимоотношения государства и крестьянской общины, демографические и географические факторы, взаимодействие села с городом, а также уровень возможностей для бурного развития сельского хозяйства, место традиционных обычаев и этнокультурного влияния. В статье автор на основе фотодокументов описывает особенности и трудности повседневной жизни традиционного казахского села, особенно быта, адаптированного к животноводству.

**Ключевые слова:** Казахстан, послевоенный период, бремя, восстановление, село, рабочие, колхозники, сельское хозяйство, обычаи, повседневная история.

IRSTI 03.20.00

**FROM THE EVERYDAY HISTORY OF RURAL LIFE  
IN THE POST-WAR YEARS (1945-1960)**

**A.N. Kali<sup>1\*</sup>**

<sup>1</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty

\*Corresponding author

E-mail: kali\_ainura@mail.ru (Kali)

**Abstract.** The article examines the most important aspects of the daily life of the village in the post-war years. The forms of labor organization, sanitary and cultural conditions, upbringing of the younger generation, the culture of everyday life and celebration, as well as factors influencing its transformation in the daily life of post-war villagers and collective farmers are revealed. The relationship between the state and the peasant community, demographic and geographical factors, the interaction of the village with the city, as well as the level of opportunities for rapid development of agriculture, the place of traditional customs and ethno-cultural influence are studied. In the article, the author, on the basis of photographic documents, describes the peculiarities and difficulties of everyday life in a traditional Kazakh village, the peculiarities of everyday life adapted to animal husbandry.

**Key words:** Kazakhstan, post-war period, burden, reconstruction, rural areas, workers, collective farmers, agriculture, customs, everyday life history.

**Автор туралы мәлімет:**

<sup>1</sup>Магистр



## ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Ә.Б. Сейткен<sup>1\*</sup> 

<sup>1</sup> Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы

\* Автор-корреспондент

E-mail: seytken98@mail.ru (Сейткен)

**Аңдатпа.** Ұлт зиялылар мұрасы мәселесі Отан тарихы мазмұнында ерекше өзекті проблема болып есептелінеді. Соған сәйкес, ғылыми мақала қазақ зиялыларының ұлттық сана-сезімді нығайтудағы рөліне арналады. Өткен ғасыр еншісіндегі Ресей патшалығының қол астында өз құндылықтарынан, ана тілінен, ділінен айырылған этносқа айналып кетудің алдын алып, орыстандыру мен вестернизациялау мәселесінде өзіндік ұлттық кодын сақтап қалуға талпыныс жасаған зиялылардың жан-жақты зияткерлік әрекеттері талданады. Халыққа үндеу тастау арқылы жақын болуға тырысып, мерзімді басылым беттерін коммуникация есебінде пайдаланған ұлт зиялыларының өз халқының құндылықтарын сақтай отырып, заман ағымымен ілесуге көмектесетін жаңашылдықтарға бет бұрған бастамаларына да көңіл бөлінген. Ұлт зиялыларының осы мәселедегі рөлі мен таңдаған бағыты туралы көзқарастарға салыстырмалы талдау жүргізіліп, нәтижесінде қазақ зиялыларының өз дәстүрі мен заманауи құндылықтарды сәйкестендіруге арналған құнды идеялары болғандығы негізделеді.

**Түйін сөздер:** Алаш, зиялылар мұрасы, қазақ интеллигенциясы, ұлттық код, этникалық болмыс, мәдени ассимиляция, мерзімді басылым, ұлттық идея.

**Кіріспе.** Бүгінде ерекше көңіл бөлінген, аталмыш бір халықты келесі бірінен айрықша етіп көрсететін, тарихи құндылықтары мен ерекшеліктері бар, өзіндік бітім-болмысын айқындап тұратын ұлттық код маңыздылығы өткен ғасырдың өзінде-ақ айрықша байқалған еді.

Ұлттық код – белгілі бір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрін, мінез-құлқын, арман-тілегін, тілі мен ділін, өмір сүру негіздерін толық қамти алатын ерекше модель, сондықтан да өз алдына мемлекет болуды аңсаған, патша үкіметінің қойнауында қалып кетуден, өз халқының құндылықтарынан айырылып қалудан сақтанған ұлт зиялыларымыз орыстандыру мен бірыңғай еуропаландырудың жетегінде қалып кетудің алдын алуға, қазақтың ұлттық кодын сақтауға тырысты.

Кенестік кезеңнің өзінде, оның зұлмат жылдарында да қазақ өз болмысынан толық айырылған жоқ. Азаматтардың жаңа формациясын – «Кеңес халқын» құруға бағытталған іс-шаралар сәтсіз аяқталды. Өте қарқынды, күрделі процестер болды, бірақ қазақ қазақ болудан тайынбады, өз тағдырының бірлігін, салт-дәстүрінің, мәдениетінің, тілінің бірлігін сезінуді тоқтатпады. Кеңес өкіметі, мәдениет пен өнер, ғылым мен білім арқылы қазақтарды ассимиляциялаушы рөлін өте сәтті орындады. Бірақ, ассимиляцияның өзінде қазақ тілінің, ұлттық сана-сезімнің, ұлт зиялыларының қызметінің болуы мәдени кодтардың, дәстүрлердің, тарихи жадының, мәдениеттің, діни мәдениет негіздерінің минималды түрде беріліп, сақталып тұруын қамтамасыз етті. Ал толықтай ассимиляциялау шаралары күшейтілген тұста, жады мен руханияттың жинақталған жүгі қазақ наразылығының өсуіне, әлеуметтік қарсыластыққа әкеп соқтырды.

Ұлттық отаршылдық езгінің күшеюі, патшалықтың аграрлық саясаты, өлкенің әлеуметтік-экономикалық өміріне капиталистік қатынастардың енуі қазақ халқының ұлттық санасының өсуіне түрткі болды. Қазақ қоғамындағы ұлттық қозғалыс әрқелкі басталып, әртүрлі идеялық-саяси ағымдар болды, олардың өзегінде Петербург, Мәскеу, Қазан, Томск, Омбы, Орынбор қалаларындағы жоғары оқу орындары мен мектептерін бітірген ұлт зиялылары тұрды.

Негізгі, аграрлық мәселе бойынша жерге мемлекеттік меншікті жойып, оны қазақтардың меншігіне беруді, жерді сатуға тыйым салу талап етіле бастады. Өлкенің қоғамдық-саяси өмірін дамыту саласында либералдық-демократиялық бағыт қоғамның эволюциялық дамуын жақтады. Жалпы, облыстың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің дамуына әртүрлі көзқарастар болғанымен, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті өз беттерінде қазақ халқының ұлттық идеясы мен мүддесін көрсете білді.

Бақытымызға орай, процестер қарама-қарсы циклдармен жүрді: КСРО біртіндеп бұрынғы қуатын жоғалтып жатса, қазақылық өсіп, күшейе берді.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихтың теориялық және әдіснамалық негіздері құрайды. Жұмысты жазу барысында тарихи салыстыру әдісі мен эмпирикалық әдістер, тағы басқа кәсіби әдістер қолданылды.

Мәліметтерді саралау барысында, ұлт зиялыларының әрекеттеріне тікелей тоқталмас бұрын жалпы ұлттық идеяны қалыптастырушы «ұлттық қозғалыс», «этноұлтшылдық» идеясын сараптауға көңіл бөлінді. Соған орай,, салыстырмалы әдісті қолдану арқылы М. Хрохтың талаптары мен еуропалық тарих беттеріндегі жағдайларға анализ жүргізілді.

Негізгі мәтін тарихи-генетикалық әдістерге сүйеніп қалыптасты. Тарихи-генетикалық әдіс зерттелетін құбылыстың шығу тегі, яғни пайда болуы мен дамуын талдауды қамтығандықтан, оқиғаның қалыптасып, өрбуін көрсету мақсатында таңдап алынды.

Зерттеу материалы ұлт зиялыларының еңбектері мен тақырып аясындағы тарихнамалық зерттеулер негізінде жинақталды.

**Талқылау.** Жалпы, осы кездегі ұлт зиялыларының әрекетін нақтылаған бағыттары бойынша зерттеулерде әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Оларды нақты төмендегіндей бөліп көрсетуімізге болады:

Жәдидшілдік бағыт	Түркофильдер (түркішілдер)	Еуропалық бағыт
Патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы бағытталды. Түркі халықтарының ерікті әрі өркениетті болуын көздеді.	Мұсылманша білім алғандар, дінге басым көңіл аударушылар	Орысша білім алғандар, еуропалық мәдениет сатысымен дамуға сенім білдірушілер

Мәселен, Алаш қозғалысы жәдидшілдіктің ұлттық нұсқасы болды деген де пікір бар. Абай Құнанбаевтың есімі қазақ жәдидшілдігінің бастаушысы ретінде де аталады. «Қазақстан тарихында ағарту қозғалысының өкілдеріне көбінесе «жәдидшілер» емес (бірақ, бұл термин сол дәуірдегі қазақ баспасөзі мен публицистикасында да кездеседі), «оқыған», «жаншыл», «зиялығ» (мағынасы: білімді, жаңашыл, тәрбиешілер) деген анықтама берілген (Нұртазина, 2008).

Негізінен, қазақтың ұлттық қозғалысын жәдидшілдікпен сәйкестендіруге келмес. Алаш көсемдерінің өздері де түркі интегралисттері – жәдидтермен келіспеушіліктерін жасырмады. Қазақтың батысшылдық өкілдері ортақ түркі елдерінің бірігуін армандамады, орыс өркениеттік кеңістігінен кетуге тырыспады, өз халқының болашағын империяның саяси жүйесін ырықтандырумен байланыстырып, қазақ халқының азаматтық теңдігіне үмтылды, қазақтардың көшпелі шаруашылығына нұқсан келтірген шаруалардың қоныс аударуының тоқтатылуын қалады. Сонымен қатар дін мен білімді, саясат арасын бөле қарауға назар аударды.

Ал, келесі екі бағыт жоғарыда атап көрсетілгендей, зерттеулерде де сол сипатта қамтылып өтіледі. Көбіне, бұл бағыттардың барлығы белгілі мәселе аясында бірлесе қалыптасып, дамытылған деп жалпылама қарастырылады. Мәселен, Т.А. Уалиевтің мақаласында келесідей пікір көтеріледі: «Қазақ зиялыларының пайда болуы белгілі бір кезеңде Аймақты қарқынды отарлау фондында этникалық консолидация процесімен тығыз байланысты болды.

**Зерттеу нәтижелері.** Жоғарыда (кіріспе бөлімі) салыстырмалы әдіс бойынша ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы мен талаптарына сараптама жүргізілгендіктен, алған нәтижелер соның аясында қазақ ұлт зиялыларының әрекетін де көрсетуге септігін тигізді.

Қазақ ұлттық қозғалысының бастауы XIX-XX ғасырлар тоғысындағы көшпелілер қоғамының әлеуметтік-экономикалық дағдарысынан қатты үрейленіп, мерзімді баспасөз беттерінде ұлттық

мүддені қорғауға тырысқан, қалыптасып келе жатқан халық зиялыларының аскетизмінен бастау алады және олардың қоғамдық қызметінде Хрох «классикалық ұлттық қозғалыс» алға қойған талаптардың үш тобын анықтайды:

1) жергілікті тілге негізделген ұлттық мәдениетті дамыту және оның білім беруде, мемлекеттік және экономикалық өмірде қалыпты қолданылуы;

2) азаматтық құқықтарды және саяси өзін-өзі басқаруды алу - алдымен автономия түрінде, ақыр соңында тәуелсіздікке қол жеткізу;

3) бүкіл этникалық топқа енетін және білімді элиталарды, бюрократиялық және кәсіпкер таптарды, сонымен қатар қажет болған жағдайда еркін шаруалар мен ұйымдасқан жұмысшыларды қамтитын толық әлеуметтік құрылымды құру» (Хрох, 2002: 124-125).

Еуропалық ұлттық қозғалыстар тарихын салыстырмалы талдау этноұлтшылдықтың дамуындағы үш кезеңді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- Алғашқы кезеңде ұлттық қозғалыс белсенділері тарихи, мәдени және тілдік дамудың ерекше белгілерін мұқият зерттеп, оларды абсолюттендіріп, ұлттық ерекшелік идеясын өз руластарының санасына енгізумен ерекшеленеді;

- Екінші кезең – «ояну», белсенділердің жаңа ұрпағы ұлт құру жоспарын жүзеге асыру үшін өз жақтастарын жасырын жұмылдыра бастайды;

- Үшінші кезең – ұлтшылдардың өз «электоратын» иемденуімен сипатталады. «Тек осы соңғы кезеңде, - деп жазады М. Хрох, - аяқталған қоғамдық құрылым өмірге келді және қозғалыс консервативтік-клерикалдық, либералдық және демократиялық қанаттарға бөлінді, олардың әрқайсысының өз бағдарламасы болды» (Хрох, 2002: 129). Мемлекет құрудың табысты болуы жазба тілдің дәстүрлерін, мемлекеттілік тарихындағы болмыс жадысын және жеткілікті тәуелсіз және ықпалды аксүйектерді қамтитын «бастапқы» ресурстардың болуына байланысты болды (Хрох, 2002:128).

Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және Абай Құнанбаев, Алаш зиялылары мен тағы да басқа зиялылар орыс ғалымдары Григорьев сияқты қазақ қоғамының қазіргі этно-ұлттық санасының қалыптасуына әкелген бетбұрыстың бастауында тұрды. Олардың дүниетанымы қазақтардың этно-ұлттық бірегейлігін сақтай отырып, жалпы мәдени-саяси кеңістікке ену қажеттігін сезінуге негізделді.

Т. Рысқұлов тоқталып өткендей «жаңа ұлт бола бастаған елге, оның ішіндегі қанаушы бетке шығарларына ұлт зиялылары керек бола бастайды. Сонымен қазақта ұлт зиялылары шығады. Зиялылардың өзі екі түрлі тәрбие алғандардан құралады: бірі – орыс мектептерінде оқып, орыс тәрбиесін алғандар, екіншісі – мұсылман медреселерінде оқып, мұсылманша тәрбие алғандар» (Рысқұлов, 1927).

Ұлттық идеяны халықпен тығыз байланыста болған, оны жаңғырту, жалпыұлттық өмір сүру мақсатында ағарту қажеттігін айқын сезінген тар шеңбердегі ағартушы зиялы қауым алға тартты. Бөкейханов та қазақ қоғамын өркениеттік қайта құрудың әртүрлі үлгілеріне бағытталған екі қоғамдық-саяси ағымның қалыптасуына тоқталып өтеді. Бірінші бағыт діни ұстанымдарды енгізуге және исламның әлеуметтік-мәдени құндылықтары мен нормаларын жаңарту арқылы этносты жаңғыртуға бағытталған. Бөкейханов исламдық жаңаруды жақтаушыларды түркофильдер – исламшылдар деп атады. Әсіресе, Қазақстанның оңтүстігіндегі этно-діни тұтастық ықпалы ерекше байқалды. Асфендияров XIX ғасырдың 90-жылдары – XX ғасырдың басында Қазақстанда пантүркисттік бағыт үстемдік етіп, татар буржуазиясы мен дінбасыларының ықпалы күшті сезілді деп есептеді (Асфендияров, 1936: 46). Ш. Лемарсье-Келькеже де XIX ғасырдың аяғында «түркестандықтардың» жаңа этно-аймақтық бірегейлігінің қалыптасу мүмкіндігін жоққа шығармайды және бұл бағыттың «жоғарғы тап» өкілдері арасында тарағандығын атап өтеді: «...ауыл тұрғындары арасына қарағанда қалалық интеллигенция арасында таратылды. Оның пайда болуы Түркістанның орыс оккупациясындағы тұрғындарының этникалық-саяси бірлігі тікелей халықтың аман қалуының бірден-бір құралы екенін түсінумен байланысты болды» (Лемарсье, 1984: 19).

Аталмыш мәселеге қатысты, Т. Рысқұлов «Қазақстан» кітабындағы 5-ші бөлімінде «оқығандардың шығуына» тоқталып өтеді: «1905-ші жылдың төңкерісіне шейін әлгі қазақта екі түрлі бағыт ұстаған зиялылар болды. Уалихан ұлы Шоқан, Алтынсары ұлы Ыбырай, Уалихан ұлы Фази сияқты оқығандар, қара бұқарадан үздік шығып орыс зиялыларымен араласты. Бұлар орыс үкіметінің көмегі мен қазақ халқын Еуропа мәдениетіне жеткізуге тырысты. Басқалар татар, башқұрт тағы бөтен мұсылман медреселерінде тәрбиеленіп, қазаққа күн шығыс мұсылмандарының мәдениетін жәйіп, сонымен қазақты ел қатарына кіргізбекші болды. Мұның әуелгілері қазақ тұрмысын, оның кемшіліктерін (әсіресе Сібір мен Дала облыстарының жәйін) орыс баспасөзі бетінде жазып шығаруға тырысады. Бірақ баспасөз жолының тарлығы себепті, олар ұстаған бағытын өркендете алмады» (Рысқұлов, 1927).

Бөкейхановтың айтуынша, «түркофильдерден» екінші шетте орыс әдебиетінде тәрбиеленген, еуропалық мәдениетке сенетін, атамекеннің бақытын батыс мәдениетінің жемісін салауатты өмірге енгізуден көріп, діни мәселелерді екінші орынға қоятын зиялы қауым тұрды (Букейханов, 2009: 308). Батыстық бағыт буржуазиялық құқықтар мен бостандық үшін күресуге ұмтылды. Қазақтар арасынан шыққан мұсылман интегралисттері мұсылмандық партияларды үлгі етіп алып, олардың қызметіне қосыла бастаса, батыстық үлгідегілер – орыс либералдық партияларын таңдаған (Букейханов, 1910: 599). Бұл құбылысты Рысқұлов «ол кезде қазақтың елінде болсын, зиялыларында болсын, саясат партия жоқ еді. Тек әлеумет қызметкерлерінің түрлі жігі Ресейдің сол кездегі түрлі саясат партияларына құр тілеулес қана еді. Мәселен ең ұлтшыл зиялылар, бастығы Бөкей-хан ұлы Әлихан болып, Ресейдегі ең мықты партия болған, Кадет партиясына қосылды. Сол кадет партиясы арқылы әлгілер өз мақсатына жетпек болды. Ұлтшыл зиялылардың сол қанаты Ресейдің сатсиалшыл партияларына қосылғысы келді. Бірақ анық қосылып, ол бағытта қызмет еткені болмады», деп нақты сипаттап береді.

Бөкейханов үміті үзілген қазақ көшпенділерінің басым бөлігінің саяси немқұрайлылығына тоқталып: «Кең ауқымды бұқара, барлық жердегі сияқты, саяси мәселелерде бейтараптық танытып, біздің панисламдық түркофильдер негіз болған діни мәселелерге ғана әлсін қызығушылық танытты» (Букейханов, 2009: 308-309). Бөкейханов қазақ халқының білімді де белсенді бөлігінің арасында «панисламистік түркофильдердің» ықпалының күшеюінің себепін «Қырғыз даласында әлі де билік жүргізіп келе жатқан тітіркендіргіш саясаттан көрді, соңғысы батыстың білімі мен мәдениетіне күдікпен қарады» (Букейханов, 2009: 309). Әлеуметтік әділдік пен тұрақтылыққа, қоныс аудару қоры үшін жерді тартып алуды тоқтатуға және орыс қоныстанушыларымен қарапайым іс жүзінде теңдікке ұмтылған білімді қабаттың батыстанған бөлігі ұлттық сана-сезімге ерекше мән берді.

Осы тұста, Алаш зиялыларының жандануы ерекше маңызға ие құбылыс болды. Өз халқының мүддесі үшін күрескен ұлт зиялылары қоғамдағы маңызды әр мәселе аясын қамтып өтуге тырысып, өз бағдарламасын да жасады.

«Алаш» партиясының бағдарламасы 1917 жылы «Қазақ» газетінде жарияланып, 10 тармақты қамтыды:

1. Мемлекет формасы. Ресей демократиялық, федеративтік республикаға айналуы керек (демократия – халық билігі, федерация – шағын мемлекеттердің одағы). Федеративтік республикадағы әрбір жеке мемлекет автономды болып табылады және бірдей құқықтар мен мүдделер негізінде өздігінен басқарылады. Үкімет басында Құрылтай жиналысы, арасында – Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума белгілі бір жылдарға сайлайтын Президент тұрады. Президент Министрлер Кеңесі арқылы басқарады және Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума алдында жауапты болады. Заң шығарушы билік үкіметті бақылауға құқығы бар Мемлекеттік Думаның ғана қолында шоғырланған. Кез келген адам шыққан тегіне, дініне және жынысына қарамастан сайлау құқығын пайдаланады. Депутаттарды сайлау тікелей тең және жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады.

2. Жергілікті еркіндік. Қырғыз автономиясы облыстардан тұрады және басқа этностармен тең дәрежеде Ресей Федерациясының құрамына кіреді. Қолданыстағы земстволардың барлығы бұрынғы қалпында сақталған. «Алаш» партиясы болыстық және ауылдық соттарда қызмет ететін

барлық адамдардың адал, халыққа пайдалы болуын қамтамасыз етуге күш салады. Земствольк кеңестерде, милицияда жұмыс істейтіндердің мәселелерін халық шешеді. Партия халықтың әлауқаты мен мәдениетін құруға ұмтылады.

3. Негізгі құқықтар. Ресей Федерациясында теңдік, жеке қол сұғылмаушылық және сөз, баспасөз және одақтар бостандығы бар. Қызметкерлер иесінің рұқсатынсыз ешқайда бара алмайды. Айыптаусыз және жауапсыз сот қамауға ала алмайжы және айыптай алмайды; барлық жергілікті істер 24 сағат ішінде қаралуы керек. Қылмыс болған жерде сот болмаған жағдайда, соңғысына бір апта ішінде айыпталушыға қатысты өз шешімдерін қабылдау құқығы беріледі. Басқалардың хаттарын ашқан және оқығандардың барлығы жазаланады, ал біріншісіне айыппұл салынады.

4. Дін. Дін мемлекеттен бөлінуі керек. Барлығы еркін және тең болуы керек. Қырғыздарда бөлек мүфти бар. Неке қию, туу, өлу, ажырасу деректері қырғыз молдаларында қалады.

5. Әділет және сот. Әрбір халықтың нанымдары мен үкімдері әдет-ғұрыпқа сәйкес болуы керек; судьялар жергілікті тілді білуі керек. Халқы аралас аймақтарда жауап алу және сот шешімдері сол аумақта көпшілікті құрайтын адамдардың тілінде жүргізілуі керек. Барлық халықтар сот алдында тең. Құдайдан кейінгі ең күдіретті билер мен судьялар екенін ескере отырып, сондықтан олардың шешіміне әркім бағынуы керек. Сот шешімдері дереу орындалуға тиіс. Сараптамалық сот міндетті түрде алқабилердің қатысуымен болуы керек, ал егер сот қырғыз халқы бар аймақтарда өтіп жатса, онда ол қырғыз тілінде және барлық отырғандар қырғыздар болуы керек. Даладағы үкім халықтың барлық әдет-ғұрпына сай болуы тиіс.

6. Елді қорғау. Халықты қорғау үшін қазіргіден бөлек негізде ұйымдастырылған әскер болуы керек. Әскери міндеттілердің оқуы мен қызметі сол жерде өтуі керек. Армияны бөліктерге бөлу соған байланысты жүргізілсін; Қырғыздар атты әскер ретінде қызмет етуге жіберілсін.

7. Салық. Салық жалпы байлық дәрежесіне және мүліктік жағдайына қарай алынуы керек; бай көп төлейді, кедей аз төлейді.

8. Жұмысшылар. Еңбек заңнамасы жұмысшылардың пайдасына негізделген болуы керек. Қырғызстанда фабрикалар мен зауыттардың, демек, жұмысшылардың аз екендігін ескере отырып, Алаш партиясы бұл мәселеде социал-демократтар меньшевиктерінің бағдарламасын қолдайды.

9. Ғылым, ілім, білім. Қоғамдық білім баршаның меншігі болуы керек. Барлық оқу орындарында білім алу тегін. Бастауыш мектептерде оқыту ана тілінде жүргізілуі керек. Қырғыздардың өздерінің орта және жоғары оқу орындары, соның ішінде университеттері болуы тиіс. Мектеп автономды болуы қажет: үкімет мектептің ішкі өміріне араласпауы керек. Барлық оқытушылар (мұғалымдар) мен профессорлар сайланады. Жергілікті жерлердегі ағарту оқу үйлері арқылы жүргізілсін.

10. Жер мәселесі. Құрылтай жиналысында жер туралы заңды әзірлеген кезде жерді ең алдымен жергілікті тұрғындарға беру негіз болуы керек. Қоныс аударушы-шаруаларды бөлу, жергілікті халық меншігін толық үлестіру арқылы жасалмауы керек. Бұрынғы қырғыздардан тартып алынған барлық жерлер қайтарылуы тиіс. Қырғыздар жергілікті комитеттер арқылы құнарлы жерді алуы қажет. Жеке жер учаскелері тек земствоға тиесілі болуы керек, ал халықтың көбеюіне байланысты олар жаңадан келгендер үшін бөлінеді, яғни үлестіру осы жерлер арқылы жүзеге асырылады. Түркістанда жер телімдерімен қатар су телімі де болуы қажет. Жалпы жерді пайдалану аудан, ауыл тұрғындары жерді жеке жанұя емес, ру бойынша пайдаланатындай болуы керек. Жерді сатуға қатаң тыйым салынады. Жердің барлық байлығы: үлкен ормандар, өзендер мемлекет меншігінде және земствоның басқаруында болады.

«Алаш» партиясы бағдарламасының барлық негізгі тармақтары, әсіресе, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-ағарту, діни және басқа да мәселелерді тұжырымдауда прогрессивті сипатта болды.

Олкотт қазақ ұлттық жаңғыруының өкілдерінің көзқарастарын реформаторлық исламшылдық пен батысшыл ұлтшылдықтың үйлесімі ретінде сипаттайды: «Олар қазақтардың көшпелі шаруашылығын өзгертуді және қазақ халқының империяның негізгі ағымына қосылуын жақтағанымен, мәдени автономияны сақтап қалу, қазақ әдеби тілін сақтау мен өз тарихын жазуды дамытуға ерекше назар аударған. Олар исламның қазақ мәдениетіне деген ерекше көзқарасын

кабылдады, бірақ заманауи білім беруді енгізу үшін оның ықпалын азайту мәселесіне де көңіл бөлген» (Olcott, 1980: 200)

Сонымен бірге қазақ даласында түркі-мұсылман жобасын жақтаушылар мен батысшылдар арасында татарлар мен Орта Азия халықтары арасында болғандай өткір бақталастық болған жоқ. Осыған назар аударған М.Б. Олкотт: «Қазақтың дәстүрлі діни элитасы мен 1905-1906 жылдардағы жаңа қазақ интеллигенциясы ортақ мақсаттарға жету үшін өзара келіспеушіліктерді кейінге қалдырудың дұрыс екенін бір мезгілде түсінді» деп көрсетеді (Olcott, 1995).

Айта кетерлігі, қазақ қоғамының одан әрі даму болашағын түсінуде келіспеушіліктер болғанымен, түркі интегралисттері мен этноұлттық жобаны қолдаушылар мерзімді басылым беттерінде ұлттық мүддені бірге қорғады.

Қазақ элитасының батыстанған бөлігі қазақ халқының этно-ұлттық санасын көтеруге бағытталған әрекеттер жасады. Зиялы қауымның ұлттық бағыттағы бөлігі түркі-мұсылмандық интегрализмді жақтаушыларға қарағанда өзекті мәселелерге арналған мақалалар жариялау және халықты жұмылдыру арқылы қазақ халқының мүддесін қорғауға, жалпы өз жұмыстарына басты назар аударды. Алғашында қазақ элитасының этноұлттық жобасы саясаттандырылып, тек ағартушылық қана емес, қазақ әдеби тілін жасау және этникалық тарихты жазу негізінде этникалық ынтымақтастығын қалыптастыру, азаматтық сезімді тәрбиелеуді көздеді.

Қазақ зиялыларының оқу-ағарту жұмыстары қазақ әдеби тілі мен өз графикасын жасауға түрткі болды, одан қазақ тілінде баламасы жоқ араб әріптері алынып тасталды. Қазақ тілін татар тілі мен шағатай түрікінен бөлек, ерекше тіл деп есептеген Ыбырай Алтынсарин бастаған орасан зор істі Ахмет Байтұрсынов аяқтады. Этноұлттық жобалардың табысты болуы үшін әдеби тілдер мен оларға бейімделген жазба тілдің жасалуының маңызы зор екендігі мәлім болды. Қазақстанда бұл көптеген түркі халықтары үшін белгілі бір деңгейде стандартталған және міндетті тіл болған шағатай тілінің ығысуына әкелді. Түркі тілінің қолданыс аясының қысқаруы қазақ әдеби тілінің құрылуымен және оның араб, парсы сөздерінен тазаруымен қатар жүрді. Бұл қазақ элитасының ұлттық сана-сезімді нығайтудағы маңызды бір қадамы болды.

*Ұлт зиялыларының баспа беттерін халық мүддесі үшін қолдануы*

Қазақ зиялы өкілдері баспасөзбен жұмыс істеуге көп көңіл бөлді. Оның тәрбиелік бағытымен қатар, мақсаты – халыққа қазіргі саяси жағдайды, елдің дамуын, тәуелсіздікке деген ұмтылысты түсіндіруге негізделді.

Алаш партиясы төңірегіне топтасқан ұлттық зиялы қауымның аталмыш мақсатқа жетуде еңбегі зор болды. Олар саясаткерлер, жасампаз идеяларды жеткізушілер, ғалымдар мен іскер адамдар еді. Сол қоғамдағы орны арқылы – жер мәселесі, жер асты байлығын қазақ халқының игілігіне жарату, ұлт бірлігі, ұлттың рухани тұғыры, дербес ғылымы мен ұлттық көзқарасының дамуы сынды идеяларды алға тартып, өз халқаның мүддесі үшін күресті.

Нәтижесінде, Алаш қайраткерлерінің қатысуымен қазақтың бірегей газет-журналдары шыға бастады. Олар өзекті мәселелерді қозғайтын жаңа рухани шығармашылық орта қалыптастырып, сол арқылы қазақ баспасөзінің жандануына септігін тигізді.

XX ғасырдың басына дейін қазақ тіліндегі баспа басылымдары ресми сипатқа ие болды және оларды шығару жергілікті әкімшіліктің бақылауында еді. 1870-1882 жылдары Түркістан генерал-губернаторлығының ресми басылымы – «Туркестанский ведомости» басылымына қосымша ретінде шығатын «Түркістан уәлаятының газеті» шықты. Газет айына төрт рет қазақ және өзбек тілдерінде кезектесіп шығып тұратын. 1888 жылы Омбыда «Ақмола облыстық ведомостыіне» арнайы қосымша ретінде «Дала уәлаятының газеті» 1894 жылға дейін шығарылды, 1900 жылға дейін «Ақмола, Семей және Жетісу облыстық ведомостыілеріне» қосымша ретінде «Қырғыз степная» деген атпен газет шығып тұрды және ол 1902 жылы жабылғанға дейін – «Ақмола облыстық ведомости» қосымшасы ретінде шығарылған. Бұл басылымдарда Е.Абылайханов, Д.Сұлтанғазин, Р.Дүйсенбаев, Г.Н. Потанин, М.Ж. Купеев, Қ.Бабажанов және т.б. қаламдарын түсіріп отырған. 1895-1904 жылдар аралығында Ә.Бөкейханов Омбыда шығатын «Степной край» қоғамдық-саяси газетімен белсенді қызметтес болды. Сол жылдары Ә.Бөкейханов Дала өлкесінің және Түркістанның басқа мерзімді басылымдарында: «Туркестанские ведомости» (Ташкент), «Дала

уәлаятының газеті» (Омбы), «Семипалатинские областные ведомости», «Семипалатинский листок» газеттерінде, «Русское богатство», «Русская мысль» және «Жизнь» журналдарында және «Известия Западно-Сибирского Отдела И.Р.Г.О.», «Записки Семипалатинского подотдела И.Р.Г.О.» сияқты ғылыми жинақтарда белсенді түрде жарияланып тұрған (Аккулов, 2009: 44-45).

Баспа сөзін қазақтың ұлттық қозғалысының негізін салушылар қазақ халқының мүддесін нығайту және қорғау мақсатында белсенді пайдаланып жатты. Мысалы, Ә. Бөкейхановтың 1906 жылы маусымда Ақмола облысының қазақ ауылдарында қарулы орыс шаруа – қоныстанушылары жүргізген, екі жақтан адам шығыны болған қақтығысқа арналған мақалаларын алайық (Букейханов, 2010: 116-119). Осыған ұқсас жағдайларды, қазақ малшыларының құқықтарының жоқтығын сипаттай отырып, Ә.Бөкейханов газет оқитын қазақ ағартушыларының тар тобына, қазақ зиялыларының қазақ халқының теңдігін қамтамасыз ету мен жерді жаппай басып алуды тоқтату жолындағы талпыныстарын қолдаған орыс демократиялық қауымына үндеу тастады. Қазақтардың орыс шаруаларымен және казактарымен тең құқығын, ата-баба жерін сақтап қалу құқығын жоққа шығарған, оның жекелеген өкілдері тұлғасындағы империялық билік қазақ авторларының сынының объектісі болды.

Императорлық биліктің шынайы ұлттық теңдікке ұмтылысының жоқтығына көзі жеткен қазақ зиялылары халықшылдардың тәжірибесінің ықпалымен «халыққа үндеуді» ұйымдастырды.

А. Байтұрсынов қазақ даласындағы қиын жағдайды «мұнды қара бұлттармен» байланыстырды. Ол «...соңында не болатыны белгісіз, болашақта не күтіп тұрғанын білмейміз. Жалаң аяқ, басы жалаң, жеңі жоқ, етегі қараусыз, далада шашылып, еш ойланбастан, қарсыластарының тосын әрекетіне дайын болмау...», - деп халықты ұйқыдан «оянуға» жанама түрде шақырады (Мукашева, 2019).

«Өзгеге көнбеу үшін оқу керек, білімді болу керек, қолөнер керек, бай болу үшін – бірлік керек, мықты болу үшін бірлік керек, соған жету жолында еңбек ету керек», - деп халқының болашағы үшін алаңдаған зиялылар негізгі ұлттық және азаматтық мәселелердің кейбірі жер, тіл, ұлт, дін, билік және сот мәселелеріне ерекше назар аударады (Мукашева, 2019).

Ұлттық қозғалыс белсенділерінің «Оян!», «Оян!», «Пайдалы істерді қолға ал», «Түр қазақ!» деген сынды үндеулері қазақ тіліндегі кітаптар, парақшалар, газет-журналдар беттері арқылы таратыла бастады (Зиманов, 1970: 40-44). Ең танымалы – ақын М.Дулатовтың 1909 жылы шыққан «Оян, қырғыз» («Оян қазақ») жинағы. Жинақ өлеңдерінде «Зар-Заман» ақындарының ықпалы айқын көрінеді, дегенмен, соңғыларынан айырмашылығы, М.Дулатов туған халқын мәдениеттің заман талабына сай әрекет етуіне бет бұруға шақырды, әйтпесе, олар өз өмірін өзгертпесе, «орыстар ата-баба жерінен ығыстырып, мүлде құрып кететінін» айтты. М.Дулатов өз жинағын күте отырып, халқына келесідей үндеу тастаған:

«Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,

Қазағым, енді жату жарамас-ты.» (Галиев, 2011: 343), (Дулатов, 1991: 286-287).

М.Дулатов киелі жерлермен де, қазақтың ата-баба жеріне деген құқығымен де санаспайтын жер басып алушылары мен жаңадан келгендердің шапқыншылығынан зардап шеккен қарапайым малшылардың әлеуметтік көңіл-күйін де бейнеледі.

Қайта-қайта тыйым салынған жинақ пайда болған кезде қазақ зиялылары – «халықты ояту» дәстүрін жалғастыра отырып, мерзімді баспасөз беттерінде қазақ халқының мүддесін қорғау мақсатында белсенді ағартушылық және саяси іс-шаралар жүргізді.

1913 жылдың 2 ақпанынан 1918 жылдың наурыз айына дейін Орынборда қазақтың ұлттық батыстанушы интеллигенциясының аузына айналған «Қазақ» апталық газеті шықты. Газеттің жалпы таралымы үш мыңнан сегіз мың данаға дейін болды. С.Д. Асфендияров «Татар буржуазиясының ықпалынан шығып, тіпті «татар үстемдігіне» қарсы шығып, ішінара бостандыққа шыққан қазақ зиялыларының тарихи таңдауы үшін «Қазақ» газетінің шығуына үлкен мән берді: «Қазақ» «ұлттық сезімге» көбірек шақырады, «АйҚапқа» қарағанда, қазақ тілі мен мәдениеті үшін күресу қажеттігін айқынырақ көрсетеді» (Асфендияров, 1936: 68). Газеттің негізін салушылар

қазіргі қазақ әдеби тілінің негізін салушылар А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов және М.Дулатов болды. Үш-сегіз мың дана таралыммен жарық көрген газеттің белсенді авторларының қатарында қазақ әдебиетінің классигі М.Жұмабаев, сондай-ақ Х.Досмұхамедов, М.Тынышпаев, М.Шоқаев та болған.

Газет белсенділерінің бағдарламалық мақсаттары қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау және ағартушылық арқылы этникалық топтастыру, империялық биліктің ассимиляциялық жоспарларына қарсы тұру және қазақ тілі мен мәдениетін дамытуды көздеді. Газеттің редакциялық мақаласында оның тұрақты жетекшісі А.Байтұрсынов «шетелдік» көшіп келушілер ағынынан зардап шеккен қазақ халқының тіршілігіне қауіп төніп тұрғаны туралы жазған. Халықтың болашағы білім мен мәдениеттің кең өріс алуына байланысты деп есептей отырып, А.Байтұрсынов тәуелсіздік жолындағы күрестің табысты болуын ұлттық тіл мен әдебиеттің дамуымен байланыстырады (Акқулулы, 2009: 212-213).

Кейін, Алаш қозғалысының өзегіне айналған газеттің авторлар ұжымы «киргиз» немесе «киргиз-қайсаки» деп таңылған атаудан бас тартып, этникалық бірегейлік пен «қазақ» этнонимінің өзін сақтауға күш салды. Ә.Бөкейханов «Түрік баласы» деген бүркеншік атпен жазған «Қазақ тарихы» («Қазақтар тарихы») мақаласында «қазақ» атауының тек орыс әскерлеріне ғана шоғырланғанын сынға алды. Қызмет класы, қазақтарды өз атын қорғауға шақырып: «...олар осы атауды бере бастағаны үшін біз қазақ деген атымызды жоғалтпауымыз керек. Сонымен қатар, біз тарихи тамырымызды көтеруге, ағартушылыққа үмтылуымыз керек, сол арқылы ұлттық ерекше дәстүрлерімізді сақтау және көбейту үшін өткен дәстүр негізінде «қазақ мәдениетін» және «қазақ» әдебиетін құруымыз керек». Сонда біз өзіміздің шын атымызды – «Қазақ» атауын сақтай аламыз (Акқулулы, 2009: 212).

Газет шығарудың орта және ұзақ мерзімді міндеттеріне оның авторлары мынадай тармақтарды еңгізген: 1907 жылғы 3 маусымдағы заңмен алынып тасталған қазақтардың сайлау құқықтарын қалпына келтіру; қоныстандыру отарлауына және қазақтарға ата-баба жерлерін одан әрі меншікке беру арқылы қайтаруға қарсылық; «ауылдық мектептерде қазақша сауат ашуға, бұл мектептерде балалар тілінде оқытуға рұқсат беру», «болыс кеңселері мен халық соттарында қазақ тілінде іс жүргізуді енгізу» арқылы жасырын және ашық «орысшыл» саясатқа қарсы тұру»; қазіргі қазақ мемлекетінің негізін салудың бастамасы болатын дала өлкесінде земствоны (жергілікті өзін-өзі басқаруды) заңнамалық тұрғыдан енгізу және дамыту; қазақтар үшін әскерге шақыруды енгізу қазақтардың қазіргі әскери ғылым мен қару-жараққа жол ашатын бірден бір негізі (Акқулулы, 2009: 212).

Рысқұлов осы тұста ұлт зиялыларының мақсатын келесідей сипаттап өтеді: «ол кездегі қазақ зиялыларының бағыты «Мәдениетшілдік» еді. Саясат мақсат, саясаттық жол оларда көмескі еді. Қазақ зиялыларының бір қатары Ресейдің либералшыл партияларын жақтап, бір қатары жалпы исламшыл партияларын жақтап, қай-қайсының болса да түпкі мақсаты патша үкіметіне қарсы тартысу, қазақтың сезімін туғызу, ұлт мәдениетін күшейту еді; сүйтіп ақырында қазақ елінің ойына жетекші болып, оның тізгінін өз қолына алу еді» (Рысқұлов, 1927).

Мәдени өмірдің «екі ағыны» туралы атышулы теория «Ресей империясының тікелей отаршылдық билігінің елу жылдық кезеңінде (1868-1917) Қазақстанда интеллигенцияның екі ұрпағының қалыптасуына түрткі болған, біріншісі орыстардың отарлау саясатын қолдаса, екіншісі қазақтың мәдени-саяси автономиясын қорғауға шықты. Бұл топтардың екеуі де модернизацияланған сипатымен ерекшеленді, өйткені олар дәстүрлі қоғамды азды-көпті түрлендіруді жақтады. Ұлттық интеллигенцияның пайда болуының өзі түркі жандануымен, кейінірек жәдидтік қозғалыспен тығыз байланысты болды. Бірақ тарихшы, фольклоршы-этнограф Ш.Уәлихановтан бастап, Алаш қозғалысының қайраткерлеріне дейінгі аралықта бұл этникалық жаңғыру Еуропаның либералдық, зайырлы құндылықтары мен идеалдарын саналы түрде қабылдаудың арқасында ілесіп, тіпті дамыды» (Уәлиев, 2019: 164).

Жалпы, мәліметтер мен көзқарастарды қорытындыласақ, қазақ зиялыларының бойында көзқарастары мен бағыты екіге бөлінсе де әрекеттері мен қоғамға тигізген әсерлері мұсылмандық пен заманауи өркениеттің ортақ шешімін паш етіп тұрғандай болды.



**Қорытынды.** Халыққа шынайы қызмет етудің мұндай тәжірибесінің тарихта болғаны өскелең ұрпаққа тоқтаусыз айтылуы керек. Алаш қайраткерлерін қаншалықты ұзақ еске алсақ, соғұрлым әділдікті, жанашырлық пен мейірімділікті, айналада болып жатқан оқиғаларға әрқайсымыздың жеке жауапкершілігімізді таныта білу, өзге өркениетке тойтарыс беру сынағынан сүрінбей өтеміз. Алаш қозғалысы мен оның қайраткерлерінің ғибратты тарихын ұғыну бізді рухтандырып, асқақ сезімге, өз еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке бөлейді.

Ішкі және сыртқы қауіп-қатер, өркениет құндылықтарының дағдарысы жағдайында заманның жаңа сын-қатерлеріне сәтті қарсы тұру, ұлт мүддесін қорғау бүгінгі ұрпақтың парызы. Мықты егеменді Қазақстанды құру зиялы қауымды жаңғыртпай мүмкін емес, сондықтан зиялы қауымның рөлі қазір бұрынғыдан да артып келеді. Бұл – демократиялық құқықтық мемлекет құру жолындағы интеллектуалдық, саналы фактордың рөлі, руханиятты дамыту, әрбір адамның әлеуметтік белсенділігі мен жауапкершілігін арттыру туралы мәселе.

Осылайша, ХХ ғасырдың басында дүниеге келген Алаш идеясы мен қазақ зиялылары тәуелсіз Қазақстанның мүддесіне қызмет етіп келеді. Уақыт өтер, жаңа ұрпақ келеді, бірақ таяу онжылдықтар мен ғасырларда Алаш зиялыларының қоғамдық ой-пікірлері мен рухани тәжірибесінің лайықты мұрасы қазақ халқына тарих толқынында тірек болады.

### Әдебиеттер мен деректер тізімі

Асфендияров С.Д. Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане – Алма-Ата: Казахстанское Краевое Издательство, 1936. – 150 с.

Аккулулы Ж.С. Новые сведения о публицистике Алихана Букейханова // Алихан Бокейханов: полное собрание сочинений [в 9 т.] Т. 4 / Сост. Ж. Аккулулы. – Астана: Сарыарка, 2009. – С. 40-56.

Аккулулы Ж.С. Основные периоды жизни и деятельности А.Н. Букейханова / Алихан Бокейханов: полное собрание сочинений [в 9 т.] Т. 1 / Сост. Ж. Аккулулы – Астана: Сарыарка, 2009. – С. 178-217.

Букейханов А.Н. Киргизы // Алихан Бокейханов: полное собрание сочинений [в 9 т.] Т. 3 / Сост. Ж. Аккулулы. – Астана: Сарыарка, 2009. – С. 283-313

Букейханов А.Н. Киргизы / А.Н. Бокейханов, под. ред. А.И. Костелянского // Формы национального движения в современных государствах. – Санкт-Петербург: Типография Товарищества «Общественная польза», 1910. – С. 577-600.

Букейханов А.Н. Корреспонденция // Алихан Бокейханов: полное собрание сочинений [в 9 т.] Т. 4 / Сост. Ж. Аккулулы. – Астана: Сарыарка, 2010. – С. 116- 119.

Галиев В.З. Книга, разбудившая народ (Разыскания о Мыржакыпе Дулатове и его сборнике «Проснись, казах!»). – Алматы: Мектеп, 2011. – 528 с.

Дулатов М. Шығармалары. / М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер Институты ұжымы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.

Зиманов С.З. В.И. Ленин и советская национальная государственность в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 304 с.

Lemercier-Quelquejay Ch. From tribe to Umma / Ch. Lemercier-Quelquejay // Central Asian Survey – 1984. – Vol. 3. – P. 15-26.

Мукашева К. С. Аннотация диссертационного исследования «Казахская публицистика начала ХХ века: национальная картина мира и концепт «Степь». – Алматы: КазНУ. 2019.

Нургазина Н.Д. Народы Туркестана: проблемы ислама, интеграции, модернизации и деколонизации (на рубеже XIX - XX веков). – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 166 с.

Olcott M.B. The Fabrication of the Social Past: The Kazakhs of Central Asia / M. B. Olcott, Myron J. Aronoff // Ideology and Interest: The Dialectics of Politics // Political Anthropology Yearbook I. – New Brunswick: Transaction Publishers, 1980. – P. 198-213

Olcott, M.B. The Kazakhs. – Stanford, Calif: Hoover Institution Press, 1995. – 388 p.

Рыскулов Т.Р. Казахстан. – М.: Госиздат, 1927. – 62 с.

Уалиев Т. А. Основы становления казахской символической элиты конца XIX – начала ХХ века/Сибирские татары: материалы Всероссийского (с международным участием) симпозиума,

посвященная 100- летию док. ист. наук Фоата Тач-Ахметовича Валеева и 20-летию I Сиб. симп. «Культур. наследие народов Зап. Сибири» (10–12 декабря 2018 г.). – Тобольск: Тобольская типография, 2019. – С. 163-168.

Хрох М. От национальных движений к полностью сформировавшейся нации: процесс строительства наций в Европе. / М. Хрох, Б. Андерсон, О. Бауэр, М. Хрох; пер. с англ. и нем. Л. Е. Переяславцевой, М. С. Панина, М. Б. Гнедовского // *Нации и национализм: сб. науч.ст.* – М.: Праксис, 2002. – 416 с.

### References

Asfendiiarov, S. D. *Natsionalno-osvoboditelnoe vosstanie 1916 goda v Kazakhstane* [National liberation uprising of 1916 in Kazakhstan]. – Alma-Ata: Kazakhstanskoe Kraevoe Izdatelstvo, 1936. – 150 s. [in Russian]

Akkululy, Zh. S. *Novye svedeniia o publitsistike Alikhana Bukeikhanova* [New information about the journalism of Alikhan Bukeikhanov] // *Alikhan Bokeikhanov: polnoe sobranie sochinenii* [Bukeikhanov A. Complete works]. Compiled by. J. Akkululy. (Vols 1-9; Vol. 3). – Astana: Saryarka, 2009. – S. 40-56 [in Russian]

Akkululy, Zh.S. *Osnavnye periody zhizni i deiatelnosti A.N. Bukeikhanova* [The main periods of the life and work of A.N. Bukeikhanov] // *Alikhan Bokeikhanov: polnoe sobranie sochinenii* [Bukeikhanov A. Complete works]. Compiled by. J. Akkululy. (Vols 1-9; Vol. 1). – Astana: Saryarka, 2009. – S. 178-217 [in Russian]

Bukeikhanov, A.N. (2009). *Kirgizy* [Kirghiz]. *Alikhan Bokeikhanov: polnoe sobranie sochinenii* – Bukeikhanov A. Complete works. Compiled by. J. Akkululy. (Vols 1-9; Vol. 3). – Astana: Saryarka, 2009. – S. 283-313 [in Russian]

Bukeikhanov, A.N. *Kirgizy* [Kirghiz] // *Formy natsionalnogo dvizheniia v sovremennykh gosudarstvakh* [Forms of national movement in modern states]. A.I. Kostelyansky (Ed.). – Sankt-Peterburg: Tipografiia Tovarishchestva "Obshchestvennaia polza", 1910. – S. 577-600 [in Russian]

Bukeikhanov, A.N. *Korrespondentsiia* [Correspondence] // *Alikhan Bokeikhanov: polnoe sobranie sochinenii* [Bukeikhanov A. Complete works]. Compiled by. J. Akkululy. (Vols 1-9; Vol. 4). – Astana: Saryarka, 2010. – S. 116-119 [in Russian]

Dulatov, M. *Shygarmalary* [Dulatov M. Complete works] / M. O. Auezov atyndagy Adebiet zhane Oner Instituty uzhy. – Almaty: Zhazushy, 1991. – 384 b. [in Russian]

Galiev, V. Z. *Kniga razbudivshaia narod (Razyskaniia o Myrzhakype Dulatove i ego sbornike "Prosnis, kazakh!")* [The book that woke the people (Investigations about Myrzhakyp Dulatov and his collection "Wake up, Kazakh!"). – Almaty: Mektep, 2011. – 528 s. [in Russian]

Khrokh, M. (2002). *От национальных движений к полнотии сформировавшейся нации: протес строitelstva natsii v Evrope* [From national movements to a fully formed nation: the process of building nations in Europe]. *Natsiia i natsionalizm – Nations and nationalism*. B. Anderson, O. Bauer, M. Khrokh, L.E. Pereyaslavtseva, M.S. Panin, M.B. Gnedovsky; Tsentralno-Evropeskii Universitet. – M.: Praksis, 2002. – 416 s. [in Russian]

Lemercier-Quelquejay, Ch. (1984). *From tribe to Umma* // *Central Asian Survey*. – 1984. – Vol. 3. – P. 15-26.

Mukasheva K. S. *Annotatsiia dissertatsionnogo issledovaniia «Kazakhskaiia publitsistika nachala KhKh veka: natsionalnoe kartina mira i kontsept «Step»* [Abstract of the dissertation research "Kazakh journalism of the early twentieth century: the national picture of the world and the concept of" Steppe"]. – Almaty: KazNU. 2019.

Nurtazina, N.D. (2008). *Narody Turkestana: problema islama, integratsii, modernizatsii i dekolonizatsii (na rubezhe 19-20 vekov)* [The peoples of Turkestan: problems of Islam, integration, modernization and decolonization (at the turn of the XIX - XX centuries)]. – Almaty: Kazak universiteti, 2008. – 166 s. [in Russian]

Olcott, M.B. *The Fabrication of the Social Past: The Kazakhs of Central Asia* / M. B. Olcott, Myron J. Aronoff // *Ideology and Interest: The Dialectics of Politics* // *Political Anthropology Yearbook I*. – New Brunswick: Transaction Publishers, 1980. – P. 198-213

Olcott, M.B. The Kazakhs. – Stanford, Calif: Hoover Institution Press, 1995. – 388 p.

Ryskulov, T.R. Kazakhstan [Kazakhstan]. – M.: Gosizdat, 1927. – 62 s. [in Russian]

Ualiev, T. A.(2018). Osnovy stanovleniia kazakhskoi simbolnoi elity kontsa 19 – nachala 20 veka [The foundations of the formation of the Kazakh symbolic elite of the late 19th - early 20th century] / Siberian Tatars [Sibirskie tatory]: materialy Vserossiiskogo (s mezhdunarodnym uchastiem) simpoziuma, posviashchennaia 100-letiiu dok. ist. nauk Foata Tach-Akhmetovicha Valeeva i 20-letiiu I Sib. simp. «Kultur. nasledie narodov Zap. Sibiri» (10–12 dekabria 2018 g.) – Materials of the All-Russian (with international participation) symposium dedicated to the 100th anniversary of Doctor of Historical Sciences Foat Tach-Akhmetovich Valeev and the 20th anniversary of the 1st Siberian Symposium "Cultural Heritage of the Peoples of Western Siberia" (pp. 163-168). – Tobolsk: Tobolskaia tipografiia, 2019. – S. 163-168 [in Russian]

Zimanov, S.Z. V. I. Lenin i sovetskaia natsionalnaia gosudarstvennost v Kazakhstane [Lenin and Soviet national statehood in Kazakhstan]. – Alma-Ata: Nauka, 1970. – 304 s. [in Russian]

**МРНТИ 03.20.00**

## **ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ ПО СОХРАНЕНИЮ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ**

**Ә.Б. Сейткен<sup>1\*</sup>**

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы

\*Корреспондирующий автор

E-mail: seytken98@mail.ru (Сейткен)

**Аннотация.** В содержании Отечественной истории роль наследия национальной интеллигенции является весьма актуальной проблемой. В соответствии с этим статья посвящена роли казахской интеллигенции в укреплении национального самосознания. Анализируется всесторонняя деятельность интеллектуалов, стремившихся при российском колониальном режиме сохранить национальный код от угроз русификации и вестернизации, не допустить потерю этнических ценностей, языка и менталитета. Рассматриваются инициативы национальной интеллигенции, которые использовали прессу как средство коммуникации, пытаясь тесно взаимодействовать с массами; обращается также внимание на модернизационные идеи интеллигенции. Сравнительный анализ взглядов национальной интеллигенции по тематике поставленной проблемы показывает, что у казахской интеллигенции были ценные идеи, направленные на достижение синтеза между своей традицией и современными ценностями.

**Ключевые слова:** Алаш, интеллектуальное наследие, казахская интеллигенция, национальный код, этническое самосознание, культурная ассимиляция, пресса, национальная идея.

IRSTI 03.20.00

## THE ACTIVITIES OF THE KAZAKH INTELLIGENTSIA IN THE PRESERVATION OF NATIONAL IDENTITY

A.B. Seitken<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

\*Corresponding author

E-mail: seytken98@mail.ru (Seitken)

**Abstract.** In the content of the domestic history, the role of the national intelligentsia's heritage is a topical issue. In accordance with this, the article is devoted to the role of the Kazakh intelligentsia in strengthening national identity. The author analyzes the comprehensive activities of intellectuals who, under the Russian colonial regime, sought to preserve the national code from the threats of Russification and Westernization, to prevent the loss of ethnic values, language and mentality. The author considers the initiatives of the national intelligentsia, which used the press as a means of communication, trying to closely interact with the masses; attention is also paid to the modernization ideas of the intelligentsia. A comparative analysis of the views of the national intelligentsia on the subject of the problem posed shows that the Kazakh intelligentsia had valuable ideas aimed at achieving a synthesis between their tradition and modern values.

**Key words:** Alash, intellectual heritage, Kazakh intelligentsia, national code, ethnic identity, cultural assimilation, press, national idea.

**Автор туралы мәлімет:**

<sup>1</sup>Магистрант

## ТҮРГЕШ ҰЛЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Қ.Қ. Бекетай<sup>1\*</sup> <sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы

\* Автор-корреспондент

E-mail: beketay.k@gmail.com (Бекетай)

**Аңдатпа.** Мақалада Түргеш ұлысының тарихына қысқаша шолу жасалынып, бүгінде ерекше маңызы бар «Алаш» түсінігінің қалыптасу проблематикасы қарастырылады. Түргеш-Алаш синоним ретінде қолданылуы туралы ғылыми дискуссияның тұжырымдары жанданып үлгергендіктен, олардың әрқайсысын тереңірек ашып сипаттауға талпыныс жасалынған. Қытай жылнамаларындағы «Түргеш-Алаш-чор» деген түсініктің пайда болу себептеріне талдау жүргізіліп, зерттеушілердің көзқарастарын талдауға баса назар аударылған. Сонымен қатар, Алаш этнонимінің Түргеш ұлысында қолданылу аясы бойынша классификация жасалынып, түсініктеме берілген.

Түргеш ұлысының этникалық тарихына қатысты зерттеулерге талдау жасалынып, Түргеш-Алаш ұлысы мен Алаш қауымдастығы немесе Қазақ халқының этникалық бастамасы түсінігіне анықтама беріліп, Т. Омарбеков пен Ә. Дәулетхан көзқарастары негізінде этникалық кесте қалыптастырылған.

Мақалада Қазақ халқының қалыптасуындағы Алаш қауымдастығының орны мен маңызы сипатталып, тарихи рөлін анықтауға көңіл бөлінеді. Нәтижесінде, Түргеш ұлысы мен қазақ ру-тайпалары арасындағы бір тайпа бірлестіктерінің болғандығы айқындалып, салыстырмалы талдау жүргізілді.

**Түйін сөздер:** Түргеш ұлысы, Түргеш-Алаш ұлысы, Алаш этнонимі, Түргеш-Алаш-чор, Алаш чор, Түргеш қағанаты, этникалық тарих, қазақ ру-тайпалары.

**Кіріспе.** Тарих сахнасында әр халықтың өз өткенін, өз этносының тарихи ерекшеліктерін меңгеруге баса назар аударуы ұлт тарихы үшін де, жалпы тарихи зерттеулердің дамуына да өзіндік елеулі септігін тигізеді.

Бүгінде, жинақталған мәліметтер мен зерттеу нәтижелерінің біршама кең базасы қалыптасуының арқасында макро тарихи зерттеу жұмыстарының сипатынан микро проблематикаларға да мән беру деңгейіне өтуге бастама жасалуда.

Аталмыш өзгерістер тарих беттерін қамтитын «түркі дәуірі» кезеңіне қатысты зерттеулердің де жанаша бағытта қарастырылуына түрткі болды. ХХ ғасырдың өзінде В. В. Бартольд: «түркі халықтарының тарихын зерттеу үшін тек қана түркітанушы болу жеткіліксіз, сонымен қатар зерттеуші өзі қызығатын тарихи кезеңіне байланысты синолог (қытайтанушы), арабтанушы немесе ирантанушы да бола білуі тиіс», - деп зерттеушінің жан-жақты болуына көңіл бөлген еді.

Отандық ғалымдардың алдына тарихты біріктіруші фактор ретінде қоғам сұранысы мен тарих ғылымының жаңа талаптарын түсінуге байланысты күрделі де жауапты міндеттер қойылуда.

Бүгінгі таңда қалыптасқан мемлекет кезеңінде тарихымызды заманауи ғылым биігінен ұғынып, тұтас ұлттық тарихи картина жасауымыз керек, – деді М.Тәжин зерттеу жұмыстарының келешегін айқындап.

Қазақстанның қазіргі аумағы көп жағдайда қазақ этносын құраған тайпалардың қоныстану аймағына сәйкес келеді. Ал бұл тайпалардың XV ғасырда бірден қалыптаса қоймағаны анық. Қазақ этносының қалыптасуы – бір мың жылдан астам уақытты алған, бірақ, өкінішке орай, жеткілікті түрде зерттелмеген процесс. Ғалымдар көне түркі даласындағы «Дешті Қыпшақ» жеріндегі ерте мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуы мен ыдырауы, түркі-қыпшақ халқының таралу аймағы,

іргетасы қаланған жері, еуразиялық топонимика тарихы және т.б. сияқты күрделі де ауқымды тақырыптарды жаңа әдіснамалық ұстанымдардан әлі толықтай қарастырған жоқ.

Осыған байланысты, түркі дәуірінің бір бөлшегі Түргеш ұлысының Түргеш-Алаш-Чор деп аталуына қатысты ғылыми дискуссия туындатып жатқан мәселелерге жаңаша көзқарас арқылы зерттеу жүргізілді.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу жұмысының материалдарын ортағасырларға тән тарихшылардың еңбектері, қытай жылнамалары мен бүгінде, тақырып аясында зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектері құрайды. Атап өтер болсақ, 2006 жылы жарық көрген Қытай жылнамаларының деректері, Т. Омарбеков (Омарбеков, 2011), Ә. Дәулетхан (Дәулетхан, 2005), М. Жолдасбеков пен Қ. Сартқожаұлы (Сартқожаұлы, 2003), (Сартқожаұлы, 2012) т.б. зерттеушілердің тұжырымдары, этнограф В. Радловтың «Алаш» туралы түсінігіне қатысты пікірлері (Радлов, 1963) мен Сорен Штарктың (Штарк, 2008) зерттеу жұмысы қарастырылады.

Жұмыстың теориялық және әдістемелік негізі арнайы және жалпы ғылыми зерттеу әдістерінің жиынтығы болып табылады. Жұмыстың әдістемесі объективтілік пен тарихшылық принциптеріне негізделген. Объективтілік тақырып аясындағы көптеген ғылыми тұжырымдардың бар екендігін ескере отырып, соған сәйкес Түрік-Алаш мәселесіне қатысты ғалымдардың көзқарастарын жан-жақты айқындау мақсатында қолданылады.

Тақырыпты ашу мақсатында отандық және шет елдік ғалымдардың теориялық тұжырымдары пайдаланылған. Зерттеу жұмысы жалпы ғылыми (анализ, синтез, жалпылау және т.б.) және жеке ғылыми (тарихи салыстыру және мәліметтерді талдау) зерттеу әдістерін қамтиды.

Жұмыста тарихнамалық зерттеулерге тән бірқатар әдістер де негізге алынған. Соның ішінде, проблемалық әдіс Түргеш қағанатының тарихы мен қарастырып отырған кезеңдегі «Алаш», «Түргеш-Алаш-Чор», «Түргеш-Алаш ұлысы», «Түргеш-Халаш» немесе «Туциши Хэлоши» түсінігінің қалыптасуын ашып көрсету мақсатында таңдап алынған.

**Талқылау.** Зерттеу тақырыбына байланысты әр түрлі көзқарастар мен зерттеу нәтижелері қалыптасқан. Қазақ халқының ерте замандардағы тарихына қатысты көптеген деректік жазбалар қытай жылнамаларында сақталғаны белгілі. Бұл дереккөздерді қытай тілінен тікелей оқып, өз зерттеулері арқылы қазақтың көне тарихын қайта жаңғыртуға үлес қосып жүрген Шыңжаңдағы қазақ зерттеушілері түргештер жөнінде нақты деректер келтіріп өтеді. Түркештердің ішінде Алаш чор (кейде Қалаш чор деп аталады) деген әскери қолбасының ұлысы Алаш деген атпен ортаға шыққанын жеткізеді. Осыған орай Алаш чорға бағынған ел кейде Түркеш-Алаш ұлысы деп те аталғанға ұқсайды. Т. Омарбеков те Алаш атауының тұлғаға байланысы болуы мүмкін екенін алға тартады (Омарбеков, 2011). Оның көрсетуі бойынша Түргеш қағанатының негізін қалаушы Өжелі (У Жило) чор лауазымына ие болып, билеушілікке әлі келмей тұрған кезінде Алаш чор аталуы әбден мүмкін.

Сорен Штарк болса, Туциши хэлоши лауазының берілуі мен аталмыш сөз тіркесінің қытай жылнамаларында кездесуін атап өтеді. Ал, жылнамаларға сүйенсек, арнайы бөлінген аймаққа (оң қанатқа) ерекшелеп Туциши хэлоши атауы берілген (Штарк, 2008: 160:).

Мәселенің байыбына тереңдеп барар болсақ әскери қолбасы – «чор» деңгейіндегі, екінші қатардағы, «аласа» бейне ретінде сипатталады.

Талас Омарбековтың пікірінше, «алаш» атауы алғаш жеке адамға қолданылып, кейініректе ұлысқа таңылуы да әбден мүмкін. Түргеш ұлысына байланысты айтатын болсақ, жеке адам атының кейін ұлысқа таңылғанын байқауға болады. «Алаш» («баспана, кіші одақ») деген ұғымды қолданған түргештер оны өздерінің ұлысына қамқоршы тарихи тұлғаға есім ретінде беріп, ал бұл кейінірек ұлыс атына ұласса керек.

Бұдан бөлек Түркеш қағанатының этникалық тарихына қатысты Ю.А. Зуев, В.В. Бартольд, Т.А. Акерев пен Ә. Дәулетхан, Т. Омарбеков сынды зерттеушілердің көзқарастары қамтылып өтіледі. Алғашқы үшеуі түргештер құрамындағы тухси мен ази тайпалары туралы пікірлерін ұсынса, соңғылары Түргеш ұлысы мен қазақ халқының этникалық негіздеріне ерекше тоқталып өтеді.

**Зерттеу нәтижелері.** Таң әулетінен тәуелсіздікті VII ғасырдың аяғында Өжелі қаған қалпына келтірді. Нәтижесінде, Түргештердің тайпалық бірлестігі тарихи аренаға шығады. Түргеш термині («түрік және түргеш елі» тіркесінде) туралы алғашқы сөз 629 жылғы оқиғаларға байланысты кездесе бастайды. 651 жылы Түргеш-халач тайпасы Батыс Түрік қағанатының сол (шығыс) қанатындағы бес тайпаның ішінде төртінші орында болды. Түрік қағанаты тұсында (VI-VII ғ.) олар негізінен Жетісу мен Тянь-Шань жеріне қоныстанды. Дулу мен нушиби арасындағы күрестің шиеленісіп, Батыс Түрік қағанатының әлсіреу кезеңінде түргештер саяси аренаға көтеріледі.

Сақалдың мұрагері тұсында түргештер 708 жылы Ансиді басып алып, Таң әскерлері біршама жеңіліске ұшырады, жалпы Қашғариядағы жағдай таң жаулаушыларына қолайсыз болды. 706-711 жылдары түргештер Қытай қолдаған Шығыс Түрік қағанатына қарсы көтеріліс жасайды. Бірақ түргештердің өздері арасында бірлік болмағандықтан Сақалдың інісі Чжен оған қарсы шығып, Шығыс Түрік қағанатының билеушісі Қапағанды көмекке шақырады. Қапаған қаған алдымен чик, ази, қырғыз, одан кейін түргеш тайпаларына қарсы 20 мыңдық әскерді басқарады. 711 жылы Шығыс Түрік қағанатының әскерлері Болшу көлі маңында түргештерді талқандап, Сақал қаған өлім жазасына кесілді. Чабын Чор Сүлуқ (Сүлу) бастаған түргештер Тохаристан жеріне шегінуге мәжбүр болды. Аз уақыттан кейін Чабын Чор Сүлуқ 716 жылы өзін қаған деп жариялап, бүкіл әскери-әкімшілік билік қайтадан түргештердің қолына өтіп, Тараз қаласы негізгі қонысқа айналады. Орта Азиядағы арабтарға қарсы көтерілістер кезінде Сүлуқтың көмегімен Соғды азат етіліп, тек 732 жылы арабтар Бұхараны қайтадан басып алды. Бес жылдан кейін Сүлуқ Тохаристан билеушісіне (Әмудария жоғарғы ағысы) көмекке келіп, арабтарды ығыстырып, Сүлудың әскерлері елде шашырап кетеді. Шашыраған отрядтар арабтардан жеңіліске ұшырап, бұл жағдай түргештер көсемінің өміріне әсерін тигізді. Сүлуды оның қолбасшысы Бағатархан өлтіріп кетеді. Ал, батылдығы мен қорықпайтын мінезі үшін арабтар Сүлуды Әбу-Музахим (соғу) деп атаған. Оның ұлы қысқа билік құрғаннан кейін «сары» және «қара» түргештердің 20 жылға созылған күресі басталады. Осылайша, Батыс Түрік қағанатының түпкілікті ыдырауы аяқталып, 746 жылы қарлұқтар Жетісу мен Алтай жеріне жылжи бастайды.

751 жылы Талас өзені бойындағы Атлах деген жерде екі орасан зор араб және қытай әскерлерінің қатысуымен елеулі шайқас болды. Ұрыс 5 күнге созылып, ондағы шешуші рөлді қытай әскерлерінің тылынан соққы берген қарлұқтар атқарды. Олар арабтар жағына өтіп, шайқастың тағдыры шешілді. Бұл шайқастың маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес – бұл Қытай әскерлерінің соңғы басқыншылық шабуылы болды, содан кейін Тан империясының Орталық Азия мемлекеттерінің ісіне араласуы тоқтатылды. Арабтар Шаш қаласына қарай одан әрі жылжып, кейіннен бұл аумақта қарлұқтардың ықпалы күшейіп, 766 жылы саяси билік олардың қолына өтті.

Түргештердің этникалық тарихына көңіл аударар болсақ, түргештердің қағанаты Батыс Түрік қағанатының территориясында құрылғандықтан, олардың этникалық құрамын «он оқ халқы» құрады. Қытай деректеріне сүйенсек, Батыс Түрік қағанаты 10 ұлысқа бөлініп, қаған әр ұлыстың басшыларына бір-бір оқтан сыйлағандықтан қағанат «он оқ елі» деп те аталған. «Он оқ» өз ішінен сол және оң қанаттарға бөлініп, сол қанаты Бес түрік ұлысы, оң қанаты Бес нұшбе ұлысы аталған (Ұлы түрік қағанаты: Қытай деректері мен түсініктер, 2006: 362). Осыдан, Түргеш қағанаты «он оқ елі, он тайпа, он жебе қағандығы» деген атаулармен де сипаттала бастайды.

Тарихшы Нығмет Мыңжанның тұжырымдауынша, түргештер – Батыс түрік қағанатындағы бес түрік дулудың белді тайпасы, ежелгі үйсін дулы ұлысының ұрпағы. Шежірелік деректерде олар «сары үйсін» деген атпен белгілі (Мыңжан, 1994: 126).

Жоғарыда аталған тайпалардың бөлінісін Ә. Дәулетхан нақты жіктеп көрсетеді. Қытай деректеріне сүйене келе, ол «Көне Таңнаманың» бір бөлімінде аталмыш он оқ еліне кірген тайпаларға: дулу, нушбе, қарлық, шымыр, еурғұл, қатарлы тайпалар бар» деп талдайды. Алайда, Естеми қаған мұрагерлері кезеңінде бұл «он оқ бүдүн» өз ішінде бес дулатты бес шор (чор), бес нұшбені бес еркін билейтін болып бөлінеді. Сонда, жоғарыда қамтып өтілген қалған тайпалар ығыстырылып, бағынышты рулар қатарына жатқызылғандығы көрсетіледі (Дәулетхан, 2005: 34).

Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректеріне сүйенер болсақ, түрік «чор» басқарған бес ұлыстан құралды: Шөмекең Лы чор, Күлік Күл чор, Шеп-шад Тон чор, Түргеш Қалаш

чор (деректе түргештердің ұлысы бірде Алаш, бірде Қалаш деп көрсетіледі), Шаныш Шопан чор. Нүшбе бес іркін болды: Ескіл Күл іркін, Қасу Күл іркін, Барсыған Тон Ышбара іркін, Ескіл Низек іркін, Қасу Шопан іркін еді. Сонымен қоса, бұлардың өз ұлыстары болды деп көрсетіледі (Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері, 2006: 143). Деректе алдымен тайпа аттары, одан соң тайпа билеушісінің есімдері, содан соң олардың лауазымдары қоса жазылған. Бұл жөнінде, тарихшы Н. Мыңжан «Жұңғо тарихи сөздігі, түрік тарауына» сүйене отырып, бес түрік дулудың тайпалық құрамының тізімін береді де (Түркеш-Алаш-чор ұлысы, Қойлау-Күлік-чор ұлысы, Чимойын-Лүй-чор ұлысы, Ысты-Тон-чор ұлысы, Жаныс-Шопан-чор ұлысы), мұндағы түркеш, қойлау, шимойын, ысты, жаныс – тайпа аттары, Алаш, Лүй, Күлүг, Тон, Шопан – тайпа билеушілерінің аттары, ал чор – олардың лауазымы деген пікір білдіреді (Мыңжан, 1994: 121).

Ал, зерттеуші Әлімғазы Дәулетхан өз еңбегінде он оқ халқының тең жартысын құраған бес түрік дулу тайпаларының Жетісу мен Жоңғария және Тарбағатай мен Еренқабырға өңірін жайлағанын айта келіп, олардың этникалық құрамын мекендеген жер аумағымен қатар былайша жіктеп көрсетеді:

1. Чимойын (Шу му кун) Лүй чор ұлысы – Тарбағатай аймағын мекен етті.
2. Қойлау (Ху лу шы) Күлүя чор ұлысы – Манас өзенінің солтүстігі мен батыс аймағында.
3. Ысты (Ше шы ти) Тон шор ұлысы – Бұратола өзені аңғарын мекендеді.
4. Түркеш Алаш шор (ту ши шы хе ло шы) ұлысы – Іле өзенінің орта және төменгі аңғарының терістік беткейінде.
5. Жаныс Шопан чор (Шу нишы Шубан) ұлысы – Қарашәр мен Жұлдыз өзені аңғарында мекен етті.

Сондай ақ, жоғарыда аталған бес тайпалы нүшбенің барлығы да Шу мен Таластың Батыс оңтүстігін мекендегенін жазады (Дәулетхан, 2005: 38-39). Сонымен қатар, «бес түрік дулудың іргелі тайпаларының бірі түргештер – үйсін-дулы ұлысының ұрпағы, шежіре деректерінде айтылатын сары үйсіндер екі мың жылдан бері Жетісу өңірін қоныс аудармай өмір сүріп келгені, қазақ халқын құраған ежелгі ру-ұлыстардың бірі ретінде күні бүгінге дейін ата қонысында отырғаны баршаға мәлім. Қазіргі таңда, мұны антропологиялық зерттеу жұмыстарының өзі де дәлелдеп отыр» деп қорытындылайды (Дәулетхан, 2005: 48).

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылап өтер болсақ, түргештер тарихы қазақ халқының этникалық әрі саяси бастауларының бірі деп тұжырымдауға толық негіз бар. Ал, қазақ үшін киелі ұғымдардың бірі «Алаш» сөзінің сонау ерте замандарда қолданылуы және қытай деректерінде көрсетілуі қағанат дәрежесіне жеткенге дейінгі түргештердің ұлысын басқарушы «чор» лауазымындағы әскери қолбасының есімімен тікелей байланысты болғанын көреміз.

Орыс түркітанушысы Ю.А. Зуев өзінің «Ранние тюрки» атты еңбегінде түргештердің өз қағанатының негізін қалаушылары қайдан шыққандығы нақты деректерде көрсетілмесе де, жанама деректер арқылы сөз қозғауға болатынын көрсетеді. Сәйкесінше, Гардизидің «Зайн ал-ахбар» шығармасының XVII-бөлімінің соңында «түргештер екі тайпадан тұрады», - деп көрсетеді. Кейін, «Худуд ал-алам» мен «Диуани лұғат ат-түрік» еңбектерін талдау арқылы, аталмыш екі тайпаның: «тухсийцы» және «азийцы», яғни тухси мен ази тайпалары екендігі айқындалады (Зуев, 2002: 145). В.В. Бартольдтың «Общие работы по истории Средней Азии. Работы по истории Кавказа и Восточной Европы» атты еңбегінде де «түргештердің бір бөлігі тухсийлер (түргештердің екінші бір тармағы жоғарыда аталған азийлер) Шу өзенінің жағасында өмір сүрген», - деген мәліметтер кездеседі (Бартольд, 1963: 492). Т.А. Акерровтың монографиясында да «Мүмкін сондықтан да, Қарлұқ мемлекетінің құрамында түргештердің көрінісі азы мен тухси тайпалары болған», - деген пікірін байқай аламыз (Акерров, 2012: 25). Зуев болса, аталмыш мәселені одан әрмен талдай келе, тухси этнонимін тоқсоба (тоқсоба) этнонимімен байланыстырады (тухси-оба). Сонымен қатар, «Қазақтар этнонимнің өзін де сақтаған, қазақтың Кіші жүзіндегі байбақты руының бір тармағы тоқсоба деп аталады», - деп те көрсетеді (Зуев, 2002: 148).

Аталмыш зерттеулердің мәліметтері бойынша қорытынды жасасак, онда түргештердің тухси тайпасы кейінірек қарлұқтардың қарамағына қосылып, кейін тіпті қазақтың Кіші жүзіндегі байбақты руына кіргендігі туралы пікір қалыптастыра аламыз.



Ә. Дәулетханның еңбегінде қамтылып өткен тағы бір маңызды мәлімет осы Түргеш ұлысына кіретін тайпалардың үлкенді-кішілі толық қамтылуы. Оларды тарихшы қытай тарихшысы Лин Ганның дерегіне сүйеніп көрсетеді. Жоғарыда қамтып өткен 5 тайпа дулу мен 5 тайпа нүшебіні қосқанда 10 тайпа болса, келесілері төмендегі ретпен қамтылады:

11. Түркеш-Суөгө-Мұһы (Сақал Баға) ұлысы (Іле өзенінің орта және төменгі сағасының терістік жағасында)

12. Қарлық-мұрын (муло) ұлысы (Зайсанның шығысы мен Ертіс өзенінің оңтүстік жағалауында)

13. Қарлық Чи-Еркін ұлысы (Мұрындардың шығыс оңтүстігінде)

14. Қарлық-тасты (Ге Лолу Та ши – мұрындардың батыс оңтүстігінде, оңтүстігі шимойындармен шектеседі)

15. Яғма ұлысы

16. Мұқы Тархан (Мохэ Даган) ұлысы

17. Ду Можы ұлысы

18. Чуми ұлысы (шөрелер)

19. Чу йо ұлысы (Үрімжінің Батыс оңтүстігінде)

20. Шато ұлысы (Баркөлдiң шығысында)

21. Хеса ұлысы (Каспий теңізі маңында) (Дәулетхан, 2005: 40).

Т. Омарбеков осы Түргеш ұлысы мен кейінгі Алаш қауымдастығының қалыптасу аспектісін бір-бірімен тығыз байланыстырады. Соның аясында, этникалық тарихты келесідей жалпылама кезеңдерге бөліп көрсетеді:

1-кезең	арғытүріктер (прототүріктер) дәуірі, бұл б.з.д. II мыңжылдықтан VI ғасырдың ортасына дейінгі уақыт;
2-кезең	түркілік кезең (түрік Дулулардың, Телелер одағының, Сиренда бірлестігінің және қағанаттар құрылымындағы рулық-тайпалық бірлестіктердің өмір сүрген уақыты). VI ғасырдың орта шенінен IX ғасырдың орталарына дейін;
3-кезең	арғы қазақтар (протоқазақтар) кезеңі (Қыпшақ, Найман, Дулат, Алшын, Керей, Қаңлы, Қоңырат, Жалайыр, Арғу және т.б. тарихи этнонимдердің елге кеңінен танылуы). IX ғасырдың орта шенінен XIII ғасырдың басына дейін;
4-кезең	Алаш қауымдастығының қалыптасу кезеңі (Түргеш Алаш шор ұлысы — Үш сан Алаш мыңы — Алты сан Алаш — Он сан Алаш). XIII ғасырдың орталарынан XV ғасырдың соңына дейін;
5-кезең	Қазақ қауымдастығының қалыптасуы (Қазақты құраған қырықтан астам тайпаның «Он сан Алаш» төңірегіне бас біріктіруі). XV ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың басына дейін.

*1-кесте. Т. Омарбеков құрастырған этникалық тарихтың қалыптасу кезеңдері.*

Тарихшының бөліп көрсетіп отырған кезеңдерінің ішіндегі 4-ші кезеңге мән беріп қарайтын болсақ, Түргеш-Алаш-Чор мен Алаш қауымдастығының арасында байланыс бар екендігін айқын көрсетіп тұр. Олай болса, бұл ұғымның қалай шыққандығын ашып талдап өтсек, Ә. Дәулетханның «Түркеш қағанаты» атты еңбегіне тағы көңіл аударамыз. Ол М. Ақынжанов пен басқа да зерттеушілер Түргештердің этникалық тарихына баса назар аудара отырып, осы кезеңді қазақтардың ұлт ретінде қалыптасуының алғашқы дәуірі ретінде сипаттауына тоқталып өтеді де, келесідей анықтамасын ұсынады: «...Қазақтың этникалық негізіне алғашқы бастама болған түргеш пен қарлұқ одағы еді. ...Түргеш қағанатының қарамағына болашақ қазақ халқының негізгі ру-ұлыстарының біршамасы бірікті. ...Түргештің құрамында үйсін (сары үйсін, қара үйсін)... Сары түркеш, қара түркеш, қаңлы, дулат, қарлұқ, арғын, қыпшақ ұлыстары болды» (Дәулетхан, 2005: 49).

Тарихшы осы пікірге сүйене келе, ерте орта ғасырдағы этникалық тарихты Т. Омарбеков сынды екі үлкен дәуірге бөліп қарастырады:

Кезең	Хронологиясы	Сипаты	Ерекшелігі
1-кезең	б.з.б. V ғасырдан – заманымыздың VI ғасырына дейінгі аралық	Қазақ халқының арғы тегі мен негізгі құрамына ұйытқы болған ру-тайпалар	Ұлан байтақ қазақ жерінде өмір сүріп, елдік салтанат құрған. Тайпалық одақтар негізінде бірігіп-тіршілік ету барысында өзіндік нәсілдік белгілеріне, тұрмыс-тіршілігіндегі мәдениеті мен тілінде жақындық, ұқсастық көбірек болған.
2-кезең	VI ғасырдан – XIII ғасырдың басына дейін	Біртұтас мемлекет аясында бірігіп, ұлттық, халықтық белгілері айқындала бастаған кезең	Түрік қағанаты (Шығыс/Батыс түрік), Түргеш қағанаты, Қарлық қағанаты, Қарахан – қара қытай (кидан) хандықтары тұсында бір орталыққа бағынып, өмір сүрген. Нәтижесінде, бір-біріне жақындасып, этникалық бірігі жолына түскен. Алғашқы кезеңдегі ұқсастықтары азайып, халықтық, ұлттық қасиеттер орныға бастайды.

2-кесте. Ә. Дәулетхан құрастырған этникалық тарихтың қалыптасу кезеңдері.

Түргештердің этникалық тарихының сипаттамасы міне, осындай болды. Енді, Түргеш-Алаш ұғымына қатысты толығырақ тоқталып өтсек.

Осы тұста «Түргеш-Алаш-Чор», «Түргеш-Алаш ұлысы», «Түргеш-Халаши» немесе «Туциши Хэлоши» сынды атаулардың қайдан шыққандығы туралы зерттеулер мен бүгінде қолданылып жүрген «Алаш» атауы сол кездің өзінде Түргеш синонимі ретінде пайдалануы мүмкін деген көзқарастар осы мәселе аясында ерекше қызығушылық тудырып келеді.

Қазіргі таңда, бұған байланысты орныққан тұжырымдар мен зерттеу нәтижелерін бірнеше көзқарастарға жіктеуге болады:

### **VIII ғасырдағы Бес түрік Дулу құрамындағы Түргештерді Алаш атты тарихи тұлғаның басқарғаны туралы көзқарас**

Т. Омарбеков түргештердің билеушісі Үшеліктің (Өжелі) алғашқыда чор лауазымына ие болып, түргештерді билеп жүрген кезіндегі есімі Алаш болуы мүмкін деген тұжырымын ұсынады. Тарихшының айтуы бойынша, оған Үшелік деген есім қаған болып билікке келгеннен кейін ғана қосымша берілген болса керек. Т. Омарбеков өзінің бұл көзқарасын келесідей сипаттап береді: «Үшеліктің алғашқыда Алаш болғандығына бір дәлел ретінде – Алаш чор Бес түрік Дулу қарамағындағы Түргеш аймағын басқарып тұрған кезде, осы Бес түрік Дулуға кіретін көршілес Қойлау деген ұлысты Күл чор билейтін. Үшелік Түргеш хандығына қаған болып билікке келген кезде осы Күл чорды қасына аламан сардар етіп алады. Алайда, Үшелік қайтыс болып, оның орнына баласы Сақал қаған тағына отырғанда Күл чор опасыздық жасап, оның көзін жою мақсатында қытаймен келіссөздер жүргізе бастайды. Жергілікті жерде, Сары түргештер ортасында ерекше беделі бар Күл чор Түргештердің Сақалдан кейінгі билеушісі Сұлуға (Сүлікке) да қолбасшы ретінде қызмет етіп, оның арабтарға қарсы бағытталған күресін басқарады. Мұның бәрі қытайдың жылнамаларында толығырақ көрсетілген» (Омарбеков, 2011).

### **Туциши хэлоши (Түргеш алашы) түсінігі**

Американдық түркітанушы Сорен Штарк өзінің мақаласында түргеш қағанатындағы «Туциши хэлоши» түсінігінің болғандығын сипаттап, келесідей қорытындыға келеді: VII ғасырдың екінші ширегінде олардың жоғарғы көсемі Тукиси Хэлуоши чуо титулына ие болды, chuо иероглифі әйгілі түрік атауы чор дегенді білдіреді. Қалай болғанда да, VII ғасырдың екінші ширегінде жазба деректерде алғаш рет бірге кездесе бастаған Түргеш пен Халадж (хэлоши) Батыс түріктердің дулу канатының құрамында біртұтас тайпалық бірлікті құрағанға ұқсайды (Штарк, 2008: 160-161).

Егер, Сорен Штарктың бұл көзқарасын талдайтын болсақ, қытай жылнамаларындағы мәліметтер арқылы бұл тұжырымды тағы да тереңірек аша аламыз. Ышбара (Шаболо кэхань) қаған оң қанатқа бес тайпаны жіктеп, тайпа басшыларына «чор» деген лауазымын береді. Сол қанатқа тағы бес тайпасын енгізіп, басшыларына іркін (сыңзинь) деген лауазымын береді. Түрік хандықтары мен қағанаттарында кейіннен оң қанаттың дәрежесі, сол қанатқа қарағанда биік болған. Қоғамдағы аталмыш иерархияны Ышбара қаған да қағида ретінде ұстанса керек. Сол кезде оң қанаттың бір тайпасы (аудан) көсеміне «туциши хэлошчо» (түргеш алаш чоры) деген лауазым берген. Осы атауды белгілі қытайтанушы Б. Еженханұлы «алаш» деп жаңғыртқан болатын (Ежеханұлы, 2006)

Аталмыш дерекке талдау жасар болсақ, Ышбара қаған еліне әкімшілік-территориялық жіктеліс жасаған сәтте оң қанаттың бас ордасы орналасқан ауданды Туциши хэлоши (Түргеш алашы) деп атаған тәрізді.

#### **Алты Алаш немесе Алаш мыңы**

Алғаш рет «Алаш» атауы «Қазақ» этнонимі тұрғысында ортағасырлық қазақ тарихшысы Қадырғали Жалайыридің «Жамиғ ат-тауарих» еңбегінде қолданылған болатын (Жалайыр. Шежірелер жинағы, 1997). Қ. Жалайыридің өз жұртын «қазақ» деп атамай, «Алаш мыңы» деуі сол кезеңдегі халықтың өз атауынан хабар беріп отырғандай. Бұл жөнінде тарихшы Нығмет Мыңжан: «Алаш», «Алаш мыңы» - ежелгі қазақ тайпаларының алғашқы қауым болып біріккен одағы, «қазақ» деген бұрынғы елдің жалпы аты» (Мыңжан, 1994: 26-27). Яғни, халқымыз «қазақ» аталғанға дейін қолданылған көне атау. Ал, Алты Алаш немесе Алты сан Алаш ұғымдарына келер болсақ, тарихшы Талас Омарбекұлының пікірінше, Көшпелі Өзбек ұлысындағы 92 тайпалар тізімінде қазақты құраған алғашқы ондықтың қатарында тұрған – жалайыр, қоңырат, алшын, арғын, найман, қыпшақ тайпаларының алғашқы үшеуі Қ. Жалайыридің еңбегінде жазылғандай «Үш сан Алаш мыңына» (жалайыр, қоңырат, алшын) жатса, кейін барлығы бірігіп «Алты сан Алашты» құрады (Омарбеков, 2016: 18).

#### **Кіші орда, кіші ұлыс ұғымы**

Көптеген зерттеушілер «алачу» Махмұд Қашқари еңбегінде «кіші ордалар» деген мәнді білдіретінін дәлелдеуге тырысып, бұл тарихи дерек алты кіші хандық құрып тұрған алты үлкен түркі тайпалары одағына қатысты болар деген болжамға жүгінеді (Қашқари, 1997). М. Қашқари өзінің әйгілі еңбегінде бұл мәселеге «АЛАШҮ – баспана, кепе» деген нақты түсініктемесін берген болатын (Қашқари, 1997).

В.В. Радловтан да осыған ұқсас мағынаның бар екенін кездестіре аламыз. Ол Алаша деген сөзді «аласа, яғни кіші» деп түсіндіреді (Радлов, 1963). Бұдан байқайтынымыз, XI ғасырда кездесетін «Алашү» этнонимі мен түсінігі диалект түрінде біртіндеп сәл өзгерістерге ие болып, кейінірек «аласа» сынды қазақ сөзіне айналған тәрізді. Бұрынырақта хан емес, одан кейін тұратын екінші қатардағы тұлғаларға түркілер «Алаша», яғни кіші, аласа деген мағынадағы атауды берген және шағындау ұлыстарға қатысты да осындай атауларын қолданған.

Сәйкесінше, «алаш» этнонимі үлкен орданың емес, кішірек «аласа (алаша)» тұрақтың, ал этникалық түсінікте үлкен қағанаттың емес, шағын ұлыстың атауын сипаттайтын сияқты. Олай болса, тарихи деректерге мән берер болсақ, VIII ғасырда Түргештердің шағын ұлысына қатысты да солай қолданылған тәрізді.

«Алаш» ұғымы алдымен Түргеш ұлысына қатысты жанама атау сипатында белгілі бола бастады. Бұған Батыс түрік қағанатының ішінен қалыптасқан Түргеш ұлысының расымен кішірек ұлыс болуы түрткі болады.

Қытай деректерінде Кертау тұтықтығында Түргеш Алаш ұлысының құрылғандығы сипатталады (Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері, 2006: 192). Сонымен қатар аталмыш атау кей кездері Түргеш-Алаш ұлысы деп те көрсетіледі. Бұдан аңғаратынымыз, алдымен, Түргеш ұлысы (бұл жерде қағанат меңзеліп тұрған жоқ) өз кезінде Алаш ұлысы деп те аталып жүрген және бұл атауды қытай жылнамалары да дәлелдеп отыр.

Деректерде кездесетін «чор», «шор» түсінігін ашып айқындамастан бұрын, ежелгі «алаш» атауына тоқталып, оның мәнін ашу біраз қиындық тудыратын тәрізді. Қытай жылнамасында осы

мәселеге қатысты келесідей жолдар бар: «(Қағанның) ұлдары мен інілері тегін, өзге ұлыстардың әскербасылары шад деп аталды. Олардың ең ірі ұлығы – құтлы чор, одан кейінгісі – аба, одан кейінгісі – елтебер, одан кейінгісі – түдын, одан кейінгісі – іркін» (Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері, 2006). Бұдан көретініміз, құтлы чор (шор) мәртебесі билеуші қызметінен төменгі тегін, шад дәрежелерінен соң тұр.

Отандық тарихшылардың бұл көзқарасына қатысты белгілі синолог Бақыт Еженханнан алынған сұхбатта: «Шынында, чор дәрежесі қағаннан кейін тұрады. Толық түркіні емес, Алаш чор соның қарамағындағы бір тайпаны ғана басқаруына байланысты оның ұлысы Алаш (яғни кіші орда) деп есептелді деген тұжырыммен келісуге әбден болады. Алайда, менің пайымдауымша «Алаш» деп протоқыпшақтарды айтуға болады. Себебі, Білге қаған ескерткішіндегі «[al]ty-esir» сөзі негізінен қыпшақтарды меңзеп қолданылып тұр. Ал, «қыпшақ» атауы ағаш арба атауына байланысты пайда болған деп ойлаймын», - деп мүлде жаңаша тұжырым қалыптастырады (Исахан, 2017).

### **Тайпалық одақтардың ордасы – Алаш**

744 жылы Көк Түрік қағанатын құлатқан қарлұқ, байырку, басмылдардың тайпалық бірлестіктері еді. Қағанатты құлатқан кезде Басмыл тайпалық одағының (хандық) көсемі Ашина Ши-ді жаңа орнаған қаған тағына отырғызып Хэла-пицзя – хэкань деген хандық лауазым берген-ді (Сартқожаұлы, 2014). Синолог А.Г. Малявкин осы лауазым құрамындағы «Хэла (hela)», «Хэлань (helan)», «Хэлачжи (helaši)» атауларын «ala», «alakči» деп жаңғыртқан болатын (Малявкин, 1989).

Сонымен қатар, А.Г. Малявкин: «деректерге қарағанда, «хела/хеле» сөздері Басмыл және Түргеш қағандарының екі титулында және қала атауларында кездеседі. Егер, «хэла» мен «хеле» бір түп сөздің әр түрлі иероглифтік транскрипциясы деп айтылған Чэнь Чжунмянның пікірі қате болмаса, бұл екі тайпа (түргеш, басмыл) көсемдерінің титулдарында аталмыш сөздің жүруі неліктен деген сұрақ туындайды. Қытай дереккөздерінде кездесетін ұқсас лауазымдарда бірінші орындағы сөздер әдетте тайпа атауларының иероглифтік транскрипциясы болып табылатын фамилия немесе атау ретінде қарастырылады. Басмылдар мен түргештерде бірдей атауы бар екі ұрпақ болуы мүмкін бе? Әлде бұл транскрипциялар этнонимге еш қатысы жоқ басқа сөз, тіпті әртүрлі сөздерге негізделген бе?», - деген түсінік береді (Малявкин, 1989).

Аталмыш екі тайпа территориялық жағынан бір-бірінен тым алыс емес. Шекарасы бір – біріне жақын тұр. Ол кезде Түргештің он тайпасы да, басмылдар да тайпалық одақ дәрежесінде қалыптасқан, яғни үлкен хандық, қағанат құра алмаған. Сондықтан, тайпалық одақтардың ордасын өздері ертеден келе жатқан дәстүрге сай алаш (алаш) деп атаған болса керек. Қытайлар бұл атауды хэлачжи (алаш=алаш) деп көрсетеді.

**Қорытынды.** Жоғарыда, Түргеш ұлысының тарихына талдау жасай отырып, ғылыми айналымда кездесіп жүрген Түргеш Алаш шор ұлысының Алаш қауымдастығының қалыптасу кезеңіне қатысының болуы мен «Түргеш-Алаш-Чор», «Түргеш-Алаш ұлысы», «Түргеш-Халашы» немесе «Туциши Хэлоши» сынды атаулардың қалыптасуына қатысты талдау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, зерттеушілердің пікірлері мен ғылыми жұмыстарына байланысты төмендегідей классификация жасалынды:

<b>Түргеш Алаш ұлысы (Алаш ұғымы)</b>	<i>VIII ғасырдағы Бес түрік Дулу құрамындағы Түргештерді Алаш атты тарихи тұлғаның басқарғаны туралы көзқарас</i>
	<i>Туциши хэлоши (Түргеш алашы) түсінігі</i>
	<i>Алты Алаш немесе Алаш мыңы</i>
	<i>Кіші орда, кіші ұлыс ұғымы</i>
	<i>Тайпалық одақтардың ордасы – Алаш</i>

*3-кесте. Алаш ұғымының Түргеш ұлысындағы қолданылуына қатысты тұжырымдар*

Сонымен қатар, Түргеш ұлысының этникалық тарихына тоқтала отырып, нақты қағанатқа кірген тайпалар сараланып көрсетілді. Т. Омарбеков пен Ә. Дәулетхан ұсынған көзқарастарды салыстыра келе, Түргеш ұлысы мен Қазақ халқының этникалық негіздерінің бірегейлігі туралы көзқарасқа толыққанды анықтама берілді. Нәтижесінде, екі тарихшының қалыптастырған этникалық тарихтың жандануы көрсетілген кезеңдері нақты кесте түрінде қамтылып, әр кезеңнің ерекшеліктеріне де баса назар аударылды.

Жалпы, Түргеш-Алаш пен Алаш қауымдастығы мәселесінің қозғалуы Түргеш ұлысындағы тайпалар кейінгі қазақ ру-тайпаларының қалыптасу бастамасы ретінде қарастырылуы қажет деген тұжырымның орнығуына байланысты зерттеле бастады. Зерттеу нәтижесінде этникалық тарихқа сүйене отырып, Түргештердің құрамында «үйсін (сары үйсін, қара үйсін)... Сары түркеш, қара түркеш, қаңлы, дулат, қарлұқ, арғын, қыпшақ ұлыстары болды» деген тұжырымды көрсеттік (Дәулетхан, 2005: 49). Егер бұны әрі қарай талдайтын болсақ, Г.М. Тургараева «17-18 ғасырларда үш жүздің құрамына небәрі 112 ру мен тайпалық топ кірді», - деп көрсетеді және соның аясында үш жүзге кірген тайпаларды келесідей бөліп сипаттайды:

1. Ұлы жүз (Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығысы – Түркістан, Жетісу аймағы) – үйсін, дулат, қаңлы, жалайыр, албан, суан, шапырашты, ошақты, сіргелі, шанышқылы.

2. Орта жүз (Ортаңғы, Солтүстік, Шығыс Қазақстан) – арғын, найман, керей, қыпшақ, қоңырат, уақ.

3. Кіші жүз (Батыс Қазақстан) – Әлімұлы, Байұлы, Жетіру (Тургараева, 2016: 73).

Шәкәрім Құдабердиев 1911 жылы жарық көрген «Түрік, қазақ және хан әулетінің шежіресі» атты кітабында қазақтың арғы атасы Алаш екенін мысалға келтіріп өтеді. Оның үш ұлының ұрпақтарынан қазақтар шыққандығын келесідей көрсетеді:

Үлкен ұлы – Ақарыс – аға жүздің ұрпақтары;

Ортаңшы ұлы – Бекарыс – орта жүз ұрпақтары;

Кенже ұлы Жанарыс – кіші жүздің ұрпақтары (Тургараева, 2016: 73-74).

Екі мәліметті салыстырар болсақ:

Түргештердің құрамында «үйсін (сары үйсін, қара үйсін)... Сары түркеш, қара түркеш, қаңлы, дулат, қарлұқ, арғын, қыпшақ ұлыстары болды» (Дәулетхан, 2005: 49).	Ұлы жүз (Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығысы – Түркістан, Жетісу аймағы) – үйсін, дулат, қаңлы, жалайыр, албан, суан, шапырашты, ошақты, сіргелі, шанышқылы. Орта жүз (Ортаңғы, Солтүстік, Шығыс Қазақстан) – арғын, найман, керей, қыпшақ, қоңырат, уақ. Кіші жүз (Батыс Қазақстан) – Әлімұлы, Байұлы, Жетіру (Тургараева, 2016: 73).
--	---

4-кесте. Түргеш Алаш ұлысы мен қазақ ру-тайпаларының құрамы (салыстырмалы талдау)

Ерекше белгілеп өткен тайпалардың екі жерде де кездесетінін байқай аламыз яғни, аталмыш тұжырымды әрі қарай да толықтыру арқылы, Түргеш-Алаш ұлысы мен Алаш қауымдастығы немесе қазақтың ру-тайпаларының негізі бір-бірімен тығыз байланысты екенін көрсетуге болады.

**Қорытынды.** Қазақ үшін «Алаш» сөзі қасиетті, киелі ұғым екені аян. Қазақ өзінің шежіресін Алаштан тарқатып қана қоймай, әскери ұрыстарда «Алаш» деп ұрандатқаны мәлім. Кейін ұлт зиялылары құрған үкімет те Алаш Орда аталуы тегіннен емес. «Алаш» – қазақты құраған тайпалардың ортақ атауы ретінде және қазақ сөзінің синонимі тұрғысында қолданыста болғаны белгілі. Жоғарыдағы айтылғандарды қортындылай келе, «Алаш» атауы VIII ғасырдың өзінде Түргеш Алаш ұлысына қатысты (яғни, аталған ұлыстың жанама атауы ретінде) қолданылған, және түргештерден шыққан бірқатар ру-тайпалар кейінгі Алаш қауымдастығын құраған ру-тайпалардың арғы бабалары деген пікірге келеміз.

**Әдебиеттер мен деректер тізімі**

«Алаш» атауы туралы не білеміз? – [Электронный ресурс]. – URL: [https://el.kz/news/archive/alash-atauy\\_turaly\\_ne\\_bilemiz/](https://el.kz/news/archive/alash-atauy_turaly_ne_bilemiz/) (дата обращения: 03. 12. 2021 г.)

Акерев Т.А. Каркырахан Великий Кыргызский каганат (Роль этнополитических факторов в консолидации кочевых племен Притяньшанья и сопредельных регионов (VIII-XIV века). – Бишкек: Институт истории и культурного наследия Национальной академии наук Кыргызской Республики, 2012. – 202 с.

Бартольд В.В. Сочинения. Общие работы по истории Средней Азии. Работы по истории Кавказа и Восточной Европы. – Москва: Наука, 1963. – 1024 с.

Дәулетхан Ә. Түркеш қағанаты. Монография. Бірінші кітап. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. – 185 б.

Еженханұлы Б., Ошан Ж. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері: бес томдық. Т. IV. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 480 б.

Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 264 б.

Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 360 с.

Исахан М. «Алаш» атауының шығу тәркіні туралы ой-тұжырымдар. – [Электронный ресурс]. – URL: <https://qalam.kz/featured-item/makala/item/718-m-khan-isakhan-alash-atauyny-shy-u-t-rkinituraly-oi-t-zhyrymdar.html> (дата обращения: 03. 12. 2021 г.).

Қашқари М. Түрік сөздігі: 3 томдық. Т. I. / ауд. Егеубай А. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 166 б.

Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.

Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері. 2-кітап: (б.з. 275-840 жылдары) / Ғылыми жетекшісі: Мырзаханұлы Ж. Бас ред.: Қайыржанұлы К. Жауапты ред.: Сағатұлы А. – Алматы: Өнер, 2006. – 344 б.

Малявкин А.Г. Танские хроники о государствах Центральной Азии. Тексты и исследования. – Новосибирск: Наука, 1989. – 432 с.

Омарбеков Т.О. Түргеш-Алаш егемен елі. // Ана тілі ұлт газеті. – [Электронный ресурс]. – URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/5949> (дата обращения: 3. 12. 2021 г.)

Омарбеков Т.О. Қазақ халқының этнотерриториясының қалыптасуының мәселелері: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 135 б.

Омарбеков Т.О. Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттер тарихының мәселелері: мақалалар жинағы / Т. Омарбеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 269 б.

Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий: в 4-х т. 8 книг. – Москва: Издательство восточной литературы, 1963. – 8495 с.

Сартқожаұлы Қ. Алаш атауы хақында – [Электронный ресурс]. – URL: <https://qazaquni.kz/alash/24830--arzhabay-sart-ozha-lyi-alash-atauyi-ha-> (дата обращения: 3.12.2021 г.)

Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. 1-кітап (түпнұсқа, оқылымы, аудармасы, түсініктемесі). – Астана: Күлтегін, 2003. – 335 б.

Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. 2-кітап (түпнұсқа, оқылымы, аудармасы, түсініктемесі). – Алматы: Абзал-Ай, 2012. – 324 б.

Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций. – Алматы: издательство «Эверо», 2016. – 440 с.

Ұлы түрік қағанаты: Қытай деректері мен түсініктер / Ескі қытай тілінен аударған. Кәкеш Қайыржанұлы; Құраст. Шадыман Ахметұлы. – Үрімжі, 2006. – 598 б.

Stark S. On oq bodun. The Western Türk Qaghanate and the Ashina Clan // Archivum Eurasiae Medii Aevi. Vol. 15. – Wiesbaden: Harrasovitz Verlag, 2008. – P. 159-172

**References**

«Alash» atauy turaly ne bilemiz? [What do we know about the name "Alash"?]. – [Elektronnyi resurs]. – URL: [https://el.kz/news/archive/alash-atauy\\_turaly\\_ne\\_bilemiz/](https://el.kz/news/archive/alash-atauy_turaly_ne_bilemiz/) (data obrashcheniia: 03. 12. 2021 g.). [in Kazakh]

Akerov T.A. Karkyrakhan Velikii Kyrgyzskii kaganat (Rol etnopoliticheskikh faktorov v konsolidatsii kochevykh plemen Pritianshania i sopredelnykh regionov (VIII-XIV veka) [Karkyrakhan Great Kyrgyz Kaganate (The role of ethnopolitical factors in the consolidation of the nomadic tribes of the Tien Shan and adjacent regions (VIII-XIV centuries)]. – Bishkek: Institut istorii i kulturnogo naslediiia Natsionalnoi akademii nauk Kyrgyzskoi Respubliki, 2012. – 202 s. [in Russian]

Bartold V.V. Sochineniia. Obshchie raboty po istorii Srednei Azii. Raboty po istorii Kavkaza i Vostochnoi Evropy [Compositions. General works on the history of Central Asia. Works on the history of the Caucasus and Eastern Europe]. – Moskva: Nauka, 1963. – 1024 s. [in Russian]

Daulet Khan A. Tyrkesh kaganaty. Monografiia. Birinshi kitap. [Turkesh khanate. Monograph. The first book]. – Almaty: KAZakparat, 2005. – 185 b. [in Kazakh]

Ezhenkhanuly B., Oshan Zh. Kazakstan tarikhy turaly kytai derektemeleri: bes tomdyk [Chinese chronicles on the history of Kazakhstan: five volumes]. B. Ezhenkhanuly, Zh. Oshan (Ed.). (Vols. I-V). – Almaty: Daik-Press, 2006. – 480 b. [in Kazakh]

Isakhan M. «Alash» atauynyn shygu torkini turaly oi-tuzhyrymdar [Opinions on the origin of the name "Alash"]. – [Elektronnyi resurs]. – URL: <https://qalam.kz/featured-item/makala/item/718-m-khan-isakhan-alash-atauyny-shy-u-t-rkini-turaly-oi-t-zhyrymdar.html> (data obrashcheniia: 03. 12. 2021 g.).

Kashkari M. Tyrik sozdigi: 3 tomdyk [Turkic dictionary: 3 volumes]. (A. Egeubai, Trans). (Vols. I-III). – Almaty: KhANT, 1997. – 166 b. [in Kazakh]

Kadyrgali Jalaiyr. Shejireler jinagy. – Almaty: Kazakstan, 1997. – 128 b. [in Kazakh]

Kytai zhylnamalaryndagy kazak tarikhyndy derekteri (b.z. 275-840 zhyldary). 2-kitap. [Data on Kazakh history in Chinese chronicles (275-840 BC)]. – Almaty, 2006.

Maliavkin A.G. Tanskie khroniki o gosudarstvakh Tsentralnoi Azii. Teksty i issledovaniia [Tang chronicles about the states of Central Asia. Texts and Research]. – Novosibirsk: Nauka, 1989. – 432 s. [in Russian]

Omarbekov T.O. Tyrgesh-Alash egemen eli [Turgesh-Alash sovereign state] // Ana tili ult gazetii. – [Elektronnyi resurs] – URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/5949> [in Kazakh]

Omarbekov T.O. Qazaq khalkynyn etnoterritoriasynyn kalyptasuynyn maseleleri: monografiia [Problems of the formation of the ethno-territory of the Kazakh people: monograph]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015. – 135 b. [in Kazakh]

Omarbekov T.O. Ortalyq Aziadagy dasturli orkenieter tarihyndy maseleleri: maqalalar jinagy / T. Omarbekov. – Almaty: Qazaq universiteti, 2016. – 269 b. [in Kazakh]

Radlov V.V. Opyt slovaria tiurkskikh narechii [Experience of the dictionary of Turkic dialects]. Radlov V.V. (Ed.). (Vols.1-4). – Moskva: Izdatelstvo vostochnoi literatury, 1963. – 8495 s. [in Russian]

Sartkozhauly K. Alash atauy khakynda [About the name Alash]. – [Elektronnyi resurs]. – URL: <https://qazaquni.kz/alash/24830--arzhaubay-sart-ozha-lyi-alash-atauyi-ha-> (data obrashcheniia: 3.12.2021 g.)

Sartkozhauly K. Orkhon muralary:1-kitap (typnuska, okylymy, audarmasy, tysiniktemesi) [Orkhon heritage: Book 1 (original, reading, translation, commentary)]. – Astana: Kyltegin, 2003. – 335 b. [in Kazakh]

Sartkozhauly K. Orkhon muralary: 2-kitap (typnuska, okylymy, audarmasy, tysiniktemesi) [Orkhon heritage: Book 1 (original, reading, translation, commentary)]. – Almaty: Abzal-Ai, 2012. – 324 b. [in Kazakh]

Stark S. On oq bodun. The Western Türk Qaghanate and the Ashina Clan // Archivum Eurasiae Medii Aevi. Vol. 15. – Wiesbaden: Harrasovitz Verlag, 2008. – P. 159-172

Turgaraeva G.M. Istoriia Kazakhstana. Uchebnik:kurs lektsii [History of Kazakhstan. Textbook: course of lectures]. – Almaty: izdatelstvo «Evero», 2016. – 440 s. [in Russian].

Uly turik qaganaty: Qytai derekteri men tusinikter / Eski qytai tilinen aydargan. Kakesh Qaiyrjanuly; Qurast. Shadyman Ahmetuly. – Urinji, 2006. – 598 b. [in Kazakh]

Zholdasbekov M., Sartkozhauly K. Orkhon eskertkishterinin tolyk atlasy [Complete atlas of Orkhon monuments]. – Astana: Kyltegin, 2005. – 264 b. [in Kazakh]

Zuev Iu. A. Rannie tiurki: ocherki istorii i ideologii [Early Turks: Essays on History and Ideology]. – Almaty: Daik-Press, 2002. – 360 s. [in Russian]

МРНТИ 03.20.00

## ТУРГЕШСКИЙ УЛУС И ЕГО ЭТНИЧЕСКИЙ СОСТАВ

Қ.Қ. Бекетай<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы

\*Корреспондирующий автор  
E-mail: beketay.k@gmail.com (Бекетай)

**Аннотация.** В статье дается краткий обзор истории Тургешского улуса и проблем формирования понятия «Алаш», которое сегодня приобрело особую важность. Поскольку результаты научной дискуссии об использовании понятий Тургеш-Алаш как синонимов стали более активными, была сделана попытка описать каждый из них более подробно. Анализ причин появления понятия «Тургеш-Алаш-Чор» в китайских летописях сосредоточен на анализе взглядов исследователей. Кроме того, дана классификация и объяснение сферы применения этнонима «алаш» в Тургешском улусе.

Проанализировано исследование этнической истории улуса Тургеш, определено понятие улуса Тургеш-Алаш и общины Алаш или этнической инициативы казахского народа, сформирована этническая таблица на основе взглядов Т. Омарбекова и А. Даулетхан.

В статье описывается место и значение алашской общины в формировании казахского народа, акцентируется внимание на их исторической роли, в результате чего проводится сравнительный анализ существования единого родоплеменного объединения между тюргешским улусом и казахскими племенами.

**Ключевые слова:** Тургешский улус, Тургеш-Алашский улус, этноним Алаш, Тургеш-Алаш-чор, Алаш-чор, Тургешский каганат, этническая история, казахские племена.

IRSTI 03.20.00

## TURGESH ULUS AND ITS ETHNIC COMPOSITION

К.К. Beketay<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty

\*Corresponding author  
E-mail: beketay.k@gmail.com (Beketay)

**Abstract.** The article provides a brief overview of the history of the Turgesh ulus and the issues related to formation of the concept of "Alash", which has acquired particular importance today. As the results of the scientific discussion on the use of Turgesh-Alash concepts as a synonyms became more active, an attempt was made to describe each of them in more detail. The analysis of the reasons for the appearance of the concept "Turgesh-Alash-Chor" in the Chinese annals is focused on the analysis of the views of researchers. In addition, a classification and explanation of the scope of application of the ethnonym Alash in the Turgesh ulus are given.



The study of the ethnic history of the Turgesh ulus is analyzed, the concept of the Turgesh-Alash ulus and the Alash community or the ethnic initiative of the Kazakh people is defined, an ethnic table is formed based on the views of T. Omarbekov and A. Dauletkhan.

The article describes the place and significance of the Alash community in the formation of the Kazakh people, focuses on their historical role, as a result of which a comparative analysis of the existence of a single tribal association between the Turgesh ulus and the Kazakh tribes.

**Key words:** Turgesh ulus, Turgesh-Alash ulus, ethnonym Alash, Turgesh-Alash-chor, Alash-Chor, Turgesh Kaganate, ethnic history, Kazakh tribes.

**Автор туралы мәлімет:**

<sup>1</sup>Магистрант

## TENGRIANISM IN THE CULTURE OF THE EASTERN EUROPEAN TURKS: THE MAIN LEITMOTIVES

Tao Lin<sup>1</sup>, Abilova Narmina<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Southwest University. School of Politics and Public Administration. Chongqing, China.

\*Corresponding author

E-mail: tao.lin@list.ru (Tao Lin), narmina.abilova@inbox.ru (Abilova)

**Abstract.** This article examines the process of formation of Tengrianism in the cultures of Eastern European peoples of Turkic origin. The study of the history and current state of the Turkic peoples of the Volga region and the Urals will allow you to better choose an angle for considering the history of the culture of the Turks, will provide a basis for the worldview and worldview of these peoples, and will also allow you to better understand the geopolitical events of a particular historical epoch. Rethinking Tengrianism as a system of worldview among the peoples of the Volga-Ural region is important not only from the point of view of the formation of cultural history, but also through the projection of the influence of this region on the history of our own homeland. The commonality of culture, expressed in traditional culture, everyday life, food and customs, allows us to consider the history of this region as a single whole, which prompts us to reconsider a number of nodal problems of the history of the nomads of Eurasia.

**Key words:** Tengrianism, Medieval studies, culture, nomadism, Volga region, Urals, world religions, steppe, Middle Ages.

**Introduction.** Tengrianism is the oldest monotheistic religion of the nomadic Scythians-Turks, which originated in the Altai and became widespread in the Eurasian steppes in the IV-III thousand BC. Tengrianism is an original religion that arose long before Buddhism, Christianity and Islam. Tengrianism is reflected in ancient Turkic runic and Sogdian monuments, it is mentioned in Manchurian breviaries and in Chinese chronicles, in Arabic and Iranian sources. The name of the god Tengri (Dingir) comes from the word sun, Tanir (Dengir) translates as solar. Tengri (Tangry) in the language of the ancient Turks – «Creator».

There are different pronunciation variants of the word Tengri among Turkic-speaking and other peoples: Azerbaijanis (Azerbaijanlar) – «Tanry»; Altaians (Altaylar) – «Tengri», «Tengeri»; Balkars (malkarlila) – «Teiri»; Bulgarians – «Tangra»; Buryats (bargu) – «Tengeri»; Hungarians (magiarok) – «Tenri»; Gagauz (Gagauzlar) – «Tangry»; Huns – «Tangrikhan»; Cossacks-kipchaks – «Tengerim»; Kazakhs (Kazaktar) and Kirghiz (Kyrgyzdar) – «Tenir»; Kalmyks (Dzungars) – «Tanger»; Karaites (qaraylar) – «Tars»; Karachais – «Teiri»; Kumyks (kumuklar) – «Tengiri»; kipchaks (kipchaklar) – «Gek Tengri»; Mongols – «Tenger»; Tatars (Tatarlar) and Bashkirs – «Tenre»; Tuvans (Tyvalar) – «Dare»; Turkmens (Turkmenler) – «Tanri»; Shortsy (shor-kizhi) – «Tegri»; khakass (khakastar) – «Tigir», «Ter»; Chuvash (chuvashsem) – «Tora», «Tura»; Yakuts (Sakhalar) – «Tangara», «Tanyr». Semantic translation in different Turkic languages can mean: the sky, the visible part of the universe, the god of the sky, the deity (Karimov, 2005: 407-408; Yusupov, 2002: 172-175).

**Materials and methods.** This quatrain reflects the greatness of Tengri: «Tangrylar Tangrys» is the God of Gods, as he was thought of by the ancient Turkic peoples. Tengri is the creator God of the universe. He created the sky, the earth, mountains, seas, oceans, man and all living things on earth. In Tengrianism, man is the main creation of God. Tengri sent to people his son Gesar «Gezer Yerya» - Walking On Earth, who was born from the Sun's Rays penetrating through the shanyrak of the yurt. Gesar came to earth to teach people, to do good deeds and feats in the name of heaven. The Turks called their God «Bir Tengri» - «The Only God» or «Gek Tengri», which means «God of Heaven» - the patron saint of steppe warriors.

Bulgars, Kipchaks, Uzs (Oguz) as you know, they were born Tengri warriors and for the most part did not accept Islam, and opposed this religion. The Bulgars, Kipchaks, Uzs (Oguz) have a legend that tells how Arab missionaries came to them to introduce them to Islam, to which the khan (kaan) of nomadic tribes answered them: «You are merchants and potters, and we are a nation of warriors!» The Arabs have been courting the ancient Turks for a long time, trying to drag them into the sphere of their religious norms, including the wearing of the hijab by women, the rejection of Tengri and the worship of the sacred spirits of their ancestors. But this did not fit into the harsh nomadic lifestyle of the Bulgars, Kipchaks, Uzs (Oguz) (Adjijev, 1994). The friend of the eternal warrior could not sit locked up, wrapped from head to toe in a veil, she rode on a horse next to a man on equal terms, and if necessary, shot a bow, helped him and shared with him all the hardships of nomadic life. So in the Turkic epic «Kitabi-Dede Korkut», the bride of Beyrek Banu Chicek had no equal among men in the martial art (Materials of the scientific conference, 2000: 14). There are episodes of her competition with Beyrek in horse riding, archery, hand-to-hand fighting. She agrees to marry Beyrek only after he has defeated her.

For Bulgars, Kipchaks, Uzs (Oguz), the belief of the cult of Tengri is the cult of the Blue Sky – the heavenly Host Spirit. Heaven and the heavenly god were synonymous. The heavenly zone included bright and benevolent divine spirits, angels – «vristi», «Tengri Yelchi» - Messengers of God. They moved on horses – «beigir», «beiky» - the lord of the steppes, so the Turks buried a horse next to the heroes. Since the time of the Great Scythia, the horse has been a sacred animal for the Tengri Turks, it was called a gift from heaven to man. The horses of different colors symbolized the main elements of Tengri. Red horse - spring, element - fire, east. Black horse - summer, element - earth, west. Yellow horse - autumn, element - water, south. White horse - winter, element - air, north. The visible world of «gun altynda» - in the solar world, the Turks called it «Sun-Su» - Earth-Water, emphasizing its paramount importance in human life. Everyone revered the Earth-Water as a deity and protected it as something sacred. The earthly world was ruled by the spirit Ilgyun «ilik» - the ruler, «gyun» - the day - the ruler of the day, he embodied the future, he creates everything that is destined to arise in the middle (earthly) world (The book of our father Korkut, 2000: 37). The middle world is inhabited by deities and spirits of the surrounding nature: the owners of mountains, forests, waters, passes, springs, and other objects. Tengrianism was formed as a doctrine of the natural harmony of nature. The main concept in Tengrianism is that «everything mobile and immobile has a soul». The relationship between people and the spirits - masters of the area was understood as a partnership relationship, and if they were revered, then as older relatives or ancestors, which they were often thought of as. The steppe dwellers performed special rites and rituals for the most significant owners of mountains, forests and waters. The forest, the waters, the underground invisible world were the concentration of evil forces and any hollow or hole could be the entrance to the underground kingdom. In the lower world, the spirit of Yerlik "er" ruled - the earth, «ilik» - the ruler - the ruler of the dungeon, the underworld and death, where the souls of sinners went. Yerlik embodied the past, destroyed the deeds of Ilgun, so that the middle world would not be overflowing with his creations. The description of Yerlik is close to the description of devils and the devil. Therefore, it was impossible to swim in rivers and streams, there was a special attitude to the land, even the shoes of the steppe people should not scratch the ground unnecessarily, therefore Bulgars, Kipchaks, uzs (Oguzes) wore shoes with upturned toes – «bash» and «aikkabs».

**Discussion.** Tengri sent to earth a woman, a future mother, «kut», «sur» - the divine beginning of a new life. Breathing – «tyn» as a sign of the birth of a child, was the beginning of his stay in the solar world – «gun altynda». Man was born free and lived on earth. The earth is his habitat, after death it absorbed a person. Tengri gave man an immortal soul that matured with him, and this distinguished him from all living beings. The second deity after Tengri was the spirit Umai – mother nature, personifying the feminine earthly principle and fertility. The spirit is the patron saint of a spouse, a woman in labor and children. In honor of Umai, a female figure was hung in front of the entrance of the main part of the yurt. An indispensable attribute of Umai was a small cup – «bowl» with illuminated milk, where, as it was believed, the souls of children lived. Umai figurines in the form of a bird with golden wings were present in women's jewelry and served as a talisman.

The general appearance of such earrings is a relief image of a woman with a cup in her hands, with a halo over her head and wings behind her back. If the child had moles and pigmented spots, this was a good

sign. Moles remained from the touch of the goddess Umai to the baby, and pigmented spots are Umai's hand, which helped to make the child's first breath. Umai patronized babies who had not yet severed their relationship with nature and the spirit world. It was believed that infants could speak to deities and inhabitants of the other world, because they still understood the language spoken in the Upper World. Therefore, the child does not babble, but talks to Umai and the spirits of nature. According to the Turkic calendar of nomadic pastoralists, spring began on February 4. The second month of spring among the Bulgars began on March 5 with the rituals of Umai offerings. One of the key ritual amulets were «martenitsa» - figurines symbolizing children, foals, calves and lambs made of white and red wool. The red color symbolized spring, and the white color symbolized the divine spirit of Mother nature Umai. «Martenitsa» decorated the dome of the yurt - shanyrak, women's clothes, hung around the neck of children and foals, calves and lambs born at the end of winter. «Martenitsy» were hung on trees and bushes so that crops, cattle and pastures would be rich. «Martenitsy» hung before the arrival of storks or before the buds bloomed on the trees. After that, the «Martinique» was removed and placed under a stone. If ants appeared there after 9 days, then this year there will be a good litter of sheep and goats, and if beetles or other large insects – then horses, cows and buffaloes. The antiquity of this ritual is evidenced by the excavations of the Scythian mounds of the Balkans, where amulets painted in white and red colors are found. «Martenitsa» - the spring ritual of nomadic Bulgars-pastoralists has been preserved in Bulgaria and is traditionally celebrated in March.

The earth gave man only a material shell, so that he could create and thus differ from other inhabitants on Earth.

Bulgars, Kipchaks, Uzs (Oguz) believed that there is no death, there is a stable and consistent cycle of human life in the Universe: being born and dying against their will, people did not come to Earth in vain and not temporarily. The souls of noble people turned into falcons and flew to the upper world, the feathers of these noble birds were considered a talisman and decorated the helmets of noble warriors. Tamga – «tanba» in the form of a «diving falcon» - «dogan» and two knives belonged to the Dulo dynasty, to which the clan of Khan (Kaan) Kubrat revered by all Bulgars and Kipchaks belonged. The grey falcon is a «bozdogan» winner, there are no barriers for him, he is free, lucky, noble and does not take food from the ground. Among the Kipchak Cossacks, heroes were called falcons. Bulgars, Kipchaks, and Oguzes were not afraid of the death of the physical body, understanding it as a natural continuation of life, but in a different existence. Well-being in that world was determined by how the burial rites were performed, which were conducted under the guidance of the clergy – «Khoja», «Ata Tangrichi». The burial place was considered good if it was «gun altynda» - illuminated by the sun. For reference: «gun» in the Turkic language is the sun and the day, and the word «day» and «shadow» in Russian come from Dengir (sonechny) and Tengri (Creator). Those who believe in Tengri believed that the spirit of the deceased – «aruak» can come to the living on the third, ninth, fortieth day, in six months and for the last time – in a year. If all the rituals were correct, the spirit of the ancestor – «aruak» patronized the family. The main function of the world is the continuity of life, its constant renewal, and man as a part of the world was vitally interested in the same. All rituals, rituals, holidays, which were coordinated with natural rhythms (time, the successive change of seasons and the movement of celestial bodies) on the basis of labor activities related to animal husbandry, hunting and wars, worship of the deified forces of nature and the cult of ancestors, were aimed at prolonging existence – directly or indirectly.

The ancient Turks revered the earth, waters, mountains, forests, sky, clouds, stars, sun, wind, rain, rainbow, fire, thunder. For purification, healing was carried out through fire. During the migration, the whole tribe passed between two fires. Honoring the fire-"atesh", they never spit into it, do not urinate, do not throw anything. You can't just step over the fire and over the old fire pit, the ashes of «kul», «kul» and step on him – his ashes were sacred. Many of the cults listed above have been preserved by the Gagauz people and exist in their ethnographic system. For example, «on the day of the Forgiven Sunday» in the evening, according to the Gagauz tradition, everyone goes outside, lights a bonfire of garden branches and vineyard scraps, and jumps over this cleansing fire. At the same time, it is necessary to say: «piri dyshary – ilkyaz icheri», which means a flea on the street, spring in the room.

**Research results.** In nomadic society, shamans traditionally existed - these are people endowed with

Tengri special qualities: the gift of healing – «emchi», the gift of predicting-«falchi», and the shamans – «yadachi» with the help of a sacred stone – «poison» caused rain. But they had no direct relation to Tengrianism and they were not servants of Tengri. For reference: the Gagauz «Yamur poisons» - it rained, but the word «poisons» is associated only with rain. The Gagauz people also have an ancient rite of causing rain – «peperuda».

Steppe monuments to women speak of their high position in the society of the ancient Turks. These were outstanding women who occupied a fairly high place in society, and their social role was clearly not limited to housekeeping. In the ancient Turkic society of Tengri, women had military status on an equal basis with men. Women excellently performed the role of archers, hitting the enemy with arrows, and when necessary, they fearlessly rushed at the enemy with short swords. Their main decoration was an archer's ring, which they wore on their thumb, it could be made of gold, silver, copper, bone, jade, horn and leather. The ring was needed so as not to rub the skin on the bowstring, pulling the arrow. The military status of a Turkic woman ended at the moment when she got married, and could be revived again in the event of her husband's death. When a man died, leaving behind young children, his widow assumed all the rights of her husband, including leadership over the clan, or tribe, until her children reached adulthood. The special role of the mother is reflected in the Turkic proverb: "An orphan without a father is a half-orphan, an orphan without a mother is a round orphan." Among the ancient Turks, the position of a widow was of particular importance. In some cases, she could run a large empire. According to the canons of Tengrianism, the wife is the mistress of the house and the keeper of the hearth, the husband «Adam» is an eternal warrior and only weapons and glory belonged to him. A man is a steppenwolf, to whom a woman gives a house. For reference: in the Turkic languages, the word «Adam» means a person. The house of «ev» and the wife of the ancient Turks were synonymous, to marry «evlenma» meant to find a home. Canonical poses of women displayed in stone sculptures, a bowl-"bowl" and a shamrock on crosses in Tengrianism are symbols of fertility and well-being.

The veneration of ancestors found expression in the totemic attitude to the ancestor Wolf Bozkurt, the guarantor of the immortality of the ancient Turkic nomadic peoples, sent by the Great Tengri, which is symbolized by the sky-blue color of Bozkurt's coat. Bozkurt is a heavenly wolf, the Gagauz «janavar» is a wolf with a soul. Bulgars, Kipchaks, Uzs (Oguzes) believed that their ancestors had a divine origin and descended from Heaven, and with them was a «Heavenly Wolf» - «Gek Kurt» - a heavenly being, an ancestor spirit, a patron spirit. The Bozkurt ancestor did not appear by chance precisely at those historical moments when the people were on the verge of extinction, and every time He stood at the origins of its revival. Then, from the Sun Rays penetrating through the shanyrak of the yurt, Khans (Kaans) were born – the Leaders of the heavenly people – Bozkurts – «Bozkurtlar», who led and guided the people with their divine wisdom. Bozkurt is a warrior, a leader who led the steppe people on the path of military victories during periods when their life was raging, and great campaigns and feats were performed. The golden wolf's head was traditionally flaunted on the victorious banners of the ancient Turks, causing fear of him in the enemy. The symbol of Tengrianism was an equilateral cross - the oldest symbol, the sign of an equilateral cross – «aji», «hadji», «hach», «hadji-tash» or «hach-tash» - a stone cross (Altai folklore, 1995). The cross in the circle – «shanyrak» was laid in the construction of the dome of the yurt and protected the hearth and dwelling from evil spirits. One of the main wishes of the Turks was: «Shanyrakynyz byyuk olsun» - let your dome be big, which meant well-being and prosperity to your house. In the handle of the Turkic sword «narkesken» there was a «hach-demir» - an iron cross, as a guard and protection of a warrior. In the traditional headdress of the Turks «kalpak», which repeated the shape of the yurt, there was also a Tengrian cross. Currently, this tradition has been preserved among the Kazakhs and Kyrgyz.

The cross in Tengrianism symbolized the concept of «the world», from where everything originates and where everything returns. There is eternity-north, present-south, past-west and future-east, the center means the sun. The kingdom of Ilgun is located in the east, where the sun rises, and the entrance to the underground world of Yerlik is in the west, where it sets. The kingdom of Tengri is localized in the north, where «Demir Kazyk» is hammered into the firmament - the iron stake is the Polar Star, and the world of Umai is in the south, from where, according to some ideas, migratory birds bring «kut» newborn children (hence the theme of storks bringing children originates) (Adjyiev, 1998: 94). The equilateral cross

symbolizes the unity of universal existence, the unity of earth and heaven, the sign of eternity, equivalence, balance and equality. This is the meaning of the equilateral Tengrian cross, which is a diagram of the structure of the world, the main symbol of which it can rightfully be called. The steppe dwellers emphasized their commitment to Tengri by wearing the sign of the equilateral cross on their chest. The Tengrian cross was on weapons, battle banners and flags. The Tengrian ornament traditionally decorated wool carpets and clothing of the Turks (Adjiyev, 1998: 31).

The Turks were a highly developed people, they were the first in Central Asia to start melting iron and this was their main secret, they domesticated horses, invented a bridle and a yoke, chariots and carts (arba, Araba), caravans, sleighs. They introduced innovations such as a saddle, stirrups, allowing maximum use of the sword in battle and created cavalry as a mobile army force, invented protective armor for horse and rider. The nomadic Turks invented perfect recursive bows, reinforced arrowheads, universal warrior clothing: trousers, tank top, caftan, boots, a heel that held the foot in the stirrups and served as a spur for a horse archer. The Turks from Altai brought to Europe, the Middle East and India iron-«demir», plow – «sapan», sickle – «orak», burnt brick, jewelry, the culture of stringed musical instruments, runic writing – the basis of Aramaic, Greek writing and modern Cyrillic.

Bulgars Tengrians, like Kipchaks, conducted chronology according to the animal calendar: mouse – «sichan», cow – «inek», leopard – «barys», hare – «tavsham», dragon-«aider», snake – «ilan», horse – «at», sheep – «koyun», monkey – «maymun», rooster-«oroz», wolf – «kurt», boar – «domuz». In practice, the owners of the gift of healing-«emchi», also relied on 12 parts of the structure of the human body. The Turkic calendar has become widespread among many peoples who use it to this day.

Pointing to the omnipotence and omniscience of Tengri– the Bashkirs called him «The Great God in heaven». Ibn-Fadlan recorded 12 deities, of which the most important one «lives in heaven»; each tribal union had its own tengri; in ancient Chinese sources Bashkirs are described as worshipping many gods – tengri (Bashkirs in Russian literature, 1990: 94-95).

«Алаш» партиясының ұстанымдары мен идеологиясын қазақ қоғамына таратушы «Сарыарқа» газеті болды. Баспасөздің қоғамдық қатынастардағы маңызын Алаш көсемдері жақсы түсінді. Алаш лидерлерінің бірі М. Дулатов Мерзімді баспасөз бізде қашан туғаны белгілі. Әр жұрттың, әр мемлекеттің мәдениет майданында ілгері-кейінгінің қатесіз бір өлшеушісі баспасөз болады. Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті, өзі де өнерлі екендігі көрінеді яки қай жұрт өнерлі болса, оның шексіз баспасөзі күшті болатындығы айдай анық, бұған еш нәрсе білмейтін надандар, соқырлар болмаса, көзі ашық, көңілі тектілер көптен иман келтірген. Сондықтан Еуропа жұрты баспасөзге «алтынышы мемлекет, деп ат қойған», - деп жазып баспасөздің қоғамды дамытудағы орны мен рөліне жоғары баға береді. (Міржақып, 1923: 3).

XX ғасырдың басында қазақ халқының саяси-рухани өмірінде елеулі рөл атқарған. «Сарыарқа» газеті Семей облыстық Қазақ комитетінің үні ретінде 1917-1919 жылдар аралығында қазақ тілінде аптасына 1 рет шығып тұрды.

Газетті бастырушы «Теңдік» серіктігі болған. «Сарыарқаның» редоктарлары қызметін әр жылда Р. Мәрсеков, И. Әлімбаев, Х. Ғаббасов атқарды. 1917 жылы 12 маусымда алғашқы номері жарық көріп соңғы №88 саны 1919 жылы шыққан. Тиым салынған газеттің 34 саны жоғалған, әлі іздестірілуде. «Сарыарқа» газеті қазақ қоғамының 1917-1919 жылдарда бастан кешкен маңызды оқиғаларын көрсететін аса құнды тарихи-мәдени жәдігер болып табылады, - деп есептейді белгілі зерттеуші Ф. Әнес (Әнес, 2017: 8).

Газетте Ресейде орын алған 1917 жылғы ақпан және қазан революцияларын қазақ даласына ықпалы, Уақытша үкіметінің қызметі, елде билікке келген большевиктік Кеңес үкіметінің саясатының бағыт-бағдары жайында, қазақ халқының тағдырына, жағдайына әсері жайында, «Алаш» партиясының мақсат-міндеттері турасындағы мақалалар жарияланды. Мысалы, «Сарыарқа» газетінің №18,30 октябрь 1917 жылғы санында Семей қаласында болған ерекше оқиға туралы жазылған. Мақала «Әлиханнның Семейге келуі» деп аталған. «Алаш» партиясының серекесі Әлихан Бөкейхановтың Семейге келуі жалпықалалық мейрамға айналған. Қаланың зиялы қауымы, оқушылары, қарапайым халқы көтеріңкі көңілмен, бірін-бірі құттықтап Әлихан келетін поезды тосуда. Осы бір ғана эпизодтан қазақ халқының Алаш лидеріне деген ерекше құрметін, сүйіспеншілігін, оның ерлік қызметіне үлкен баға бергендігін байқаймыз. «Сарыарқа» газетінің беттерінен революциялық төңкерістер болып жатқан кезеңдегі қазақ жеріндегі тарихи ахуалдың шындығын көргендей боламыз. Сондықтан «Сарыарқа» газеті қазақ қоғамының зайырлы, демократиялық мемлекет құру жолындағы алғашқы қадамдарынан нақты деректер береді. Бұл ретте Қазақстанның белгілі деректанушысы болған Қ. Атабаевтың айтқан: «Қоғамда болып жатқан біралуан ірілі-ұсақты уақиғалар туралы дер кезінде оқырмандарына мәлімет жеткізу міндетін

атқаратын мерзімді басылым уақыт өте келе баға жетпес құнды дерек көзіне айналды. Халыққа болған оқиға туралы жедел ақпарат таратқан мерзімді басылым сол оқиға туралы өз бойына қажетті мағлұматтарды жинайды. Сөйтіп уақыт өте келе өзі де тарихи дерек ретінде ғылымға қызмет етіп, оқиғалардың кейбір қырларын ашуға көмектеседі», - деген пікірін «Сарыарқа» газетіне байланысты айтуға болады. (Атабаев, 2007: 149).

Әлихан Бөкейханов 1917 жылы 21 қазанда Семейге келеді. Семей халқы «Алаш» лидерін генерал-губернатор келгеннен де салтанатты жағдайда, бүткіл бұқара жиналып қарсы алады. Әлиханды Семей қаласы қиып өтетін Ертіс өзенінің сол жағалауындағы Алаш қаласындағы «Бостандық үйіне» апарды. Халық арасынан іріктелген топ елді залға орналастырып, көсем азаматтың сөзін тыңдайды. Әлихан өз сөзінде февраль революциясының қазаққа бостандық сипаттағанын, ол үшін халық орыс революционерлеріне алғыс айтуы керектігін ескертті. Өзін орыс революционерлерлерінің, ерлерінің жолдасымын. Қазақ халқы бостандықты қуса, мен оған өмір бақи қызмет етемін деп уәде берді. Ал, халық бостандық жолынан таймай күресуі міндет екендігін шегелеп айтты. Келесі күні халық Әлихан Бөкейханов пен Әлімхан Ермековтың Сібір съезінде айтқан сөздерін естімек болып тарасады.

«Сарыарқа» газетіндегі бір ғана мақаладан «Алаш» партиясы өкілдерінің қазақ халқы арасында қаншалықты зор абыроға ие екендігін байқаймыз. Бүгінгі күндегі кейбір «сыншы тарихшылардың» Алаш лидерлерін қазақ білген жоқ, олар халықтан оқшау болды, қазақтың ұлттық мүдделерін орындау жолында күресте өз қамдарын бірінші орынға қойды, - деп жүргендерінің қаншалықты жалған екендігін, «Алаш» қозғалысы мәні мен маңызын бұрмалау екендігіне көз жеткіземіз.

Газеттің осы №18 санында Қыр баласы деген бүркеншек атпен Әлихан Бөкейхановтың «Жалпы сібір съезі» атты мақаласы жарияланған. Мақалада қазақ халқына бостандық әперудің жолы алдымен автономия болуға қол жеткізу деген идея күн тәртібіне қойылады.

«Сарыарқа» газетінің беттерінен Ресейдің отаршылдық саясатының салдарынан, қазақ қоғамының саяси-экономикалық, әлеуметтік ахуалы, демографиялық үрдістер, мәдениет білім жағдайы, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына дайындық, «Алаш» партиясының міндеттері жайында объективті ақпарат аламыз. Сонымен қатар «Сарыарқа» газеті Ш. Құдайбердиев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, С. Торайғыров, М. Әуезов сынды қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларымен қазақ қауымын қауыштырды. Бұл шығармалар қазақ қауымының ұлттық санасының қалыптасуына ықпал етті.

Ақпан революциясынан кейінгі саяси ахуал жайында «Сарыарқа» газеті өте мазмұнды ақпарат береді. 1917 жылы 27 ақпанда патша үкіметі құлап Ресей империясында мемлекет билігі халыққа берілді. Ал, халық атынан жергілікті комитеттерге сайланған депутаттар жұмыс атқармақ. Осындай атқарушы комитет Семейде 5 наурызда құрылды. Оған түрлі ұйымдар 1-2 адамнан мүше жіберді. Қазақта ұйым болмағандықтан ешкім атқару комитетіне кіре алмаған. Тек 7 март күні ғана Семей облыстық қазақ комитеті ашылды. Қазақ комитеті мақсаты-800-мыңдай болатын облыстағы қазақ жұртын саясатқа тарту, қазақ пен орыс арасын байланыстыру, Құрылтай жиналысына депутаттар дайындау, қазаққа қатысты шаруалардың барлығына араласу. Атқару комитеті қазақ мәселесіне қатысты ешқандай мәселені шешуге құлық танытпады. Продовольственный комитет те қозғалмауда. Алайда, орыс жағы «қазақтар бөлінейік деп жүр», «қазақ бізбен күш біріктірмеді, қазақ облыс билігінің шырқын бұзуда» деген айыптау әңгімелерін таратуда. Сондықтан әзірше орыспен бірігіп Құрылтай жиналысына дайындалу. Болашақта «автономия» болудың қаракетін істеу, - деп көрсетеді «Сарыарқа» (Семейдегі, 1917: 4).

Әлихан Бөкейханов қазақ қауымын автономияға эволюциялық жолмен жетуге үгіттеп: «Биыл жаздай болған комитет сайлаулары, біздің қазақ өзін-өзі билегенде істеген істері көрсетіп тұр: іс атқаратын азаматтың аздығын, жалпы жұрттың қараңғылығын: Біз ойладық: әуелі Сібірге сүйеніп, тасымалдап, жалғасып, көшіп кетелік. Жіп жалғап, зор мемлекет күрмеуінен құтылып ал, отау боп соңынан бөлінелік деп, - жазады (Бөкейханов, 1917: 3). Ол үшін қазақ халқы өкілдері, басқа бұратана халықтарымен бірге Сібір автономиясына енуі керек. Қазақ Сібір автономиясына уақытша кіреді. Түпкі мақсат Ресей империясының қатал билігінен құтылу. 1917 жылғы жазда болған



комитет сайлауларында қазақтардан іскер адамдар аздығы, халықтың қараңғылығы көрінді. Сондықтан алдымен Сібір автономиясы болып бөлініп алып, кейінірек жинақталып, дайындалып жеке қазақ автономиясы болып бөлінуге мүмкіндік тууы ықтимал. «Алаш» лидерлері елді бейбіт жолмен, қырғынға ұшыратпай, біртіндеп тәуелсіздікке жету жолын таңдайды.

Келешекте қазақ автономия құрса ел ішіне депдеп кіріп алған орыс мүжықтары не істемек деген мәселе туады. Әсіресе, Торғай, Ақмола, Семей облыстарында қазақтар орыс мүжықтарымен аралса отыр. Егер автономия болсақ сол жердегі қазақтар ата мекенін тастап көшіп кете ала ма? Әрине қазақ өз ата қонысынан кетпейді. Олай болса автономия орыс халқының қазақ жеріндегі өкілдерімен бірге ортақ болмақ. Орыстар Қазақ автономиясы құрамында қалуға қарсы емес деп есептейді Қыр баласы. Қазақ автономиясы жерге байлаулы автономия болмақ. Түркістан жеке автономия болса қазақ туысқан халықтар басым бұл автономияға кірер еді. Алайда қазіргі Түркістан халықтары қазақтан он есе қараңғы. Автономия болып көтеріліп, бірігіп кету тым қиын. Оралдың Бөкей ордасын казак-орыс атты әскері бөліп тұр. Оларды казактар қолдамаса автономияға кіріге алмайды. «Қыр баласы» қазақтың тәуелсіздік алу жолында қаншама қиыншылықтар бар екендігін қысқа ғана мақалада өте терең көрсетеді. Қазақты қаруы бар жергілікті орыс диаспорасымен қайшылыққа келуден сақтандырады.

Бүгінгі күнде «Сарыарқа» газетінің 22 номерлері сақталып, зерттеушілердің қажетіне жарап отыр. Газеттің әр номерінен халықтың жағдайы, «Алаш» партиясының қазақ халқының мүдделерін қорғау жолындағы міндеттері, жаңа заманға байланысты жалпыхалықтық мақсат-мүдделерді қорғау, Қазақстанға қоныстанған орыстармен қарым-қатынастар мәселесі, отарлық жүйені әлсіретіп бостандық ұмтылудың түрлі айла-шарғылары, халықтың білімін, денсаулығын жақсарту мәселелері «Сарыарқа» газетінде дер кезінде, өте өткір тілімен, халыққа түсінікті етіп күн тәртібіне қойылып отырды. Қазақ қауымы «Сарыарқаны» оң ниетімен қабылдады және оқыды.

Мысалы, біз алған №18 «Угредительное собрание сайлауы қалай болады?» деген мақалада. Қазақ азаматтары сайлау парақтарын қалай пайдалануы керек, қалай дұрыс дауыс беру керек, «Алаш» партиясы азаматтарын сайлауда қалай қолдау көрсету керек деген өзек жарды сұрақтарға жауап беріледі. №5 Қыр (далалық) сайлау округі бойынша «Алаш» партиясы атынан №1 болып Әлихан Бөкейханов, (Орынбордан) әрі қарай Айдархан Тұрлыбаев, (Омбыдан) Әлімхан Ермеков (Семейден), Халел Ғаббасов (Семейден), Асылбек Сейітов (Омбыдан), Мұқыт Бұжтаев (Баянауылдан), Жақып Ақпаев (Қарқаралыдан), Райымжан Мәрсеков (Семейден), Жұмағали Тілеумен (Перопавловскден), Биэхмет Сәрсенов (Семейден) «Сарыарқа» газетінің редакторы), Рахымжан Дүйсенбаев (Ақмоладан), Мағжан Жұмабаев (Омбыдан), Әбікей Сәтбаев (Баянауылдан), С. Мешенбаев (Атбасардан), Бәзікен Өскенбаев (Зайсаннан). Құрылтай жиналысына кандидаттар ретінде ұсынылатыны көрсетіледі.

Тізімді қарасақ оған «Алаш» партиясының бетке үстар серкелері енгізілген. «Сарыарқа» газеті арқылы Қазақ партиясы Алаш Бүкілресейлік Құрылтай жиналысында жалпықазақтық бостандық мүдделерін қорғауды алдыға қояды. Ноябрь, декабрь айларында болатын Учредительное собраниеге алдын ала халықты дайындап, бүткіл қазақ болып елді, жерді, шаруашылықты сақтап қалуды көздейді. Бұл құжаттан «Алаш» партиясының сайлау процедурасын, дауыс беру, оны санау технологиясын жақсы меңгергендігін көреміз. Саяси партия ретінде «Алаш» демократиялық қоғам құру негіздерін меңгерген деп бағалауға болады. «Алаш» партиясы өз кезіндегі Ресей империясындағы алдыңғы қатарлы, әлемдік демократия талаптарына сай қызмет атқарған бірден-бір ұлттық партия болды. «Алаш» саяси партия ретінде қазақ ұлтының мүдделерін қорғай отыра, басқа ұлттардың мүддесін аяққа таптау, басқа халықтарды кемсіту факторларына жол бермейді. Сайлау барысында ұлыорыстың шовинистік позиция алға шығатынын сезінген «Алаш» партиясы орыстық партиялар әрекеттеріне қазақ халқының жем болып кетпеуі туралы ғана мәселелерді қарастырады. «Алаш ұлына» деп аталған қазақ халқына ашық хатында Ә. Бөкейханов, М. Шоқай және М. Дулатов Ақпан революциясынан кейін Ресей империясы патшалық билік қанауынан құтылып, халықтар теңдігіне, бостандыққа негізделген демократиялы мемлекетке айналады деген сенім білдірді. Олар: «Сүйікті алаштың азаматы! Бізді бұл қуанышқа, бұл бостандыққа жеткізген кім? Біз кімге борыштармыз? Соны ойлайық... Бізге теңдік әперіп отырған орыс халқының ақ

жүрек, адал ниетті көсемдері. Орыс халқының жұмысшылары, һәм әскері. Бұлар бостандықты қан төгіп, жеңіп алды...

Бастығы патша болып, қанішер қара жүректер қазір тұтқында. Бұл күнде жұрттың бәріне туысқандай тең қарайтын, ешкімді алаламайтын жаңа үкімет сайланды. Бұл үкімет күшейсе, біздің де күшейгеніміз. Бұл үкіметінің күші кемісе, біздің де тілегіміз босқа кеткені,»-деген позиция ұстанады (Бөкейханов, 2018: 2). Алаш көсемдері сол кездегі этникалық ахуалдың ерекшеліктерінің қоғамға ықпалын есепке алады. Орыс революциясына үлкен үмітпен және сеніммен қарайды. Қазақты бостандыққа үндейді.

Себебі «Сарыарқа» газеті «Алаш» партиясының Семейдегі тірегі болатын. Газеттің 19 номерінде 30 ноябрь «Алаш» партиясының Семей облыстық уақытша комитеті құрылғанын хабар етті. Комитет төрағасы Халел Ғаббасов, жолдасы Ахметжан Қозыбағаров, қазынашы Әлпер Молдабаев, секретарь Сыдық Дүйсенбин. Құрметті төрағасы болып Әлихан Бөкейханов сайланды. Олармен қатар комитет мүшелігіне тағы да 10 адам: Әлімхан Ермеков, Райымжан Мәрсеков, Имам Әлімбаев, Тұрағұл Құнанбаев, Мұстақым Мазыбаев, Бидахмет Сәрсенов сайланды. С красный строки «Алаш» партиясы атынан Семей облыстық уақытша комитеті «Сарыарқада» өз бағдарламасының жобасын жариялады. Онда орыс жұртының саяси партияларының көптігі және олардың әрқайсының өз бағыты, бағдарламасы, ұйымдары мен газеттері бар екендігі және қазаққа да осы саяси үлгіні алу керектігі ескертілді. «Алаш» партиясының жолы және жоспары көрсетілді. Мемлекет билеу Ресейде федерация түрінде болады. Оған қазақ Сібір автономиясы арқылы кіреді, келешекте өз алдына бөлінуді мақсат етеді. Жерге жалпы халықтық меншік формасын енгізу. Қазақ қай жерде отырса сол жерді ру, болыс, ауылға бөліп беру. Әлеумет ішінде жерді тең пайдалану; Солдатқа алынған адам өз жерінде қызмет етіп, әскери өнерді меңгеріп, туған жеріне күзетуші болуы; жергілікті мақамалар (жергілікті атқарушы билік) санға қарай сайлану; Соттарды сайлап, тұрақты ету. Сот ісі әр жұрттың өз тілінде жүруі; Діндер теңдігі, дін ісіне мемлекеттің қатыспауы; Жұмыс мәселесінде 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу; Жұмысшылардың құқықтарының заңмен қорғалуы; Оқу жалпыға бірдей мемлекет қаржысымен, тілдерге алалмай қолдау, бастауыш, орта және жоғарғы мектептер сабақтастығы; Адам бостандығы, сот шешімінсіз ешкім тұтқынға алынбайды; Әр адамның биліктен рұқсат алмай-ақ жиналыс ашуға, өз пікірін айтуға еркі болуы; Баспасөз бостандығы болып, биліктен рұқсат алмай газет, кітап, жарнама шығаруға ерік болуы. Цензураның болмауы. Баспасөзде сөгу, өсек т.б. әрекеттер үшін сот алдында жауап беру; Адам баратын жеріне баруға еріктілігі. Ол үшін паспорт міндетті емес; Түрлі одақтарға бірігу еркі сияқты алдыңғы қатарлы мемлекеттер халықтары пайдаланатын демократиялық бостандықтар мен құндылықтарды «Алаш» партиясы өзінің бағдарламасында Қазақстанда тұңғыш рет ұсынды. «Алаш» партиясына дейін қазақ халқында демократиялық принциптерді басшылыққа алған бірде-бір саяси партия болмағаны анық. Алаш батыстық либералдық, демократиялық құндылықтарды қазақ даласына таратушы болғаны ақиқат. «Сарыарқа» партия ұсынған демократиялық құндылықтар мен бостандықтардың насихатшысы болды.

«Сарыарқа» газетінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына «Алаш» партиясы атынан ұсынылған депутаттар тізімі беріліп, әрбір депутаттыққа үміткерлердің сіңірген еңбегі мен қызметтерінің көрсетілуі де ерекше көңіл аударатын мәселе. Сөз етіп отырған «Сарыарқа» газетінің №19 санында қазақ қоғамы атынан Торғай, Семей, Ақмола, Орал облыстары мен Бөкей ордасы атынан Құрылтай жиналысына ұсынылатын 35 үміткердің есімдері аталады. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына «Алаш» партиясы ерекше қабілетілігімен, білімділігі және ұлтжандығы мен көзге түскен азаматтарды ұсынған. Солардың ішінде Торғай облысынан 7 адам: №1 тізімде Ахмет Байтұрсынов, Ахмет Бірімжанов, Сағындық Досжанов, Ғұбайдолла Теміров, Тел Жаманмұрынов, Елжан Оразов, Әлихан Бөкейханов; Семей және Ақмола облыстары бірігіп Қыр округі бойынша 19 адам: Бұл 5-ші тізімді де Әлихан Бөкейханов бастаған, Айдархан Тұрлыбеков, Әлімхан Ермеков, Халел Ғаббасов, Асылбек Сейітов, Мұқыт Баттаев, Ережеп Итбаев, Жақып Ақбаев, Сейілбек Жанайдаров, Райымжан Мәрсеков, Жұмағали Тілеуш, Бидахмет Сәрсенов, Рахымжан Дүйсенбаев, Ахметжан Қозыбағаров, Мағжан Жұмабаев, Әбікей Сәтбаев, Сыдық Мешенбаев, Базкен Өскенбаев, Салмақбай Кәсемісов; Орал облысынан 7 адам: Халел Досмұхамедов, Жиһаншаһ Досмұхамедов,

Нұрғали Ипмағамбетов, Ғұбайдолла Әлібеков, Сәлімгерей Қаратілеуов, Ғұмар Есенқұлов, Иса Қашқынбаев, Бөкейліктерден 2 адам: Уәлитхан Таңашев, Бақыткерей Құлманов (Алаш партиясы, 1917: 4).

Тізімге енгізілген «Алаш» партиясының өкілдеріне баға бергенде «Сарыарқа» газеті олардың ұлтжандылығын, адалдығын, халыққа қызмет етуге даярлығын, ел сенімін ақтай алатындығын және кәсіпкерлігін бірінші кезекке қояды. Көпшілігі Ресейдің жоғарғы оқу орнын бітірген заңгерлер, мұғалімдер, дәргерлер мен мал мамандары. Жас үміткерлерге ұлтшыл, білімді, жігерлі жігіт деген сипаттамалар беріп отырады. «Сарыарқа» газетінің Әлихан Бөкейхановқа берген мінездемесінде шолу жасасақ оның ұлт көсемі дәрежесіндегі ерекше тұлға екендігіне тоқталады. Әлихан жайында: «Жасынан саясат ісімен шұғылданып, орысша оқыған, қазақта орын, дәреже қумаған, оқу бітіргеннен кейін-де түйме тақпай, халық қызметіне кірісіп кеткен бір һәм, бірінші қазақ. Бірінші Г. Дума қуылғаннан кейін Русияның ығай мен сығай 180 депутаттарының бірі болып, Финляндияға барып, мәжһүр Выборгский воззваниюе қол қойғаны үшін 3 ай абақтыға отырып шықты. Выборгский воззваниенің сөзі: «Қашан Хүкімет Думаны қайта жинағанша халық қазынаға бір тиын алым, бір кісі әскер бермесін» деп хукіметке бел көрсеткен еді. Саясат ісіне Әлиханнан артық қазақ баласы жоқтығы анықталған», - деген мінездемені оқимыз (Алаш партиясы, 1917: 4).

Қысқа ғана, алайда мазмұны мен мәні терең бағалаудан Ә. Бөкейхановтың күрескерлік тұлғасы, ұлтшылдық позициясы анық көрінеді. «Сарыарқа» газеті Әлихан қазақ халқының көсеміне айналған ұлы тұлға екендігін 1917 жылдық 30 қарашасындағы нөмерінде ашық жазады. Бүкілхалықтық құрмет пен сүйіспеншілікке Ә. Бөкейханов лайық екендігі жария етіледі. «Алаш» партиясының көсемінің жалпықазақтың көсемі дәрежесіне көтерілгендігін, ұлт ойшылы екендігін «Сарыарқа» газеті дәлелдейді. Ахмет Байтұрсынов туралы газет «Қазақ әдебиетінде негіз салушы қазақ ақыны,... халыққа қызмет етіп, хукіметке қарсы пікірде болғаны үшін 9 ай абақтыда отырып, онан кейін қазақ облыстарына тұрмау шартымен жер аударылған. «Қазақ» газеті үшін 455 сом штраф тартып, абақтыға отырып, соңғы 12-13 жылда қуғын-сүргіннен көзі ашылмаған, алаш азаматтарының бірі», - деген баға беріледі. Халел Досмұхамедов жайында «Доктор ескі хукімет заманында докторлық қызметімен қазақ ортасына пайда келтіріп тұруының үстіне жұртты оңға бастап, басшылық етіп, сол себепті хукімет көзіне артық «сенімді» кісі болмай жүрген қазақтың қабырғалы жігітінің бірі», - деп бағаланады. Ал, Мағжан Жұмабаев-«ұлтшыл жас ақын, келешекте көзге көрінер деген үміт бар», - деп жазылады (Алаш партиясы, 1917: 2). «Сарыарқа» берген бағаның әділеттілігін аты аталған Алаш қайраткерлері өмірімен дәлелдеп кетті. Алаш қайраткерлері қазақ халқы үшін ғана емес, барша түркі халықтарына үлгі-өнеге бола білді.

Осындай мазмұндағы мінездемелік анықтама «Алаш» партиясы атынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылған әрбір үміткерге берілген. Бүгінгі күн тұрғысынан, ретропективтік көзқарас тұрғысынан қарасақ «Сарыарқа» газетінің «Алаш» саяси партиясының қайраткерлеріне берген мінездемелері объективтілігімен, шыншылдығымен ерекшеленеді. «Алаш» партиясының қайраткерлерінің баршасы дерлік «Сарыарқа» газетінде олар туралы айтылған бағалардың деңгейінен көріне білді. Олардың өмірі, қызметі, күресі қазақ халқының мүдделері мен бостандығы жолына бағытталды. Өз ұлты үшін күрес жолында олар құрбан болды. Қазақ халқының бүгінгі ұрпағы және келер ұрпақтары «Алаш» арыстарының рухани мұрасынан, ұлттық даму жолындағы күресінен үлгі-өнеге, тарихи ағылым ала беретіндігі даусыз.

«Сарыарқа» газетінің алқасының мүшелері, тілшілері демократиялық, өркениетті қоғам орнатудың негізі қазақ халқын ағарту, оқу-білім мен кәсіпке тарту, бодандық қалыптан бойға сіңе бастаған жемқорлықты, қазынаны тонауды жою, халықтың саяси санасын оятып, мәдениетін көтеру екендігін жақсы түсінген. Өскемен дуанының қазағы Жүсіп Жамантай деген адамның Семейге келіп Мәстекбұлақ кооперативі ұйымының нәрселерін сатып жіберген. Мұны білген Хасен Дулат деген азамат қазақ комитетіне келіп осы жағдайды айтқан. Қазақ соты Жүсіп Жамантайды тексеріп, оның бір жәшік шәйді сатып пайда көргендігін мойындатқан. Газет Қазақ сотынан жемқорды қатаң жазалауды талап етеді. Бір мысал газетінің өрелі істерінің айғағы болып отыр.

Осы номерде көмек сұраған Асқар Сыдық деген шәкіртке оқуын жалғастыруы үшін қазақтың қонды азаматтарынан көмек қолдарын созуы қажеттігі айтылған. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың

«Шәкірт ойы» атты өлеңі жария етіледі. Онда ақын «Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып күн болам. Қараңғылықтың кегіне, Күн болмағанда кім болам», - деп үн тастайды. Қарқаралыдағы Қазақ комитеті бос тұрған бұрынғы шаруашылық мектебін 5 жылдық Жақып Ақбаев атындағы мектепке айналдырып, «Медіресе Йакубияда» 160 баланы тегін оқыта бастағанын қуанышпен хабарлайды. Семей облысының Шыңғыстау ауылында 22-ші қыркүйек 1917 жылы «Талап» ұйымының құрылып, кітап бастыру, оқу-ағарту шараларына кіріскендігін жеткізеді. Павлодар қаласында әдебиет кеші болып қазақ өнерпаздарының 1 мыңнан астам көрермендерді тәнті еткендері айтылады. Мұндай әдеби кешті әлі көрген жоқпыз деп «орыс, ноғай», өкілдері таң қалады. Әсіресе 11 жастағы Ғазиза Сәлиманованың өнеріне жұрт ерекше ықыласпен қол соғады (Мұқтаж шәкірттер, 1917: 1).

«Сарыарқа» газетінің қызметінде қазақ жастарын түрлі оқу орындарында оқыту үшін меценаттар көмектеріне үлкен көңіл бөлінді. Мектеп мұғалімдерінің жағдайы, оқу мекемелеріндегі кітап, қағаз-қалам мәселелерін шешу де назарда болады. Әрине «Сарыарқа» газетінің қазақтың ұлттық мүдделерін қорғауы билікке келген большевиктік партияға ұнаған жоқ. «Сарыарқа» буржуазияшыл-ұлтшылдық идеологиясын ұстанатын газет ретінде айыпталып жабылды.

«Сарыарқа» газеті қазақ қауымы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына (Учредительное Собрание) қалай қатысады, дауысты қалай беру керек, қазақ қауымының үміткерлеріне қалай дауыс беруге болатындығын қарапайым тілмен түсіндіріп береді. Бір номерде «Сарыарқа» газеті қазақ қауымын ұйымдасуға, бірлікке, дамуға және демократиялық қоғам орнатуда бастайтын қаншалықты ұлағатты ақпарат бергендігін көріп таң қалуға болады. «Сарыарқаның» әрбір санын демократияны насихаттау және үйрену мектебі ретінде бағалауға болады.

«Алаш» партиясы қазақ халқын бостандыққа автономия құру арқылы бастауды ұсынады, - дейді «Сарыарқа» газеті. Ал «автономия» деп бір тайпа өз алдына заң шығарып, ішкі жұмысын өзі билеп, сыртқы билікті мемлекетке беріп, бағынып отыруды айтады», - деп халыққа автономияның мәнін қысқа да, түсінікті етіп ашып береді (Семейдегі, 1917:). Ішкі жұмыстарды шешетін Қазақ комитеті болуы керек. Қазақ комитеті орыстармен бірігіп Облыстық атқару комитетін құрды. Алғашында қазақтарға 2 орын ғана берген бұл комитет бірігу барысында қазақтарға 20 орын беруге мәжбүр болды. Қазақ біріксе, ортақ талаптармен топтасса билікке қол жеткізуге болады деп «Сарыарқа» газеті алаштың лидерлері Әлімхан Ермековтің, Халел Ғаббасовтың, Бидахмет Сәрсеновтың, Райымжан Мәрсековтің, Ахметжан Қозыбағаровтың т.б. 15 қазақтың Семей облыстық атқару комитетіне мүше болуына қолдау көрсетеді. Қазақ халқының өзек жарды талаптарының шешілуін «Сарыарқа» газеті «Алаш» партиясы өкілдері қатынасуға тиісті жалпыресейлік Құрылтай жиналысынан күтеді. Ақпан революциясынан кейін Ресей демократиялық қоғам орнатуға кіріседі деген сеніммен қазақты осы үрдіске тартады.

Тарихи оқиғалардың өте ұқсастықпен қайталанатындығын ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамының тағдыры дәлелдей түседі. ХХІ ғасыр басында қазақ ұлты алдында сол кездегі мәселелер жанаша қайталануда. «Сарыарқа» газеті «Түр, бұқара! Жиыл кедей! Ұмтыл жастар! Деген ұран тастаса бүгінгі күнде «Түр, қазақ! Жеріңді, тіліңді, тарихыңды қорға! Жастарыңа дұрыс тәрбие бер! Деген ұранмен қазақ баспасөзі мен зиялы қауымы елге ұран тастауда (Аймауытов, 1917: 1-2). Өткен тарихтан сабақ алудың қателіктерді және кемшіліктерді жеңудегі маңыздылығын «Сарыарқа» газеті ұжымы дөп басады. Қазақ бірін-бірі жамандап, бөлініп, билікке таласып, шен құмарлыққа, атаққа таласып жатса әлсірейді. Бірін-бірі кешіріп, қанағатпен, татулықпен өмір кешсе болашағы ашылады. Күштіге ғана бостандық болса, ол қауіп. Социал-демократия қара жұмысшыға, кедей мүжықтарға, солдаттарға ғана бостандық әпермек. Бұрынғы байлар жанымен қайғы. Осындай бостандық бола ма?

«Сарыарқа» беттерінен қазақтың зиялы өкілдерінің көзқарастарындағы өзгерістер диалектикасын байқауға болады. «Алаш» лидерлері қарапайым, кедей халыққа бостандық таңы атқанына ерекше қуанды. Олар байлардан, партияшылдардан, паракорлардан, әділетсіздерден құтылатын күн туды деп ойлады. Орыс демократиялық күштері Ресеймен бірге Қазақстанға да әділетті, демократиялық қоғам, құқықтық мемлекет әкеледі деп сенді.

«Алаш» партиясының идеологтарының бірі Жүсіпбек Аймауытов өзінің қысқа ғана мақаласында «Сарыарқа» газеті арқылы қазақ халқын әділетті, демократиялық принциптерге негізделген қоғам құрудың негізгі бағыттарын ұсынады: Біріншіден, халық бірігіп, бостандықты пайдаланып «Бұқараның ұйымы» деген ұйым құру керек. Ұйымда 5-10-100 адамдар болуы мүмкін.; Екіншіден, осы ұйымдар ел ішінде бұқараға қорлық көрсетіп келген бұрынғы билік иелерін қууы керек; Үшіншіден, ұйымдар әділетті, тазалықты басшылыққа алып парақорлар мен жалмауыздардан құтылады; Төртіншіден, елден алым-салық әділетті болғаны дұрыс; Байға байша, кедейге кедейше салық салатын; Бесіншіден, ұрлықты тыйып, ақысы желініп жүргендердің ақысын алып беру; Алтыншыдан, Комитеттерге өз өкілдерін сайлау; Жетіншіден, шуламай, дүниеге қызықпай әділдік пен ар иманға жүгініп жұмыс жүргізу (Аймауытов, 1917).

Ж. Аймауытов өзінің қысқаша үндеуінде қазіргі дамыған демократиялық мемлекеттер жолға қойған қоғамды ұйымдастыру принциптерін көрсетіп береді. Қазақтың бұқара халқын осы жол мен жүруге шақырады. Бұрынғы байлықты, малды, жерді иемденген дәулеттілер өз ықпалын жоғалтқысы жоқ. Олар бұрын болыс болып елді билесе, бүгін комитеттерге кіріп, бұрынғыша елдің байлығын, қанын сора бергісі келеді. Қарап отырсақ, 20 ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік ахуал бүгінгі Қазақстан қоғамындағы билік транзиті жағдайында қайталанып отырғаны ақиқат. Тарих сабағынан қорытынды алмаудың нақты көрінісі осы. Қазақ қауымы бүгінгі күнде де, дамыған демократиялық елдердің саяси жүйені жетілдіру тәжірибесін пайдалана алмай келеді. XX ғасырдың басында Алаш лидерлері көксеген жағдайға жете алмай келеді.

«Сарыарқа» газетінде Зайсан уезіндегі халыққа хан сияқты әмір жүргізіп, қорлап, тозесіп батырған Ахметжан Шідерин деген адам туралы айтылады. Зайсанда құрылған, қатарында 800 дей адам кірген «Теңдік заманы» ұйымы қара ниетті Шідеринді ұстап Семей облыстық комитеті арқылы сотқа тапсырған. Газет әр жердегі осындай зорлықшыл, елді жәбірлеуші, өздерін жергілікті хан ретінде ұстаған адамдарды жазаға тартуға Зайсандағы «Теңдік заманы» ұйымынан үлгі алуға шақырды (Ахметжан қажы, 1917). Біріккен, ортақ мақсатқа топтасқан, бір ерікке бағынған ұйымдар құру арқылы қазақ халқы өз мүддесін қорғап, мақсат-жоспарларын орындауға мүмкіндік алады. Жеке-жеке болған халықты қорлау да, зорлау да, айтқанға илкірту де оңай екендігін газет түсіндіреді.

«Сарыарқа» газеті қазақ халқына бостандық пен еркіндік қалай керек болса билік пен тәртіп те соншалықты керек деп есептейді. Сондықтан елдегі ұрлықты, талауды, күш көрсетуді тыю мақсатында сот (билер) мақамасын құруды ұсынады. Сот біреуге жала жауып, өтірік арыз бергендерді екі есе қатал жазалауы керектігі ескертіледі. «Сарыарқа» газеті дұрыс, өркениетті қоғамның барша азаматтары заңға бағынуы керектігін күн тәртібіне қояды. Заңсыз ешқандай мемлекет табысқа жете алмайтындығын халыққа қарапайым, түсінікті етіп жеткізеді (Семейде қазақтың, 1917: 3). «Сарыарқа» ұстанған идея сот билігінің тәуелсіздігі. Сот тек заңды басшылыққа алуға тиістілігі идеясы. Дамыған халықтарға тән құқықтық мемлекет орнатуды Алаштың өзекті мақсаттарын бірі деп есептейді «Сарыарқа».

«Сарыарқа» газетінің тағы бір ерекшелігі қазақ қауымына әлемдік процестер, басым державалардың саясаты, жүріп жатқан Бірінші дүниежүзілік соғыс жайында қысқа, мазмұнды және түсінікті ақпараттар беруі. Мұндай ақпараттар «Сарыарқа» газетінің әрбір номерінде жарияланып отырды (Тағы бір патша, 1917). Газет соғыс жағдайында халыққа ең қажеттісі астық пен ет. Астық орыс мұжықтарында, ет қазақта, тұтыныс заттары қалада. Соғыс кезінде заттарды қымбаттатып жатыр. Әділет болса затпен бірге қазақтың еті де қымбаттауы керек еді. Өкінішке орай олай болмай тұр. Етті қазақтан арзанға алып оны қанау жалғасуда. Жаңа тәртіп, теңдік, бостандық, туыстық заманы туғанда азық-түлік мәселесін, бағаны әділ шешетін кез келді деп есептейді «Сарыарқа» газеті ұжымы. Ақ киізді қазақ халқы ақ шатырлы араб халифаттары сияқты бай, дамыған мемлекет құрса деп мақсат қояды «Сарыарқа». Осындай дамыған елді құруды көксеген Абай ұрпақтары 1917 жылдың көктемінде «Талап» ұйымын құрып. Оған 100-ден астам адамды тартып. Жарнамаға 500 сом ақша жинап кітап бастыру ісіне кірісті деп ақпарат берді. «Талап» мүшелері Шәкәрім қажының «Еңлік-Кебек» дастанынан Мұхтар Әуезовтің жетекшілігімен пьеса дайындап, билеттен түскен 54 сом 50 тиынды Құлжада аштыққа ұшырап жатқандар пайдасына жіберді,-деген ақпарат бар (Иілікті

іс, 1917). Газет дамыған мемлекеттердің халықтары ұстанатын ізгілікті тәжірибелерді насихаттайды.

Қарап отырсақ Семей облысының Шыңғыстау уезінде құрылған «Талап» ұйымы Қазақстандағы азаматтық қоғам қалыптастырудың алғашқы харакеті болып табылады. «Талап» ұйымы қазақ халқын өркендету жолы елге қажетті кітаптар жазу және бастырып шығару, кітапханалар жұмысын жолға қою деп есептеді. Ағартушылық қызмет, мәдени өмірді жандандыру, халықты кітаппен жұмыс істеуге үйрету арқылы ғана мемлекет азаматтары белсенді өмірге тартылады деп біледі «Талап» ұйымының мүшелері. Олар мәдени-ағартушылық жұмысы өздерінің қаражаттарын пайдалану арқылы бастады. «Талап» ұйымы харекетімен елде кітапханалар жүйесін құру басталды.

«Сарыарқаның» 1917 жылғы 25 июндегі №3 санындағы Жүсіпбек Аймауытовтың «Мемлекет құрлысы» атты мақаласын қазақ жерінде демократиялық мемлекет құрудың тиімді бағдарламасы ретінде бағалауға болады. Алаш қайраткері халықтың патша билігінен әбден шаршағандығын, патша халықтың еркін шектеп келгендігін, монархия құлағаннан кейін билік жүйесі жаңа түрпатта құрылуы керектігі туралы айтады. Патша құлағаннан кейінгі билік Құрылтай жиналысына көшеді. Ол елге қажетті негізгі заңдарды қабылдайды. Тұрақты заңдар шығаруды Думаға тапсырады. Билік тек заңдарға ғана бағынады. Заң бәрінен үстем. Заңның үстемдігі демократиялық, әділетті қоғамның ірге тасы болады деп біледі Алаш серкелері.

Аймауытовтың пікірінше Құрылтай жиналысына мүшелікке байлар мен атақтылар сайланбауы керек. Халық кімнің ұсыныстары мен программасы дұрыс болса соған дауыс беруі маңызды. Құрылтай Ресейді республика етіп жарияламақ. Үкіметті уақытша сайланған адам басқарады. Ол толықтай халық сайлаған Құрылтай алдында жауапты. Сонда ғана халықта бостандық пен теңдік болады. Алаш қайраткері биліктің заң шығарушы, атқарушы, сот тармақтары болатындығын. Атқарушы билік заң шығарушы билікке жауапты болуы тиістігін және соттар, билер тек заңмен ғана жұмыс жүргізгенде әділет орнайтындығын атап өтеді. Қандай бай болмасын сот билігінің алдында дірілдеп тұруы керек дейді. Жүсіпбек діннің мемлекетпен бөлек болғанын дұрыс деп есептейді. Кім қай дінді ұстанады өз еркі. Баспасөзде бостандық болуы маңызды. Ұйымдардың, пікірлердің, көзқарастардың бостандығы қоғамның жылдам дамуының кепілі болады деп есептейді Алаш қайраткері. Негізгі бостандықтар мен теңдіктердің барлығы заңмен бекітілуге тиісті. «Сонда Русия халқына береке кіріп, бақ қонып, жұрты кенелмек», - деп жазады (Аймауытов, 1917).

**Қорытынды.** Қарап отырсақ «Сарыарқа» газетінде жарияланған мақалалар мен пікірлер Қазақстанның даму жолын айқындап береді. «Сарыарқа» газеті күрделі тарихи кезеңде қазақ қауымына тығырықтан шығудың нақты жолын көрсете алды. Революциялар кезеңінде ел халқының алдында тарихи дамуды таңдау мүмкіндігі пайда болды. Ол жол социалистік, коммунистік құрлыс жолы емес. Халықты жалпыадамзаттық демократиялық құндылықтарға бастайтын либералдық-демократиялық қоғам құру жолы. Патшалық билік, ұзақ жылдар қазақ халқын қанады, майы мен байлығын сорды. Халық әбден қажыды. Сондықтан кедей, кепшікке де дұрыс өмір бастайтын жаңа қоғам керек. Қазақтың малына жер керек. Әрине, бірінші керегі тамақ. Алайда, ғылым, білім, өнер мен мәдениетте керек. Бір тамақпен шектелсек даму мешеулеп, қоғам кері кетеді деп есептейді Алаш қайраткерлері. «Сарыарқа» газеті өзінің 88 санында қазақ қоғамының көсегесін көгертетін түрлі мәселелерді күн тәртібіне қойып отырды. Өкінішке орай, тарих дөңгелеп қазақ халқының мүдделеріне қарай бұрылмай, билікті тоталитаризмге бастаған большевиктер алып кетті. «Сарыарқа» газетінің және Алаш қайраткерлерінің арман-мақсаттары болашақ еншісінде қалды.

### Әдебиеттер мен деректер тізімі

Аймауытов Ж. Мемлекет құрлысы // Сарыарқа. №3. 25 июнь 1917 ж.

Аймауытов Ж. Түр, бұқара! Жиыл кедей! Ұмтыл жастар! // Сарыарқа. №2. 19 июнь 1917 ж.

Алаш партиясы атынан Учредительное собраниеге аталған депутаттар: // Сарыарқа. №19. 30 ноябрь 1917 ж.

Атабаев Қ. Деректану: Оқу құралы. 2-ші басылымы. – Алматы: Қазақ тарихы, 2007. – 272 б. [149].

Ахметжан қажы Шідеріұлының тұтқынға алынуы // Сарыарқа. №2. 19 июнь. 1917 ж.

Әнес Ф. Отты жылдар шежіресі. – «Сарыарқа» газеті. 1917 жыл // Құрастырған. проф. Ф. Әнес. – Алматы: арыс, 2017. – 400 б. [8].

Бөкейханов Ә. (Қыр баласы) Жалпы Сібір сиезі // Қазақ. №251. 11 қараша 1917 ж.

Бөкейханов Ә. Шығармалары – сочинения. 15 томдық IX том. - Тольқ үшінші бас. – Астана: «Алашорда қоғамдық қоры», 2018. – 557 б. [457].

Игілікті іс // Сарыарқа. №2, 19 июнь 1917ж.

Мұқтаж шәкірттер жайы. Медресе Иакубия // Сарыарқа. №19. 30 ноябрь 1917 ж.

Міржақып. Баспасөз үлесі // Еңбекшіл қазақ. 1923. 17 мамыр. №88.

Семейде қазақтың областной сот (билер) макхамасы // Сарыарқа. №2. 19 июнь 1917 ж.

Семейдегі екі областной комитеттер жайынан // «Сарыарқа» №2. 19 июнь 1917 ж.

Семейдегі екі областной комитеттер жайынан // Сарыарқа. №2. 19 июнь 1917 ж.

Тағы бір патша тақтан түсті; Соғыс // Сарыарқа. №2. 19 июнь 1917 ж.

### References

Ahmetzhan kazhy Shideriulynyn tutkynga alynuy [Arrest of Akhmetzhan kazhy Shideriuly] // Saryarka. №2. 19 iyun'. 1917 zh. [in Kazakh]

Aimauytov Zh. Memleket kurlysy [State structure] // Saryarka. №3. 25 iyun' 1917 zh. [in Kazakh]

Aimauytov Zh. Tur, bukara! Zhiyl kedei! Umtyl zhastar! [Get up, masses! Poor thing! Go ahead, young people!] // Saryarka. №2. 19 iyun' 1917 zh. [in Kazakh]

Alash partiyasy atynan Uchreditel'noe sobraniye atalgan deputattar [On behalf of the Alash party, these deputies addressed to the educational institution] // Saryarka. №19. 30 noyabr' 1917 zh. [in Kazakh]

Anes G. Otty zhyldar shezhiresi [Chronicle of the fiery years]. – «Saryarka» gazeti. 1917 zhyl / Kurastyrgan. prof. G. Anes. – Almaty: Arys, 2017. – 400 b. [in Kazakh]

Atabaev K. Derektanu: Oku kuraly [Source science: a textbook.]. 2-shi basylymy. – Almaty: Kazakh tarihy, 2007. – 272 b. [in Kazakh]

Bokeihanov A. (Kyr balasy) Zhalpy Sibir siezi [General Siberian Congress] // Kazakh. №251. 11 karasha 1917 zh. [in Kazakh]

Bokeihanov A. Shygarmalary – sochineniya [Essay]. 15 tomdyk IX tom.- Tolyk ushinshi bas. – Astana: «Alashorda kogamdyk kory», 2018. – 557 b. [in Kazakh]

Igilikti is [Good case] // Saryarka. №2, 19 iyun' 1917 zh. [in Kazakh]

Muktazh shakirtter zhaiy. Medrese Iakubiya [Students in need. Madrasa Iacubia] // Saryarka. №19. 30 noyabr' 1917 zh. [in Kazakh]

Mirzhakyp. Baspasoz ulesi [Share of Press] // Enbekshil Kazakh. 1923. 17 мамыр. №88. [in Kazakh]

Semeide kazaktyn oblastnoi sot (biler) makhamasy [Kazakh regional court (biy) makhams in Semey] // Saryarka. №2. 19 iyun' 1917 zh. [in Kazakh]

Semeidegi eki oblastnoi komitetter zhainan [Two regional committees in Semey] // «Saryarka» №2. 19 iyun' 1917 zh. [in Kazakh]

Semeidegi eki oblastnoi komitetter zhainan [Two regional committees in Semey] // Saryarka. №2. 19 iyun' 1917 zh. [in Kazakh]

Tagy bir patsha taktan tusti; Sogys [Another king abdicated; War] // Saryarka. №2. 19 iyun' 1917 zh. [in Kazakh]

МРНТИ 03.20.00

## ГАЗЕТА «САРЫАРКА» - ПРЕДВОДИТЕЛЬ КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА НА ПУТИ БОРЬБЫ ЗА ДЕМОКРАТИЧЕСКОЕ ГОСУДАРСТВО

С.М. Борбасов<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Институт истории и этнологии имени Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы

\*Корреспондирующий автор

E-mail: Borbasov54@mail.ru (Борбасов)

**Аннотация.** В статье анализируются позиции газеты «Сарыарка», издававшейся в Семипалатинске с 1917 по 1919 годы. Главным направлением газеты стало разъяснение и пропаганда казахским общинам национально-освободительных идей партии «Алаш». Анализируются идеи создания демократического общества в 54 номере газеты «Сарыарка», которые сегодня становятся доступными исследователям. Раскрывается, как А. Букейханов, М. Дулатов, Ж. Аймаутов и другие члены партии «Алаш» объясняли казахским общинам идеи и принципы демократии. В частности, доказывается цель выборов депутатов во Всероссийское Учредительное собрание, повышения влияния казахских комитетов как органов местного самоуправления.

Анализируется пропаганда газетой «Сарыарка» путей, способов, стратегии и тактики вовлечения казахского народа в демократическую борьбу. Газета «Сарыарка» сообщает, что партия Алаш ставит своей целью становление казахской общины на путь развития цивилизованного человечества. В газете демонстрируется огромный авторитет деятелей «Алаш» среди казахского народа. Раскрываются место и роль их героев в борьбе за свободу. Также представлена информация о поддержке газетой «Сарыарка» образования, искусства, культуры. Газета пропагандирует развертывание мецанатского движения в целях поддержки казахской молодежи, стремящейся к образованию. Отмечается, что «Сарыарка» выступала за стремление воспитать в казахской общине веру только в свой национальный внутренний потенциал с целью построения демократического общества.

**Ключевые слова:** Учредительное собрание, казахская община, демократическое общество, Национальный выбор, движение «Алаш», эволюционное развитие, политический лидер, национальная автономия, казахский комитет, мецанат, идеология национализма, социал-демократия.

IRSTI 03.20.00

## "SARYARKA" NEWSPAPER – THE LEADER OF KAZAKH SOCIETY ON THE WAY OF STRUGGLE FOR A DEMOCRATIC STATE

S.M. Borbasov<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty

\*Corresponding author

E-mail: Borbasov54@mail.ru (Borbasov)

**Abstract.** The article analyzes the positions of the "Saryarka" newspaper, published in Semipalatinsk from 1917 to 1919. The main direction of the newspaper was the explanation and propaganda of the national liberation ideas of the Alash party to the Kazakh communities. The ideas of creating a democratic



society are analyzed in the 54th issue of the newspaper "Saryarka", which are now becoming available to researchers. It will be revealed how A. Bukeikhanov, M. Dulatov, J. Aimaurov and other party members of the Alash party explained the ideas and principles of democracy to Kazakh communities. In particular, the purpose of the election of deputies to the All-Russian Constituent Assembly, increasing the influence of Kazakh committees as local self-government bodies, is proved.

The article analyzes the propaganda by the newspaper "Saryarka" of ways, methods, strategies and tactics of involving the Kazakh people in the democratic struggle. The newspaper "Saryarka" reports that the "Alash" party aims to involve the Kazakh community in the path of development of civilized humanity. The newspaper demonstrates the enormous authority of "Alash" figures in front of the Kazakh people. The place and role of their heroes in the struggle for freedom are revealed. The paper also provides some information on the support of the Saryarka newspaper for education, art, and culture. The newspaper promotes the deployment of the patronage movement in order to support Kazakh youth seeking education. It is noted that "Saryarka" advocated the desire to educate the Kazakh community to believe only in their national internal potential in order to build a democratic society.

**Keywords:** Constituent Assembly, Kazakh community, democratic society, National choice, "Alash" movement, evolutionary development, political leader, national autonomy, Kazakh committee, patronage, ideology of nationalism, social democracy.

**Автор туралы мәлімет:**

<sup>1</sup>Саяси ғылымдарының докторы, профессор

## МАЗМҰНЫ/ОГЛАВЛЕНИЕ

<b>С.Б. Кожирова, Е.Л. Нечаева, М.В. Лапенко</b> История становления основных подходов к исследованию границ.....	5
<b>Ә.Т. Сүлейменова</b> Тәуелсіз елдің қарулы күштері тарихының дереккөзі: армия генералы С. Нұрмағамбетов.....	16
<b>Қ.Д. Раисов, Қ.Қ. Жылқышыбаева</b> Әл-Фараби көзқарастарының қазақ философиясындағы толық адам ілімінің дамуына ықпалы.....	27
<b>Б.М. Аташ, Б.Қ. Абдрасилов</b> 1901-1910 жылдардағы Қазақстан: отаршылдыққа қарсы күрес пен ұлттық рухтың өміршеңдігі.....	42
<b>Т.Қ. Мекебаев, Ж.Б. Көшербаева</b> Білім алуға бағытталған миграциялық үдерістер.....	59
<b>А.Н. Қали</b> Соғыстан кейінгі жылдардағы ауыл өмірінің күнделікті тарихынан (1945-1960).....	71
<b>Ә.Б. Сейткен</b> Қазақ зиялыларының ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы қызметі.....	88
<b>Қ.Қ. Бекетай</b> Түргеш ұлысы және оның этникалық құрамы.....	100
<b>L. Tao, N. Abilova</b> Tengrianism in the culture of the Eastern European turks: the main leitmotives.....	113
<b>М.М. Kozybayeva</b> Urban family in the context of studying the everyday life of north Kazakhstan cities in 1920-1930 s.....	121
<b>С.Р. Сарманова</b> Проблемы сохранения культурного наследия и исторической памяти в музеях Российско-Казахстанского приграничья.....	132
<b>С.М. Борбасов</b> «Сарыарқа» газеті қазақ қауымын демократиялық ел болу жолындағы күреске бастаушы.....	140